

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘӨЖ 39 (=512.122) (043)

Қолжазба құқында

ИШКАЛОВА ГУЛЬБАНУ ИСМАГУЛОВНА

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ АҢШЫЛЫҒЫ: ТАРИХИ-  
ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ (XVIII ғ. – XX ғ. басы)**

8D02205 – Археология және этнология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер  
Отандық ғылыми кеңесші:  
А.Б. Қалыш  
тарих ғылымдарының докторы,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Ожал Мехмет Огуз  
доктор, Анкара Хажі Байрам Вели  
университетінің профессоры (Түркия)

**Алматы, 2023**

## МАЗМҰНЫ

### БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КІРІСПЕ.....	3
<b>1 АҢШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ</b>	
1.1 Қазақстан территориясындағы аңшылықтың генезисі және оны зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері.....	22
1.2 Тарихнамалық мәселелері және деректік қоры.....	36
<b>2 ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ</b>	
2.1 Дәстүрлі аңшылықтың типологиясы.....	44
2.2 Аңшылықтың түрлері және тәсілдері.....	49
2.3 Аң ресурстарына қарай аңшылық түрлері және аңшылықтың құрал-жабдықтары.....	67
2.4 Қазақ халқының тіршілік қамы жүйесіндегі аңшылықтың орны.....	90
<b>АҢШЫЛЫҚ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАСЫ РЕТІНДЕ</b>	
3.1 Аңшылыққа байланысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер.....	104
3.2 Аңшылық кәсіптің ауыз әдебиетіндегі көрінісі.....	111
3.3 Аңшылық және этномедицина.....	120
3.4 Материалдық емес мәдени мұра ретінде аңшылықтың сақталуы және даму перспективалары.....	125
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>136</b>
<b>ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>140</b>
<b>ДЕРЕК БЕРУШІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ.....</b>	<b>153</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>154</b>
<b>СӨЗДІК.....</b>	<b>185</b>

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БҚО	Батыс Қазақстан облысы.
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы.
ВС	Военный сборник, Санкт-Петербург.
ДНР	Древняя и новая Россия, Санкт-Петербург.
ЗЗСОИРГО	Записки Западно-Сибирского отдела императорского Русского географического общества, Омск.
ҚР	Қазақстан Республикасы.
ҚР ОМА	Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві.
ҚР ОММ	Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейі.
ҚР ҰҒА	Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы.
МИД	Министерство иностранных дел.
ОГВ	Оренбургские губернские ведомости, Уфа.
ТВ	Туркестанские ведомости, Ташкент.
ТГ	Туркестанская туземная газета, Ташкент.
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы.
UNESCO	United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (БҰҰ Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы).

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық зерттеу жұмысында XVIII ғасыр – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы тарихи-этнологиялық тұрғыда кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу барысында Қазақстан территориясындағы аңшылықтың генезисі, қазақ аңшылығының типологиясы, түрлері, тұрмыс-тіршілігіндегі орны, тәсілдері, өзіндік ерекшеліктері, аңшылыққа қатысты салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері назарда ұсталды.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Аңшылық – адамзат дамуының бүкіл тарихында адамның шаруашылық қызметінің бір түрі болып қала берді. Ол өзінің даму барысында әртүрлі факторлардың әсерінен климаттық жағдайлар мен мекен ету ортасындағы өзгерістерге байланысты өркендеді және трансформацияланды. Көшпелі халықтардың біріне жататын қазақтар ежелден-ақ аңшылықпен айналысты. Көшпелілердің өмірі экожүйеге, ондағы өзгерістер мен заңдарға бағынышты болды. Дегенмен, қатаң көшпелі өмір жағдайында олар өзіндік ерекшеліктер енгізе отырып, көне шаруашылық – аңшылықты сақтап қала алды. Уақыт өте келе, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы қазақтардың негізгі шаруашылық түрі ретінде қалыптасуымен аңшылық қосалқы шаруашылық түрінде дамыды. Аңшылық өнімі көшпелілердің тұтынысында киім-кешек тігу және тағам дайындауда да көрінді. Сонымен қатар аңшылық тіршілік етудің қосымша тәсілі ғана емес, қазақтар үшін күнделікті тұрмыста пайдасы бар шаруашылық ретінде, табиғатпен етене араласып, жергілікті жерді меңгеру, жас ұрпақты әскери өнерге баулу үшін маңызды болды. Алайда, Қазақстанның Ресей құрамына енуіне байланысты және осы үрдістің нәтижесінде орын алған әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер ұлттық мәдениетке өзгеріс енгізбей қоймады. Кеңестік саясат та осы өзгерістерді тереңдетпесе, жеңілдеткен жоқ. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы күйреп, аңшылық секілді қосалқы шаруашылық түрлері мүлдем құрдымға кетті.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде тарихи сахнаға шыққан еліміз өз саясатын еркімен жүргізу қабілетіне ие болды. Ұлттық сана өзгеріп, өткен тарихты жан-жақты ұғыну мен зерделеу басталды. Тарихи таным мен сана қалыптастыратын тарих және басқа да гуманитарлық ғылымдар ұлт тарихының ашылмаған, ұмыт қалған беттерін аша бастады. Бұл жағдайларға қоса, әлемдік саясатта да тарихта жоғалып бара жатқан мәдени мұраны сақтау және жаңғырту бойынша біраз игі шаралар атқарылып жатты. Өйткені XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастардағы саяси жағдайлар, соғыстар, отарлау саясаты, құрылыстар және т.б. оқиғалардың себебінен ежелгі ескерткіштер жойылу қаупіне ұшырады. Оған қоса, XX ғасырда әлемде орын алған модернизация және жаһандану үрдістері де материалдық емес мәдениет түрлерін ұмыту және жойылу жағдайына әкелді. Сөйтіп, әлемдік мұра және оларды сақтау үшін жалпыадамзаттық жауапкершілік идеясы туындады. 1972 жылы Парижде БҰҰ жанындағы Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі

ұйым (UNESCO) Бас Ассамблеяның 17-сессиясында әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау конвенциясын қабылдады [1]. Конвенцияға сәйкес, ол нысандар – көркем, тарихи, ғылыми және табиғи тұрғыдан жалпыадамзаттық маңызға ие ескерткіштер болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанның аталған конвенцияны ратификациялау туралы шешім қабылдауы – еліміздің материалдық емес мәдени мұрасын қорғау, насихаттау, дамыту және жаңғырту мақсатындағы жұмыстарының тиімділігін арттырып, жаңа жол салды [2]. Нәтижеде 2016 жылдың желтоқсанында халықтық білім мен дағдыларына кіретін саятшылық (құс салу) UNESCO-ның адамзаттың мәдени материалдық емес құндылықтардың көрнекілік тізіміне енді [3]. Бүркіт, бидайық, сұңқар, қаршыға, ителгі, лашын тәрізді қыран құстарды қолға үйретіп, оларды аңға салу – қазақ халқының ертеден келе жатқан өнері. Саят құстарымен алу көптеген халықтарда кездеседі және қазақ халқында тазымен аулау қатар жүрді. Қазақы тазы өзіндік аңшы қасиетімен ерекшеленді. Ал, орыс шаруаларының келуімен басқа да аулау түрлері дамып, соның ішінде – мылтықпен атып алу көбейді. Қазақ құсбегілік, тазымен аң қағумен қатар, жергілікті ландшафтылық ерекшеліктерді кеңінен пайдаланып, ор қазу, аран, қақпан құру және т.б. тәсілдерді қолданды. Міне, сондықтан тарих еншісіне кеткен шаруашылық түрі – дәстүрлі аңшылықты материалдық емес мәдени мұра ретінде сақтап қалу қазіргі күні маңызды.

Материалдық емес мәдени мұра – әрбір халық үшін сәйкестендірудің негізгі көзі, мәдениетінің көрсеткіші. Ол балалар және жастар арасында жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың алдын алуға, жеке тұлғаның патриоттық және азаматтық қасиеттерін қалыптастыруға, рухани және адамгершілікке тәрбиелеуге, отбасылық және қоғамдық қатынастарды тұрақтандыру мен үйлестіруге мүмкіндік береді. Оның көмегімен ауылдық елді-мекендердің әлеуметтік және экономикалық әлеуетін қалпына келтіру және дамыту, халықты жұмыспен қамту, ерекше қажеттілігі бар жандарды бейімдеуге және ғылымды дамыту мәселелерін шешуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, материалдық емес мәдени мұра ретінде әлемдік мәдени мұраның құрамдас бөлігі болып табылатын қазақ халқының дәстүрлі аңшылығын зерттеу, ұлттық болмысымыз бен бірегейлігіміздің көрінісі, басты құндылығымыз ретінде оны қорғау, насихаттау және дамыту өзекті мәселені құрайды. Сондықтан да қазіргі таңда аңшылықты бұрынғы шаруашылықтың бір түрі ретінде ғана емес, ұлттық мұра, қоршаған ортаны сақтау мен қорғау, оны қалпына келтіру бағытында да атқарылатын жұмыстар ретінде маңызды. Осы бағыт негізінде 2017 жылдың 8 қыркүйегінде Астана қаласында өткен «Астана ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесінің аясында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) басшылығымен елімізде жолбарысты қайта жерсіндіру бойынша бағдарламаны жүзеге асыру туралы ынтымақтастық жөнінде Меморандумға қол қойды [4, 185-б.]. Бұрын территориямызда кездескен тарғыл жануардың 1940- жылдары мүлдем тұқым-тұяғымен жойылып кетуі оны есепсіз аулаудың нәтижесін білдіреді. Әрине бұл бағдарлама жолбарысты жерсіндіруді қамтығанымен, Қазақстанның таңдап

алынуы жай емес. Өйткені, зерттеушілердің пікірінше, оны қайта жерсіндіруге біздің еліміз қолайлы орын ретінде анықталған. Ал ғылым үшін жолбарыс аулауға қатысты мәселелерді егжей-тегжейлі зерттеуге деген жаңа серпіліс беретіні хақ. Бұған қоса, аңшылық туризм Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасына енгізілген. Құжатта «алуан түрлі жануарлар дүниесінің болуы ақшалай қаражатты тартады, өңірлердің дамуына ықпал етеді, аңшылық туризм жергілікті халықты табиғатты сақтауға ынталандырумен қатар, экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік береді» деп белгіленген [5]. Міне, осындай мемлекет тарапынан қабылданған шешімдер, мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалар тарихы тереңде жатқан қазақ аңшылығының бүгінгі күні маңызды екенін айғақтай түседі.

**Зерттеу жұмысының нысаны** – XVIII ғасыр – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы.

**Зерттеу жұмысының пәні.** XVIII – XX ғасырлардың бас кезеңіндегі қазақ халқының дәстүрлі аңшылығының тарихы, зерттелуі, деректері, тұрмыс-тіршілігіндегі орны, типологиясы, түрлері, тәсілдері, құрал-жабдықтары, қосалқы шаруашылық ретінде дамуы, тіршілік қамы жүйесіндегі ролі, аңшылыққа байланысты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер, ауыз әдебиетіндегі көрінісі, этномедицина.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Қазақ дәстүрлі аңшылығы көптеген зерттеушілерді қызықтырғанымен, этнографияның тиянақты зерттелмеген саласы ретінде қала берді. Қазақ халқының тарихы, мәдениетіне қатысты зерттеулер ертеден басталып, XIX ғасырда күшейгені тарихтан мәлім. Осыған орай, тақырыптың зерттелу деңгейін: революцияға дейінгі зерттеулер; кеңестік кезеңде зерттелуі және тәуелсіздіктен кейін зерттелуі деп 3 топқа бөліп қарастырамыз.

*Революцияға дейінгі зерттеулер.* Бұл кезең еңбектерін мазмұны мен зерттелу мақсатына қарай екі топқа жіктейміз: 1) қазақ зерттеушілерінің еңбектері; 2) орыс ғалымдары, саяхатшылары және әскери офицерлердің еңбектері.

*Қазақ зерттеушілерінің еңбектері.* XIX ғасырда қазақ қоғамында алғашқы зиялы қауым өкілдері белсенді азаматтық позициясы, қоғамдық және зерттеушілік қызметімен ерекшеленді. Солардың қатарында М.-С. Бабажанов және М. Шормановты ерекше атап өтуге болады. Мылтық, тазы және саят құстарымен аң алуды назарда ұстаған М. Шорманов Павлодар уезі қазақтарының тұрмысына арналған мақаласында көшпелі мал шаруашылығынан басқа қандай кәсіппен айналысты деген сауалға жауап беруге тырысқан [6]. Оның жергілікті халық өкілі болуы, дәстүрлі мәдениет пен этнографияны жақсы білуі, зерттеулерінде фактологиялық материалдардың бай болуы оның еңбегінің құндылығын арттыратыны сөзсіз. Бөкей Ордасының тумасы, қазақ тарихында ерекше орын алған этнограф, қоғам қайраткері М.-С.Қ. Бабажанов өз еңбегінде осы өңір қазақтарының қасқыр аулауына қатысты құнды мағлұматтар қалдырып, аталған аймақтың ерекшелігіне назар аударған [7].

*Орыс ғалымдары, саяхатшылары және әскери офицерлердің еңбектері.* Қазақ даласында болған саяхатшы, саудагер, дипломат, ғалым, шенеунік немесе әскери офицер болсын көшпелі қазақ халқының өмірі жайлы көрген-білгенін мейлінше жазып қалдыруға тырысты. Сондықтан да бұл топ өкілдерінің еңбектерінің бір бөлігі сипаттамалық, яғни үстірт мағлұмат берумен шектелсе, керісінше екінші бөлігі аңшылыққа қатысты мақалаларын жариялап, өзіндік талдау жасауға ұмтылды. Олардың қатарында Орыс ғалымы А.И. Левшин қазақ халқының географиясы, тарихы және этнографиясы бойынша алғашқы іргелі еңбек жазып қазақтардың аң аулау тәсілдері және оларды саудалау туралы зерттеген. Ол: «Қазақтар көшпелі болғандықтан аңшылық айтарлықтай маңызды емес. Бірақ аң алу үшін аушы құстардың түр-түрін пайдаланады», - дей келе, жолбарыс, қабан, құлан аулау туралы жазады [8, с.384]. Автор қазақ даласын мекендеген аңдар мен құстар туралы қысқаша мәлімет береді.

И. Колачевтың «Сын Отечества» атты журналдың 11 және 12-нөмірлерінде жарияланған екі мақаласы ерекше құрмет пен қызығушылық тудырады. Автор 1858 жылы 8 ай қазақ даласында болып, садақ ату, тазы жүгірту, бүркітпен аулауды үйреніп, «қазақтар аңды ерекше қулық, айлакерлік іс, керек жерінде күш және ерлігімен аулайды. Біздің европалық аңшылық айлаларымыз қазақтармен салыстырғанда балалық ойын секілді көрінді. Менің қызығуыма себеп болған жайт, әрине, бір жағынан, жаңалығы болса, екінші жағынан, кедей және әлсіз деп біз кемсітіп, менсінбеген халық таңғаларлық дүниелер жасайды. Неге бізге де олардан үйренбеске? деген ой келді. Аңшылық қазақ ақсүйектері, батырлары үшін жігіттіліктің белгісі іспетті», - деп қазақ аңшылығына жоғары баға береді [9, с. 292]. Ал, екінші мақаласын: «Алғашқы мақаламда қырғыздардың аңшылығы жайлы жалпы түсінік бердім. Енді қысқаша далалық, таудағы, орманды және батпақты жерлердегі аңшылық жайлы сипаттайын», - деп [10, с. 326], «далалық түрде аңшы құстар және тазымен аулау басты белгі. Ал, таудағы аңшылық өте қауіпті болғанымен, қырғыз осы аймақта тұрғандықтан тауда аулауға әбден бейімделген және тау аңының дала аңына қарағанда бағалырақ болуы да аңшыны ерекше пайда табуға тартады. Орманды жерлері аңға бай және далалық аңшылықпен салыстырғанда мақсаты мен тәсілдері жағынан мүлдем ұқсамайды. Ал, батпақты жер аз болғандықтан, бұл аңшылық түрі аз кездеседі, дегенмен кедейлерге қарағанда, байлар ермек үшін айналысады», - деп тұжырымдайды [10, с. 326-327].

Саяхатшы Ф. Жуков Түркістан аумағындағы аңшылықты сипаттай отырып, аңшы құстар және қақпанмен аулау ерекшеліктерін зерттеген. Автордың қарусыз бөдене аулау туралы келтірген мәліметтері ерекше қызығушылық тудырады [11].

Верный тұрғыны, архитектор П.М. Зенков жергілікті баспасөз беттерінде Жетісу облысындағы аңшылық жайлы мақала жариялап, халықтың негізінен коммерциялық мақсатта айналысатынына назар аударған [12, с. 171]. Қазақ халқының бірегей тәсілдерінің бірі – киіз үйдің керегесін құру арқылы жолбарысты аулау жайлы Г.С. Загряжский жазып қалдырған [13]. Қазақтардың саят құстарымен, тазымен аулауы және қағып алған аңды мұсылманша бауыздау

туралы нақты мәліметтерді И.И. Ибрагимов баяндай келе, қазақ қоғамында аңшылықтың орны жайлы пікірін білдіреді [14]. Автор негізінен өзі танитын және білетін аңшылардың тәжірибесінен әңгімелеп, қазақтардың аңшылықпен ерекше құмарлықпен айналысатынын айтады. А.М. Никольский Балқаш өңірі мен Жетісу облысы қазақтарының аңшылық мақсатын көрсетіп, олардың аңдардың қай түрін кәсіптік немесе коммерциялық бағытта аулайтынан айқындауға тырысқан [15].

В.П. Наливкин Түркістан аумағының аңшылық ерекшеліктерін жазса [16], 1876 жылы Түркістанда болған неміс ғалымы, саяхатшысы А.Э. Брем «Путешествие по Сибири» [17] және «Бытовая и семейная жизнь казахов» [18] атты мақалаларында қазақ даласы және халқы, этнографиясы жайлы мол мұра қалдырған. Ғалым 17 жасынан ешқандай мекеменің тапсырмасынсыз кездейсоқ қаражат көзіне көптеген елдерді аралап, африка халықтары, қалмық, қазақтардың өмірін жазбаларына негіздеді. ХІХ ғасырдың ортасында қазақтардың шаруашылық өміріндегі айтарлықтай өзгерістер нәтижесінде аңшылықтың халықтың тіршілік қамында маңызды салалардың бірі ретінде орын алғандығы туралы М.А. Леваневскийдің зерттеулерінен байқаймыз [19].

Жоғарыда атап өткен еңбектердің арасында ерекше құнды, қазақ дәстүрлі аңшылығы жайлы мол мағлұмат беретін, іргелі және арнайы тапсырмамен жазылған «Охота в Тургайской области» атты Я.Я. Полферовтың еңбегі [20]. Автордың екінші жұмысы алғашқысының қысқа нұсқасы іспетті, алайда ХІХ ғасырдың аяғында негізінен аңшылықтың сауда мақсатына көбірек тоқталған [21]. Басқа зерттеулер арасында бұл еңбек аңшылық тәсілдері және оның түрлері, қазақ қоғамындағы орны жайлы толыққанды мәлімет алуға мүмкіндік береді. Қазақ халқының аңшылық құмарлығы мен кәсіптік қызығушылығы, қыран құстармен аң аулау И.Я. Ореховтың мақаласында орын алған [22].

Ақмола облысы қазақтарының үш түрлі тәсілмен тазы жүгірту арқылы түлкіні аулайтыны И.И. Мельниковтың мақаласында баяндалған. Алайда автор: «Қазақтар «аң адамның көзінің құрты» деп, ерекше аңкөс болғанымен, аңшылыққа қыста Ұлытаудан тау түлкісін аулау үшін ғана шығады», - деп тұжырымдайды [23, с. 24].

*Кеңестік кезеңде зерттелуі.* Бұл кезеңде қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы бірқатар мақалаларда және еңбектердің бір тарауы ретінде жазылды. Мысалы, 1926 жылы А.С. Шостак Жетісудың табиғи-географиялық сипаттамасын бере отырып, «Охотничье хозяйство Джетысу» атты еңбегінің екінші бөлімін революцияға дейінгі Жетісудың аңшылық шаруашылығына арнаған [24]. Автор аңшылық шаруашылық өнімдері жайлы мәліметтердің толық еместігін тілге тиек ете отырып, қалай болғанда да болашақта осы мәселемен айналысқан зерттеушілер Жетісудың аңшылық шаруашылықтарының маңызы жайлы аз да болса мағлұмат алады деген пікірін білдірген [24, с. 30]. Бұл еңбекте 1868-1916 жылдар аралығында ауланған аңның түрлері, саны, жалпы сомасы берілген. Автор қарастырған кезеңінің алғашқы жылдары аң түрлерінің көп болғанын, ал 1916 жылға қарай аңшылық шаруашылықтың азайғанын фаунаның кемуімен байланыстырады. 1868-1916 жылдар аралығында Жетісу облысы



бойынша аю, қасқыр, жолбарыс, барыс, түлкі, қарсақ, борсық, қабан, марал, арқар, қаракұйрық, таутеке және т.б. ауланған аңдардың санын, олардың құны және жалпы сомасы жайлы кейбірін кесте түрінде берген мәліметтері еңбектің құндылығын арттырады. Осы мағлұматтар аңшылықтың ХІХ ғасырдың екінші жартысында жабайы аңшылыққа, тек пайда мен сауда көзіне айналғанын дәлелдей түседі.

ХХ ғасырдың 20-жылдары қыран құстармен аулау, оларды баптау, аңға салу, аңшылық маусым және ерекшеліктері М.Д. Сеитовтың іргелі мақаласында қаралды [25]. Қазақстанда кездесетін тазы түрлері, олармен аулау, таралуы мен саны, стандарты, тазының аңшылық қасиеті, аулау тәсілдері және оны сақтау бойынша шаралар А.А. Слудскийдің еңбегінде ғылыми түрде мазмұндалды [26].

Кеңестік кезеңде қазақ тарихшылары еліміздің тарихын, этнографиясын барынша зерттеуге тырысты. Саятшылықта қолданылатын құс атаулыны жіктеп, «қыран құс» деп аталу мағынасын ашқан ғалым – академик Ә.Х. Марғұлан болды [27]. Тарихи-этнографиялық шолу жасап, аңшылықты фольклорлық деректер негізінде жазушы С. Мұқанов қарастырған [28]. Тұңғыш кәсіби этнографиялық ғылыми мақала авторына айналған ғалым М.С. Мұқанов қазақтардың саят құстармен аң аулауын орыс деректеріне сүйеніп зерттей келе, ХХ ғасырда аталған аңшылық маусымдық түрінде сақталған деп тұжырымдайды [29]. Кәсіби этнограф болмағанымен, қыран құс және тазымен аулау туралы толық сипаттама беріп, қыран құсты баптау, түлету, аңға салу, тазы жүгірту, жалпы саятшылық сырын ашқан, іргелі еңбек сыйлаған зерттеушілер Ж. Бабалықұлы мен А. Тұрдыбаевты ерекше атап өтеміз [30].

*Тәуелсіздіктен кейін зерттелуі.* 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ ғылымы еркіндік алып, басқаша сипат алды. Қаншама жылдар бойына тұншықтырылып келген ұлттық сана оянып, ұлттық бастауларға қызығушылық артып, ғылыми және мәдени өрлеу байқалды. Халқымыздың жоғалған дәстүрін қайтару және жаңғыртуға деген қызығушылығы аясында дәстүрлі аңшылық та бар. Жекелеген тұлғалар аңшылықты тәжірибе жүзінде жаңғыртса, қазақстандық ғылым өкілдері бұл шаруашылық түрін барынша зерттеуге талпыныс жасады. Сондай зерттеулердің бірі 1995 жылы «Қазахи» деген аптпен М.С. Мұқанов, М.Қ. Қозыбаев және Х.А. Арғынбаевтың басшылығымен шығып, кітаптың аңшылыққа арналған бөлімінде А.Б.Калышев саят құстары, тазы, мылтықпен аулаудың және т.б. тәсілдердің ерекшеліктерін айқындаған [31].

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін жан-жақты зерттеген кәсіби мамандардың бірі Б. Кәмелашұлы дәстүрлі құсбегілік жайлы бірқатар еңбектерін арнады. Алғашқы зерттеулерінің бірінде Моңғолиядағы қазақтардың құсбегілік дәстүрі қамтылып, құсбегілікке байланысты наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар, ырымдар, аңшылықтың маңызы және халық емшілігіндегі орны қарастырылған [32]. Келесі еңбегінде автор саятшылық тәсілдерін, бүркітшіліктің құрал-жабдықтарын, қолға үйрету, аңға шығу және т.б. толықтырып жарыққа шығарады [33]. Зерттеуші деректік жағынан құнды мағлұматтар келтіріп, аңшылық дәстүрдің қазақ қоғамындағы орны жайлы ашуға тырысқан.

Ресейлік зерттеуші Г.Н. Симаков этнографиялық тарихи, ішінара археологиялық және фольклорлық деректер негізінде Орта Азия халқының, әсіресе қырғыздар мен қазақтардың саят құстарымен аң аулау дәстүрін қыран құстарға табыну ғұрпымен байланыстыра зерттеді [34].

Белгілі ғалым А.У. Тоқтабайдың зерттеулері ерекше қызығушылық тудырады. Ол қазақтардың аңшылыққа, құсбегілікке байланысты жора-жосындарын талдауда аңды ату, бүркіт пен тазы киесі, аң байлау жайлы тұжырымдар жасайды [35]. Автор құлан аулаудың әдістерін егжей-тегжейлі зерттеп, әскерді үйретуде топпен аулаудың маңыздылығын атап көрсеткен [36]. Тарихи деректер негізінде зерттеуші қазақтың тазы ұстау өнері, оны асырау мәдениеті және тәжірибесін «Қазақ тазысы» кітабында қарастырған [37].

Саят құстары және тазымен аң аулау дәстүрі ғылыми-көпшілік бағытта болғанына қарамастан Б. Хинаят пен Қ.М. Исабековтың кітабында баяндалған [38]. Көрнекті этнограф Ш.Ж. Тохтабаева қазақ дәстүрлі этикет нормаларын зерттей отырып, дәстүрлі этикет құрылымындағы аңшы киімі, олжаны бөлу, қанжығаға байлау дәстүрлері жайлы талдау жасайды [39]. Тазыны аңшылықта пайдалану жолдары А.Б. Қалыш және А.К. Қуандықовтың мақаласында ашылған [40].

2007-2009 жылдар аралығында тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Т. Төлеубаев және Б.К. Қалшабаева қазақ халқының аңшылығы жөнінде Ресей, Моңғолия, Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы кітапханаларындағы материалдарды жинақтап, зерттеу негізінде бірнеше мақалалар жариялады. Атап көрсетсек, бірінде аң құстарын баптау, олардың ауру түрлері және емдеу жолдары [41], басқасында аңшылыққа байланысты наным-сенімдер қарастырылды [42].

Тәуелсіз ғылымымызда аңшылықтың аймақтық тұрғыда зерттелуі дамыды. Бұл бағытта Р.А. Бекназаров және Т.Е. Қартаеваны ерекше атаймыз. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Р.А. Бекназаров ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басындағы Солтүстік Арал маңы қазақтарының тарихы мен мәдениетін тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу жүргізіп, «Казахи Северного Приаралья в ХІХ-начале ХХ вв.» атты іргелі еңбегін жарыққа шығарды. Автор: «ХІХ ғасырда аңшы-әуесқойдың аңшы-кәсіпқойға айналуының басты себебі – экономикалық мәселеге байланысты» деп тұжырым жасады [43, с. 234]. Мұндағы экономикалық мәселеге бағалы аң терісін және мүйізді сатуды, мылтықтың пайда болуын жатқызады.

Ал, профессор Т.Е. Қартаева Сыр өңірі қазақтарының аң аулау өнерін бүгінгі күні үздіксіз жан-жақты зерттеуде [44]. Автордың Б. Нурдаулетовамен Батыс Қазақстан өңіріне бірлесіп жүргізген экспедициясы нәтижесінде жариялаған мақаласы аңшылықтың аймақтық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді [45]. «Бөрітаным» атты экспедициялық зерттеулер негізінде жарыққа шығарған материалдарында қасқыр аулаудың тәсілдері, қақпан түрлері және оған қатысты халықтық білім қарастырылған [46].

Қыран құстармен аң аулаудың жалпы тарихы және қазіргі күні дәстүрлі құсбегілікті сақтау С.П. Кульсариева мен С.Х. Шалгинбаеваның мақаласында

шолу жасалған [47]. Сонымен қатар Шығыс Қазақстандағы XIX-XX ғ. басындағы дәстүрлі аңшылықтың дамуы М.Қ. Егізбаеваның мақалаларында қарастырылған [48; 49].

Қытайлық қазақ, көрнекті этнограф З. Сәніктің аңшылық кәсібі туралы зерттеуінде фольклорлық үлгілер, құсбегілік дәстүр: бүркітті баптау, ұстау, бағу, оны алып жүру, қондыру туралы мәліметтер келтірілген [50].

*Номадизмнің бір элементі ретінде қаралуы.* Шаруашылықтың қосалқы түрі маңызын иеленген аңшылық аса шыдамдылық пен төзімділікті талап етіп, жас ұрпақты әскери өнерге тәрбилеудің бір жолы болды. Сондықтан да қазақ халқының әскери өнерін зерттеушілер тактика мен элементтерді қарастыруда аңшылық тәжірибенің үлкен рөл атқарғанына назар аударды. Көшпелі өркениеттің әлемдік мәдениетке қосқан үлесін қарастырған зерттеушілер «аңшылықты номадизмнің бір элементі» ретінде қарастыруды ұсынады. Олардың қатарында іргелі еңбектері мен мақалаларын арнаған зерттеушілер: А.К. Кушкумбаев [51;52;53], Р.А. Бекназаров [54], И.В. Ерофеева мен Б.Ж. Аубекеров [55], Н.З. Ошанов пен Б.Г. Нұғман [56] және т.б. атап өтуге болады.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ әскери ісіне монографиясын арнаған профессор А.К. Кушкумбаевтың тұжырымдары ерекше қызығушылық тудырады: «Орталық Азияның көшпелі халықтарының дәстүрлі әскери-ұйымдық құрылымы феноменін тану кілті топтық қаумалап аулауды қолдануы мен қызмет етуінде жатыр», - деп есептейді. Автор қаумалап аулау мен көшпелілердің әскери-ұйымдық құрылымын салыстыра келе ұқсас белгілерін анықтайды: 1) көп адамның қатысуы; 2) үштік ұйымдасу (оң, сол және орталық); 3) бөлінудің иерархиялық принципі; 4) жетекшілердің болуы. Сонымен, зерттеуші «Еуразия көшпелілерінің әскери өнерінің қалыптасуы мен эволюциясында қаумалап аулаудың әдіс-тәсілдері ерекше маңызға ие болды» деп тұжырымдайды [51, с. 30]. Келесі бір мақаласында «евразиялық номадтардың жауды алдын ала дайындап қойған торуылға түсіру тәсілі абалау және қаумалау арқылы аулау тәсілінен шыққан болса керек», - деп тұжырымдайды [52, с. 214]. «Қаумалап аулау белсенді аңшылық түріне жатады. Себебі, ол адамдардың айтарлықтай ұжымын талап етеді», - деген пікірі [53, с. 8], иемденуші шаруашылықтың тәсілі болған қаумалап аулау – із кесу мен жабайы аңды олжалауды білдіреді. Бұл болашақта әскери тактикада жауды қуу мен жеңісті бекітуге алып келді деп тұжырымдауға негіз болады.

Сонымен қатар осы бағытты әрі қарай жалғастыратын болсақ, «қаумалап аулау әскери оқытудың әдіс-тәсілдерінен тұрды» деп Р.А. Бекназаров тұжырымдайды [54, с. 371]. Ғалым: «Аңшылар аңғар, жар, жабық шатқалдар және т.б. тәрізді жергілікті мекеннің табиғи қатпарларын тиімді пайдалануға тырысты», - деп ойын білдірсе, бұл пікір қазақтардың жоңғарлармен соғыста шабуылдық стратегия мен тактиканы ұйымдастырудағы ландшафттық-геоморфологиялық факторларды зерттеген И.В. Ерофеева мен Б.Ж. Аубекеров: «Торуылдап аулау тәсілі жаяу садақшылардың орағытуы үшін маңызды болды деп атап көрсетеді [55, с. 243].

Аңшылықты номадизмнің бір элементі түрінде қарастыруды өз мақаласында ерекше атап көрсеткен Н.З. Ошанов пен Б.Г. Нұғман «Көшпелілер көшпелі өмір мен аңшылықты үйлестіре отырып дәстүрлі әскери ұйымдастыруды қалыптастырды. Аңға шығу арқылы жауынгер-аңшының сана-сезімі өсіп, олардың бірін-бірі түсінісуіне, сыртқы факторларға қарсы бірігуіне, тайпалық бірлестіктердің біртұтас консолидациясына жағдай жасады. Бұл рулық және тайпалық ойлауды жойып, мемлекетті нығайту үшін номадтарды саяси бірігуге әкелді», - деп тұжырымдап, «қосалқы шаруашылық болғанымен жас ұрпақты ересек әскери өмірге дайындайтын басты қызмет түрі» деп санайды [56, с. 87]. Авторлар далалық номадтың кешенді қасиеттерін «аңшы-көшпелі-жауынгер» түрінде көрсетеді. Аңды зорықтырып тұзаққа айдау және қаумалап аулау жаяу болсын, атпен болсын әскери қимылдарды жаттықтыру үшін маңызды және тыңғылықты ұйымдастыруды қажет ететініне назар аударған зерттеушілер: «біріншіден, әскери; екіншіден, әлеуметтік-саяси; үшіншіден, жауды жеңуде киелі «жеңіс» сыйлайтын қимыл», - деп тұжырымдайды [56, с. 88]. Ал, «аңшылық барысында бүкіл іс-қимылды ұйымдастырушыға бағыну – көшпелі қоғамда билеушіні құрметтеуге негіздеп, ал оның өз кезегінде сыртқы қатынастарды реттеуші бола білді», - деп билеушінің аңшылықты ұйымдастырудағы қабілеті болашақта әскери қақтығыстарды реттеуде және шайқаста маңызды екеніне назар аударады.

Сонымен, аңшылықты көшпелі өмір салтының бір элементі ретінде қарастырған зерттеушілердің ойын қорытындыласақ, қаумалап аулау, абалап аулау, торуылдап аулау, қысаңға қамау және т.б. аңшылық тәсілдері әскери қимылдар барысында қолданылатын әскери іс-қимылдар негізі. Аңшылық барысында әбден жаттыққан қатысушылар кейін соғыс даласында бір-бірін оңай түсінісіп, өз рөлдерін бөлісіп, бірлесіп әрекет етті. Ал, екінші жағынан әккі аңшы соғыс кезінде дайын тәжірибелі барлаушы, мерген, жорықта тұрмысқа бейім төзімді, қабілетті адам, жергілікті жер бедерінің білгірі, емші, аспазшы да бола алды.

**Диссертациялық жұмыстың деректік деңгейі.** Зерттеу жұмысын жүзеге асыру барысында репрезентативті мағлұматтар беретін түрі мен сипаты жағынан әртүрлі дереккөздер пайдаланылды. Олар талданып, ғылыми қолданысқа енгізілді, мазмұндалған ақпараттар алынды. XVIII-XX ғасырлардың басындағы қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы жайлы төмендегі деректерге сүйендік:

- заттай деректер;
- жазба деректер;
- далалық экспедиция материалдары;
- ауызша деректер;
- көркем сурет деректері.

1. *Заттай деректер.* Деректердің бұл тобына археологиялық қазба деректері және музей заттары мен коллекциялары жатады. Аңшылық тарихы, мал шаруашылығымен ара қатынасы, оның даму деңгейі археологиялық қазба жұмыстары материалдарының көмегімен айқындалады. Қола дәуірі қоныстарынан табылған сүйек қалдықтары солтүстік және орталық аудандардың

фаунасындағы аңшылық-кәсіптік жануарлардың әртүрлілігін білдіреді [57]. Ежелгі шеберлердің алтыннан жасалған бұйымдар арқылы даланың шексіз көркем мәдениетін жеткізуі бұйымдардан да көрінеді [58]. Белгілі археолог Х.А. Алпысбаевтың Оңтүстік Қазақстандағы неолиттік Қараүңгір тұрағынан тапқан құлан, аю, бұғы, елік, қабан, жылқы, қасқыр, қырғауыл секілді аңдардың сүйектері аңшылық туралы деректерді айғақтайды [59].

Қазақстан археологиясында ғана емес, әлемдік археологияда ерекше орын алған ерте сақ дәуіріне жататын Шілікті қорғандарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында профессор Ә.Т. Төлеубаев 4303 алтын бұйымдарын ашты [60]. Олардың қатарында 153 барыс, 36 бүркіт, 20 бұғы, 39 қасқыр (аю) түріндегі қаптырмалар бар. Бұл бұйымдар да аңшылық орын молайтады.

*Музей заттары мен коллекциялары.* Шығыс Қазақстан облысының Мәдениет басқармасы «Облыстық тарихи-өлкетану музейі», «Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығы» және «М.Тынышпаев атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану музейі» қорларындағы аңшылық құрал-жабдықтары салыстырмалы түрде зерттеу негізіне алынды.

*2. Жазба деректер.* Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуінің басталуымен қазақ халқының тарихы, этнографиясы, географиясы және мәдениетіне қызығушылық артты. Әрине, ол деректер әртүрлі ғылыми мақсатта жазылып, бір тобының түпкілікті ойы – отарлық мақсаттарды жүзеге асыру болса, екінші топ өкілдері ғылыми зерттеу тұрғысынан айналысты. Дегенмен, орыс авторларының еңбектері қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы бойынша деректердің бір тобын құрап, оларда мазмұндалған мәліметтерді ғылыми айналымға енгізіп, маңыздылығын ашуға талпыныс жасаймыз. Деректердің негізгі тобын құрайтын жазба деректердің қатарында біз ғылыми, жеке адамдық, статистикалық, іс-қағаздық мерзімді басылымдар түрлерін қарастырдық.

Ғылыми еңбектер қатарында Ш.Ш. Уәлихановтың жазбалары пайдаланылды. Автор Жетісу өңірінде құстардың көптігіне сан жетпейтінін, қаз, үйрек, тырна, бірқазан, шіл, құр, қырғауыл кездесетінін хабарлайды. Іле бойы қазақтарының жолбарыс аулау туралы жазады [61, 155-б.].

Қолына қыран құс ұстап, тазы баптап, аң аулап, парасаттылығы, зиялылығымен белгілі болған және аңшылық өнерді өз тәжірибесінен алғаш болып «Аушы» атты кітап ретінде қағазға түсірген Мұса Шормановтың ұлы – Сәдуақас Шормановтың еңбегі де маңызды [62]. Кіріспе, 15 тақырыпша, соңында ел арасында жиі айтылатын 17 мақал-мәтел келтірілген еңбекте: аңшы құстар, олардың мекен етуі аумағы, баптау, қолға үйрету, аңға салу жолдары, итпен аң аулау туралы мәліметтер бар. Өзі құсбегі, аңшылық тәжірибесі мол адамның еңбегі ерекше құнды болатыны сөзсіз. 1907 жылы қазанда араб графикасымен жазылған еңбек Е.М. Тұрғынбаевтың редакторлығымен 2017 жылы оқырман қауымға ұсынылды. Бұл кітап саятшылық тақырыбында жазылған алғашқы еңбектердің бірі ретінде өзінің қайталанбас құнды мағлұматтарымен қазақ этнографиясы ғылымына үлес қосқаны анық.

*Статистикалық деректер қатарында* 1880 жылы Ресей географиясы мен статистикасы үшін жинақталған «Туркестанский край: опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа» атты жинақты атауға болады. Мұнда Түркістан аумағын мекендеген аңдар мен құстар, оларды аулау тәсілдері және жолбарыс аулаушыларға сыйақы берілуі туралы мәліметтер жарияланған [63].

Осы 1880 жылы «Природа и люди» журналының басшылығымен жарық көрген «Народы России» атты этнографиялық очерктерде қыран құстармен аң аулау туралы мағлұматтар берілген [64]. Басылымда Ресей империясының құрамындағы халықтар туралы жазылып, орыс князьдері қазақтардың аушы құстармен аң аулау дәстүрін үйренген аңшылық түрі деп тұжырымдалады. «Туземцы Закаспийской области и их жизнь» атты этнографиялық очерк аңшылық өнімдерін саудалау жайын қозғайды [65]. Далалық аймақтардағы жалпы аңшылық туралы мәліметтер «Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Туркестанский край» атты басылымда жинақталған [66].

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы қазақ халқының шаруашылығы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайлы мол мағлұмат беретін «Материалы по киргизскому землепользованию» ерекше құнды дереккөзі. Мұнда аңшылар кәсіпшілер ретінде, сонымен қатар, мысалы, қанша адам айналысты және қанша қаражат тапқаны туралы мәліметтер келтірілген. Атап көрсетсек, 1911 жылы Торғай уездінде 1163 отбасы суыр ауласа [67, с. 283], 1912 жылы Ақтөбе уездінде 127 отбасы аулаған [68, с. 412-415].

*Іс-қағаздық деректер.* Бұл топта жарияланбаған архив құжаттары негізге алынды. Мысалы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві 4-қордың 2845-ісі қазақ даласынан императордың аңшы сарайына үйретілген бүркіттерді табу және жіберу туралы тапсырмасын орындау бойынша Орынбор және Самара генерал-губернаторлары арасындағы хаталмасуы бар [69].

*Актілік құжаттар.* Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар біз қарастырған кезеңде дәстүрлі аңшылықтың өзгеріске ұшырауын, аңшылықты патша әкімшілігінің реттеу және қадағалауға қатысты қабылдаған шешімдерін білуге мүмкіндік берді. Атап көрсетсек, 44-қордың 49038-іс материалдары Түркістан генерал-губернаторлығында аңшылық туралы Заңға өзгерістер енгізу жайлы [70]; осы 44-қордың келесі құжаты Далалық облыстарда аңшылықты реттеу жайлы [71]; 383-қор – 1853-1866. Управление Киргизами Сыр-Дарьинской линии Министерства иностранных дел форт Перовский Туркестанской области, 1853-1867. құжаттары Сыр бойы қазақтарының жолбарыс аулап, патша әкімшілігінен сыйақы алуы туралы [72] мол мағлұмат береді.

*Мерзімді басылымдар.* «Природа и охота» және «Охота» журналдары беттерінде қазақ аңшылығы жайлы мақалалар көптеп жарияланды. Мысалы, 1884 жылғы «Охота» журналының сәуірдегі санында «Карабутакский охотник» атты мақалада Е.Т. Смирнов Кенесары ханның құлан аулауға шығуы туралы түркістандықтың аузынан жазып алған әңгімесін жариялаған [73]. Ал, «Природа и охота» журналының 1878 жылғы санында қазақ тазысы туралы айтылған [74].

3. *Далалық экспедиция материалдары.* Деректердің бұл тобында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультеті Археология, этнология және музееология кафедрасы оқытушыларының және автордың этнографиялық экспедициялар материалдары негізделді. Қазіргі күні аңшылық дәстүрдің жаңғыруын зерттеу мақсатында 2021 жылдың 14-19 маусым аралығында Алматы облысы Ескелді ауданы және Текелі қаласына; 2021 жылдың 22-26 маусым аралығында Жамбыл облысы Меркі ауданына; 2022 жылдың 11.04-10.05 аралығында Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданына далалық экспедиция ұйымдастырылды.

Далалық зерттеу барысында аушы құсты түлету және ырғаққа отырғызу, аңшылық маусымға дайындалу, арнайы мектептерде сабақ өткізу және жаттығу, тазыны үйрету, жамбы ату, аңшылыққа қатысты салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар, этномедицина, аңшы әулеттер бойынша материалдар жинақталды. Сонымен қатар, 2021 жылдың 4-6 желтоқсан аралығында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында өткен «Сонар-2020» және 2021 жылдың 26-28 қараша аралығында «Сонар-2021» республикалық турнирлеріне барып, қажет материалдар жинақталды. Дерекберушілермен сұхбаттасу қазіргі күні аңшылықты жаңғырту, оны жүзеге асырудағы қиыншылықтар, баулу мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді. Мысалы, Қазақстан Республикасы «Қыран» федерациясы қоғамдық қорының атқарушы директоры Бағдат Мүптекеқызы [I] аңшылық жарыстарын өткізуде қатысушылардың жол қатынасындағы қиыншылықтарына назар аударды. Атап айтсақ, қыран құс пен тазыны көлік қатынастарында алып жүру ережелері бекітілмеген, сонымен қатар қыран құстарға чип салу толық шешілмеген, аңшы куәліктерін алу дұрыс жолға қойылмаған, аңшыларға мемлекет тарапынан ешқандай көмек қарастырылмаған.

Ал, Қытай және Моңғолиядан келген аңшылар – Түсей Әбдікерім [II] және Нажитбан Маркс [III] қыран құстарды тіркеу бойынша көп қиындық барын айтты. Керісінше, Бүркітбай Файзуллаұлы [IV] өзі шаруа қожалығын тіркеу арқылы құс пен тазы ұстауда өажет жер мәселесін шешкенін тілге тиек етті. Шебер Ошан Шакерман [V] жергілікті басқару органы тарапынан қолдау тауып, мектепте үйірме түрінде шеберлік курстарын өткізетінін хабарлады. Қалай дегенмен де, елімізде әлі аңшылыққа қатысты түйіні шешілмеген жәйттар көп. Жалпы, далалық этнографиялық экспедициялардың материалдары дәстүрліліктің жалғасуын түсінуге мүмкіндік берді.

4. *Ауызша деректер.* Қазақ аңшылығының дәстүрлі аңшылығы жайлы деректер арасында нарративті деректерді құрайтын ертегілер, эпостық жырлар және т.б. секілді фольклорлық материалдар ерекше орын алады. «Дала фольклорының антологиясы» [75], «Бабалар сөзі» [76] жинақтарында топтастырылған ауыз әдебиеті үлгілері қаралды.

5. *Көркем сурет деректері.* Дәстүрлі аңшылықты толық зерттеу мақсатында ақпаратты көрнекі түрде жеткізе алатын Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінде сақтаулы фотосуреттер мен көркемөнер туындылары да дерек ретінде пайдаланылды. Атап айтатын болсақ, Самуил Лейбиннің «Абай заманындағы

аңшылар» [77], Б. Тилекметовтың «Итпен аңшылар тобы» [78] және «Аңшылар бүркітпен» [79] атты фотосуреттер пайдаланылды.

Көркем сурет туындылары ретінде революцияға дейін қазақ даласында болған орыс суретшілері А.Е. Мартынов, М.О. Микешин, В.И. Штернберг, В.Н. Плотников, Н.Н. Каразин және скульптор Е.А. Лансеренің шығармалары негізделді [80]. Өйткені жазба деректер толық бере алмайтын аңшылық сахнаны көрнекі түрде жеткізеді. Сонымен қатар «Нива» журналының 1883 жылғы № 5 санында жарияланған Н.Н. Каразиннің «В степи. Отдых киргизов после охоты» атты туындысы жазғы аңшылық маусым мен аңшылардың олжалы болуын көрсетіп, қазақ демалысын тағы да айғақтай түседі [81].

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ халқының дәстүрлі аңшылығын тарихи-этнологиялық тұрғыда кешенді зерттеу. Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, төмендегідей міндеттер қойылды:

- дәстүрлі аңшылыққа қатысты деректерді жүйелеу;
- мәселенің зерттелу деңгейін қарастырып, тарихнамалық талдау жасау;
- қазақ аңшылығының типологиясын жасау;
- дәстүрлі аңшылық барысында қолданылатын құрал-жабдықтарды жүйелеу және сипаттама беру;
- аңшылық тәсілдерін жүйелеу, топтастыру, сараптау;
- дәстүрлі аңшылықтың тіршілік қамы жүйесіндегі орнын ашу, оның трансформацияға ұшырау себептерін айқындау;
- аңшылыққа байланысты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерді зерттеу;
- фольклорлық үлгілерде аңшылықтың көрініс табуын зерделеу;
- аңшылыққа байланысты этномедицинаны зерделей отырып, оның өнімдерінің қазақ халқының өмірінде емдік мақсатта пайдаланылу жолдарын айқындау;
- материалдық емес мәдени мұра ретінде аңшылықты сақтау, даму перспективалары және бағыттарын зерттеу;

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Отандық этнология ғылымында қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы арнайы тақырып ретінде кешенді түрде зерттелмеген. Тақырыпты зерттеу барысында қоршаған орта және ландшафтқа бейімделу арқылы дәстүрлі аңшылықтың қазақ тіршілік қамы жүйесіндегі орны теориялық-методологиялық тұрғыдан негізделіп, теориялық үлгісі жасалды. Жүйелі зерттеу және ғылыми талдау жұмыстарын жүзеге асырудың нәтижесінде:

- қазақ дәстүрлі аңшылығына қатысты деректер қоры жинақталды және сарапталды; зерттелу деңгейі негізінде тарихнамалық талдау жасалып, қазақ аңшылығының әртүрлі кезеңдерде және зерттеушілер тарапынан шаруашылықтың бір түрі, номадизм элементі және өнер түрі бағыттарында зерттелгені айқындалды;

- қазақ жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған материалдар негізінде қазақ аңшылығының тамыры тереңде екені зерделенді;



– тарихнамада алғаш рет қазақ дәстүрлі аңшылығы тіршілік қамы жүйесінің бір элементі ретінде қарастырылып, оның алғашында табиғат пен әлеуметтік факторларға, ал Ресей империясының отарлауымен мемлекеттік институттарға тәуелді болғандығы айқындалды;

– фольклорлық материалдар, археологиялық деректер және жарияланбаған архив құжаттары алғаш рет пайдаланылды және ғылыми айналымға енгізілді;

– қазақ халқының ғасырлар бойы көшпелі өмір жағдайында табиғи ландшафтты аңшылықта тиімді пайдаланып, өзіндік дәстүрлілік қалыптастырып, бірақ ХІХ ғасырда бұл кәсіптің дәстүрлілігі бұзылып, аңшылықтың трансформацияға ұшырау себептері ашылды;

– архив құжаттары арқылы қазақ даласындағы аңшылықтың даму барысы мен оған қатысты патшалықтың қабылдаған заңдары, аңшылықты реттеу туралы шаралары көрсетілді; қазақ құсбегілігінің орыс патшасы тарапынан қызығушылық тудырып, оны сарай маңында ұстауға деген талпынысы мен арнайы іздеу жұмыстары жүргізілгені анықталды;

– қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы – адам мен қоршаған орта арасындағы тікелей және қарымта байланысты реттеуші ретіндегі орны нақтыланып, осы байланыстың үзілуі себептерінен аңшылықтың жабайы түрге айналуы айқындалды;

– дәстүрлі аңшылық тәсілдеріне қатысты реконструкциялық сызбалар, суреттер, фото, визуалды құжаттар қосымша бөлімде көрсетілді;

– «Патша-жолбарыс» атты жолбарысты аулау тәсілдері, жойылуы және реинтродукциялау жайлы бейнематериал Жетісу облысының М.Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінде жүргізілетін экскурсия барысында пайдаланылуға енгізілді (Қосымша А, құжат А1).

**Тақырыптың хронологиялық шеңбері.** Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері ХVІІІ ғасыр – ХХ ғасыр басы. Екі ғасырдан астам уақыттағы қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы дамыды, гүлденді және отарлық саясатқа байланысты өзгеріске ұшырап, кейін дәстүрлілігін мүлдем жойды.

**Диссертацияның географиялық ауқымы.** Зерттеу жұмысының географиялық ауқымы негізінен Қазақстанның аумақтарын қамтып, көршілес елдердің аңшылығы салыстырмалы түрде қарастырылады.

**Жұмыстың ғылыми және қолданбалық маңызы.** Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы тарих ғылымының ғана емес, география, зоология, ауыл шаруашылығы және т.б. бірқатар ғылым салаларын біріктіретін тақырып. Сол себепті төмендегідей бағыттарда көрінеді:

– зерттеу жұмысының материалдары негізінде жоғарғы оқу орындарында, оның тарих, археология және этнология мамандықтарын дайындауда элективті пән ретінде енгізіп, арнаулы дәрістер курсы және оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға пайдаланылады;

– «Этнология», «Этникалық мәдениет», «Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы», «Қазақ халқының көшпелі қоғамы», «Көшпелі өркениет» және

«Тарихи өлке тану» пәндері бойынша дәрістер курсы мен практикалық сабақтарда, білім алушылардың өздік жұмыстарын жазуда;

– тарихи-өлкетану музейлері, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мекемелері және кітапханалардың ғылыми-көпшілік іс-шараларында;

– «Қансонар» аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің республикалық Қауымдастығының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану бойынша жұмыстарын жүргізуде;

– аталған қауымдастықтың «Қыран» федерациясы қоғамдық қорымен бірлесе жоспарланып отырған «Аңшылық музейін» ұйымдастыруда;

– халықаралық және республикалық аңшылар ғылыми-тәжірибелік конференциялары мен спорттық жарыс түрлерін өткізуде;

– материалдық емес мәдени мұраларды сақтау бойынша жүргізілетін жұмыстарда;

– насихаттау мақсатында арнайы телебағдарламалар, жобалар жасауда пайдалануға болады;

– «XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстанның аңшылық алқаптары» атты карта құрастырып, ҚР авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алды (27.02.223. № 33070) және интербелсенді карта құрастырылды (Қосымша А, құжат А2);

– ізденуші 2022 жылдан бастап «Республикалық «Құсбегілік» Федерациясының қоғамдық негізде ғылыми кеңесші қызметін атқаруда (Қосымша А, құжат А3).

**Диссертацияның теориялық және методологиялық негізі.** Диссертацияны жазу барысында теориялық және методологиялық тұрғыдан ғылымда қалыптасқан шетелдік және отандық ғалымдардың теориялары мен концепциялары, ғылыми еңбектері, ғылыми әдіс-тәсілдер негізге алынды. Атап айтсақ: рационалды таңдау теориясы, этникалық экология, тіршілік қамы және «құрылғы» теориялары, Әлеуметтік факт және құндылық пайымдамасы негізделді.

Аңшылықты жіктеу мәселелерін қарастыруда ресейлік Ф.М. Зыков [82], С. Сасаки [83] және С.Г. Жамбалова [84] сынды ғалымдардың зерттеулері басшылыққа алынды. Олар «аңшылық – тіршілік етудің қарапайым тәсілі» деген пікірге қарсы болды. «Жергілікті халықтар аңшылықпен қосалқы шаруашылық ретінде айналысу арқылы табиғи ресурстарды басқарды және аң аулаудың тиімді тәсілдерін жасады» деп түсіну қажет деп санады. Мысалы, С.Г. Жамбалова буряттардың аңшылығының экономикалық маңызын, оның типологиясын, тәсілдерін, қаумалап аулау, кәсіптік аңдарға қатысты түсініктер, салт-дәстүрлерді зерттеді. Сөйтіп, бурят халқының аңшылығының ерекшеліктерін айқындады. Бұл халықта да аңшылық қосалқы кәсіп ретінде дамығанын ескерсек, халықтың өміріндегі ролін айқындауға мүмкіндік береді.

Жалпы, қазақ халқының қоршаған ортаға бейімделіп, негізгі шаруашылығымен қатар аңшылықты қосалқы шаруашылық түрінде алып жүруі

шетелдік рационалды таңдау теориясы теориясы арқылы айқындалды. Алғашында А. Hindmoor [85] және Н. Ward [86] ұсынған теория экономика және саясаттану салаларында қолданғанымен, кейін барлық ғылымдарда орын алды және біздің зерттеуімізде тұлғаның өз мүмкіндіктерін айқындауға бағыт беретін негіз ретінде қабылданды. Рационалды таңдау теориясы әлеуметтік ғылымдарда субъектілердің рационалды қызметін білдіріп, экономиканың негізіне айналды. Біз үшін бұл теория – адамдардың қоршаған орта және қоғамдағы рационалды тіршілігі мен өздеріне қолжетімді мүмкіндіктерді таңдауды жүзеге асыру барысындағы әрекетін түсіндіруге көмектесті. Халық қоршаған орта мен қоғамда өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруда рационалды әрекеті мен таңдауын саралай алады. Басқаша сөзбен айтқанда, қазақ халқы негізгі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығымен қатар, жергілікті ландшафтыны өз мүмкіндіктеріне сәйкес пайдаланып, аңшылықпен қосалқы шаруашылық түрінде ұштастыра айналысты. Сөйтіп, халық өз тілектерін қанағаттандырып, дәстүрлілік жоғары дәрежесіне жеткізді.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі аңшылықтың орнын айқындау тіршілік қамы теориясы негізінде жүзеге асты. Бұл орыс этнографиясында негізделгенімен, қазақстандық ғалымдар тарапынан да қызығушылық тудырды. Отандық ғалымдар арасында белгілі этнографтар Н. Әлімбаев, М.С. Мұқанов және Х. Арғынбаев қазақтардың тіршілік қамы жүйесіне қатысты зерттеулер жүргізген алғашқы ғалымдар ретінде белгілі болды [87].

Тіршілік қамы мәдениетін қарастыруда бейімделу (адаптация) теориясын айналып өтуге болмақты. Өйткені, қазіргі ғылым саласында этностың ортаға бейімделуі материалдық және әлеуметтік бейімделу бағыттары ретінде қарастырылып, екі бағыт та мәдени экология аясында, мәдениет дамуының ерекше көріністерін ерекше құбылыс ретінде негіздейді. Бұл бағыттың көрнекті өкілі Л. Уайт ХІХ ғасырда «мәдени даму табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру арқылы жүзеге асырылады, түптеп келгенде, бұл халық санының өсуіне, еңбек өнімділігі мен экономикалық маманданудың артуына алып келеді. Бұл даму барысы сатылы кезеңдерге бөлінуі мүмкін. Мәдениеттің басқа аспектілерінің бәрі материалдық жағдайға тәуелді болады», - деп көрсетті [88, 114-б.].

Қазақ халқының аңшылық өнерінің ХІХ ғасырда трансформацияға ұшырауының басты себептерінің бірі – патшалықтың отарлау саясаты болса, осы қалыптасқан жағдайда адамның қоршаған ортамен байланыстың үзіліп, табиғатқа қатынастың өзгеруін айқындауда С.В. Лурьенің «құрылғы» теориясы көмектеседі. Зерттеуші: «Өзінің нәзік реттеуші әрі теңгеруші қасиеттерінің арқасында адам психикасы қоршаған ортамен тікелей және қарымта байланыстар орнатуға арналған керемет «құрылғы» болып табылады. Бұл «құрылғының» бұзылып, істен шығуы – экологиялық тепе-теңдік бұзылғандығының, ең маңызды байланыстар үзілгендігінің белгісі, біз ондай байланыстардың бар екеніне кейде ой жүгірте бермейміз», - деп ойын білдіреді [88, 119-б.]. Осы тұрғыдан алғанда, «комплексте бір компоненттің өзгеруінен бүкіл комплекс бұзылатынын» ескерсек, қазақ халқының тіршілік қамында

дәстүрлі аңшылық өнер мәнін жойып, жабайы түрге айнала бастады деп тұжырымдаймыз. Екінші жағынан, автордың «бейсана психологиялық басымдық» теориясы шетелдегі қазақтардың өзге географиялық және мәдени ортада дәстүрлі аңшылықты сақтап қалуын ашуға мүмкіндік берді [88, 126-б.].

Салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, этномедицина және ауыз әдебиетінде көрініс табуы мәселелерін қарастыруда Әлеуметтік факт және құндылық пайымдамасы (Э. Дюркгейм) концепциясы алынды. Э. Дюркгейм адамзат мәнін түсіндіруде саналы және материалдық бөліктер маңызды деп санайды [89]. Адамзат қоғамда өмір сүре отырып, әлеуметтік институт ретінде қоғамда орнығады. Сөйтіп, әлеуметтенеді, бейімделеді, өзіндік құндылықтар мен ережелер қалыптастырады. Міне, осы тұрғыдан бұл теория аңшылық өнердің қазақ қоғамындағы ролі мен орнын ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қазақ ғылымындағы Ә.Х. Марғұлан [90], С. Мұқанов [28], Е.Б. Бекмаханов [91], Е.Д. Тұрсынов [92], Ж.Б. Бабалықұлы және А.Тұрдыбаев [30] секілді отандық ғалымдардың ғылыми бағыттары тұжырымдалды.

Зерттеу барысында қойылған міндеттерді тиімді шешу мақсатында тарихилық, объективтілік және құрылымдық-функционалдық, анализ және синтез, тарихи-салыстырмалы және далалық зерттеу әдістері пайдаланылды. Салыстырмалы-тарихилық әдіс зерттеу нысанының әртүрлі тарихи кезеңдерде дмау ерекшеліктерін айқындауда қолданылды. Дәстүрлі аңшылықтың саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістер әсерінен трансформацияға ұшырауын объективтілік принцип арқылы және аңшылықтың қазақ қоғамындағы орны және тіршілік қамы жүйесіндегі ролі құрылымдық-функционалдық әдіс арқылы айқындалды. Далалық зерттеу әдістері қатарында негізінен классикалық әдістерге жататын: тікелей бақылау, дерек берушілермен сұхбат, музей экспонаттарын жинау арқылы жүрді. Аңшылықтың типологиясын жасау ақпаратты ой тезінен өткізудің көрінісін құрайды. Ғылыми зерттеу методологиясы жалпығылыми принциптермен қатар, арнайы тарихи таным әдістерін қолдану арқылы негізделді. Әлеуметтік талдау әдісі жергілікті халықтың жағдайын зерттеуде әлеуметтік талдау жасауға, ал ретроспективті әдіс мәселені тарихи дамуда зерттеуге жол ашты.

**Қорғауға ұсынылған тұжырымдар.** Жүргізілген зерттеу жұмыстарының негізінде төмендегідей тұжырымдар жасалды:

– қазақ халқының негізгі шаруашылық түрі мал шаруашылығы болғандықтан және негізгі өнімді халық мал шаруашылығынан алуына байланысты аңшылық өнімге деген қажеттілік болмады, сондықтан қосалқы кәсіпті құрады;

– көшпелі өмір жағдайында табиғи ландшафтты тиімді пайдаланған қазақ халқы аңшылықпен қосалқы кәсіп түрінде айналысып, оның өнімдері қазақтың тіршілік қамы жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде тұрмыс қажеттілігін өтеп отырды;

– қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы – адам мен қоршаған орта арасындағы тікелей және қарымта байланысты реттеуші болды. Осы байланыстың үзілуі аңшылықтың жабайы түрге айналуына алып келді;

– қазақ жерінің ерекшелігіне байланысты қосалқы шаруашылықты құраған дәстүрлі аңшылық XVIII-XIX ғасырлардың бас кезінде өз дамуында жоғары дәрежеге жетті;

– дәстүрлі қоғамда саят құстарымен, тазы жүгірту және әртүрлі құралдар мен тәсілдер арқылы аң қағу қалыптасты;

– XIX ғасырдың екінші жартысында патшалық Ресейдің отарлау саясатының күшеюі, жер мәселесінің шиеленісуі, халықтың кедейленуі, көршілес елдермен сауда-саттыққа қазақтардың тартылуы нәтижесінде аңшылық өнер трансформацияға ұшырап, сауда, айырбас көзіне айналуына алып келді. Аңшылық дәстүрлілігін жоғалтты және мәні өзгерді. Ол өз кезегінде қоршаған ортаға үлкен нұқсан келтіріліп, аңның сиреп кетуіне әкелді;

– аңшылық қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасы ретінде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарында орын алды;

– дәстүрлі аңшылық негізгі тұрмыс-тіршілікте ерекше орны бар шаруашылық ретінде халық ауыз әдебиетінде өзіндік жеке тақырыпты құрап, нарративті деректер түрінде ұлттық сипат пен этникалық ерекшелікке ие дереккөздер аңшылық көріністері жайлы мазмұнды ақпарат береді;

– қазіргі таңда аңшылықты дамыту әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тұрғыдан көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Себебі, аңшылық немесе аңшылық шаруашылықтар жануарлар ресурстарын басқаруда ең тиімді әдістердің бірі. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, аңшылықты дамыту арқылы жабайы жануарлардың табиғи популяциясын сақтау және аңшылық шаруашылықтарды дамыту арқылы жануарлар ресурсын рационалды пайдалануға қол жеткізуге болады.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі.** Диссертациялық зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультеті Археология, этнология және музеология кафедрасында орындалды. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер жоспарлы түрде диссертация мазмұнын ашатын тақырыптарға сәйкес республикалық және шетелдік басылымдарда жарияланды:

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан бекітілген отандық ғылыми журналдарда 3 мақала (ҚазҰУ-ң Хабаршысы. Тарих сериясында – «Қазақ халқының тіршілікқамы жүйесіндегі аңшылықтың рөлі (XIX-XX ғ. басы)», «XVIII-XIX ғғ. қазақ аңшылығының зерттелуі»; «Отан тарихы» ғылыми журналында – «Қазақ дәстүрлі аңшылығының халық фольклорындағы көрінісі»);

– «Web of Science» және «Scopus» халықаралық деректемелер базасына қатар енетін CiteScore бойынша көрсеткіші 1.1, квартилі Q1, процентилі 89 «Былые годы» журналында «Традиционная охота казахов в трудах российских исследователей (XIX-начало XX вв.)» атты 1 мақала жарияланды;

– тарих ғылымының іргелі мәселелеріне арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3 баяндама: «Ұлы Дала түркі халықтарының ортақ мекені» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік online конференциясында «Қазақ халқының саятшылық өнерінің жаңғыруы»; «Ұлы дала кеңістігіндегі

этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясында – «Аңшылықтың даму тарихынан»; «Global science and innovations 2020: Central Asia» атты ғылыми-практикалық журналының «Өнертану» сериясында – «The modern hunting art of the Kazakh people» жарияланды;

– «XIX ғасырдың 90-жж. – XXғ. басындағы Қазақстандағы аңшылық алқаптар» атты карта жасалып, авторлық құқық алынды (27.02.223. № 33070). (Қосымша А1, құжат 2).

Сондай-ақ:

– ұлттық аңшылықты насихаттау және ғылыми зерттеуді бекіту мақсатында «Abai TV» телеарнасының:

1) 2021 жылдың 08 сәуірінде «Руханият» бағдарламасына саятшылық жайлы түсірілімге қатыстым (<https://www.youtube.com/watch?v=KazM9pESK-M>);

2) 2021 жылдың 7 қазанында қазіргі аңшылар, тазы ұстаушылар мен жалпы аңшыларды халыққа таныстыру мен халыққа насихаттауды және халқымыздың экологиялық мәдениетін дамытуды мақсат еткен «Ұлт қазынасы» атты бағдарламасына қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы жайлы сұхбат берілді. Сұхбатта XIX ғасырда қазақ халқының аңшылық дәстүрінің дамуы және оның аймақтық ерекшеліктері баяндалды (2.20 және 4.50 мин).

Түсірілім барысында кейбір мәселелерге қатысты кеңес берілді (<https://www.youtube.com/watch?v=E7VAAGYyn54>);

– 3) зерттеу барысында ұйымдастырылған экспедициялар мен «Қыран» федерациясымен тығыз жұмыс барысында мол тәжірибе жинақталды. Нәтижеде жаңадан ұйымдастырылған Жетісу облысының «Салбурын» федерациясы филиалының директоры лауазымына тағайындалдым.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертациялық зерттеу жұмысы белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш тарау, он тарау бөлімдері, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

# 1 АҢШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

## 1.1 Қазақстан территориясындағы аңшылықтың генезисі және оны зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері

Аңшылық өнер адамзатпен қатар пайда болып, дамыды. Ол өз даму барысында негізінен түрлерін өзгертті деуге болады. Жер шарының түкпір-түкпіріндегі табиғаттың әртүрлі болуы секілді аңшылық та көпқырлы. Аңшылық климаттық жағдай, өсімдік әлемі, ең бастысы жануарлар әлемімен тығыз байланыста дамиды. Сондықтан да әрбір халықтың өз аңшылық шаруашылығы, соған сәйкес аңшылық тәсілдері бар. Өркениеттің дамуы, яғни, суық қарудың қолданылуы халықтардың аңшылық шаруашылығына өзгерістер енгізді. Алайда халықтардың аңшылығы жайлы естеліктер, мағлұматтар халық жадында, фольклорда және т.б. дереккөздерінде сақталды. Алғашқы адамдардың аң аулауға қызығушылығын анық түсінуге болады: олар тамақ тауып жеп, киім кию және қорғануы керек болды. Жартастар мен үңгірлерде табылған суреттер бұл туралы көптеген мағлұматтар береді. Палеолиттік тұрақтардан табылған құралдар адамдардың аңдарды үркітіп, жардан құлату арқылы сүтқоректілерді аулағандарын дәлелдейді. Орыс зерттеушісі профессор Н.К. Верещагиннің пікірінше, «жоғарғы палеолит әртүрлі палеолиттік тайпалардың өзен аңғарларында орналасып, аулаудың әртүрлі тәсілдері арқылы жануарлар ресурстарына иеленген дәуір болған» [93, с. 37].

Б.з.б. 35-40 мың жыл бұрын тас ғасырында алғашқы адамдар алғашқы қауымдық құрылыс өнерін қалыптастырды. Ол музыка, би, ән, ғұрыштар, жартастағы суреттер, мүсіндер, әшекей бұйымдар түрінде көрініс тапты. Бұл кезең өнерінің басты функциясы – қол жеткізген әлеуметтік тәжірибе, білім және шеберлікті болашақ ұрпаққа жеткізу және бекіту болып табылды. Осы атап көрсеткен өнер түрлерінің ішінде шығармашылықтың басты нысаны – аңдар болып, аңшылық сахналары бейнеленген жартастағы суреттер еді. Бұл өз кезегінде алғашқы адамның қоршаған орта туралы түсінігі мен шындықты тануын білдірді. Жартастағы суреттер аңшылық нысаны болған аңдарды бейнелесе, өнердің өзі магиялық ғұрып ретінде қабылданды. Яғни, осы магиялық ғұрып көмегімен адам аңды өлтіргісі келді. Сөйтіп алғашқы адамдар өздері тұрған үңгірлерде туындыларын жасады. Сондықтан жартастарға сурет салу өнерін жасаушы адам – ол ең алдымен аңшы деп есептеуге негіз бар. Олар жиі аулаған аңдарының суреттерін салып отырған.

Зерттеушілер ежелгі аңшылықты қазба жұмыстары барысында табылған аңдардың сүйектері, құралдары мен суреттері арқылы қалпына келтіреді. Яғни, олар негізгі деректерді, ал мәдени қалдықтар кешені қосалқы деректерді құрайды. Археологтар аң сүйектерінде адамның қаруы арқылы жарақаттың болуына қарай, ол аңның аулануы жайлы тұжырымдайды. Мысалы, Вига маңында (Зеландия) кеуде тұсынан адамның қаруымен өлтірілген зубрдың қаңқасы табылған [94, с. 248]. Ғалымдардың пікірінше, «мұндай іздерді тек аңшы

ғана қалдыратыны анық. Алайда, үңгірлерден табылған аңдардың сүйектері аңшылықтың болғанын талассыз дәлеледейді» деп біржақты айтуға болмайды дей келе, «бұл кезеңдегі адамдардың жыртқыш аңдарды тағам ретінде пайдаланғанын жануарлардың сүйектері ғана емес, алғашқы адамдардың да қалдықтары дәлелдейді. Яғни, ол адамдардың тістері жыртқыштардың тістері тәрізді барлығын жеуге арналған», - деп тұжырымдалып, «үңгірден табылған найза мен жебенің ұштары алғашқы адамдардың жануарларды өлтіре алғанының айғағы ретінде, яғни аулағанын білдіреді» деп есептелді [94, с. 248-250].

Табылған құралдармен бірге үңгірлердің қабырғалары мен төбесінде салынған суреттер (аңшылық сахналары, тәсілдері және т.б. бейнеленуі) аңшылық жайлы мағлұматтарды біршама құндыландыратыны анық. Мысалы, Тешик-Таш үңгірінен табылған 10 мыңға жуық жануардың сүйегінің 938-і анықталған. Ол сүйектер аю, жылқы, бұғы, жолбарыс, қоян, арқар секілді аңдарға тиесілі. Осыған қарап, зерттеушілер бұл жердің тұрғындары аңшылықпен айналысқан деген тұжырымға келді [94, с. 249].

Зерттеушілер «кей жағдайда үй жануары мен аңдардың сүйектерін ажырату қиындық тудырады. Себебі, қолға үйретілген жануарлардың спецификалық белгілері әлі қалыптаспаған болуы ықтимал. Дегенмен мына заңдылыққа сүйенген жөн. Адамдар аулаған аңын сол жерде жеуге тырысқан және үңгіріне артық сүйек тасымау үшін, етті жерін ғана алған. Сол себепті жыртқыштың омыртқасы және қабырғасы жоқ. Ал, үй жануарының сүйектері толық сақталған», - деп, [94, с. 251] алғашқы адамдардың аңшылығы жайлы пікірлерін ұсынып, зерттеушілер үшін табылған жануарлар қалдықтарын нақтылауға мүмкіндік береді.

Аңшылықтың генезисін зерттеушілер «адамзат алғашқы кезеңде табиғат және аңдармен кескілескен күрес жүргізуге мәжбүр болды. Сол жыртқыш аңдармен күрес барысында аңшылық дағдылар қалыптасты» деп санап, ғалымдардың пікірі бойынша алғашқы адамдардың тұрақтары жанынан табылған жануарлардың сүйектері осы пікірді дәлелдейді және 45-ке жуық құс түрлерін, 60-ға жуық сүтқоректілерді, аю, арыстан, пантера, жолбарыс, қасқыр және т.б. аулаған деп келтіреді [95, с. 20]. Сонымен, алғашқы адамдар үшін аңшылық – өмір сүруін қамтамасыз ететін қатаң қажеттілік болды. Етін тағам түрінде пайдаланса, терісінен киім тікті. Нәтижеде аңшылық барысында алғашқы адамдарда шыдамдылық, төзімділік, қажырлылық, тапқырлық, ептілік, батылдық және айлакерлік тәрізді қабілеттер қалыптасып, оны әскери өнерде де пайдаланды [96, 317-б.].

Археологтардың пікірінше, аңшылық пен оның құралдарының жетілуі б.з.б. 16/15-9,5 мың жыл бұрынғы уақытты қамтитын мадлен дәуіріне жатады. Қатаң климатқа бейімделген адамдар мамонттар, олар қырылған соң бұғы аулаған. Осы кезеңде адамдар аңшылық құралдарын жасау үшін сүйек пен мүйізді кеңінен қолданған. Мадлен және мезолит дәуірінің аңшылық құралдары Батыс Европа материалдарында біршама терең зерттелген. Мадлен кезеңінде солтүстік бұғысының сүйегінен жасалған сүңгі негізгі аңшылық құралы болған [94, с. 253].



Садақ пен жебенің пайда болуы аңшылықтың аясын кеңейтті. Бұл қару үнемі жетілдіріліп, қолданатын аңына сәйкестендірілді. Нәтижеде жүздеген жылдар бойына аңшылықтың негізгі құралына айналды. Әлемнің әр жерін мекендеген адамдар осы кезеңде жергілікті климаттық-жағдайына сәйкес кездесетін аңдарды аулады. Испаниядан табылған Альтамира үңгірінде қоңыр, қара және қызғылт сары түстермен 150-ден астам жабайы аңдар бейнеленген. Олардың арасында бизон, бұғы және жабайы жылқы басым. Бұл үңгірдің ашылып, зерттелуінің өзі өздігінше драмалық оқиға деуге болады. 1868 жылы испан аңшысы Перес Модесто аң аулап жүріп, табиғаттан қорғану мақсатында күтпеген жерден Альтамира үңгіріне тап болады. Кейін аталған үңгірден табылған аңшылық құралдары 1875 жылы Парижде көрмеге қойылады. Мұны көрген әуесқой Мармелино Саутуола зерттеуге бел буып, Мадрид университетінің археологы Хуан Пьераны жалдайды. Көп ұзамай 1880 жылы екеуі бірігіп, алғашқы ғылыми мақаласын жарыққа шығарады [96, 317-б.].

Алайда еуропалық ғылыми қоғам бұл жаңалықты қабылдауға дайын болмай шықты. Ғалымдар «ежелгі суреттер» «тапсырыспен қолдан жасалған» деген айып тағады. Ғылымда түсініспеушілікке тап болған М. Саутуола жүйке ауруына ұшырап, «өтірікші» деген атақпен 1888 жылы дүниеден озды. 1902 жылы басқа ғалымдар тарапынан зерттелген соң ғана, сенсациялық жаңалық екені мойындалды. Зерттеушілер бұл үңгір тас дәуіріне жатады және шамамен 11-19 мың жыл бұрын салынған деп тұжырымдайды. Алайда үңгірді тұңғыш ашқан М. Саутуола мұны көрмеді. Тек бір ғана француз археологы Эмиль Картальяк баспасөз беттерінде қателігін мойындап, М. Саутуола ұрпақтарынан кешірім сұрап мақала жариялайды. Осыдан біраз уақыт өткен соң М. Саутуола тас дәуірінің тастағы суреттерін алғаш ашқан ғалым ретінде мойындалады.

Франциядағы Раффигнаг үңгірінде ежелгі аңшылар 44 мамонт, 27 тауешкі, 14 бизон, 17 жылқының бейнесін қалдырған. Ал, Ласко үңгірі қабырғалары мен төбелерінде бизон, өгіз, бұғы, жабайы жылқы және қабандар суреттелген. Жалпы, аңшылық жайлы алғашқы мәліметтер төрт мың жылдан бұрын жазылған ежелгі Ассирия жылнамаларында: «Ассирия патшасының әскери жорықтар мен мемлекеттік басқару арасындағы бос уақытта ең сүйікті ісі – аңшылық болды. Оның екі дөңгелекті атты арбада аңды садақпен атып алғаны жайлы қабырға суреттері сақталған. Олар арыстан, түйеқұс, қабан, жабайы өгіз аулаған. Арыстандарды аулау себептері – Қосөзен аңғарында бұл жыртқыштар көбейіп, халық өміріне қауіп төндірді», - деп жазылады [97, с. 216-217].

Дегенмен өркениеттің дамуымен аңшылық өнердің мазмұны, мақсаты, түрі және құралдары өзгеріске ұшырады. Ол ең алдымен егіншілік және мал шаруашылығының пайда болуымен байланысты еді. Яғни, күнкөріс көзі болған аңшылық кәсіпке ұласты. Адам бірте-бірте кейбір жануарлар мен құстарды аңшылық құралы ретінде пайдалана бастады. Г.П. Дементьев: «Бізге жеткен мәліметтер бойынша, қолға үйретілген жыртқыш құспен бейнеленген ең ежелгі аңшы б.з.б. 700 жылға жатады. Бұл хетт қоғамына тиісті. Сол секілді Қытайда қыран құспен аулау туралы мәлімет кездеседі. Сөйтіп, адамдар ежелдан-ақ

жыртқыш құстарды аңшылықта қолданған деп айтуға болады», - деп, тұжырымдайды [98, с. 3].

Қазақстан территориясын мекендеген халықтар ежелгі заманнан аңшылықпен айналысқанын дәлелдейтін деректер бар. Маңғыстауда б.з.б. VI-V мыңжылдықтарға белгіленген мезолиттік материалдар негізінде ойықты және төлес тұрақтары қалыптасқан. Ойықты мәдениетті ұстанушылар, археологтардың пікірінше, аң аулаумен айналысып, кезбе аңшылар деп жорамалдайды. Маңғыстау мен Үстірттің табиғаты мен ландшафты алғашқы адамдар үшін жабайы аңдарды кәсіптік тұрғыда аулауға қолайлы болған. Құлан, киік және қарақұйрық бұл өңірде тұрақты ауланатын аң болып келген [99, 89-90-бб.]. Ал, төлес мәдениеті өкілдері тұрақты су көздері жоқ Маңғыстау түбегінің ішкі кеңістігі мен Үстірт өңірі тек аң аулаумен айналысуға ғана мүмкіндік берді. Ашылған тұрақтарынан құлан, киік және қарақұйрықтың маусымдық өрістеу бағыттарына сәйкес келеді [99, 90-б.].

Мезолиттік кезеңде адамдар аң аулауға қолайлы алқаптарды іздеп, орындарын жиі ауыстырған. Археологтар б.з.б. VIII мыңжылдықта климаттың жұмсақ болуы аңшыларға тұрғын жай қажет етпей, бұрынғыдай қоныс аударып отыруларына қолайлы болды деп есептейді [99, 82-б.]. Ең басты жаңалық – садақ пен жебенің ойлап табылуымен аңшылар атып алуды пайдалануы маңызды болды.

Орталық Қазақстан, Маңғыстау, Қаратау жотасы, Жетісудағы Таңбалы шатқалы, Іле өзеніне жақын жердегі Шолақ тауы (Жоңғар Алатауының оңтүстік-батысы) және Қапшағай су қоймасы маңынан табылған петроглифтерде аңшылық сахналар көптеп кездеседі. Петроглифтерді ақпарат жеткізудің белгілі жүйесі ретінде тануға болады.

Қазіргі Түркістан облысы Созақ ауданындағы Қаратаудың Келіншектау жоталарында Арпа өзеніндегі тасқа бейнеленген суреттер кездеседі. Олар б.з.б. II-I мыңжылдықтармен кезеңделеді. Үш жарым мың суретте адамдардың аңшылық жорықтарын және қанды қақтығыстардағы қарсылықтарын сан қырынан қызықты бейнеленген. Аталған ескерткіштерді алғаш рет 1970 жылы М.Қ. Қадырбаев зерттеп бастады. Ал, 1970 жылы З.С. Самашев зерттеулерді жалғастырды [99, 21-б.]. Б.з.б. IV-II ғасырларға жататын Құрық қорғанының бірінен мәйітпен бірге жерленген төрт бүркіт қаңқасы табылған [100, с. 48].

Ғалым Ә.Х. Марғұлан «Сарыарқа петроглифтері. Қасқыр тотемі бейнеленген гравюралар» атты еңбегінде Сарыарқаның көне жартас гравюраларының суреттері мен фотосуреттерінде ертедегі суретшілердің қалдырған жәдігерлерін келтіріп, былай пікірін білдіреді: «Қола дәуірінің петроглифтері діни нанымдарды, аңшылық сахналарын, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық сюжеттерді бейнеледі» [101, 9-б.]. Сонымен жартас гравюраларының үлкен тобы – Бұланты өзенінің жартасты жағалауында орналасқан. Құлан, киік, елік, арқар, марал, барыс, қасқыр, жабайы жылқы бейнелері жанды қимыл үстінде көрсетіліп, аңшылық сахналарынан: жануарлардың арпалысы, адамдардың жыртқыштармен жекпе-жектері бейнеленген суреттер құрастырылған (Қосымша Ә, сурет Ә1; сурет Ә2).

Баянжүрек петроглифтерінде кездесетін жабайы аңдар бейнелері Еуразияның нақты географиялық аймақтарының табиғи-экологиялық ерекшеліктеріне бейімделген халықтың тіршілік етуі мен шаруашылық қамдау жүйесін білдіреді [102, 90-91-бб.]. Жартастарда бұғыны қуған ит, салт атты садақшылар, тауешкі атып тұрған жаяу аңшы, жаяу садақшы, итті жұмылдырып таутекелерді қаумалай аулаған аңшылар, бұғы аулаған жаяу аңшы бейнеленген (Қосымша Ә, сурет Ә3). Ал, түйе мінген адам, садақшылар суреттері ежілгі түркі дәуіріне жатқызылады [102, 112-б.]

Қазақстан ғылымында ерекше орын алатын Тамғалы петроглифтерінде таутеке, архар, бұғы, марал, қарақұйрық, киік, қабан, жабайы жылқылар, жыртқыш аңдардан: қасқыр, жолбарыс, түлкі және ақкіс де бейнеленген [103, с. 16]. Мұнда садақшылардың таутеке, бұғыларды аулау сәттері көптеп орын алған. Сонымен қатар аңшының жанында арқар, таутеке, бұғыларға қарай бет алған ит бейнелері де бар (Қосымша Ә Сурет Ә4).

Қаратау петроглифтерінде жабайы аңдар мен түйе тәрізді қолға үйретілген жануарлар, тауешкіні қуалаған аң аулаушы иттер, аңшылықта қолданылатын садақ секілді құралдар бейнеленген [104, с. 311-312]. Тамғалы шатқалынан батысқа қарай 7-8 шақырым жерде орналасқан Қарақыр петроглифтерінде де аңшылар мен садақшылар бейнеленген.

2003 жылы профессор Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен Шілікті жазығында жүргізілген экспедиция барысында Шілікті-3 қорғанынан табылған 4303 дана алтынның: 25 данасы арқар, 36 данасы бүркіт-самұрық, 20 данасы бұғылар, 39 данасы қасқыр, 153 данасы мәлін түріндегі аң стиліндегі бұйымдар [105, 229-235-бб.]. Ғалым үшінші «Алтын адам» кезінде ортасына белгілі тұлға, тайпа көсемі, яғни қолбасшы және дінбасы, абыздық пен батырлықты қатар иеленген, әрі құс салып, ит жүгірткен саяткер-аңшы адам болған деп тұжырымдады.

Қазақстан аумағын темір дәуірінде мекендеген ғұн, үйсін, сақ және т.б. тайпалар да көшпелі мал шаруашылығымен қатар аңшылық кәсіппен айналысқаны деректерден мәлім. Жартастағы суреттер негізінен топпен аң аулаудың басым болып, сол әдіс кейін соғыс барысында кеңінен қолданылған деп тұжырымдалады. Яғни, топпен аң аулау барысында жинаған тәжірибесі шайқас кезінде әскери тәсіл ретінде көрінген. Мысалы, ғұндардың аңшылығы жайлы қытай деректерінде көптеп кездеседі. Хань әулетінің тарихшыларының мәліметтері бойынша, б.з.б. 73 жылы Қытаймен шекаралас оңтүстік жерлерге он мыңнан астам аңшы ғұндар бекіністік орындарға шабуыл жасап, жергілікті халықты құлдыққа айдап алып кеткен [106, с. 283.]. Сыма-Цяннің айтуынша: «Ғұндар балаларды жас кезінен аңшылық өнерге баулыған. Олар кіші кезінде садақпен тышқан және құстарды атса, жасөспірім шағында қоян мен түлкі аулаған» [107, с. 323]. Ғұндардың қабірлерін қазған кезде киік, қабан, құлан, бұғы, таутеке, елік, қоян мен түлкінің сүйектері табылған [99, 258-б.].

Ерте көшпелілердің өнерінде аң стилінің болуы сол кездегі адамдардың қоршаған орта, ғарыш және жалпы, жаратылыс жайлы дүниетанымдық бағытын, дінін, дүниетанымын, магияны білдіреді деп тұжырымдалды. Мысалы,

Ешкіөлмес, Майемер петроглифтерінде бұғының мүйізі, жыртқыш аңдардың тісі немесе тырнағы, құстың тұмсығы мен қанаты және т.б. бейнеленген. Сөйтіп, өзіндік аң стилі шығармашылығы арқылы ежелгі әскерлер мен аңшылар өз бұйымдарында аңдардың бейнесін салу арқылы олардың нақты қасиеттерін өздеріне сіңіруді көздеді. Мысалы, сенім бойынша, бүркіттің қырағылығы мен жылдамдығы, бұғының шапшаңдығы, қасқырдың қайсарлығы, жолбарыстың сақтығы мен жеңіл адымы сол адамға қонады деп қабылданған [108, с. 97].

Ортағасырларда түріктердің көшпелі мал шаруашылығымен қатар аңды қоршауға түсіру арқылы аң аулағаны және аңшылықтың болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Мысалы, VII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Византия жазушысы және тарихшысы Феофилакт Симокатта: «Шығысқа қарай түріктерде «Алтын тау» бар. Олай аталатын себебі – ол жер өсімдіктер мен аңдарға бай. Түріктердің заңы бойынша ол жер бас қағанға тиесілі», - деп жазады [109, с. 190]. Бұл аң аулау үшін арнайы орындардың болғанын байқатады.

Қазақстанның табиғи жағдайы оның шаруашылық-мәдени түрінде көшпелі мал шаруашылығының жетекші орын алу себебін айқындап берді. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, көшпелі мал шаруашылығы табиғатты пайдалану бойынша экологиялық тұрғыдан біршама реттелген тәсіл болып табылады. Ал, көшпелілердің тұрмыс салты адам мен табиғаттың өзара етене әрекеттесуінің үлгісі секілді [106, с. 57]. Міне, осы ой негізінде қазақ халқының аңшылықпен айналысу дәстүрінде айқындала түседі.

Қазақстан территориясын мекендеген тайпалар қола дәуіріне дейін аңшылық кәсіппен айналысып, ол шаруашылық өмірде негізгі орын алған және «ет» бағытында дамыған [51, с. 47]. Көптеген зерттеушілер аңшылық көшпелі өмір сүру салтының шығуында айтарлықтай роль ойнады деп есептейді. Мысалы, В.Н. Кун «аңшылар өздері аулаған аңдарының үнемі із кесуі, малды бағу мен ұстауға әкелді» деп көрсетеді [51, с. 18]. Көшпелі өмір салтын бастан кешірген халық табиғатпен мейлінше етене болған. Олар табиғатты өз өмірлерінің бөлінбес сыңарына балап, табиғат тылсымын неғұрлым тереңірек таныса, өмірдің соғұрлым мәнді де қызықты болатынын жақсы түсінген. Аңшылықпен айналысу малшы-бақташылардың көшпелі өмір салтына өтуде ерекше саты болып, осы экологиялық тауашаны игеру тәсілін құрады [110, с. 35]. Ежелгі және ортағасырлық деректер көшпелі халықтардың қаумалап аң аулау тәсілдері болашақта әскери өнер ретінде қолданылып, ал оның аңшылықта тәжірибе түрінде жетілдірілгені туралы мағлұматтар кездеседі. Осы мәселеге қатысты Н.З. Ошанов пен Б.Г. Нұғман «қаумалап аулау екі міндетті шартты құрады: көпшілікке ортақ, бұқаралық сипаты, яғни жалғыз аңшы қызметі тиімсіз болды; қаумалап аулауға қатысушылардың жоғары деңгейде ұйымдасуы», - деп атап көрсетеді [56, с. 87].

Түріктерді терең зерттеп, аң аулауға әуестігі мен түрміс-тіршілігіндегі орны жайлы Л.Н. Гумилев: «Аңды жаппай аулау ісі қуушылар мен аңшыларды арнайы түрде үйрету, жаттықтыруды керек ететін, түріктерге мұның зор пайдасы тиеді, өйткені аңшылық жауынгерлік ерлікке дайындықтың өзіндік бір түрі, өзгеше маневр болатын. Аңшылық сәтімен өтсе, ел-жұрт етке бір қарық болып

калатын, ал ет тағамы түріктердің негізгі асы болған, өздерінің азық-түлік қорын молайту үшін, олар бағзы бір кездері тіпті соғыс уақытында да аң аулайды екен», - деп жазады [111, 68-б.].

Бертін келе ортағасырларда қазақ халқы табиғат аясындағы таным-тәжірибесі тек қана күнкөріс тіршілігіне негіз болып қоймай, сонымен бірге уақытты мәнді, көңілді өткізудің жолы ретінде де кеңінен пайдаланылған. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, құсбегілік шамамен бұдан үш мың жыл бұрын пайда болған. Ортағасырлардағы итальян саяхатшысы Плано Карпини «Құбылай ханның саятшылық мақсатта қолға үйреткен 500 сұңқары және басқа да қыран құстары болғандығын және оларды баптап, күтуге арнайы 10 мың құсбегі ұстағанын» хабарлайды [112, с. 86].

Ал, қазақ халқының мұрасына тарихи-этнографиялық шолу жасап, қазақ аңшылығына оқталған Сәбит Мұқанов: «Көшпелі елдердің тіршілігіне көз салсақ, малшылық пен аңшылық егіз туғанға ұқсайды. Әйтсе де ең алдымен аңшылық пайда болған. Себебі үй хайуандарының өздері алғашында тағы хайуандар болғаны мәлім. Адамзат ең алғаш рет соларды аулап, тірідей ұстағандарын қолға үйреткен де, үйренбегендерін аулап, пайдалануын доғармаған», - деп пікірін білдіреді [28, 86-б.].

Ортағасырлық оғыздар, қимақтар мен қарлұқтар да аң аулаумен негізінен күнкөріс ретінде айналысқан. IX ғасырда әл-Йакуби көшпелі түріктер «көбіне жабайы аң-құстың етін жейді» деп жазған [99, 334-б.]. Әл-Жахиз түріктердің аң аулауын «олар аң аулағанды жақсы көреді, тіпті шапқыншылықта жүрген кезінде де аң аулайды, аң аулауға салт ат мініп шығады; олар әсіресе киік пен құланды қуғанда ерекше төзімді келеді» деп жазған [99, 335-б.]. Аңға жалғыз шығумен қатар, қаумалап та аулау ұйымдастырылған; олар аң аулағанда шаруашылық мақсатымен қатар, өзінше бір үлгідегі маневр, әскери жаттығу ретінде әскери маңызын да көздеген. Сонымен қатар 1971-1972 жылдары Түркістан облысы Созақ ауданындағы ортағасырлық Күлтөбе қаласының орнын зерттеу барысында Л.А. Макарованың 74 киіктің сүйек қалдықтарын табуы аң аулаудың кең таралғанын айғақтай түседі [113, с. 156].

Қимақ, оғыз және қарлұқ тайпаларының арасында терісі қымбат тұлкі, сусар, құндыз сияқты аңдарды аулаушылар болған. Сонымен қатар бұлғын, ақ тышқан және жыртқыш аңдардан: жолбарыс аулаған. Ертіс бойында ықшам киінген, ат үстінен сүңгімен жолбарысты түйрегелі жатқан қимақ аңшысының суреті салынған қола тоға табылған. Яғни, бұл тайпалар аң терісін басқа елдерге саудаға шығаратын дүниелерінің бірі болған [99, 335-б.].

Қазақстан археология ғылымында итті жерлеу мысалдары кездескен. Ол халықтың итпен аңға шығуы, оны жеті қазынаның бірі ретінде қастерлеуі түсінігімен байланыстырылып келеді. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Бірлік ауылыны 9 шақырым жердегі ортағасырлық Қосқұдық қаласынан табылған ит қаңқасы бұл жануарды жерлеу ғұрпының болғанын дәлелдей түсті [114, с. 17-43]. Шу аңғарындағы ортағасырлық Қосқұдық қаласынан табылған иттің қаңқасы оны жерлеу ғұрпының болуын және халық жадында итті құрметтеудің болғанының айғағы ретінде тұжырымдалған. Шу аңғарында

иттің жерленуі алғаш рет кездесіп отыр. Қазба жұмыстары барысында осы жаңалықты ашқан археологтар Е.Ш. Ақымбек және М.С. Шагирбаев: «Адамдар итті «мәңгілік күзетші ретінде жерлеген», - деп тұжырымдайды [114, с. 43]. Әрине бұл қандай түсінікпен жерленсе де, «бір ит бір ауылды асыраған» деген халық мәтелін еске түсірер болсақ, итке деген құрметтің болғанын дәлелдейді.

Қорытындылай келсек, аңшылық принциптері ерте кезеңде-ақ тас ғасырында алғашқы адамдардың кезінде қалыптасты. Олар қорғану және азық табу мақсатында топпен аулап, аңшылықтың қаумалап аулау және қысаңға қамау секілді тәсілдерін қолданды. Бертін келе, мал шаруашылығы мен егіншіліктің пайда болуымен аңшылық қосалқы шаруашылыққа айналды. Алайда, аңшылық барысындағы тәсілдер әскери өнер, болашақ ұрпақты қоршаған ортаны білуге, төзімділік пен ептілікке және т.б. тәрбиелеуде маңызды мектеп ретінде сақталды.

Аңшылық – адамзат қоғамының қалыптасуының алғашқы кезеңінде тіршіліктің негізгі көзі болып, адамның өндіргіш қызметінің көне саласын құрады. Археологиялық деректер де алғашқы адамдардың жыртқыш аңдармен күресі барысында алғашқы аңшылық дағдыларын қалыптастырғанын айғақтайды. Адам өзінен бірнеше есе күшті аңды женуді үйренді. Өйткені, оның миының дамуы мен қолдан құралдарды жасай алу қабілеті артықшылық берді. Алғашында кескіш, қырғыш, найза, сүңгі, садақ пен жебені ойлап шығарса, уақыт өте келе, әрбір халық өзінің тұрмыстық ерекшелігіне байланысты аңшылық құралдарын жетілдірді. Қазақ халқы садақ, қақпан, тұзақ, қамшы, сойыл, шоқпар, мылтық қолданды. Әлем халықтарының аңшылық құралдары қазіргі күні спорттық ойын түрлеріне негізделіп отыр. Мысалы, ежелгі найзаның негізінде: диск лақтыру, найза лақтыру, ядро лақтыру; садақ негізінде садақ ату секілді спорттық ойын түрлері қалыптасып, халықаралық дәрежеде өткізілуде.

Аңшылық тарихын дәлме дәл нақты бір сәттен бірнеше ғасырлар бойынан бүгінгі күнге дейін үздіксіз бақылау мүмкін емес. Аңшылық тарихы адамзаттың эволюциясы, өркениеттер, соғыстар, өнеркәсіптің дамуымен және жабайы жануарлардың мекен ету ортасын сақтаумен астасып жатқан болса керек. Бұл адамзаттың өмір сүруі мен дамуы үшін сөзсіз маңызды болғанын жоғарыда келтірілген археологиялық зерттеулер дәлелдейді.

***Зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері.*** Аңшылық – бүкіл адамзаттың ортақ шаруашылық түрі болғандықтан ғылымда осы мәселеге қатысты методологиялық тұрғыдан шетелдік және отандық ғалымдардың теориялары мен концепциялары қалыптасты. Зерттеудің теориялық-методологиялық негізін: рационалды таңдау теориясы (А. Hindmoor, Н. Ward); этникалық экология концепциясы (М.Г. Левин, Н.Н. Чебоксаров, В.П. Алексеев, В.И. Козлов, Н.Е. Масанов); өркениеттің дамуы туралы концепция (А. Тойнби); тарихи география теориясы (Л.Н. Гумилев); номадизм генезисі (С.И. Вайнштейн, А.К. Кушкумбаев); тіршілік қамы теориясы (С.А. Арутюнов, Э.С. Маркарян, Э.Л. Мелконян және Ю.И. Мкртумян, Н. Әлімбаев, М.С. Мұқанов және Х. Арғынбаев), құрылғы және бейсана психологиялық басымдық теориялары негізін (С.В. Лурье) құрады.

Экожүйені ұқыпты және тиімді қолдану рационалды таңдау теориясы арқылы түсіндіріледі. Шетелдік ғалымдар А. Hindmoor [85] және Н. Ward [86] негіздеген рационалды таңдау теориясы аңшылықтың қосалқы шаруашылық түрінде дамуын айқындауға мүмкіндік береді. Алғашында бұл теория экономика және саясаттану салаларында қолданылды. Алайда А. Hindmoor және Н. Ward теориясы әлеуметтік ғылымдарда субъектілердің рационалды қызметін білдіріп, экономиканың негізіне айнала келе, «тұлғаның өз мүмкіндіктерін айқындауға бағыт беретін негіз ретінде қабылданып» көшпелі қоғамда қазақтардың аңшылықпен өз қажетіне қарай айналысу себептерін ашуда маңызды болды. «Адамдардың қоршаған орта және қоғамдағы рационалды тіршілігі мен өздеріне қолжетімді мүмкіндіктерді таңдауды жүзеге асыру барысындағы әрекетін» түсінуде бұл теория қазақ халқының серуен сапар, дала қызығын тамашалау үшін аңшылықпен айналысып, қолжетімді мүмкіндіктерін пайдалану жолдарын айқындады. Көшпелі өмір салтын тұрмыс-тіршілігіне айналдырған халық табиғатқа жақын болып, қоршаған орта мен қоғамда өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруда рационалды әрекеті мен таңдауын саралай алды. Басқаша сөзбен айтқанда, қазақ халқы негізгі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығымен қатар, жергілікті ландшафтты өз мүмкіндіктеріне сәйкес пайдаланып, аңшылықпен қосалқы шаруашылық түрінде ұштастыра айналысып, шынығып-жаттығу жауынгерлік тәжірибені шыңдаумен қатар жүргізді. Сөйтіп, халық өз тілектерін қанағаттандырып, бұл шаруашылықты жоғары дәрежеге жеткізді және болашақ ұрпақты баулыды. Өйткені, қазақ халқының тағдыры бір жағынан табиғат құбылыстарына қатысты болып, далалық өмірге бейімделу үшін оны бақылап, зерттеп, сәйкесінше шаруашылық жүргізуге тырысты. Көшпелі мал шаруашылығы малшылардың қалыптасқан табиғи-климаттық жағдайға бейімделуінің ең тиімді түрі болды. Көшпелілер қоршаған ортаға бейімделіп, көшіп-қонудың ең тиімді және қолайлы жолдарын қалыптастырып, малын жаудан, суық пен ыстықтан, жұттан қорғау үшін орналасу жүйесін құрды. Міне, сондықтан да қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығымен қатар аңшылықты қосалқы шаруашылық түрінде дамыту себептерін айқындайды.

Рационалды таңдау теориясы қоршаған ортаға бейімделіп, табиғи ландшафтты адамның өз мүмкіндігіне тиімді пайдалану мәселесімен тығыз байланысты. Осы орайда әлемде орын алған «этникалық экология» концепциясы да аңшылықтың пайда болуы, сақталуы мен дамуы мәселелерін ашуға көмектеседі. ХІХ ғасырдың ортасы – ХХ ғасырдың басында пайда болған этникалық экология іліміне сүйенер болсақ, қоғам мен табиғат біртұтас жүйенің бөлігі ретінде өзара тығыз байланыста дамиды. Бұл бағытты М.Г. Левин [115], Н.Н. Чебоксаров [116], В.П. Алексеев [117] секілді зерттеушілер дамытты. Ал, В.И. Козлов «дәстүрлі жүйе ерекшеліктерін қоршаған орта жағдайында зерттеу» қажет деп ұсынады [118, с. 8]. Міне, осы ойды негізге алсақ, қазақтар дәстүрлі мал шаруашылығымен негізгі шаруашылық түрі ретінде айналыса отырып, қоршаған орта жағдайына бейімделіп, аңшылықты да жоғарғы деңгейде дамыта алды. Этникалық экология ұғымында негізгі үш түсінік қалыптасты: мәдени адаптация (қоршаған орта жағдайына биологиялық емес адаптация тәсілі және

нәтижесі); тіршілік қамы және этноэкожүйе. Осы үш түсінік қазақ аңшылығының мәнін айқындайды. Яғни, қоршаған ортаға бейімделді, оның өнімдерін тіршілік қамында пайдаланды. Ал, этноэкожүйе дегенде шаруашылық ұжым, игерілген аймақ және шаруашылық бұйымның болуы қарастырылады. Қазақ дәстүрлі қоғамында аңшылар да, игерілген аңшылық алқап та, құрал-жабдықтар да болды.

Этникалық экология – этнографияның адам экологиясымен (әлеуметтік экология) тоғысында қалыптасатын және этногеография, этникалық демография, этникалық антропологиямен тоғысатын салалары бар ғылыми пән. Жалпы экология сияқты организмдер мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін зерттеуді басты назарына ала отырып, барлық адам экологиясы сияқты, адамның әлеуметтік-биологиялық тіршілік иесі ретіндегі ерекшеліктерін, ең алдымен әлеуметтік факторлардың этнопопуляциялық топтардың қалыптасуында атқаратын жетекші рөлін және мәдениет ерекшелігінің маңызын ескереді. Қоршаған ортаға биологиялық емес бейімделудің негізгі құралы бола отырып, шаруашылық қызметтің адам топтарының тіршілігін қамтамасыз етудегі және олардың табиғатқа үнемі өсіп келе жатқан түрлендіруші ықпалында үлкен маңызы бар.

Қазіргі уақытта этникалық экология этникалық қауымдастықтардың тіршілік ету ортасының табиғи және әлеуметтік-мәдени жағдайларындағы дәстүрлі өмірін қамтамасыз ету жүйелерінің ерекшеліктерін, сондай-ақ қалыптасқан экологиялық қатынастардың адамдардың денсаулығына әсерін зерттеуді қамтиды; этникалық топтардың табиғи ортаны пайдалануын және олардың осы ортаға әсерін, экожүйелердің қалыптасу және қызмет ету заңдылықтарын зерттеумен айналысады.

Адамның ландшафтқа бейімделуін этникалық жүйенің бір түрі ретінде қарастырған Л.Н. Гумилев ландшафттың адамға әсерін өз зерттеулерінде қарастырды. Ғалым: «Табиғатпен тығыз байланыстағы этникалық ұйымдар өзінің шаруашылық қызметі арқылы нақты ландшафтқа үйренеді. Ал, егер ол жерден қоныс аударатын болса, өз әдеттеріне сай ұқсас аумақ іздейді» деп тұжырымдайды [119, с. 193]. Осы тұжырым Қытай және Моңғолия қазақтарында дәстүрлі аңшылықтың сақталуын түсіндіруге мүмкіндік береді. Яғни, басқа аумаққа көшкен қазақтар шекаралас аймаққа өткенінен қарамастан, өз әдеттеріне сай аумақта шаруашылығын жалғастырды. Автордың «Ежелгі дәуір және ортағасырлардағы көптеген тайпалар мен халықтар ландшафтқа еніп кетті, оны өзгертуге тырысқан жоқ» деген ойын ескеретін болсақ, қазақ халқының көшпелі өмір жағдайында аңшылықпен айналысу себебінің бірін осы негізде түсіндіруге болады. Басқаша айтқанда, экожүйеге тәуелді қазақ ландшафтқа бағынып, оны өзгертпей, аңшылықты дәстүрлі әдетпен ұштастыра дамытты.

Сонымен қатар Г.Н. Гумилевтің «табиғатқа әсер ету факті мәдениет деңгейін емес, ұлттың сипатын айқындайды» [119, с. 194] деген пікірі қазақ халқының шыдамды, төзімді, ержүрек, аңғарымпаз болуын түсіндіреді.

Этностың ландшафтқа әсерін ғалым үш принцип негізінде тұжырымдайды: 1) жаңа ландшафт жасаушы ұлттар; 2) бар ландшафтты



сақтайтын ұлттар, этностың тарихи жағдайы; 3) «мәдени ландшафтты» қорғамайтын этностар [119, с. 195]. Қазақ халқы екінші принципке жатады. Өйткені, олар өз қажеттіліктерін мекен ету ортасына бейімдей алды. Олар ешнәрсені өзгертпеді. Мысалы, аңшылық маусымның болуы, аңшылық этикетінің қалыптасуы, оған қатысты салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар, халықтық білім, этномедицина – мұның барлығы аңшылық шаруашылықтың дамуы нәтижесінде орын алды.

Көшпелі мал шаруашылығының генезисі мәселесіне қалам тартқан ғалымдар көшпелі шаруашылық ежелгі тұрғындардың аңшылық негізінде қалыптасты деген пікір білдіреді. Мысалы, С.И. Вайнштейн «бір топ зерттеушілер, антикалық дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін жалпыадамзат мәдениетінің дамуының үш сатысы болды. Алғашқы аңшылар қатарынан алдымен көшпелі мал шаруашылығын игерген тайпалар, одан кейін сәл кейіндеу егіншілер бөлінді. Екінші көзқарастағы зерттеушілер, неолиттік төңкерістен кейін аридты аймақтың ерекше жағдайында өмір сүрген егінші-бақташы тайпалар ақырындап көшпелі мал шаруашылығы бағытында дамыды» деген ойын білдіреді [120, с.284]. Әрі қарай, «жылжымалы аңшылардың көшпелілікке өту мүмкіндігі кейбір материалдар арқылы айғақталуда» деген пікірі, қазақ халқының көшпелі тұрмыс салтын жүргізуіне қарамастан дәстүрлі аңшылықтың қалыптасуын ғылыми түрде нақтылауға негіз болады.

Қазақтың көрнекті ғалымы, әлемдік тарих ғылымына сүбелі үлес қосқан, көшпелі өркениетті негіздеген Н.Е. Масановтың «Кочевая цивилизация казахов: Основы жизнедеятельности номадного общества» атты еңбегі этноэкологиялық зерттеуге жатады. Яғни, мұнда табиғи-климаттық жағдай негізінде қолайлы және қолайсыз табиғатта мал санының өсімі мен кемуі; көшпелі қауымның маусымдық қозғалысы көрсетілген [110]. Қазақ халқы нақты географиялық орта ерекшеліктерін пайдалана отырып адамзат тарихында өзіндік өндірістік шаруашылық түрі ретінде көшпелі мал шаруашылығын қалыптастырды. Ол: «Маусымдық өнімділікке ие экожүйені көшпелі ареалға жатқызуға болады» дейді [110, с. 22]. Бұл аридты аумаққа автор далалық, шөл, шөлейт, таулы және тауалды зоналарды жатқызады. Алуан түрлі табиғи-климаттық жағдай қазақ халқының қоршаған ортаға бейімделуге итермеледі. Сөйтіп, шаруашылық қызметі географиялық орта ерекшеліктеріне сай көшпелі мал шаруашылығы түрінде қалыптасты. Сол себепті де қазақ халқының көшпелі өмірі көптеген зерттеушілер тарапынан қызығушылық тудырып, ол табиғи-климаттық жағдай негізінде қарастырылды. Ғалымның осы теориясы этнология ғылымындағы этникалық экология тұжырымдамасымен астасып жатыр. Жоғарыда атап өткеніміздей, орыс зерттеушілері ғана емес, аңшылық секілді шаруашылық түрлерін зерттеуде Қазақстан ғылымында да осы концепция негізінде зерттеу маңызды.

А.Тойнбидің: «Басқаша айтқанда, «сыртқы фактордың» қызметі потенциалдық жағынан мүмкін шығармашылық вариацияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «ішкі шығармашылық импульсті» тұрақты ынталандыруға айналдыруға бағытталған», - деген тұжырымын еске түсірсек [121, с. 108],

ендеше қазақ халқы да өзге этностар секілді «сыртқы фактор» есебінен «ішкі шығармашылығы» ынталанып, шаруашылық жүргізді. Немесе ғалымның танымал «шақыру-жауап беру» атты заңына сәйкес, қазақ халқы қоршаған ортаға бейімделіп, жылдың төрт маусымын шебер пайдаланып, көшіп-қону арқылы көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Сондықтан негізгі шаруашылықтың өнімі қажет азық-түлік, киім-кешек және т.б. қамтамасыз етті. Ал, аңшылық өнімдері тіршілік қамы жүйесінің құрамдас бөлігін құрады.

Этностың өмір сүру әрекеті мен тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуі шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың зерттеулерінде тіршілік қамы жүйесі теориясы арқылы қарастырылды. Бұл концепция «тіршілік қамы» (subsistence) ұғымын ХІХ ғасырдың 30-шы жж. американо-этнографы Роберт Лоуи ғылыми айналымға енгізді. Алғашқы қолданыста «азық табу мен оны өндіру технологиясы» деген мағынаны білдірді. Тегінде, сөзбе-сөз тәржімасы «тіршілік ету, қоректену, өмір сүруге септесетін нәрсе» деп аударылады. Р. Лоуи «Күрделі қоғамда адамдар азықты аңшылық, балық аулау және терімшілік секілді қарапайым шаруашылық түрлерінен алады... Сонымен аңшылық, азық табудың ең алғашқы кезеңі» деп ойын мазмұндайды [122, р. 238]. Американо-ғалымы жинақта жарық көрген мақаласында Африка, Азия, Австралия және Американың ежелгі халықтарының аңшылық, балық аулау және терімшілік секілді азық табу шаруашылықтары жайлы жазады. Ол нақты анықтамасын бермегенмен, күнелту шаруашылықтарына тоқталады. Жалпы алғанда, шетелдік этнографияда тіршілік қамы ұғымына әлі де бұрынғысынша азық табуға бағытталған аңшылық, терімшілік, егіншілік пен мал шаруашылығының алғашқы түрлері секілді тұтыныстық шаруашылық түрлері кіреді.

Тіршілік қамы терминін Ресей ғалымдары кеңінен қолданып, бірнеше көзқараста дамыта алды. Олар subsistence терминінің алғашқы «тіршілік ету, қоректену, өмір сүруге септесетін нәрсе» деген мағынасын барынша ауқымды және тұжырымдамасын жасауға тырысты [88, 127-б.]. Тіршілік қамын терең зерттеу барысында этнос мәдениетінің ерекше компоненті ретінде «тіршілік қамы мәдениеті» ұғымын ғылыми айналымға енгізіп, оның сан-қырлы тұстары мен аясын кеңейтті. Сөйтіп, шетелдік этнографияда subsistence термині аңшылық, балық аулау және терімшілік секілді азық табуға бағытталған тұтыныстық шаруашылық түрін білдірсе, енді ресейлік ғалымдар тағам, баспана, киім-кешек және ыдыс-аяқ аспектілерін де қарастырды.

1983 жылы ғалымдар С.А. Арутюнов, Э.С. Маркарян, Э.Л. Мелконян және Ю.И. Мкртумян алғаш тіршілік қамы теориясының негіздемесін жасады [123]. Олар «мәдениетті заманауи экологиялық талдаудың орны мен ролін» анықтау міндетін қойып, басқаша айтқанда, «қоныс, баспана, киім-кешек пен тағам» кіретін «бейімделу механизмі ретінде тіршілік қамы жүйесін қарастыруда бастапқы экологиялық принциптерін жасауы» керек еді [124, с. 21-24]. Ғалым С.А. Арутюнов: «Қоғамның экологиялық қоршаған ортаға бейімделу үрдісі» дәл тіршілік қамы мәдениетінде жүзеге асады деп көрсетті [125, с. 204]. Армян зерттеушілері «этностың мәдениетін кешенді зерттеу үшін біз, ең алдымен, ол халықтың тіршілік қамы жүйесін зерттеуіміз керек» - деп тұжырымдауын атап

көрсеткен А.Н. Ямсков, жоғарыда атаған ғалымдардың пікірімен келіспей, В.И. Козловтың тұжырымдарына сүйеніп: «Тіршілік қамын киім, тағам және баспанамен шектеуге болмайды. Мұнда қоғамның экологиялық адаптациясын ескеру қажет», - дейді [126, с. 77]. Осы пікірде негізге алар болсақ, адамның шаруашылық қызметі табиғи орта жағдайына бейімделуді білдіреді. Айта кететін жайт, аталған этнографтар «тіршілік қамы мәдениеті» терминін қолданыс барысында «барлығы материалдық мәдениетке кіретін құбылыстар» ретінде қарастырды.

Орыс этнографиясында негізделген тіршілік қамы мәдениеті қазақстандық ғалымдар тарапынан да қызығушылық тудырды. Отандық ғалымдар арасында белгілі этнографтар Н. Әлімбаев, М.С. Мұқанов және Х. Арғынбаев қазақтардың тіршілік қамы жүйесіне қатысты зерттеулер жүргізген алғашқы ғалымдар қатарында болды. Қазіргі күні осы теория бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп жүрген ғалым Н. Әлімбаев қауымды көшпелі экожүйеде тіршілік қамы механизмі ретінде қарастырып, тіршілік қамы мәдениеті аясында «қажеттілік мақсаты», «қажеттілікті қанағаттандыру тәсілдері», «қажеттіліктерді қанағаттандыру пәні мен нысаны» түсініктерін ұсынса, М.С. Мұқанов қазақтардың дәстүрлі тіршілік қамы жүйесіндегі көшпелі тұрғын үйін, ал Х. Арғынбаев қазақтардың халықтық білімінің тіршілік қамы функцияларын ашты [87]. Алайда, қазақстандық ғалымдар, В.И. Козлов адам қажеттіліктері деген түсінікке қанағаттанарлық анықтама бере алмады деп есептейді. Н. Әлімбаевтің пікірінше, тіршілік қамы жүйесінің негізгі құрылымдық факторы бұл – қажеттілік болып табылады. Себебі, адам қажеттіліктерінің құрылымы мен сипаты арқылы ғана этностың тіршілік қамы мәдениетінің бағыттылығы айқындалады.

Тіршілік қамы мәдениетін қарастыруда бейімделу (адаптация) теориясын қозғамай кетуге болмайды. Этностың ортаға бейімделуін қазіргі ғылым саласында материалдық және әлеуметтік бейімделу бағыттары ретінде қарастырылуда. Екеуі де мәдени экология аясында, мәдениет дамуының ерекше көріністерін ерекше құбылыс ретінде негіздейді. Бұл дәстүрдің негізін қалаған Л. Уайт ХІХ ғасырда «мәдени даму табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру арқылы жүзеге асырылады, түптеп келгенде, бұл халық санының өсуіне, еңбек өнімділігі мен экономикалық мамандандуды артуына алып келеді. Бұл даму барысы сатылы кезеңдерге бөлінуі мүмкін. Мәдениеттің басқа аспектілерінің бәрі материалдық жағдайға тәуелді болады», - деп көрсетті [88, 14-б].

ХІХ ғасырда патшалықтың отарлау саясаты аңшылықтың ет үшін де емес, терісі бағалы және бұғы, марал сияқты жануарлардың мүйізі үшін аулануына алып келді. Басқаша айтқанда, аңшылық трансформацияға ұшырай бастады. Осы қалыптасқан жағдайда адамның қоршаған ортаға қайта бейімделіп, өзара қатынасын реттеуде С.В. Лурьенің «құрылғы» теориясы көмектеседі. Зерттеуші: «Этнос экологиясындағы ең басты мақсат – этностардың қоршаған ортамен тіл табысуы мен жай-күйлерін зерттеу, алайда психологиялық бейімделу жайын зерттеу де маңызды», - деп ойын білдіреді [88, 126-б.].

«Этнос экологиясы тұрғысынан алып қарағанда, адамның да, адамдар тобының да қоршаған ортамен негізгі байланыстарын ашуға жәрдемдесетін ең қызықты әрі жемісті көзқарас – өзге географиялық және мәдени ортағакөші-қонды, нақтырақ айтқанда, миграция мен психологиялық денсаулық проблемаларын зерттеу ісі. Мұнда адамның немесе этностық топтың өзінің табиғи және мәдени негіздерімен байланысының қаншалық маңыздылығына, егер мұндай байланыстар жоғалса не болатынына, жаңаша, өтемді байланыстар орнатудың қандай тетіктері барына да бірден көз жеткізуге талпынып көруге болады», - дей келе, «әрбір адам өзі шыққан ортасына, яғни ата-бабасы шыққан өлкеге бейсана түрде психологиялық басымдық береді», - деп қорытындылайды [88, 126-б.]. Қытай және Моңғолиядағы қазақтардың өзге географиялық және мәдени ортада дәстүрлі аңшылықты алғашқы қалпында сақтап қалуы – екінші жағынан, автордың «бейсана психологиялық басымдық» теориясы арқылы айқындауға болады.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, көшпелі мал шаруашылығы қалыптасқан табиғи-климаттық жағдайда қазақ халқы аңшылықпен айналысу мүмкіндігіне ие болды. Оны бірнеше дәлелдермен келтіруге болады: біріншіден, жылжымалы аңшылардың көшпелі мал шаруашылығына өту мүмкіндігінің басым болғанын негізге алсақ, қазақтар көшпелі бола тұра гендік тұрғыда сақталған машық әдетке айналды; екіншіден, қыстыгүні көшпелі қазақтың уақытының мол болып, демалу және сергуі; үшіншіден, топ болып аңға шығу көшпелі халықтың әскери өнерінің бір тәсілі болды, олар аң аулау барысында бірін-бірі түсіну, тиімді тактиканы құрау және жаттығу, шынығу үшін қажет болды; төртіншіден, қолайсыз табиғи жағдай аясында туындаған жұт, құрғақшылық салдарынан малдың қырылуы себептерінен азығын толықтырды; бесіншіден, аңшылық өнімдері қазақтарға тағам ғана емес, киім және т.б. өнім берді; алтыншыдан, аңшылық өнімдері саудаланды.

Қазақтар табиғи ландшафтты өзгертуге тырысқан жоқ, керісінше табиғатпен өзара қатынасты ол туралы білімі арқылы құрды. Олар жоғарыда келтірілген этникалық экология, тіршілік қамы теориялары арқылы айқындалады. Туған жерді аялау, оны тану, еңбекқорлық, шыдамдылық пен аңғарымпаздық қазақ халқының қоршаған ортаға бейімделе отырып, негізгі көшпелі мал шаруашылығымен қатар жоғары дәрежедегі аңшылық шаруашылықты қалыптастыруына алып келді.

Сонымен, тәуелсіздік алғаннан кейін аңшылық тек шаруашылық түрінде ғана емес, көшпелілердің әскери-саяси өмірін ұйымдастыруда маңызды шаруашылық түрі ретінде айқындалып, әскери-ұйымдық құрылыммен ұқсастығы және сәйкестігі зерттелді. «Құрылғы» теориясы адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас пен тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін, ал «этникалық экология» теориясы қоршаған ортаға бейімделе отырып, шаруашылық қалыптастыру мәселелерін айқындайды. Сөйтіп, қазақ аңшылығының мәнін ашуда маңызды теориялық-методологиялық негізді құрады.

## 1.2 Тарихнамалық мәселелері және деректік қоры

Мыңдаған жылдар бойына аңшылық пен терімшілік ежелгі адамдардың өмір сүруінің негізгі қайнар көзі болды. Тіршілік ету аймағында аңдардың мол болуы аңшылық саласының дамуына ықпал жасады. Адамдардың шаруашылық қызметінің арқасында егіншілік пен мал шаруашылығы пайда болды. Уақыт өте келе, бұл шаруашылықтар негізгі шаруашылыққа айналып, аңшылық қосалқы шаруашылық түріне ауысты. Дегенмен аңшылық көптеген халықтардың мәдениетінің ажырамас бөлігі болды. Заманауи технологиялардың дамуымен аңшылық шаруашылық өз маңызын өзгертті.

Қазақстан территориясын мекендеген халықтар қоршаған ортаға бейімделе отырып, табиғи-климаттық жағдайына сай келетін көшпелі мал шаруашылығын қалыптастырды. Тарихи кеңістік пен уақытта қазақ халқының негізгі дәстүрлі шаруашылығы – мал шаруашылығы болып, ол үш түрден тұрды: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы. Табиғи-климаттық жағдайдың әртүрлілігі егіншілікпен айналысуға мүмкіндік беріп, көшпелілердің қайталанбас тіршілікқамы жүйесі қалыптасты. Осындай жағдайда адамзаттың пайда болған күнінен бастап қалыптасқан аңшылық мал шаруашылығы мен егіншіліктен кейінгі шаруашылық түріне айналды. Қазақ халқының өзіндік қайталанбас дәстүрлі аңшылығы көптеген зерттеушілерді қызықтырып, бірқатар зерттеулерге негіз болды.

**Тарихнамалық мәселелері.** Патшалық тұсындағы орыс зерттеушілерінің бір бөлігі – отарлық үкімет саясатын жүзеге асыруды, екінші бөлігі – өлкені тану мақсатын, яғни зерттеушілік бағытта болды. Біз олардың атқарған қызметі, еңбекті жазуды баяндауына қарай мақсаттарын ажыратуға тырыстық. Түркістан аумағында кездесетін аңдар мен құстар жайлы мағлұматтарды полковник, дипломат және саяхатшы Я.П. Гавердовский келтіреді. Автордың алғашқы еңбегі күнделік түрінде жазылып, біз үшін қызығушылық тудыратын екінші бөлімі зерттеушілік стильде жазылған. «Аңшылық – қырғыздардың кәсібі. Ол пайда да әкеледі, рахаттануды да сыйлайды. Ол – қазақтар үшін мал шаруашылығынан кейін пайдалы және құмарлық болды», - деп тұжырымдап, көзқарасын білдіреді [127, с. 479]. Еңбектің құндылығы – елімізді мекендеген аң-құстар жайлы толық мәлімет беруі және бір сөйлеммен болсын қазақ өміріндегі маңызын айқындауы [128, 141-б.].

Орынбордан Бухараға іс-сапар кезінде қазақ даласын басып өткен ресей әскері Бас штабының капитаны Е.К. Мейендорф киік аулаудың бір тәсілін және Сыр бойы қазақтарының қамысты өртеу арқылы жолбарыс пен қабан аулауы туралы келтіреді. Мұнда мағлұмат аз болғанымен, екі түрлі тәсілді байқау мүмкіндігі бар. Автор: «Маған сенімді адамдардың сөзіне қарағанда, маусым айында киіктердің қоныс аударуы болады. Осы кезде 8-9 мың киік ауады. Қазақтар осы уақытта суат маңында немесе соқпақта киіктерді есепсіз аулайды. Оның еті өте дәмді, ал терісінен киім тігеді. Ыстық күндері киіктер көлеңке таппай, 20 шақты боп топпен бастарын төмен қаратып, бір-бірінің артына тығылады. Осы шақта оларға күтпеген жерден шабуылдауға болады. Алғашқы

тұрғанын қағып алса, кейінгісі оның орнына тұрады. Осылай аңшы қатарынан бірнеше киікті атып ала алады», - деп көрсетеді [129, с. 31].

Киік аулаудың бірегей тәсілін орыс саяхатшысы Э.А. Эверсман мазмұндап, осы мәселені ашуға көмектеседі. Автор: «Қырғыздар киікті біртүрлі тәсілмен аулайды. Киіктің сүйікті шөбі болып есептелетін жусан алқапта арасы 4-5 қадам етіп бір сызықпен төбешіктер жасайды. Алайда алыстаған сайын арасын алшақтатады. Бұрыштап жасаған төмпешіктердің шетіне қамыстың басын кесіп қадайды. Қамыс айтарлықтай берік болады. Тұзақ дайын болғанда аңшылар киіктерді осы жаққа қарай қағады. Үріккен жануар төмпешіктерді адам деп есептеп, қамысқа қадалады. Осындай алып жануардың қамысқа қадалып, олжаға айналуы мен үшін таңқаларлық жайт болды. Дегенмен ол расымен солай», - деп жазады [130, с. 261].

Ресей әскері Бас штабының офицері, топограф және этнограф Л. Мейер қазақтардың аңшылық кәсібін зерттеп, жергілікті халық үшін аң аулаудың маңызын ашуға талпыныс жасаған [131]. Орыс императорлық әскерінің генарал-лейтенанты, этнограф А.К. Гейнс маралды мылтықпен атып алу және оны саудалау туралы қызықты, екінші жағынан көркем жазбалар қалдырған [132]. Қазақтардың аңшылық өнімдерін күнделікті тұрмыс-тіршілігенде пайдалануы жайлы А.Евреиновтың мақаласында жарты бет көлемінде қысқаша мағлұмат келтіріледі. Автор Ішкі Ордада болып, өзі куә болған жағдайларды былай жазып қалдырған: «Қазақтар бүркіт және тазымен аңға шығып, еттің қорын молайтады. Күз бен қыста тазымен аңға көп шығады. Қатты боранда ыққан киіктер қораға кіріп кетеді. Осы кезде олар оңай олжаға батады» [133, с. 93]. Алайда, бұл мәліметтер де мардымсыз болғанымен, жалпы түсінік қалыптастыруда маңызды.

Жоғарыда келтірілген орыс авторларының еңбектері отарлаушы үкімет мүддесінен немесе өздерінің зерттеушілік мақсатымен жазылғанымен біз қарастырған кезеңдегі қазақ аңшылығын зерттеу және зерделеу үшін құнды деректер болып табылады.

Қазақ даласында аңның есепсіз ауланып, Ресейдегі Ирбит жәрмеңкесіне және Қытайға татар-көпестері арқылы сатылуы жайлы Г. Колмогоровтың «Вестник Европы» атты журналда жариялаған мақаласында мәліметтер бар [134, с. 323]. Мұнда аңшылық өнімдерінің саудалануы туралы жарты бет жазылғанымен, нақты қай елдерге шығарылғаны және бағасы туралы мәлімет беруімен мақала құнды болып табылады. Перовск фортынан Шымкентке дейінгі сапары барысында Сыр бойы қазақтарының қақпан құрып, бірнеше адам болып торуылдап, жан-жақтан мылтықпен жолбарысты аулап алуы жайлы еңбегінің 1-тарауында П.И. Пашино қысқаша тоқталып өтеді [135, с. 44]. Әрине, аз мәлімет болғанымен, өңірде бұл шеріні аулаудың болғанын айқындай түседі.

Қазақтардың тұрмысы мен дәстүрлеріне еңбегін арнаған А.П. Смирнов қыстыгүні қасқыр және сұңқармен аулау туралы қысқаша ғана тоқталып өтеді. Автор: «Қазақтың өмірі біртекті. Оны түрлендіру үшін аңға шығады. Қыстыгүні салт атпен қасқырды қамшымен соғып алады, бүркітпен аулайды, негізінен бүркітпен түлкі алады. Күні бойы далада аң аулаған аңшы кешке олжасымен үйіне оралады», - деп сипаттайды [136, с. 15-16].

Сонымен, бұл кезең зерттеулері жалпылама, сипаттамалық бағытта болып, нақты аңшылық жайлы мәліметтер мардымсыз, көбіне қазақ даласын мекендеген аңдар жайлы атап өтумен ерекшеленсе де, олардың басым бөлігі бақылау және тәжірибе арқылы жазылғанын ескерсек, құнды деп танымыз.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулер арасында ерекше тоқталуды қажет ететін еңбек – Ә.Х. Марғұланның зерттеуі. Тұрсын Жұртбай: «1934-1939 және 1947-1953 жылдары академиялық іргелі ғылыммен айналысудан шеттетіліп, қазақ эпосы мен тарихы туралы зерттеулері саяси қағажуға ұшыраған кезде Әлекең елден бойын аулақ салып, “тасада жүріп” деректер жинап, ұлтының ұмыт қалған өнерін зерделеп, қағазға түсірген екен. 1954 жылдан кейін тарих, этнография, археология, шоқантану ісіне бүтіндей бет бұрған кезінде бұл еңбек тартпаның түбінде қалыпты. Жарты ғасыр бойы жарық көрмесе де мақала саятшылар мен орнитологтар үшін ғылыми мәнін әлі жойған жоқ. Ал “Саят құстарындағы” атаулар мен сирек сөздер тіліміздің мәйегін ұйытатыны сөзсіз», - деп, «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланатыны туралы жазған [137, 4-б]. Осындай құнды еңбекте Ә.Х. Марғұлан саят құстарын топтастырып, олардың жаратылысы, түлету, баптау, баулу және құрал-саймандары жайлы жазған [27].

Осы тұста, ғалым «саят құстары» деп бүркіт, ителгі, түйғын, тұнжыр, қаршыға, қырға, лашын, жағалтай, тұрымтай, сұңқарды қарастырады. Осы терминді, яғни, «саят құстары» деп Ә.Х. Марғұлан қолданған алғашқы зерттеуші. Бізде қазіргі күні ғылымды «аушы құстар» деген термин қолданылып жүр. «Аушы» сөзінің түп-төркінін қарайтын болсақ, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» [137]: «ау» – 1. Балық ұстайтын үлкен сүзгі; 2. Құс ұстауға арналған сүзгі тор. Ал, «аушы» – «ау құрып, балық аулауды кәсіп еткен адам» деп анықтама берілген. «Саят» сөзі болса – 1. «Құс салып, аң аулаушылық»; 2. ауыспалы мағынасы «Серуен, сейіл». Сәйкесінше, «саятшы» – «құс салып, аң аулауды кәсіп еткен адам», ал «саятшылық» – «құс салып, аң аулаушылық» деп түсіндірілген. Өзіміздің ұлттық ерекшелігімізге қарай «саят құстары» деп алғанымыз жөн болар деп есептейміз. Екіншіден, біз бұл мәселеге бүркітпен аулау туралы жазғанымызда ораламыз.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, этнолог, археолог, Арал-Каспий көшпенділерінің мемориалдық-культуртік архитектурасын іргелі зерттеген белгілі ғалым С.Е. Әжіғали «Ескерткіштерде бейнеленген суреттер алуантүрлілігімен ерекшеленеді. Олар жерленген адамның жынысы немесе айналысқан кәсібі туралы мәлімет береді», - деп тұжырымдайды [138; с. 478]. Автор, дәлел ретінде Г.С. Карелиннің жазбасын келтіреді, яғни, оған сәйкес мылтық немесе садақ ұстаған адам сұлбасы аңшының белгісі болып табылады. Сонымен қатар, ескерткіштердің тақырыптық-сюжеттік бейнелерін қарастыра келе, ғалым ескерткіштердің семантикасымен байланыстырып, аңшылық сюжеттердің де кездесетінін атап өтеді. Мысал ретінде ескерткіштің бірінде жолбарыстың ізіне түскен қос итті салт атты бейнеленгені туралы деректі келтіреді [138; с. 491].

Сонымен, қазақ ғылымында кеңестік және тәуелсіздік тарихнамада аңшылықтың әртүрлі аспектілерде: қосалқы шаруашылық түрінде зерттелді (Ә.Х. Марғұлан, М.С. Муканов, Б. Кәмәләшұлы, А.Б. Калышев, А.У. Тоқтабай, Ә.Т. Төлеубаев, Б.К. Қалшабаева, Т.Е. Қартаева, М.Қ. Егізбаева); номадизмнің бір элементі (А.К. Кушкумбаев, Р.А. Бекназаров, Н.З. Ошанов пен Б.Г. Нұғман) және өнер ретінде (қоғамдық ұйымдар) қарастыра бастады.

*Өнер ретінде (қоғамдық ұйымдар).* Тәуелсіздік алғанға дейін-ақ аңшылықты ұлттық өнер ретінде жаңғырту бойынша алғашқы қадамдар жасалды. Мысалы, 1989 жылы Алматы қаласының орталық стадионында бүркітшілер фестивалі ең алғаш өткізіліп, содан кейін аңшылық орталықтары мен мектептері ашыла бастады [140, 101-б.]. Тәуелсіздік алғаннан кейін құрылған қоғамдық ұйымдар өздігінше жұмыстарын әртүрлі бағыттарда жүргізе бастады: жарыстар өткізу, аңшылықты насихаттау, ережелерін жасау және т.б. «Жалайыр Шора» мектебі және Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы 2013 жылы Астанада «Құсбегілік өнердің әлемдік интеграциядағы ролі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік кеңес өткізді. Бұл конференция түрінде өтіп, материалдарында 12 мақала жарияланды [141]. 2017 жылы «Қыран» федерациясы қоғамдық қорының ұйымдастырумен «Қыран құстармен аң аулау: тарихы мен бүгіні» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып, материалдарында аушы құстармен аң аулау дәстүріне қатысты 32 мақала дайындалды [142]. Көрсетілген екі конференцияны ұйымдастырушылар кәсіби аңшылықпен айналысатын тұлғалар болғандықтан басым бөлігі негізінен тәжірибелік тұрғыдағы мақалалар болды. Х. Бабақұмар, Қ.С. Мұсабеков, Б.Е. Есжанов, Р.С. Сәтімбеков, Ж. Сәленұлы секілді зерттеушілердің ғылыми мақалалары да жарияланды [143, р. 14].

**Деректік қоры.** Зерттеу жұмысының негізіне қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы жайлы мағлұмат беретін 1) заттай; 2) жазбаша; 3) ауызша; 4) көркем сурет деректері; 5) далалық экспедиция материалдары алынды. Бұл деректерде аңшылық және оның тарихы бойынша маңызды ақпараттар бар.

1) Зерттеу тақырыбы бойынша құнды деректерді заттай деректер, оның ішінде – археологиялық қазба материалдары және музей заттары мен коллекциялары құрайды.

Солтүстік және Орталық Қазақстанның неолит және қола дәуірлерінің археологиялық қазба жұмыстары бойынша үй жануарлары мен жабайы аңдардың қалдықтарын остеологиялық зерттеу нәтижелерінде мал шаруашылығы мен аңшылықтың арақатынасы С.М. Ақынжанов, Л.А. Макарова және Т.Н. Нұрымовтың «К истории скотоводства и охоты в Казахстане» атты зерттеуінде қаралған [57, с. 179]. Атасу мен Мыржықта тұяқты аңдар: құлан, киік, қарақұйрық, арқар кеңінен таралған түрлер деп тұжырымдаған. Қазақстан территориясында дамыған мал шаруашылығы болғанымен, қоршаған ландшафтқа байланысты жабайы аңдар кәсіптік бағытта ауланғанын айқындаған. Бұл өз кезегінде аңшылықтың әлі де болса, маңызды шаруашылық түрі болғанын дәлел ретінде келтіреді. Зерттеушілер тас ғасырының аяғына қарай далалық-орманды алқаптарда жабайы аңдардың көбеюі себебінен алғашқы



адамдар бұрынғысынша қаумалап аулау және абалап аулау тәсілдерін әлі де болса қолданған деп пікірлерін білдіреді.

Шығыс Қазақстан облысының Мәдениет басқармасы «Облыстық тарихи-өлкетану музейі», «Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығы» және «М. Тынышпаев атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану музейі» қорларындағы аңшылыққа қатысты музей заттары мен коллекциялары қатарында: аю қақпан, қасқыр қақпан, мылтық, бүркіт жабдықтары: биялай, тұғыр, томаға, жемқалта алынды.

2) Жазба деректер. Бұл топта ғылыми, жеке адамдық, мерзімді басылымдар, актілік және іс қағаздық деректер негізделді. Ғылыми еңбектер қатарына XVIII ғасырда қазақ даласында болып, қазақ этнографиясына қатысты мәліметтерді сипаттап қалдырған авторларды жатқызамыз. Олар толық талдау жасап, зерттеушілік бағыт ұстанбағанмен, негізінен көрген-білгенін сипаттама түрінде қалдырып, қазақ этнографиясы жайлы мағлұматтар жинады. Ғылыми деректер тобында И.П. Фальк, Г.И. Георги, Г.И. Спасский, Х. Барданес, М.Н. Житков және П.И. Рычковты ерекше атап өтуге болады. Аңшылықтың қазақтар үшін коммерциялық мақсатын айқындап, киік аулау туралы мол мағлұмат берген швед саяхатшысы, Ресей Императорлық ғылым Академиясының қызметкері И.П. Фальк болды. Ол: «Қазақтар қасқыр, түлкі және қарсақты салт атпен қамшымен соғып алады. Бүркітті ерекше мәпелейді. Себебі, ызаланған бүркіт өз қожайынын өлтіріп қоюы мүмкін. 9-10 жыл аң алады. Жақсы құс үшін қазақ ойланбай-ақ 2 түйеге сатып алады», - деп жазады [144, с. 40].

Қазақ даласын мекендеген жануарлар мен жыртқыш аңдар, жергілікті халықтың тазы және бүркітпен аң аулауы жайлы орыс және неміс саяхатшысы Г.И. Георги: «Бай қазақтар аңшылықпен демалу үшін айналысса, кедейлері пайда табуды көздейді. Салт атпен тазы ертіп, бүркітпен аңға шығу қақпан құру және т.б. тәсілдермен қатар жүреді», - деп келтіреді [145].

Орыс тарихшысы, Ресей Императорлық ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Г.И. Спасский де бүркітпен және тазымен аулау туралы мәлімдейді [146].

Қазақтардың аңның қай түрін аулайтын немесе ауламайтын себептері жайлы Х. Барданес жазған. Автор аңшылық тәсілдері және т.б. мәселелер жайлы қозғамағанмен, қазақ даласын мекендеген аң-құстар жайлы толық мәлімет береді [147].

М.Н. Житков құсбегілік, құлан мен киік аулау тәсілдері жайлы мәліметтерді өзінің сапар жазбаларында қалдырса [148], П.И. Рычков: «Қазақтар бүркітті қасқыр, түлкі, қарсаққа салады. Ал, бүркіттің бағасы Сыр өңірінде қымбаттап кетті», - деп келтіруі бұл өңірде қыран құстың сирек кездесетінін білдіреді [149, с. 214].

Жеке адамдық деректер түріне П.С. Паллас, Я.П. Гавердовский, Е.К. Мейендорф, Н.А. Маев еңбектері жатқызылады. Неміс саяхатшысы, Санкт-Петербург ғылым Академиясының академигі П.С. Палластың күнделіктерінің 1-бөлімінде Орынбор губерниясы қазақтарының аңшылық өнімдерін саудалау және бүркітпен аң аулауы туралы құнды мәліметтер кездеседі [150]. Ол:

«Қазақтар мал шаруашылығымен айналыса отырып, аң аулау арқылы жаттығады. Қыстыгүні олар қамыстың жоғарғы жағын кесіп, қадақ ретінде қалдырып қояды. Терісі нәзік келетін киікті қамысқа қарай қуып, секірген киіктер қарнымен қамысқа қадалады. Сосын оларды оңай олжалайды», - деп жазады [151, с. 37].

Түркістан өңірі халқының өз егінін қорғау үшін қабан мен қырғауылды аулайтынын Н.А. Маев жазып кетеді. Автор: «Түркістан жануарлар әлеміне бай. Даласы да жануарлар мен құстарға бай. Бұл Азия даласының ерекшелігі. Күз бен көктемде киік табыны көбееді. Дала қасқыры киікті оңай аулай алмайды. Себебі, ол өте жүйрік, сондықтан қуып жете алмайды. Киік үшін адам-аңшы қауіпті. Кейде ыстық күндері қаққан аңшыдан қашқан киік торуылдағап жатқан екіншісіне тап болатынын көруге болады. Жаздыгүні шыбын-шіркейден қорғанған киіктер бір жерде тапырақтап, шаңдатқан сәтін аңдыған аңшылар оғай олжалайды. Қазақтар киікті жиі аулайды. Оның мүйізін Орынборда 2 рубль 50 тиынға өткізеді. Бұл аймақта аңшылық кең таралған және жергілікті халық үшін табыс көзі деуге болмайды. Олар негізінен өз малын жыртқыштардан қорғау үшін аң аулайды», - деп атап көрсетеді [152, с. 37]. Оның екінші мақаласында осы өңірде кездесетін аңдар қысқаша аталып өтіледі [153, с. 38].

Жазба деректердің қатарында Ф.А. Фиельструптың далалық материалдар негізінде жазылған «Охота с ловчими птицами у киргиз и казахов» атты 82 беттен тұратын мақаласы маңызды. Өкінішке қарай, бұл мақала жарияланбаған, бірақ Г.Н. Симаков өзінің монографиясында кеңінен қолданған және қолжазба зерттеушінің жеке архивінде сақталған [154, с. 197].

1964 жылы жарық көрген «Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867)» атты құжаттар мен материалдар жинағында қазақтардың аңшылықпен өндіріс ретінде емес, әуесқойлық жағдайда айналысқаны, жәрмеңкелерде саудаланған аң терілері, саны, құны, Сыр бойы қазақтарының жолбарыс аулауы жайлы аз да болса, негіз болатын мағлұматтар келтірілген [155].

*Мезімді басылымдар.* Патшалық Ресейдің мерзімді басылымдары беттерінде қазақ аңшылығы жайлы мақалалар жиі шығып тұрды. Өкінішке орай, олар туралы кітапхана қорларында мәліметтер болғанымен, көбісін қазіргі күні дұрыс сақталмауына байланысты қарастыру мүмкін емес.

«Охота» журналының 1884 жылғы сәуірдегі санында Е.Т. Смирновтың жариялаған мақаласы ерекше қызығушылық тудырады. Мұнда түркістандық аңшы әңгімесі негізделген. «Карабутакский охотник» деп аталатын мақалада Кенесары сұлтанның Қаратай және Орысбай деген аңшылармен аңға шығуы туралы жазылған. Әңгімеде: «Түрікмен арғымағын мінген сұлтан 2 тазыны ерткен. Оның жанында қарт Қаратай аңшы. Жиырмаға жуық нөкері бар. Қаратай жануарлардың жақындағанын байқаған соң, тазыларға су құйып, шомылдыру туралы бұйрық берді. Себебі – ыстықта егер оларды аңға салса қызып, шыдамайтынымен түсіндіріледі. Нөкерлер жалма-жан тазыларға торсықтарындағы суды құйды. Бола бергенде алыстан шаңдатқан 500-ге жуық киік жақындай түсті. Осы кезде аң қағушылар да киіктерді үркітіп, аңшыларға

карай қууда. Бірақ 200 қадам қалғанда киіктердің құлтекесі қалт тоқтай қалып, аңшыларды көре салысымен бұрылып кетті. Табыны артынан шапты. Құсбегі бүркітін бос қоя берді. Қалықтаған құс құлтекенің мойнына бас салды. Құлтеке мүйізін пайдаланып, серпіп қалып бүркіттен босап шығып еді, тазылар да жетті. Орысбай абдыраған құлтекені оңай түйреп алды», - деп жазылған [73, с. 27-28]. Бұл мақаланың құндылығы 2 жағдаймен түсіндіріледі: бірі – Кенесары ханның аңға шығуы туралы болса, екіншісі – бүркітті киікке салу туралы нақты келтірілген бірден бір дереккөзі болып табылады.

1878 жылғы «Природа и охота» журналының сәуірдегі II томында жарияланған қазақ тазысы туралы мақалада: «Тазымен аулау ең алдымен ормансыз далалар мен шөлдерде пайда болғанына күмән жоқ. Қазақ даласы осы аңшылық түріне қолайлы. Көшпелі өмірде тазы жүгіртіп, қыран құспен аң аулау ерекше құмарлық болып табылады. Аңшылық қазақ үшін спорт десе болады. Кейбір кедейлер үшін ол кәсіп. Дегенмен даланың аңдарының терісі арзан, сондықтан көретін пайдасы да шамалы», - деп, М. Богданов жазады [74, с. 45].

Зерттеу жұмысында басқа деректерден жеткізу сапасы бойынша кем түспейтін көркем сурет туындылары иллюстрациялық материал ретінде ғана емес, дәстүрлі аңшылық бойынша дереккөз ретінде пайдаланылды. Қазақтың тұрмыс-тіршілігін, оның ішінде аңшылықты бейнелеген революцияға дейінгі орыс суретшілері: А.Е. Мартынов, М.О. Микешин, В.И. Штернберг, В.Н. Плотников, Н.Н. Каразин және мүсінші Е.А. Лансеренің шығармалары жазба деректер толық бере алмайтын аңшылық сахнаны көрнекі түрде жеткізеді [80, с. 19-209]. Атап көрсетсек: М.О. Микешиннің «Түйелі қазақ» атты қаламмен салынған туындысында қолында бүркітке ұқсас саят құсы бар қазақтың түйемен аңға шыққан сәті (Қосымша А, сурет А1), А.Е. Мартыновтың «Сұңқар ұстаған қазақ» суретінде атпен сұңқарын аңға алып шыққан аңшы (Қосымша А, сурет А2); В.И. Штернбергтің «Қырғи салу» атты акварельді сюжетінде аңшы (Қосымша А, сурет А3) суреттелген. Осы соңғы суретті зерттеген Н. Чакирбаева: «Бұл көріністе қазақ бай-бағландарының аңшылық әуестігі емес, мүлде басқаша эпизод – аңшылықпен күнкөріс үшін шұғылданатын қазақ кедейлерінің өмірі көрсетілген. Алдыңғы планда тұрған қазақтың киімі тым жұпыны, кедейдің киімі. Қолына үйрек ұстаған ол құсын қайта ұшырып тұр. Жанында тұрған аттың ер-тұрманы да жоқ, жұқалтаң жабуы ғана көрінеді. Бұл детальдар Штернберг аквареліндегі бас кейіпкердің әлеуметтік күйін аңғартады», - деп баға береді [156]. Яғни, аңшының әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет алуға болады.

Қазақтардың аңшылық барысында қолданған шокпар, мылтық секілді қару-жарақтары В.Н. Плотниковтың [157] альбомындағы № 23 парағындағы суретінің ортадағы қатарында орын алған (Қосымша А, сурет А4). Аңшылық тақырыбына бірнеше қылқалам туындыларын арнаған суретшілердің қатарында Н.Н. Каразинді ерекше атаймыз. Оның «Қасқыр аулаған қазақтар» атты шығармасында түз тағысын қамшымен ұрып алу сәті (Қосымша А, сурет А5), ал «Саятшылық. Сұңқар салу» суретінде сұңқар салған бір топ адам бейнеленген (Қосымша А, сурет А6). Келе жатқан аңшылардың көш басында сұңқар ұстаған әйел адам, одан кейін сұңқарын қондырған ер адам келеді. Қазақтардың топ боп

аңға шығуын білдіреді. «Война с тиграми в форте Перовском» атты шығармасы Сыр өңіріндегі жолбарыс аулауды дәлелдейді (Қосымша А, Сурет А7). «Нива» журналының 1883 жылғы № 5 санында автордың «В степи. Отдых киргизов после охоты» жарияланған суреті қанжығасы майланған қазақтардың дамылдап, олжасын пісіріп жатқан сәті салынған [81]. «Аңға шыққан қазақ шонжарлары» атты туындысы бірнеше сюжеттен тұрады (Қосымша А, сурет А8). Бірінде – сұңқарын аңға ұшырғалы тұрған аңшы, екіншісінде – топтық аңшылық түрі (бір қазақта сұңқар, тіпті біреуінде ұзын таяқ түрінде жасалған балдақта жеті кішкентай саят құсы көрінеді); үшіншісінде – қамыс арасындағы жолбарыс; төртіншісінде – бүркіт ұстаған салт атты аңшы суреттелген. Бұл сюжеттердің барлығы жазғы аңшылық маусымды білдіреді. Е.А. Лансеренің «Бүркіт ұстаған қазақ» атты мүсінінде аңшының бүркітін аңға салғалы тұрған сәті көрініс тапқан (Қосымша А, сурет А9).

Қазақ аңшылығы патшалық тұсында отарлық үкімет саясатын жүзеге асыру үшін және екінші жағынан, өлкені тану мақсатында зерттелсе, отандық тарихнамада шаруашылық түрі, номадизмнің бір элементі және өнер түрінде зерттелді. Ол зерттеулерде қазақ аңшылығының тәсілдері, құрал-жабдықтары, аңшылыққа байланысты салт-дәстүрлер қарастырылғанымен, аңшылық түрлері ғылыми негізделмеді және тіршілік қамы жүйесіндегі орны толық ашылмады. Болашақ зерттеушілер осы мәселелердің орнын толықтырып, қазақ халқының дәстүрлі аңшылығының жергілікті ландшафтқа бейімделуін көшпелі өркениет тұрғысынан зерттеп, этникалық экология теориясына негіздейді деген пікірдеміз.

## 2 ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ

### 2.1 Дәстүрлі аңшылықтың типологиясы

Нақты географиялық орта ерекшеліктерін пайдалана отырып, адамзат тарихында өзіндік өндірістік шаруашылық түрі ретіндегі көшпелі мал шаруашылығы аясында дәстүрлі аңшылықты қалыптастырған қазақ халқының аңшылығының түрлері әлі күнге дейін толық жүйеленбеді. Б. Кәмелашұлы Моңғолиядағы қазақтардың аңшылығын зерттей келе, өз жіктеуін ұсынса [32, 189-б.], Р.А. Бекназаров Солтүстік Арал маңы қазақтарының аңшылығына қатысты мақаласында аңшылықтың 4 түрін көрсетеді [54, с. 371].

Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығының түрлерін айқындау, оларды жіктеу осы шаруашылық саласын жүйелеуге мүмкіндік беретіні анық. Сондықтан біз зерттеу жұмысымызда қазақ халқының дәстүрлі аңшылығын мүмкіндігімізше жіктеуге тырыстық.

Халықтардың аңшылық шаруашылығы мәселесімен айналысқан зерттеушілердің барлығы аңшылықтың типологиясын жасап, жіктеген жоқ. Мысалы, Ф.М. Зыков Саха халқының аңшылық қызметін зерттей келе, былай бөледі: белсенді және пассивті [82, с. 65]. Белсенді түрге: із шалу және ізге түсу, қысаңға қамау, торуылдап аулау, қаумалап аулау немесе қоршап алу секілді тәсілдер арқылы аулауды жатқызады. Яғни, адамның тікелей қатысуы арқылы жүзеге асатын аңшылық түрін айқындаған. Ал, пассивті түрге: әртүрлі құрал-саймандар арқылы аулау кіреді (қақпан, тұзақ және т.б.). Мұнда аңшы аң аулауға белсенді түрде қатыспайтынын назарға алып, қақпан құру және т.б. түрлерін бөлген. Алайда, қақпан құру және т.б. әртүрлі саймандар арқылы аң аулауда адамның әрекетін ескерсек, бұл да талас тудыратын пікір. Ғалым әрі қарай құрал-саймандарды түріне қарай жылжымалы және жылжымайтын деп жіктейді. Бұл типологияны зерттеуші С. Сасаки да қолдайды [83, с. 90]. Алғашқы түріне: қақпан, тұзақтар кірсе, екінші түріне: аран, арық қазу, ор қазу және т.б. топтастырылған. Бурят халқының аңшылығына іргелі монографиясын арнаған С.Г. Жамбалова топтық және жеке деп екі типке бөліп қарастырады [84, с. 27].

Осы жіктеулерді негізге ала отырып, қазақ халқының аң аулау дәстүрінің ерекшеліктерін ескере отырып, аңшылардың қатысуына, яғни санына қарай 2 типке бөлеміз.

*1-сурет.* Дәстүрлі аңшылық типтері




Жеке аң аулауда аңшы өзі саят құсы, тазы, садақпен немесе мылтықпен әртүрлі мақсатта, із шалу немесе із кесу, торуылдап, қақпан құру және т.б.

тәсілдері арқылы аң аулайды. Мұнда аңшы жалғыз болады. Ал, топтық аң аулауда бір топ аңшы жеке аулаудағы секілді құспен, тазымен, мылтықпен шығуы мүмкін, бірақ бір топ аңшымен, әртүрлі тәсілдермен: қысаңға қамау, қаумалап, айналып, арбау арқылы аулауы мүмкін. Топтық аулауда: құсбегі, атқосшы, қағушы, аң сойғыш, күйші, аспазшы және т.б. болады. Топтық аулау Н.Н. Каразиннің «Қасқыр аулаған қазақтар» (Қосымша А, сурет А5), «Саятшылық. Сұңқар салу» (Қосымша А, сурет А6) атты шығармаларында шебер бейнеленген [80, с. 109-112].

Бұл екі типте де аң қағу тәсілдерінің ортақ болуы және ерекшеленуі тән. Мысалы, аран, қысаңға қамау, ұтылап аулау, кереге құру арқылы аулауда адам санын қажет етеді. Топтың саны, ұйымдасу шеберлігі, қарулануы, жер бедерін тиімді пайдалануы – мұның барлығы сәтті аңшылықтың кепілі. Сондықтан топтық деп жеке түр ретінде көрсетеміз. Жеке және топтық аулау түрлерінде кейбір тәсілдер ортақ. Осы тұста аңшылықты мақсатына қарай жіктеуге болады.

*2-сурет.* Дәстүрлі аңшылықтың мақсатына қарай жіктелуі




Бастапқыда аңшылық адамдардың топтық өндіріс сипатына ие болып, ұжымдық шаруашылық ретінде олардың ұйымдасқан іс-қимылына тәуелді болды. Бір топ адамның біріккен әрекеті нәтиже берді. Бірақ тауар-ақша және сауда қатынастарының дамуына байланысты жеке аңшылық тиімді түр ретінде алғашқы қатарға шықты. Себебі адамдар аңды ет, яғни азық үшін емес, бағалы терісін сату үшін аулай бастады. Мұны кәсіптік аулау деп атап, оған: күнделікті күнкөріс үшін, өз отбасын немесе ауылын асырау үшін аң аулауды жатқызамыз. Кәсіптік аңшылықтың мақсаты – ет, тері, мамық, қауырсын үшін аң-құстарды аулау. Ал, салтанат құру – топтық типке жатады, мұнда қыста демалу, сергу секілді жан азығын аң қағумен ұштастыру үшін аңға шығу кіреді. Қазақтарда салбурын деп атау қалыптасқан. А. Сейдімбеков «Көп адамның қос тігіп, бүркіт, итпен апталап аңға шығуы» деп түсіндіреді [158, 398-б.]. Ал, Б. Кәмәлашұлы: «Байлар бүркіт салғанда бірнеше күндеп, айлап «салбұрын» құрады. Олар сән-салтанат серілігімен жүреді. Олар ауылға қонса, үлкен «ырыс», бүркітшілер, салбұрынға қатысушылар қонған ауылын «дүрліктіріп» кішкентай тілеу іспетті етіп, дуылдасып, әңгіме айтысып, ән айтып, өнер көрсетіп, мәз-мейрам болдыратын салт-дәстүр де бар. Ауыл адамдары бүркітшілерден «сауға сұрап» та жататын салт бар», - деп сипаттайды [32, 199-б.]. С. Кенжеахметұлы «Салбурын» бұл – аңшылық сауық. Аңшы, саятшы жігіттердің топ болып,

бірнеше күн бойы аңға шығуы. Мұны аңшылық мерекесі десе де болады. Мұнда алған аң бәріне бірдей тең бөлінеді. Ауылдағы ақсақалдардың жолы бөлек есептеледі. Салбурын аңшылардың ерлігі мен ептілігін, азаматтығын сынайтын жол» деп сипаттайды [159, с. 278 б.]. Ал, орыс зерттеушісі И. Колачев: «Қырғыздардың кедейлігі бірден көзге байқалады. Бірақ бірқалыпты және іш пыстырарлық өмірлерінде аңшылық – condition d' être», - деп пікірін білдіреді [9, с. 292]. Мұндағы «condition d' être» - француз тілінен аударғанда «болмыс» деген мағынаны білдіреді. Сонымен, саятшылық пен салбурынды салтанат құрудың бір белгісі ретінде тұжырымдап, екінші түрін айқындадық.

А.И. Левшин [8, с. 384], Л. Мейер [131, с. 152], А.М. Никольский [15, с. 93] жазбаларында кедейленген қазақтар аң аулаумен кәсіптік мақсатта айналысты деп жазады. Біз кәсіптік аңшылыққа күнделікті тамағын табу және өнімін қажетіне пайдалануды жатқызатын болсақ, саудаға шығару бұл түрге келмейді. Дегенмен, осы кезеңде қазақтар аңшылықпен кәсіптік мақсатта айналысып, ХІХ ғасырдың ортасында кедейленген қазақтар аңшылық өнімдерін саудалады деп тұжырымдаймыз. Мысалы, А.М. Никольскийдің «қасқыр, түлкі, қарсақ, күзен, суыр, қоян, борсық терісі үшін, ал құлан, киік, қаракұйрық және т.б. жануарлар еті үшін ауланады. Мұсылмандыққа байланысты қабан етін жемейді» деген мәліметтерін дәлел ретінде келтіреміз [15, с. 68].

Адамзат пайда болған күннен бастап өзін-өзі асырау, тамақ үшін топ болып аңға шығуы – олардың өмірінде өзіндік маңызы болды. Ал, уақыт өте келе, қосалқы шаруашылық болған аңшылық мән-мағынасын өзгертті. Сол секілді қазақ халқында негізгі шаруашылық мал шаруашылығы болғандықтан мал-жанын қорғау үшін және тіршілік қамы үшін аң аулады. Мысалы, барлық өңір қазақтары малын қасқырдан қорғаса, ал, Сыр, Іле алқабы мен Балқаш өңірі халқы ол тұз тағысына қоса, жолбарыстан қорғанды. Ал, екінші топ өкілдері күнкөріс үшін терісін пайдалану, тағам түрі, дәрі-дәрмек үшін аң аулады. Осы тұста біз аңшылықтың халық өміріндегі маңызына қарай былай жіктеуді жөн көрдік:

3-сурет. Дәстүрлі аңшылықтың маңызына қарай жіктелуі



Біздің жіктеуімізді П.С. Палластың мәліметі дәлелдей түседі: «Мал бағумен айналысатын қырғыздар әдетте аң аулауда жаттығады; сонымен қатар, екінші жағынан пайдасы – олар өздерінің отарына қауіп төндіретін қасқыр мен түлкіден де құтылады... Аң аулау үшін үйретілген жыртқыш құстарды пайдаланып, салт шығады [150, с. 585]. Ал, И.Г. Георги: «Ауқаттылар мен малшылар аң аулау арқылы ермек үшін жаттықанымен, алайда ол кәсіп қазақтар үшін ет пен тері беріп, үлкен пайда кіргізеді. Олардың даласында қасқыр, түлкі, күзен және т.б. кездеседі», - деп жазады [145, с. 128]. С.Е. Толыбеков те «көшпелі

мал шаруашылығы үшін «қалың қар» ғана табиғи апат болған жоқ, жабайы аңдар да, жануарлардың эпизоотиясы да апатты жағдай тудырды» деп атап көрсетеді [1, с. 58]. Ал, М.-С.К.Бабажановтың «Бөкей Ордасы аумағында қасқыр көп болмағанымен, қазақтар оны ұнатпайды, оны аңшылық ниет немесе терісіне қызығушылықтан емес, өз малын қорғау үшін ғана аулайды», - деп [7, с. 54] мәлімдеуі де дәлел.

Зерттеушілер Ф.М. Зыков [82, с. 65] және С.Г. Жамбалова [84, с. 27] жеке және топтық аңшылық типтерін аңшылық қызметіне және аң алу барысында қолданатын тәсілдеріне қарай жіктеуді ұсынып, белсенді және пассивті деп бөледі.

Ал, отандық зерттеушілерден Р.А. Бекназаров: «Көптеген деректерде қазақтардың аңшылық түрлері жайлы кездесетін тікелей және жанама мәліметтерене сүйене отырып: қаумалап аулау; ит жүгірту (тазы); қыран құстармен аулау; садақ және жебемен жеке аулау; мылтықпен аулау; қақпан және тұзақпен аулау түрлерін айқындаймыз», - деп жіктейді [43, с. 236]. Әрине, екі халықтың аңшылығының ұқсастығына назар аудара отырып, қазақ халқының аңшылық қызметін белсенді және пассивті деп жіктеген тиімді секілді көрінгенімен, қазақ халқының көшпелі өмір салтының ерекшелігіне қарай қазақ дәстүрлі аңшылығының түрлерін төмендегідей жіктейміз:

4-сурет. Дәстүрлі аңшылықтың түрлері



Дәстүрлі аңшылықтың түрлерін топтастыруда тарихшы Б. Кәмәлашұлы төмендегідей бөледі: «Аң-құс, балықтың ерекшелігі, түрі, мекені, мінез-құлқына байланысты аулауға әртүрлі құрал-саймандар мен жабдықтар пайдаланылды. Олардың қолданыс қызметтері мен органикалық ерекшеліктеріне байланысты негізінен төрт топқа бөлуге болады: 1. Жанды (бүркіт, қаршыға, сұңқар, лашын, ит және т.с.с); 2. Табиғи/ жансыз (физикалық үрдістердің нәтижесінде пайда болған ор, батпақ, қар, жалама, сырғыма, тас, су, құм сияқты күнделікті тіршілікте кездесетін құбылыстар мен заттар. Атап айтсақ, құмқақпан, тасқақпан, орқақпан, ағаш қақпандар жатады.); 3. Жасанды (абак, мылтық, садақ, атқы, шоқпар, тор, темірқақпан, сойыл, қанжар, пышақ сияқтылар.); 4. Қосалқы/ дәнекер (жоғарыда аталған құралдардың қайсысы болса да кезінде көмекші құрал өызметін атқара алады)» [32, 189-б.]. Аталған жіктеудің алғашқы үш түрі қонымды болғанымен, төртінші түрі алдыңғы үшеуін қайталау ретінде көрінеді. Қалай болғанда да, біз, «аңшылық – адамның аңды немесе құсты азық, демалыс



және саудалау мақсатында ұстап алу немесе аулау әрекеті», деп қарастыра келе, қазақ халқының дәстүрлі аңшылығын «рахаттану, демалу, серуендеу» ретінде негіздеп, көшпелі қоғам ерекшелігіне сай жіктеген дұрыс деп тұжырымдадық.

Қазақстан территориясы өзіндік ерекшелігі бар табиғаттың табиғи байлығына мол кенелген аумақ. Әсіресе, жабайы аң-құстарға бай болды. Жабайы аңдардан: аю, қасқыр, жолбарыс, қабан, сілеусін, борсық, түлкі, қарсақ, ақкіс, қоян, бұғы, бұлан, қарақұйрық, таутеке, құлан, ал құстардан: бүркіт, сұңқар, қаршыға, қырғи, ұлар, кекілік, үйрек, қаз, дуадақ, қоқиқаз, татрең, күржікей, шіл, шалшықшы, құр тұқымдас құстар, шәукілдек кездесіп, қазақтар саят құстары, тазы, мылтық, тіпті садақпен атып алған [11, с. 13; 14, с. 53; 20, с. 87-116]. Әр аймақта әртүрлі аң-құстардың мекендеуіне байланысты оларды аулау тәсілдері қалыптасты. Б. Кәмәлашұлы: «Қазақтар құлжа, арқар, таутеке, тауешкі тектес аңдарды «қоңыр аң» деп атайды [32, 157-б.]. Қоңыр аңды қазақ баласы тамақ үшін аулап келген», - деп атап көрсетеді. Біз осы пікір негізінде өзіндік ерекшелігі бар түр ретінде қоңыр аң аулау деп жіктедік.

5-сурет. Дәстүрлі аңшылықтың аң ресурстарына қарай жіктелуі



Халықтың тұрғылықты жерінде аңның қай түрі кездесе соны аулайтыны анық. Сәйкесінше, жолбарыс, қасқыр, тұяқты жануарлар, т.б. аңдар және өзен-көл құстарын алу аңшылықтың түрін құрайды. Осы аңның әрқайсысын аулау үшін қазақ жергілікті ландшафтты меңгеріп, оны қажетіне пайдаланып, тиімді аулау тәсілдерін жасаған. Сондықтан да қыран құстармен, тазымен аулау, кереге құру тәрізді бірегей тәсілдерді қалыптастырды. Көшпелі өркениет көшпелі мал шаруашылығын жасаушы ғана емес, аңшылық секілді қосалқы шаруашылықты дамыта отырып, оның маңызды элементтерін өмір қажеттілігіне қарай икемдеп, енгізді.

Сонымен, қазақ халқының аңшылығының типологиясы бұл процеске қатысушы адам санына қарай, мақсатына және маңызына, аңшының қызметі мен қолдану тәсіліне және аң ресурстарына қарай жіктеледі. Аңшылықтың түрлері өзара тығыз байланысты және аңшылық тәсілдері табиғи-климаттық жағдайға байланысты қолданылады.

## 2.2 Аңшылықтың түрлері және тәсілдері

Қазақ халқының шаруашылығында аңшылық маңызды роль атқарып, жеке және топтық аулау жүзеге асырылды. Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ халқының көшпелі өмір ерекшеліктеріне сай: 1) Қыран құстармен аулау; 2) тазымен аулау немесе ит жүгірту; 3) жасанды құралдармен аулау деп жіктеп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтейік.

### *Аңшылық түрлері.*

1) *Қыран құстармен аулау.* Қазақ халқы бүркіт, қаршыға, сұңқар, тұйғын, лашын, ителгі, бидайық, қырғи, тұрымтай, жағалтай секілді алғыр құстармен аулаған. Кезінде белгілі этнограф, ғалым Ә.Х. Марғұлан халықтың өмірінде ерекше орын алып, кейін ұмыт қалған саятшылық өнердің тағдырына алаңдап: «Қазақстанның көптеген ежелгі мәдени ескерткіштерінің ішінде кейінгі кезде назарға аса көп ілінбей жүрген біреуі бар дегім келеді. Ол – саятшылдық өнері... Саятшылдықтың, әсіресе, қазақ халқының тарихында, мәдени дамуында маңызы зор болғаны белгілі. Қазақ тілінде осы саятшылдыққа байланысты туған мың жарымдай сөз бар, олар қазір де небір тарихи жазбаларда, көркем әдебиетте кеңінен қолданылады. Саятшылдықты халық ежелден өнердің бір түрі деп бағалаған. Оны пайда табу немесе күнкөріс көзі санамаған. Біз бір кездерде қалың жұртты қайран қалдырып, талайлардың таңдайын қақтырған осынау өнердің біртіндеп сиреп, қайталанбастай болып, жоғалып бара жатқанының куәсі болып отырмыз. Саятшылдық – ғажап құбылыс, үлкен өнер, зор ғылым. Ол халық жүрегіне жол тапқан көптеген әдеби, мәдени және музыкалық шығармалар тудырды... Ал дамудың шырқау биігіне шыққан, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған біздің заманымызда сол саятшылдық жоғалып бара жатқанына қайтіп өкінбеске. Саятшылық өнер арқылы халық табиғатпен қоян-қолтық араласып, оған жақындығын сезінетін, енді осы сезім сейілсе, бір кезде дамып қанат жайған халық мәдениетінің де бір бөлшегі ұмытылғаны емес пе?», - дей келе [30, 3-б.], «Халқымыз құстарды «желбесін құстар» және «тұяқты құстар» деп екіге бөлген. Ал енді тұяқты құстарға келсек, олар да өзара екі топтан құралады. Бұлардың бір тобы – адамның үйретуіне көніп, аңшылық кәсібіне қызмет ететін “қыран заты” болса, енді бір тобы – не шаруашылыққа, не аңшылық кәсіпке пайдалануға келмейтін “керексіз заттылар” болып табылады...Тұяқты құстардың ішіндегі аңшылық кәсіпке ең керектісі әрі пайдалысы – қыран заттылар. Олар жаратылысынан түйсігі мол, сезгіш жануар болғандықтан да адамның қолына үйренуге икемді келеді. Тумысынан аң, құс алып, кәделі қызмет атқаруға лайықталып жаралған қыран құстардың негізгі тұқымы үш түрлі. Олар: бүркіт, қаршыға, сұңқар тектес қанаттылар. Бұл көрсеткен үш текті құстың жаратылысы өзге құстан бүтіндей басқа. Олар түз құсының ішіндегі ең қарулысы, тегеуріндісі әрі ұшқыры және олардың тұяқ, тұмсық бітісі де басқа құстан өзгеше келеді. Сондықтан да оларды саятшылар тілінде “қыран құс” деп атайды» дейді [27, 9-б.].

Саят құстарын аңды алу әдісіне қарай іліп алатындар және теуіп алатындар деп екіге бөлінеді [30, 6-б.]. М. Өтемісұлының «Ау, қызғыш құс, қызғыш құс» деген өлеңінде:

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс...

Сені көлден айырған –

Лашын құстың тепкіні.

Мені елден айырған –

Хан Жәңгірдің екпіні», - деп жырлауында «лашын құстың тепкіні» деуі лашынның теуіп алатынының айғағы [161, 104-б.] .

Қыран құстармен аулау туралы мәліметтер А.И. Левшин [8], Л. Мейер [131], Ф. Жуков [11], А.П. Смирнов [136] еңбектерінде бар. Қазақтардың көбіне бүркітті жәрмеңке және базарлардан сатып алатыны туралы мәліметтер де көптеп кездеседі. Мысалы, П.С.Паллас: «Қырғыздар – ноян аңшылар. Олар бүркітпен қасқыр, түлкі, киік те аулайды. Егер бүркіттің алғыр қабілетін байқаса, қырғыз бүркітті башқұрттар мен татарлардан бір жылқы құнын беріп сатып алуы мүмкін» десе [150, с. 353], И.Г. Георги: «Аңға тазы иттер және бүркітпен шығады. Бүркітті Орынбордан қымбатқа сатып алады» деп жазады [145, с. 128]. Спасский болса, «қазақтар бүркіт және қаршығамен аулайды» дейді [146, с. 185].

И.И. Ибрагимов бүркітпен аң алу қауіпті деп, «Сырымбетте» болған оқиғаны келтіреді [14, с. 60]. Таныс аңшысы қансонарда бүркітін алып, түлкі алуға шығады. Біраз іздеген соң түлкінің ізіне түседі, сосын өзі де көрінеді. Осы сәтте бүркіттің томағасын шешіп, ұшырып жіберіп, құсын бақылап тұрады. Бір кезде бүркіт оқтай атылып, қожайынына шүйлігіп кеп басқанда ол аттан ұшып түседі. Аңшы құсына еркелеткенде айтатын жылы сөздерін айтқанымен, ол босатпайды. Жанындағы жолдастары көмекке жеткен кезде, бүркіт өзі есін жиып тырнақтарын алады. Бұл жағдайды аңшы түлкіні жоғалтып алған құс ызадан қожайына шабуылдады деп түсіндіріп, болған жағдайдан кейін әрең оңалғанына қарамастан бүркітпен аңға шығып жүрді дейді. Бұл құсбегінің өз құсына баласы сияқты кешіріммен қарауының айғағы.

Қазақтар аулауға пайдаланған қыран құстары төмендегідей:

Бүркітпен: түлкі, қасқыр, қарсақ, қоян, күзен, ақтышқан аулайды (қараша айының соңынан ақпан айына дейін).

Сұңқармен: қаз, үйрек, ұлар, қарашақаз, бұлдырық, балшықшы, шіл, кекілік (қазан айының ортасынан басталып, алғашқы қар түскенге дейін жалғасады, яғни құстар топ болып жылы жаққа ұшуға дайындалған кезге дейін) және қоян аулайды;

Қаршығамен: құстардан қаз, үйрек, ұлар, қырғауыл, қарашақаз, бұлдырық, балшықшы, шіл, кекілік, дуадақ, құр (қазан айының ортасынан басталып, алғашқы қар түскенге дейін жалғасады, яғни құстар топ болып жылы жаққа ұшуға дайындалған кезге дейін), ал жүгірген аңнан қоян, тиін және тышқан тұқымдастардың барлығын алған. Қаршыға басқа қыран құстардың ішінде олжалылығымен ерекшеленеді. Құсбегілер қаршығаның шәулі қаршыға, қара қаршыға, тұнжыр, сырғақ қаршыға деп жектейді [30, 96- б.]. Сонымен қатар қаршыға тектес қырғимен көбіне бөдене, кейде шіл, кекілік алған. Бұл құсты

балалар үшін ұстап, өздеріне үйреткізген. Қырғиды аңға салу да орыс суретшілерінің назарынан тыс қалмаған (Қосымша А, сурет А3).

Қаршыға тектес түйғынмен құстардан бөлек, қоян, түлкі, қарсақ алады. Оны құсбегілер ақ түйғын, кір түйғын, құл түйғын деп бөлген. Түйғын қаршығадан ірілеу, әлділеу, өте әдемі құс.

Сұңқар тектес құстар саятшылықтың ең әдемі түрі: сұңқар, ақсұңқар ақбас сұңқар, лашын деп бірнеше түрге бөлінеді. Қазақстанда сирек кездесетін құстарға жатады. Сұңқармен: қаз, үйрек, тырна, ұлар аулайды (қазан айының ортасынан басталып, алғашқы қар түскенге дейін жалғасады, яғни құстар топ болып жылы жаққа ұшуға дайындалған кезге дейін). Сұңқар тектес қырандарды аңға салу саятшылықтың ең әдемі түрі болып есептеледі. Орыс суретшілері де осы құсты ұстаған аңшыны бейнелеуге тырысқан (Қосымша А, сурет А2, А6). Лашын – сұңқар тектес құстардың арасындағы ең атақтысы, ең қыраны. Ол жыл маусымына қарай мекен ауыстыратын құс. Ол жабайы табиғатта торғай тұқымдастарын, қарға, кептер, бұлдырық алады. Ал, құсбегілер баулыған соң қаз, үйрек, дуадақ, тырна, құр, безгелдек, ұлар аулайды [30, 109-110-бб.]. Ителгімен шіл, кекілік, тышқан тұқымдастарды және қоян алады.

Құсбегілік күрделі әрі қиын шаруа – қыран құсты баптап, аңға алып шығады. «Құсбегі – қырандарды түрге, топқа, текке айыра білетін, оларды өз ішінен жікке, туыстыққа, ұрпаққа бөле білетін адам. Қыран құстардың түр-тұлғасына, сүйек бітіміне, қанат-құйрық, жүн, қауырсындарына қарай құсты сынап білетін сыншы адам», - деп сипатталады [30, 10-б.].

Міне, осы құсбегілер жайлы И. Колачев былай деп жазады: «Қазақ қоғамында құсбегілікпен айналысып, құсты баптап, үйреткен соң сататын құсбегілер де бар» [9, с. 294]. Әрине, халық арасында үйреткен құсын сататын құсбегілер де болған. Дегенмен, қыран құс ұстаған олжасын аңшының жылдам жетіп барып, егер адал аң болса, мұсылманша бауыздап алуға тырысатыны жайлы А.Н. Евреинов [133, с. 54] пен И.И. Ибрагимов [14, с. 60] жазбаларында кездеседі. Сонымен қатар, И.И. Ибрагимов бүркіттің жолына арнап құрбандық шалу да бар деп көрсетеді. Бүркітші қазақ образы өнер иелерінің мүсіндік туындысында орын алуы – бұл өнердің бекзаттығының таңы бір айғағы болып табылады (Қосымша А, сурет А9).

Бұрыннан аңкөс болған қазақ халқы қыран құстарды қолға үйретіп, оны ерекше бағалауы туралы мәліметтерді жалғастырар болсақ, мысалы, бүркіттің бағасын Г.С. Загряжский 5-6 түйеге бағалайды [13, с. 32]. Қыран құсты ерекше қастерлеген халқымыз оны баласы сияқты қарап, сатып алса да, сатпаған.

XIX ғасырда орыс патшасы қазақ құсбегілерінің үйреткен қырандарының қабілетін естіп қызыққан болуы керек, патша аңшылық сарайына қыран құс, оның ішінде бүркітті жеткізу туралы ұсыныс түсіреді. Ол туралы мәліметтер архив құжаттарында бар [69]. Орынбор шекаралық линиясында бүркіт іздеген губернаторлар жергілікті басшылардан бүркітін сататын қазақты тауып беру туралы тапсырма береді. Алайда, қазақтардың бүркітін сатпайтыны және тек қана қаражат үшін құсымен патша сарайына аңға баратындары туралы хабарлар түседі. Тіпті, арнайы смета толтырылады.

1-Кесте. Петербургқа патша аңшылық сарайына бүркітшілерлерді апару үшін қажет қаражат сметасы [69, л. 11-12].

	Күміспен	
	Руб	тиын
Бүркіт пен аңшылардың құрал-саймандарын алу үшін шығыс		
4 үйретілген бүркітке, әрқайсысына шамамен 15 рубльден	60	
Теріден 4 томаға	8	
4 Аяқбау, әрқайсысы 2 руб.	8	
4 Тор үй, әрқайсысы 3 руб.	12	
аңшы-қазаққа киім:	8	
салтанатты	450	
күнделікті (жолға)	85	
Арбаға, 2 аңшы мен 1 жолсерік, әрқайсысына 60 руб.	180	
Жолсерікке іс-сапар қаржысы	120	
Бас аңшыға	100	
2-аңшыға	75	
Күнделікті шығынына		
Жолсерікке 1 күнге 1 руб	25	
Бас аңшыға 1 күнге 75 тиыннан	18, 75	
2-аңшыға 1 күнге 50 тиыннан	12, 50	
4 бүркітке, күнделікті тамағына, әрқайсысына 20 тиыннан	295	
Орынбордан Москваға дейін	56	25
Москвадан Петербургқа дейін	20	
Поездға	148	
Төтенше жағдайға	99	
аудармашыға	150	
Москвадан Петербургқа дейін	13	
Петербургтан Орынборға дейін	63	
Егер атпен шықса Москвадан Орынборға дейін	150	
жолына	25	
барлығы	1674	10

Архив құжаттарында тек екі ғана қазақтың: Жұрын Тоқтасов және Жауғаш Айдаралин бүркіттерін сатуға келісім бергені туралы құжат бар. Олар орташа бүркітті – 43 сомға, ал қасқыр алатын үлкен бүркітті 100 сомға бағаланған.

Ж.Бабалықұлы мен А.Тұрдыбаевтың кітабында: «Қазақ халқы арасында ежелден бері қыран құстың белгілі бір бағасы болмаған. Даңқы шыққан қыранға қызыққа күнде оны иесінен қалайтын болған. Мұндайда халық салты бойынша тұғыр жабарына – ат, түйе және т.б. беріп, құс иесінің қолқасын салады. Содан соң сұрағанын алады», - дейді [30, 99-б.]. Қазіргі күні де құсбегілер қыран құсын сатуға қарсы (III, VI).

Сонымен, қазақ қоғамында қыран құстармен аң аулау ерекше орын алған. «Құсбегі» атанған адамдар қоғамда әлеуметтік тұрғыдан аталып, өзіндік статус иеленді. Қыран құстармен аулау әрбір әлеуметтік топ үшін өзіндік мақсатқа ие болды. Негізінен үлкен шығын мен қаражатты талап ететін бұл түр ауқаттылар үшін сейіл, серуен және демалыс түрінде орын алды. Қарапайым қазақтардың қыран құспен аң аулауы аз кездесті.

2) *Тазымен аулау немесе ит жүгірту*. Адамзат 12-15 мың жыл бұрын алғаш қолға үйреткен жануары бұл – ит [162, р. 7-21]. Сол кезеңнен бастап, адам оны аңшылықта сенімді серігіне айналдырды. Мындаған жылдар барысында иттердің бірнеше тұқымы пайда болды және халықтар олардың түріне қарай аңға қолданды. Қазақ халқы тазымен қоян, суыр, борсық, түлкі, тіпті қасқыр да аулаған. Аңшылықтың бұл тәсілі жайлы мәліметтер Я.Я. Полферов [20], И. Колачев [9], И. Колмогоров [134], И.И. Мельников [23], А.И. Добросмыслов [163], С. Мұқанов [28], А.А. Слудский [26], Ж. Бабалықұлы мен А. Тұрдыбаев [30], Б. Хинаят пен К. Исабеков [38], Н. Қызықанқызының [164] және т.б. еңбектерінде кездеседі.

Тазыны аң қағуға арнайы үйретпейді. А. Тоқтабайдың атап көрсетуі бойынша «жас тазы аңшылықта аңды өздігінен қуып үйрене бастайды [37, 4-б.]. Бұл туралы И. Колачев: «Тазысы бар кедей қазақ оны тойдырумен басын ауыртпайды. «Аштан өлмейді, өз азығын өзі тапсын» деп есептеп, күні бойына итін ауыл айналасына бос қойып, тышқан және т.б. өз азығын табуға машықтайды. Тек аңға шығардан бір күн бұрын аш қалдырады», - деп жазады [9, с. 293].

Аң аулаудың бұл тәсілі таза топографиялық жағдайға тәуелді. Тазы итпен аңға шығу таулы-қыратты жерлер емес, негізінен ашық жазықты жерлерде аулау қолайлы. Мұнда бір немесе бірнеше аңшы атпен тазылармен аңға шығады. Әрбір аңшы екі-үш тазысын алып шығуы мүмкін немесе әрқайсысы бір тазыдан алады. Егер қасқыр аулайтын болса, екі-үш тазының шамасы келмеуі мүмкін деп саналса, түлкі, қоян, борсық секілді аңдарды аулауға жеткілікті болған.

С. Шорманов та «Қасқырға қосуға иттің көп болғаны жақсы. Кем дегенде екі-үштей болуы керек», - деп жазады [62, 27-б.]. Аңшылықтың бұл тәсілі қыран құспен аулаумен ұштастыру әбден мүмкін. Мұнда тазы аңды тасадан ашық жерге қуып шығуы қажет, ал, қыран құс қиядан шүйлігіп кеп аңды қағып алады. Сонымен қатар аулаудың бұл тәсілі аңшы мен ит тарапынан асқан шыдамдылық пен ептілікті талап етеді. Мысалы, XIX ғасырдың ортасынан бастап күзен аулауда жиі қолданылған. Орман-тоғайлы жерде аңшы итімен күзеннің кездесетін жерін қориды. Ізін кескен ит үре бастағанда, аңшы дәлдеп атып үлгеруі тиіс. Күзен иттің үруіне алданып, бір орнында тұрып қалады. Міне, осы сәтті пайдаланған аңшы шамамен 30-40 м. (15-20 сажень) мүмкіндігінше жақындап келіп атқан [21, с. 80]. Ал, қамысты алқапта күзен аулау біршама күрделірек. Мұнда қаумалап аулау тәсілін қолданған. Үйретілген итпен қатар қарапайым тұқымдас төбет те құс аулауда пайдаланылды. Мұнда олар құсты ұшырып, олжаны әкелуді жүзеге асырды. Итпен аулау мылтықпен атумен қатар жүрді. Қазақтар итпен ұядағы дуадақты да аулаған. Дуадақ пен безгелдектің ұясына жақындап келіп, торуылдап жатып, құстың қырағылығы әлсіреген сәтінде итті босатып, кейде еш қарусыз-ақ алған [20, с. 121].

Тазымен түлкі аулаудың үш тәсілі И.И. Мельниковтың мақаласында келтіріледі. Автор бірінші түріне – мінгестіріп алу арқылы аулауды жатқызады. Мұнда аңшы тазыны өзімен бірге атқа мінгестіріп алып, құтқару шеңбері тәрізді бұйымға немесе домалақ, ортасы қуыс жастыққа итін қондырып, түлкіні

кездестірген жерге жақындайды. Аңды көрісімен, қатарласа шауып келіп, тазысын түсіріп жіберіп, аулайды. Екінші тәсіл – атпен түлкіні тазыға қарай қуу арқылы. И.И. Мельниковтың бұл тәсілді пайдалану туралы өз сөзін келтірер болсақ: «Ұлытау түлкісі інін таудың жоғарғы жағына қарай салады. Күнімен сонда жатса, кешке төменгі бетке түсіп, түнімен жотада жүреді. Таң сәріде қайта ініне қарай беттейді. Күнделікті бір жолмен жүріп отырған соң, ол соқпаққа айналады. Мұны жақсы білетіндіктен, 4-5 аңшы тазыларымен түлкінің ініне барар соқпақ жолға аралары 300 қадам салып торуылдап жатады. Осы сәтте төмендегі аң қағушы салт аттылар шу шығарып, атойлап, қиқулап аңды үркітеді. Мазасызданған түлкі ініне қарай асығып, қауіпті байқамай, торуылдап жатқан тазыға оңай олжа болады. Сезіп қалып, жалтарғысы келгенімен де тазының аузына ілінеді» [23, с. 25-26]. Үшіншісі – жаяу аулау. Бұл үшінші тәсіл екінші тәсілдің керісінше түрі десе де болады. Өйткені, автордың түсіндіруі бойынша: «Жаяу аңшылар түнде тау етегіне келіп торуылдап, таң сәріде түлкіні таудың төменгі бетінен тазымен қағып алады» [23, с. 26].

Қазақ тазысын сақтау және көбейту қажеттігін ХХ ғасырдың 30- жылдары А.А. Слудский: «Асыл тұқымды тазыны көбейтумен Қазақшылық бірлестігі және Қазтұтыну одағы айналысқаны жөн. Ол үшін Алма-Ата, Қызылорда және Орал облыстарында арнайы питомниктер ашу қажет. Оларды басқару үшін кинологтар шақыру керек. Сөйтіп, асыл тұқымды иттерді көбейтіп, аңшыларды қамтамасыз етсе, екіншіден, жергілікті жағдай мен аңшылық талаптарына жауап беретін жаңа түрлерін өсірсе», - деп маңыздылығын баса айтқан болатын [26, с. 24]. Өкінішке қарай, бұл іс шамамен 60 жылға шегеріліп қалды. Дегенмен, бүгінгі күні елімізде қазақы тазыны сақтау бойынша бірқатар жұмыстар атқарылуда. Оларды тіркеуге алып, күтімі бақылануда. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап, қазіргі күнгі тазы түрі қаншалықты таза, оны сақтау мен қалпына келтіру бойынша бағдарлама жасалып, халықаралық мойындату бойынша жұмыстар атқарыла бастады. Нәтижеде, тазы тұқымының стандарты жасалды; тұқымын көбейту питомниктері ашылды; тазыны ресми түрде мойындату бойынша жұмыстар атқарылды; «Тазы – ұлт игілігі және қазақ халқының мәдени мұрасының бір бөлігі» атты ұранмен насихаттау мақсатында телеарналарда бағдарламалар түсіріліп, мақалалар жарияланды [165, с. 318-320]. Алайда, оны тасымалдау мәселесі түйіні шешілмеген болып отыр. Яғни, жарыс немесе т.б. жүріс-тұрыс барысында оларды көлікпен алып жүру күрделі жағдай (VII).

Тазымен аң аулаудың қазақ үшін маңыздылығы – біріншіден, жергілікті ландшафтты ескерсек, далалық аймақта тазы жүгірту тиімді және олжалы; екіншіден, ол аса үлкен шығынды және дайындықты талап етпейді, яғни, арнайы қымбат құралдар қажет емес; үшіншіден, тазымен жеке де топтық та аулауды жүзеге асыруға болады; төртіншіден, тазы аңның терісін бұзбайды; бесіншіден, спорттық тұрғыдан машықтану.

### 3) Жасанды құралдармен.

*Мылтықпен атып алу.* Қазақтар бұл қаруды ХVII ғасырдан бастап қолдана бастаған. «Жеті қазынаның» біріне жататын мылтық атадан балаға мұра ретінде

қалдырылған. XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында қазақтар мылтықты аң аулауда кеңінен қолданған.

Мысалы, дала күзенін аулау өте күрделі болып саналған. Өйткені, дала күзені орманды және қамысты алқаптардың күзендеріне қарағанда біршама сақ, қорқау келеді және кез келген жыбырлаған жаратылыс иесінен бойын тасалауға тырысады. Ал, аңшыларды бұл күзендердің терісінің бағалырақ болуы еріксіз қызықтырады. Кәсіби аңшылар ғана біраз еңбекті талап ететін дала күзенін аулауға бел буған. Ол үшін бірнеше күн бойы торуылдап, күзен көрінген жерлерді белгілеп, қадақ қойып отырған. Содан соң таң алдында белгі қойған жеріне келіп, шөпті үйіп, соның артына жасырынады. Күн шығысымен бойын көрсетіп, күншуақта таза ауаға керіліп-созылуға шыққан күзеннің басынан атып алады. Бір оқтың дауысына басқа күзендер аса мән бере қоймай, жайбарақат қалпында қала береді. Осы сәтті пайдаланған аңшы екінші рет оқтап, тағы да нысанға алу мүмкіндігі бар.

Ақкісті көздеген аңшы итін ертіп, талтүсте құс, кесіртке немесе тышқандар көптеп кездесетін орман, қамыс алқабына не аңғарға барып, аңдиды. Аңшы қыбыр еткен қимылды бағуы тиіс. Күн батысқа қарай отыра бастағанда, шөп жыбырлап ақкіс байқалуы мүмкін. Ақкіс абайлап басып, оқтын-оқтын жан-жағын бақылап, тоқтап қозғалған сәтін аңшы пайдаланып, мылтығын оқтап, ақкістің басынан атып үлгеруі тиіс. Сәтсіз болған жағдайда, ит жетіп алады. Ақкіс аулау торуылдап аулаумен қатар жүреді. Дегенмен, ақкіс аулау қазақтар үшін тиімсіз болған. Өйткені, терісін бұзбай алу үшін оның басынан дәлдеп ату керек болды, ал бір оқтың бағасы кірісті жаппаған. Сондықтан, асқан шыдамдылықпен оқсыз аулау көптеген күш-қайрат пен уақытты талап етті, ал оған көбісі бара қоймады. Терісі 5-10 тиынға сатылған [20, с. 67].

Қос дөңгелекті арбаға шөп тиеп, соның арасына жасырыну арқылы тоғайдағы құрды аулаған. Г.И. Спасский қазақтардың білтелі мылтықпен аулауы туралы жазады [146, с. 142]. Мылтықпен аулау Я.Я. Полферовтың пікірінше, «Торғай облысында XIX ғасырдың басында пайда болған. Қазақтар ол уақытқа дейін аңға тек бүркіт және тазымен ғана шыққан. Алайда, көшпелі халықтың тұрмыс салтында өзгерістердің болуына байланысты күнкөріс үшін аң аулаудың оңай жолын және аңшылық спорт емес, кәсіпке айналды» деп пікірін білдіреді [20, с. 69-71]. Оған дейін қазақтар мылтықты негізінен әскери қақтығыс кезінде ғана пайдаланып, башқұрттардан сатып алған деп жазады.

Аңшылар құс аулауға үйретілген иттерді ғана емес, төбетті де алып шыққан. Өйткені, құс аулау үшін иттен аса ептілік талап етілген жоқ. Ол иесіне құсты үркітіп ұшырып жіберу немесе атып түсірген олжаны тауып әкелу міндеттерін атқаруы қажет еді.

Қыста ақ құрдың дауысын салып, шақырып, қолайлы ашық алаңға тары сеуіп, жемге келген ақ құрды мылтықпен атып алған. Алайда, орыс зерттеушілерінің еңбектеріне сүйенер болсақ, қазақтар ақ құрды мылтықпен сирек аулаған. Көбіне, тұзақ құру арқылы жүзеге асырған. Салт атты аңшы дуадақтың отырған жерін байқап, айналып жүріп, шеңберді тарылтып, жақындайды. Дуадақ аттыдан үрке қоймайтын және өзіне жақындататын құс



ретінде танылған. Аңшылар кейде тіпті атпен артпен жүрген, сөйтіп жақындауын байқатпаған. Оқ ататын жерге таяған бойдан атып алған. Көктем мен күзде жағалауға алдын ала шөп не қамыс үйіп қойып, кешке сол жерде торуылдап, таң ата аққу жемдеуге келгенде атып алуға да болған.

Шілдеде үйректің түлеуінің басталуымен аңшылар итпен аулаған. Жалпы, құстардың жұптасу және түлеу кезеңдерінде оларды аулау нағыз қызған сәт болған. Мұны Я.Я. Полферовпен бірге Л. Мейер де атап көрсетеді. Л. Мейер еңбегінде «қазақтар мылтықпен сирек аулайды, тазы жүгірту ерекше рахатқа бөлейтін құбылыс» дейді [131, с. 152].

*Ұрып алу арқылы.* Шоқпар, сойыл және қамшы секілді ұру құралдарымен қаруланып, атпен, қыстыгүні шанамен шығып, аңды ұрып алған. Аңның терісін бүлдірмеу үшін мүмкіндігінше тұмсығынан дәлдеп ұруға тырысқан.

Күзде жаңбыр жауып арты аязға айналғанда немесе суық түсіп алғашқы мұз қатқан сәтте қазақтар дуадақтың мекенін қоршауға алып, қамшы, шоқпармен соғып алған. Өйткені, бұл кезде әрі семіз, әрі қанаттары мұз боп қатқан дуадақтар ешқайда қашып құтыла алмайды. Қыстыгүні қар аз түскен уақытта қырғауыл қамыс арасынан шығып, жазықты жердегі бұтаның түбін паналайды. Ал, қар қалың түскен кезде қырғауылдар жылырақ әрі қары аздау қамыстың арасына кіріп кетеді. Бұл жерде оларды аулау өте қиын. Өйткені, аңшы қамыс арасында адасып кетуі ықтимал. Жаздықүндері құстың қай түрінің болсын қанаты қатпаған балапандарын жан-жақтан қоршап, ұрып алған [131, с. 154].

XX ғасырдың басында жергілікті халықтың қырғауыл, бөдене секілді құстарды қыстыгүні аяусыз ұрып алатындағы туралы архив құжаттарында кездеседі. Патша үкіметі 1915 жылғы «Аңшылық туралы ережелерінде» осы аталған құстарды ұрып алуға тыйым салу туралы шешім қабылдаған. Керісінше, қыран құстармен аулауға ғана рұқсат беру қабылданған [70, л. 3].

*Кереге құру арқылы.* Бұл тәсілде киіз үйдің керегелері қолданылады. Бұл туралы Г.С. Загряжский: «Киіз үйдің керегелерін бір-біріне мықтап байлайды. Секіре атылған жыртқыш аң үйдің ішіне құлап түспеуі үшін шаңырақ киізбен жабылған. Құрылған киіз үйдің ішінен жолбарыстың ізімен жүріп және үйді тасымалдау үшін көлденеңінен екі бақан орнатылады. Адамдар осы бақандардан ұстап, үйді жылжытып отырады. Ашулы аң киіз үйге атылған кезде ішіндегі адамдар оны найза, қылышпен қарсы алады», - деп жазады [13, с. 27]. Бұл тәсіл қазақ халқының ең бірегей, қайталанбас тәсілі ретінде белгілі. Негізінен жолбарыс аулау үшін қолданылған.

*Атқымен алу.* Бұл тәсіл Б. Кәмәлашұлының зерттеуінде келтірілген. Автор: «Аю үнемі жүретін ормандағы жол, тау қорымдағы жамжолдарға аюдың суға түсер жерлерін таңдап алып атқы құрады. Садақтың оғындай үшкір, сүңгі тәріздес түзу «садақша» жасап, жолға қарай құрып қояды. Оқтың арт жағын тиектеп, тиекке жіп тағып, оны жолға көлденең керіп қояды. Аю кеудесімен жіпті соққанда өкпе тұсына тарылтып қойған ағаш оқтың тиегі ағытылып оқ сарт ете түседі. Аң қауіпті таюға болмайтын аңшыны мерт болдыратын аңдарға атқы құру тиімді тәсіл», - деп түсіндіреді [32, 218-б.].

*Қақпан құру.* Қақпан темірден аң ұстау үшін жасалатын құрал. Оның бір не екі құлағы болады. Оның көлемі мен түріне қарай бала қақпан, қолқақпан, тісті қақпан деп аталады. Бала қақпан мен қолқақпан суыр, қоян, қарсақ, түлкі сияқты ұсақ аңдарға арналған [Қосымша Б, сурет Б3]. Ал, тісті қақпанмен ірі аңдарды (сілеусін, аю, қабылан) аулаған. Сонымен қатар, қақпан қандай аңды ұстауға арналуына байланысты сол аңның атымен аю қақпан [Қосымша Б, сурет Б1], қасқыр қақпан [Қосымша Б, сурет Б2], жолбарыс қақпан [Қосымша Б, сурет Б4] деп атала береді. Қазақы қақпанның құрылысын зерттеген Ж.Бабалықұлы мен А.Тұрдыбаев былай жіктейді: қазақ қақпандарының құрамы – бір төсек, сыптығыр және итазу қандыауыздылар, сыңар және қос серперлі, темір тиек, киіз тиектілер болады, құрғанда аң мен құстың табиғи ерекшеліктеріне қарай айналсоқ қазықты, бос шынжырлы, тұзақты (қақпанның үстіне тұзақты қоса құрады), қазықты, тоқпақты, сүйретпелі болып құралады. Әлсіз жануарларға қақпанды байлау-матаусыз-ақ бос тастай салады [30, 533-б.].

*Тұзақ құру.* Құс және ұсақ аңдарды аулауға арналған құрал. Тұзақ жылқы қылынан, тарамыстан, жібек жіптен, сонымен қатар сусымалы жіңішке сым темірден де жасалады. Қылдан дайындалған тұзақ – қылтұзақ деп аталады. Құс ұстауға арналған тұзақ аң аулауға арналған тұзақтан жасалуы басқаша болып келеді. Оны көбіне жылқы қылынан есіп дайындайды. Кейбір саят құстарын қолға түсіру үшін саятшылар тұзақтың жемтұзақ деген түрін қолданған. Аңға арналған (қоян, борсық, суыр және т.б.) тұзақты аңшылар іннің аузына басы өтетіндей дөңгелектеу етіп құрып, екінші ұшын ін шетіне қағылған қазыққа байлайды [166, 457-б.]. Тұзаққа түскен аң қылқынып өлген. Олай болмаған жағдайда ұрып алған. Кейде аңға және құсқа тұзақ аспақталып та құрылған. Оны аспа тұзақ деп атаған. Аңшы тұзақты күнде немесе күнара тексеріп отыруы қажет [166, 458-б.].

*Аңшылық тәсілдері.* Қазақтар қоршаған табиғи орта және күнделікті тұрмыс-тіршілігі ерекшеліктеріне сәйкес аң аулау тәсілдерін қалыптастырды. Табиғатпен етене өмір сүрген халқымыз аң-құстың тіршілігін бақылау арқылы оны аулаудың түрлі тәсілдерін ойлап тапты. Алдымен ертеден жер бедерінің табиғи құрылымдарын пайдаланып, әртүрлі жасанды құралдардың көмегімен аулау барысында аулау тәсілдерін жетілдірді.

1) *Өртеу арқылы.* Бұл тәсілді құрақты қамыс алқаптары маңын жайлаған халық қолданған. Ауыл қыстауға көшкен соң, егер жақын маңда тұз тағысын немесе басқа да аңдарды байқаса, құрғаған қамысты өртейді. Бүкіл ауыл болып, алқапты қоршауға алады. Ал, желдің қарсы бетіне қарай тазысымен және шоқпар, пышақ, мылтықпен қаруланған аңшылар орналасады. Бір жағынан, қалың оттан үркіп, тұншығып және көзі ашыған, екінші жағынан, алдынан аңшылардың күтіп тұрғанын біліп тұрған аң амалсыз қамыс арасынан басы айналған және есеңгіреген қалпы жүгіріп шығады. Үріккен аңды тазы бас салып, аңшылар қолындағы қаруларымен атып, ұрады, тіпті кейді кейбір қазақтар қамшымен ашық айқасқа түскен. Өртеу арқылы аулау тәсілі қаумалап аулау немесе қоршап алу тәсілімен бірге қолданылады [20, с. 28; 24, с. 31; 129, с. 45;]. Өйткені, мұнда екеуі қатар қолданылғанда ғана, мақсат орындалады.

2) *Із шалу, ізге түсу тәсілі.* Бұл тәсіл алғашқы қар түскенде – қансонарда және құмды жерде аңның түскен ізін кесу арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар аталған тәсіл салбурынның негізгі тәсілдерінің бірі деуге де болады. Салбурынға қазақ саят құстарымен (қыран бүркіт, алғыр қаршыға, айлалы сұңқар) және құмай тазыларымен аттанған. Қансонарда аңшылар қар түскенге дейін аң болуы мүмкін сай, қамысты тоғайға, орманға қарай бет алады. Аң қағушылар мен құмай тазының дауысын естіген аң жасырынған жерінен қашып шығып, ізі қарға түседі. Сонда ізшілер аңның ізіне түсіп, аңшыны дұрыс бағытқа салады. Тасадан жүгіріп шыққан аңға құсбегі баулыған құсын ұшырады. Із шалу, ізге түсу тәсілін жалғыз аңшы да қолданады. Ол өзі аң аулайтын жерінің сай-саласын, қай жерде қандай аң кезетінін жақсы білгендіктен жаңа қар түсісімен немесе құмда бірнеше күн бойы көздеген аңын аңдып, бақылап, барынша өзінің әрекетін білдірмеуге тырысып, қолайлы сәт туындауымен қолында бар қаруымен атып алады [20, с. 42]. Мұнда қыран құс, тазы, шокпар, мылтық қолданылуы мүмкін.

3) *Қысаңға қамау арқылы.* Бұл – ұжымдық аң аулау түрінде саят құсы, құмай тазысы бар аңшылар және садақшылар аң қашатын қарсы бетке тұрады. Аң қағушылар аңның інін немесе оның жүретін жерін тінте сүзіп, қолайлы жерде күтіп тұрған аңшыларға қарай қуады. Егер жазықты жер болса, аңшылар мақсатына жетуі үшін желдің бағытын ескеруге тырысқан. Себебі, аңшылар желдің бағытымен тұрса, иісін сезген аң қауіптен қашып құтылуы мүмкін. Сондықтан желдің қарсы бетіне орналасқан. Ал, таулы аймақта қағушылар қуған аң жалтармауы үшін тосқауылшылар оларды қайтарып отырған. Осы кезде жоғарыдан бақылап тұрған тұғыршылар қыран құсты ұшырған, не садақпен, кейінірек мылтықпен атып алған. Аталған тәсілмен күздігүні түлкі аулау біраз еңбекті талап етсе, қыстыгүні түлкі інінен ұсақ жануарларды аулап, жемтік іздеп ұзап шығуына байланысты оны аулау жеңілдеу болған. Дуадақ аулауда да бұл тәсіл сәтті болған. Қағушылар дуадақты қысып, артынан оқ ататын қашықтыққа жеткенде аңшылар нысанға алған [20, с. 40]. Бұл тәсілдің ерекшелігі – әдейілеп торуылдап күтіп отырған аңшыларға қарай аң қағушылар олжаны қуады.

Көшпелі халықтардың әскери өнерін зерттеуші А.К. Кушкумбаев бұл тәсілді қарастыру барысында қасқырлардың тыбанға шабуылын қазақ барымтасымен байланыстырады [53, с. 50].

4) *Торуылдап аулау.* Аңшы бұл тәсілді түлкі, құлан және т.б. аңдарды аулауда пайдаланған. Мысалы, түлкі аулауда жемтікті оның жүретін жерлеріне тастап, өзі ор қазып тазысымен бірге жасырынып жатады. Алданған түлкі енді етті бас салған кезде, атып шығып, ұзатпай қағып алған. Я.Я. Полферов: «Егер аңшы құланды қуып жете алмайтынын және де топографиялық жағдайдың қолайсыздығын байқаса, торуылдап аулауға тырысқан. Ол үшін қазақтар құланның суатқа соқпақты өзгертпей, бір ғана жолмен келетінін білгендіктен «құлан жолын» тауып, оның бойына арақашықтығы 100 қадам шамасында ағаштың бұтақтарын үйіп, арасына жасырынады. Жоғарыда бірнеше адам қалып, үйірдің жақындағаны жайлы шартты белгі береді. Өзен ортасына соңғы құлан түскен кезде, белгі бойынша жасырынған аңшылар атып шығып ата бастайды»

[20, с. 59]. Елік аулауда торуылдап аулаудың басқаша түрі қолданылады. Аңшы елік үйірінің жайылым бағытын аңғарып, алдына шығып, жасырынып жатады. Шалғынға келіп, жайыла бастаған соң мылтықпен біреуін атып түсіреді. Бір дыбыс естіген еліктер топтасып алады. Алайда, одан әрі қарай тыныш болған соң, әрі қарай-қайта жайыла береді. Осы сәтте аңшы екінші елікті нысанға алады. Екінші дыбыстан соң еліктер қаша жөнеледі. Егер аңшы жалғыз болмай, тағы да аңшылар және ит болса, аулау әлі де жалғасады. Орман және өзен-көл маңында ақкіс аулауда шөпті үйіп, бүркемеленіп күтеді. Түсте күзендер ағаштың бұтағына шығып, ойнаған сәтінде 3-4 сағаттың ішінде әрбір аңшы 10-15 данасын олжалаған. Қазақтар өзен-көлдердің жағалауында немесе олардың ортасындағы аралдарда қамыс немесе талдан арнайы торуылдар құрып, құстар қонған кезде тасадан атып та алған. Наурыз айының аяғы-сәуір айының басында құрдың ойнағы, яғни жұптасу кезеңі басталады. Таң қызарып атып, күн көкжиекке батқан шақта құрлардың жұптасу сәтін аңшылар торуылдап отырып, нысанға алған. Дәл осы тәсілмен меңіреу құр да ауланған.

Күзге қарай аңшылар өзен-көлдің құм қайраңын қонақтаған үйректі торуылдап, олардың көгал немесе егістік алқапқа жемге келген шағында аулаған. Кейде ашық алаңға тары сеуіп те күткен. Бұл тәсіл де мылтықпен атып алу арқылы жүзеге асқан. Үріккен үйректер жемнен ұшқанымен, құм қайрандағы торуылдаған аңшыларға тап болған.

5) *Түтін салу*. Аңның інінің барлық шығу жолдарын бітеп, негізгі бір жолын ғана таспен қалап, түтіндетеді. Түтін салуға жирен, жусан, бұта, көк тезек, көкбопай секілді өсімдіктер қолданылады. Мұндай өсімдік тектестер жоқ жерде атқа салатын ішпек, ескі тоқымды өртеп пайдаланады [32, 204-б.]. Түтінге уланып, көзі ашып, ауа жетпеген аң басы айналып, іннен шығу жолын іздейді. Алайда, барлық жолдардың жабықтығынан от жанып, түтіндеген жерден ғана жарық саңылауын көрген аң сонда ұмтылады. Дегенмен, шыға алмай, түтінге тұншығып шыға берісте өледі. Аңшы бір жерде саңылау қалдырып, жарық көрсетуі оның шеберлігін білдіреді. Яғни, аң іннің түбінде емес, сыртқа шығу үшін талпынып, шыға беріске келіп өліп, оны оңай олжалауға мүмкіндік береді. Аталған тәсілмен жаздыгүні түлкінің баласы – жәудірді, қасқырдың бөлтіріктерін, қарсақты аулау үшін да қолданған. Ол үшін жоғарыда көрсетілген барлық әрекеттер жасалады, бірақ сыртқа шығаберіс жалғыз бір жол толығымен ашық қалдырылып, басқа жағынан түтіндетеді. Аңшылар түлкінің жолына ор қазып қояды. Иісті сезген түлкі дереу балаларын іннен шығарып, қауіпсіз жерге көшіруге тырысады. Осы тұста аңшыларды байқаған анасы жазыққа қаша жөнеледі. Ал, жәудірлері еріксіз қазылған орға түсіп, тірідей аңшылардың олжасына айналады. Ал, борсық ауларда оның інінен шығатын барлық жол бітеліп, тек бір-біріне қарама-қарсы екеуі ғана ашық қалдырылып, қи мен шөпті тұтатып, іннің ішіне қарай түтіндетеді. Түтінге жартылай уланып, інінен атып шыққан борсықты аңшылар итімен күтіп алады [20, с. 43; 73; 76]. Бұл тәсілмен суыр да, күзен де ауланады, бірақ аса қажырлы еңбекті қажет еткендіктен, кең таралмаған.

6. *Қаумалап аулау немесе қоршап алу, абалау арқылы.* Бұл тәсілмен барлық тұяқты және жыртқыш аңдарды аулаған. Мысалы, күздігүні солтүстіктен оңтүстікке қоныс аударатын қарсақтар жыл сайын миграция бағытын еш өзгертпей, бір жолмен көшкен. Мұны жақсы меңгерген халық олардың қоныс аудару уақытында жол бойына топ-топпен жағалай орналасып, қарсақ үйірі орта тұсына жақындаған кезде иттерін босатып, атпен көшін тік бағытта қуа жөнеледі. Ит қуып жетіп, қағып алады. Кейде аңшылықтың олжалы болуы қарсақ бағытында дала суырының індерінің болуына да байланысты. Суырдың інін көрген қарсақ лезде оған кіріп, жан сауғалауға тырысады. Егер ін кең болса, бірнеше қарсақ сыйып кетеді, егер тар болса, біреуі ғана құтылып, қалғанының тұмсығы ғана тығылып, денесі жер бетінде қадалған күйінде қалып жатады. Мұндай қарсақтар әрине аңшының оңай олжасы [20, с. 48].

Аңшылар елік аулауда да қаумалауды жиі қолданған. Ол үшін елік үйірі жайылып жүрген жерді айнала қоршап, жақындай береді. Салт атты аңшылардың бір-бірінен арақашықтығы 200 қадам шамасында болады. Адам еліктерге әбден жақындағанда бірнеше қағушы үйірге қарай шаба жөнеледі. Мұны көрген еліктер алғашында абдырап, топтасып жиналып қалады. Осы кезде аңшылар тазыларын босатады, ал үйір бірнеше кішігірім топтарға бөлініп, шашырап кетеді. Сөйтіп, қай жағынан болса да, не аңшы, не тазының қақпанына түседі. Қамысты алқапты мекендейтін күзендерді осы тәсілмен аулау аңшылар үшін өте күрделі болды. Күзенді қаумалап аулауда аңшылар екі топқа бөлінеді: біріншісі – қайыққа мінсе, екіншісі – қамыстың айналасында жарты шеңбер құрып тұрады. Содан соң жел жақ беткейдегі қамысқа өрт қойылады [6, с. 81].

Қазақ аңшылары қабанды да қаумалап аулау тәсілімен аулаған. Жалпы, қазақ мұсылман болғандықтан, оның етін жемеген және де аулау соншылықты кеңінен таралмаған. Дегенмен, Я.Я. Полферов: «қабанның азу тісінен пышақтың сабын жасаған», - деп атап көрсетеді [20, с. 69]. XIX ғасырда қазақ жеріне орыстардың қоныстануымен қабан аулау таралады. Қабанның інін айқындап алған соң, олардың ініне кіргенін аңдып отырып, қамысқа айналдыра от қойған. Иісті сезген қабан қамыстың ортасында шалшыққа барып тығылады. Аңшылар өртенген қамыстың қабанға жақындағанын күтеді. Содан соң қағушылармен алға жылжып, қабан шығатын саңылау қалдырады. От пен шудан қашқан қабанды алдыңғы жақта аңшылар күтіп алған. Ащы түтінге уыттанған жануарлар қамыс арасынан атып шығып, суға қарай бет алғаны қайықтағы аңшыларға, ал жазыққа қарай беттегені ит пен торуылдаған аңшыларға тап болады.

7. *Айналдыра қуып аулау (салт атпен).* Бұл тәсілді аңшылар құлан аулау барысында қолданған [20, с. 57]. Белгілі ғалым А.У. Тоқтабай бұл тәсілді былай сипаттайды: «Көшпелі қазақ аңшылары ең жүйрік арғымақ мініп, мылтықпен қаруланып, таң алдында күн шыға құландар табыны жайылатын тау бөктерлеріне дыбыс білдірмей жақындап келеді. Тау етегіне келгенде аңшылар бірнеше топқа бөлініп, у-шусыз басына шығуға тырысады. Аңдардың тау түкпірлеріне тығылуына жол бермей, қашқан құландарды қуу үшін аттары кең көсіле шаба алатындай жазық далаға иіріп, қаумалап қоршап, көздеп ату басты

мақсат» [36, 22-б.]. Аңшылар құлан үйірі жайылатын жердің биіктеу белестеріне бірнеше топқа бөлініп, орналасып алады. Аңшылардың міндеті – құлан үйірін жоталарға жібермей, жазыққа қуу. Кеңістік атпен қууға да, көздеп атуға да мол мүмкіндік беретінін пайдалануға тырысады. Содан соң үйірге қарай шауып бара жатқанда, жол-жөнекей бір-біреуден торуылдап отырған аңшылар қосылып отырады. Үйірге жақындай келе, үзілген шынжыр тәріздес жарты ай сапын құрады. Құландар жотаға қарай бет алғанымен, жол бойын торуылдаған аңшылар тобы жазыққа айдайды. Амалсыз үйір арғымақ құланның соңынан шаба жөнеледі. Өкінішке қарай, үйірдегі құлындар қалып бара жатқан соң, ежелері мен үйір шабысын бәсеңдетеді. Біраз қуғыннан кейін үйір еріксіз бірнеше топтарға бөлініп кетеді. Осыны күткен аңшылар да алдын-ала келісілген ұйғарыммен бөлініп, ізге түседі. Егер де құланның бөлінген бір тобында тек ежелері мен құлындары болса, олардың барлығын атып алған жайттар болған. Кей жағдайда үйірге жақындаған аңшы тисе де, тимесе де құланды мылтықпен атқан. Атылған оқты естіген сақ құлан дауыс шыққан жаққа қарап, жан-жағын байқауға тырысып, абдырап тұрғанда аңшы бірнешеуін қатар атып ала алған. Бұл тәсілді Р.А. Бекназаров «қаумалап аулаудың бір түрі» ретінде тұжырымдайды [54, с. 371].

8. *Арбау арқылы аулау.* Бұл тәсіл Я.Я. Полферовтың «Охота в Тургайской области» атты еңбегінде келтіріліп, автордың мәліметіне сүйенсек: «Арал өңірінің аңшылары Шығыс Сібір халықтарында кездесетін тәсілді қолдана бастаған» [20, с. 60]. Аңшы құланның түсіне ұқсас құла немесе сары жирен атын мініп, құлан үйіріне жақындап келіп атуға тырысқан. Келесі бір жолы – бұл құланға түсі жақын биені арбаушы ретінде пайдалану. Аңшы жылқыны үйірдің жанына биіктеу жерге апарып, құйрығын байлап, шалғынға жайылуға босатып жібереді. Үйір құландарының бірі өз тұқымының биесі деп қабылдап, жанына жақындап барып, түсінбей аңтарылып тұрып қалған сәтте аңшы көздеп атып алған. Аталған тәсіл эвенк, якут және нгасан секілді бұғы шаруашылығымен айналысатын Сібір халықтарында «бұғы-арбаушы» тәсілі ретінде қолданылған. Мысалы, бұғыны аулау барысында бұл халықтар жабайы бұғыға ұқсайтын үй бұғысын жіберу арқылы немесе аңшының өзі бұғыша киініп үйірге жақындап барып аулаған. Жабайы бұғыны арбау арқылы аулау тәсілі В.И. Дьяченконың мақаласында былай сипатталады: «Бірінші жағдайда, үй бұғысын үйірдің шетіне апарып қосып, оның жанына жақындап барған бұғыны атып алуға тырысқан. Қожайыны ол бұғының сол жақ мүйізіне арқан байлап, оны басып кетпеуге және оған өз бұйрықтарын үйреткен. Әбден жаттықтырған соң жабайы үйірге кірген үй жануары иесін бауырында жасырып апарып, жабайы бұғыны соғып алуға мүмкіндік берген» [167, с. 693-701]. Міне, осы тәсілді Я.Я. Полферовтың мәліметіне сүйенер болсақ [20, с. 60], Арал өңірі қазақтары қолданған болса керек.

9. *Мұз ою арқылы.* Бұл тәсіл тек қыстыгүні ақкіс аулауда қолданылғаны туралы мәлімет кездеседі [20, с. 84]. Өйткені, ақкіс қыстыгүні азықтың түрі көп болуы себепті қамысты өзен және көл алқаптарын мекендеген. Өзен, көлде мұз қатқан кезде мұзды 35×45 см көлемінде қалыңдығы 15-20 см етіп мұзды ойып,

ойылған мұзды талдың бұтағынан жасалған қазықпен тіреп, төменгі жағына шикі етті жемтікке қояды. Азық іздеген ақкіс етті алмақшы болғанда, қазық мұзда сырғанап, мұз оның басын басып қалуы тиіс. Әрине, мұндай әдісті шеберлікпен орнату маңызды. Дұрыс орнатылмаған жағдайда ақкіс құтылып не тұмсығын ғана жаралап, құтылып кеткен кездер көп болған [20, с. 84].

*10. Арық қазу арқылы.* Құстар мекендейтін өзен-көлдер маңында біршама құрғақ және биіктеу жерде тереңдігі 0,7-1,05 метр, ені 1,05-1,4 метр және ұзындығы 1,4-2,1 метр арық қазылып, оның үстін шыммен жабады. Шым арықтың шетіне жеткізіліп, көтеріліп жабылып, бастырма қалпын құрайды. Арыққа аңшы бар қаруымен орналасып, олжасын күтеді. Алайда, аталған тәсіл ерекше шыдамдылықты талап етеді, оның үстіне ызғар жерде отыруды қоса есептегенде тиімсіз болып саналды. Арық қазып аулау тәсілі шапшаңдықты, сонымен қатар мылтықпен қарулануды талап еткен соң аз қолданылды. Оның үстіне су тасып, айналаның батпаққа айналуы да бұл тәсілмен аулауды қиындатқан. Аталған тәсілмен үйрек, қаз, дуадақ тәрізді ауланған [20, с. 91].

*11. Қайықпен аулау.* Өзен, көлде екі аңшы және ескекші қайықты ағаш бұтақтарымен немесе қамыспен бүркемелеп, көздеген құстарға қарай жүзеді. Құстар алғашында бөгде затты көріп, топтасып, тынышсызданғанмен, ағаш екеніне көз жеткізген соң қайта таралып, айдын бетінде тіршілігін жалғастыра береді. Қайықпен ақырындап құстардың ортасына кіріп, мылтықпен атып түсірген. Мылтықтың дауысын естіген құстар алғашында шулап жоғары қарай бір ұшып, содан соң қауіпті ешнәрсе байқамаған соң қайта қонады. Осындай жолмен бірнеше үйректі атып алу мүмкіндігі болған. Мұндай тәсілмен үйректі көптеп аулаған, ал қаз және т.б. құстар өте сақ болып, керісінше кез келген бөтен дүниеге күдікпен қараған. Үйректің жұмыртқалау және түлеу сәтінде де қайықпен жақындап келіп, мылтықпен атып және ұрып алған [20, с. 93].

*12. Бұлғап шақыру және ысқырық арқылы.* Бұлғап шақыру әдісін аңшылар суыр, күзен секілді тышқан тұқымдас аңдарды аулауда пайдаланған. Ол үшін түлкі немесе қарсақтың құйрығын алып, одан бұлғауыш жасап, шақырған. «Бұлғауыш сабына бүлдірге тағады. Суырлар бұлғауышты түлкі, қасқыр, қарсақты көргендей болып өре түрегеліп, айбат шегіп, артқы екі аяғымен жер тіреп қояды. Аңшы қасқырға ұқсап ақсұр киініп, басына түлкі құйрығынан бұлғауыш істеп, қолына мылтығын ұстай, бүкшендеп суырға таяйды. Суыр аңқиып, ін аузынла тұра береді. Бұлғауыштың үлкен болғаны жақсы. Бұл оның денесін көрсетпей тұрады. Алданған аң жақындап келгенде атып немесе ұрып алған. Аңшы суырдың көзі бадырайып көрінген жерден қарауылды құлақ шекенің түбінен қадайды [20, с. 109].

Қойдың жұқа сүйектерінен (әдетте қозының сирақ сүйектерінен) шағын сыбызғы жасаған. Оның бір басына түп жағы кеңірек кішігірім былғары дорба бекітеді. Бұл – сырнайдың үрлеуішіне ұқсайтын шеңбер пішіндес дорба, ал, қатпарларының арақашықтығы 0,5-1,0 см. Мұндай сыбызғыны ауызбен үрлеудің де қажеті жоқ, былғары үрлеуішті қолмен сығымдап дыбыс шығаруға болады. «Кейбір аңшылар құстардың (құрдың, үйректің, кекіліктің, бөдененің) сайрағаны мен сұңқылын айнытпай келтіруге машықтанғаны соншалық,

үрлеуішпен дыбыстағанда, алыстан сыбызғы мен құстың үнін ажырату қиынға соғады» [20, с.110]. Біз Я.Я. Полферовтың сипаттауымен сыбызғының реконструкциясын жасауға тырыстық (Қосымша Б, сурет Б11). Алайда, мұндай жетілдірілген сыбызғылар кең таралмаған, көбісі үрлеуіші жоқ сыбызғылар пайдаланып, дыбысты ауызбен үрлеп шығарған. Аңшы сүрлеу жолдан тысқары бір ағаштың түбінен ыңғайлы орын тауып, беліне байлаған сыбызғысын алып, құрдың сұңқылын салып шақыра бастайды. Көп ұзамай құрдың аналығының ақырын дыбыстап жауап қатқаны естіледі және бұталардың бастары сәл толқығанын байқауға болады. Бұл құрдың үйірінің жақындап келе жатқанының белгісі. Шақырушы алыстап бара жатқан секілденіп, сыбызғының дыбысы сирей түсіп, талықсып естіледі, аналық құр дауысты қуып жетуге асығып, аңшының тура алдынан шығады. Торуылдап, мылтығын кезеніп отырған аңшы құстың төбесін көре салысымен шүріппені басады. Аналыққа ілесіп келе жатқан үйір алғашқы сәтте үркіп топталып қалады. Негізінен екі сазды дыбыс шығарылады: біреуі – жас және аналық құрларды шақыратын нәзік дыбыс болса, екіншісі – балапандарын шақыратын жуан дыбыс. Екінші дыбыс күзде балапандарды аулау барысында дыбысталған. Сонымен, утилитарлық міндет атқарған десе де болады. Аталған аспап көмегімен аулау басқа да халықтарда кездеседі. Ол халықтарда *манок* деп аталады. Түсіндірме сөздікте «манок – әртүрлі аңдар мен құстарды аңшының арбап алуы үшін қолданған ысқырық, сыбызғы» деп келтірілген [168]. Аңшылар ысқырық немесе сыбызғысыз-ақ әртүрлі дыбыстар шығаруға машықтанған. Мысалы, тышқанның шиқылдаған дыбысын шығарып, жүгіріп келген түлкі немесе қарсақты атып алған.

13. *Ұлып атып алу*. Бұл әдіс жайлы қазіргі күнгі аңшылар да естігендері жайлы, алайда ешқайсысы қолданбағаны туралы хабарлады (III, VIII). Қазақтың аңшылық тәсілдерін терең зерттеген Б. Кәмәлашұлы: «Тәжірибелі, көп жыл қасқыр ұстаған аңшылар қасқырдың дауысына салып ұли алады. Олардың құлағына бөрі даусы әбден қанық болған қалыптасып қалған аңшылар. Қасқыр жүретін түзге аңшы жеке қалып, қасқырша ұлиды. Иен даладан шыққан соны дауысқа бөрілер ұли жауап беріп жедел жетеді. Көбінде күшік, жас қасқырлар тез келгіш болады. Олар аталақтап, аласұрып жетіп келеді. Сол кезде аңшы атып алады» [32, 21-б.]. Аңшылар қасқырша ұлып аңның дыбысын шығарып назарын аударуға тырысқан. Дыбысқа алаңдаған аң үйірінен бөлініп шығып тұрып қалған немесе жақындаған сәтінде атып алған. Мысалы, Сібірдегі эвенк халықтары бұғы аулауда бұғы аталығының даусын шығару үшін қайыңның қабығынан жасалған аспап – *оревун* қолданған [167, с. 205]. Дыбысқа алданып, үйірінен бөлініп шыққан бұғыны аңшы атып алған.

14. *Аран*. Тау шатқалдарында және табиғи тар жерлерде тас пен ағаштан қоршаулар жасалып, олардың жан-жағына кірген аң шегініп шығып кетпеу үшін өткір істік қадалар орнатылады. Аңшылар үркітіп, қаумалап осы аранға қарай қуып кіргізгенде, аң сасқалақтап қозғала алмай қадаларға түйреліп тұрып қалады. Осы сәтте оны оңай соғып алған [170, 239-б.]. Аталмыш тәсіл жайлы А.И. Левшин [8, с. 384-385], Л. Мейер [131, с. 153], Я.Я. Полферовтың [21, с. 154] еңбектерінде кездеседі. Мұздың бетіне қысқа қамысты істіктеп қадап



орналастырып қоянды да соғып алған. «Қоянды қамыс өлтіреді» деген сөзі осыдан қалған болуы мүмкін. Аранды пайдалану арқылы қазақ аңды көптеп алу мүмкіндігіне ие болған. «Араны ашылған» немесе «араны үлкен» деген тіркестер қомағай, тойымсыз, ашқарақ адамдарға қатысты қалыптасқан [170, 239-б.].

16. *Індету*. Аңшылық барысында немесе кездейсоқ кездескен аңды әдейілеп інге кіргізген соң соғып алу тәсілі. Мұны індету деп атайды. Аңның артынан інге сүңгітін тазылар да кездескен. Індеткен аңды шығарудың жолдары көп: түтін салу, су құю, қазып алу. Бірақ, дәстүрлі сенім бойынша, інді талқандап қазуға тыйым салынған. Қазіргі күнгі аңшылар да «Інді қазған күнәға батып алады» деген сөзді ұстанады [VII, XIX].

17. *Мойын қатыру арқылы*. Бұл тәсіл Б.Кәмәлашұлының зерттеуінде келтірілген: «Аңды қуғанда үнемі бір жағын алып қуады. Қашқан аң артынан түсіп, қуып келе жатқан аңшыдан құтылу үшін оның қимылын бақылап, соған сай құтылу айласын ойлап қашады. Жер жазық болып қашқан аң үнемі бір жағына қарай мойын бұрып, артына қарай қашса, мойны сіресеп, келесі жаққа бұрылмай дағдыланып қалады. Сол сәтте аңшы келесі жағына дереу шұғыл ауысып аңды соғып алады. Мұны «мойын қатыру» деп атайды. Бұл «әдіс көбіне қасқыр, түлкі аулауда қолданылады», - дейді [32, 209-б.].

18. *Мұз қатыру арқылы*. «Бұл әдіс жер жазық қыс айларында іске асырылатын тәсіл», - деп сипаттай келе, Б. Кәмәлашұлы: «Қасқырды аулаудың бұл әдісі қыстың сары шұнақ аязында жемге бөккен бөрілерді күні бойы дамылсыз қуып, терлетіп, денесіне «мұз моншақ қатырады». Белгілі жерге дейін қуып келіп, келесі күні денесіндегі мұз ерімей саудырлаты қуады. Мұз бөгет жасап, аң қаша алмай, соғылады. Мұз қатыру әдісі қасқыр аулау ауыл арасында күні бүгінге дейін қолданылады», - деп аяқтайды [32, 210-б.].

19. *Арқанмен шалмалау арқылы*. Қайыс арқанның бас жағынан құлаш астам өріп қояды. Өрменің басынан алақан шығарып бүлдірге жасап, арқаннан шалма жасайды. Аңшылар сыптығыр қайыс арқанды аңға әзірлеп, оны үнемі ердің астына салып немесе ұанжығалап, кейде мойындарына салып, алып жүреді. Тобымен кезігетін жиренді, тауешкінің лағы, арқардың қозықасын ұрымтал жерден шалмалап ұстап алатын болған. Бүркітті тар шатқал ішінен сасқалақтаптып ұстағанда да шалма пайдаланылады [32, 213-б.].

20. *Улау арқылы аулау*. Қазақтар улы шөптерден арнайы у жасап, сол арқылы аулаған. Себебі, біріншіден, өте қолайлы, көп күшті және уақытты талап етпейтін шығынсыз тәсіл. Екіншіден, терісі бұзылмай, бүтін күйінде сақталып, қазақ үшін пайда көзін құраған. Мысалы, Я.Я. Полферовтың келтіруінше: «Аңшы – қазақ улап аулаған түз тағысының терісін сатумен қатар, патша әкімшілігінен 1 сом 50 тиын көлемінде сыйақы алған» [20, с. 33]. Аңшы жемтік ретінде пайдаланған аңның немесе өлген малдың терісін алдымен сыпырып алып, содан кейін мойны, арқасы және құйрығын кішігірім тіліп, сол тіліктерге уды салған. Одан соң терісін қайта кигізіп, қасқыр жүретін ну қамыс арасы, орман-тоғай маңына, төбе және т.б. жерлерге қалдырып кеткен. Осылай жасалған жемтікке бөрінің түсу мүмкіндігі жоғары деп есептелген. Өйткені, жай

етке у салып тастап кеткен жағдайда оны құстар та шоқып немесе басқа ұсақ аңдар жеп, уланып қалған.

Кейде тіпті құстың шоқып тастауынан у шашылып қалып, аңға әсер етпеген жағдайлар да болған. Уды жеген аң ұзап кетіп, оны не таппай қалған не ит-құсқа жем болған жағдайлар орын алған сәттер де болған. Сол себепті аңшылар өлексенің жанынан ор қазып, кейде тазысын жанына алып, үстін шөппен бастырып, торуылдап да отырған. Улы етті жеген аң алғашқы әсер етісімен, ол сұлап түседі. Осы кезде қалғандары бір қауіптің барын сезіп қаша жөнеледі. Алайда, барлығы да умен уланғандықтан бастары айналып, ұзап та кете алмай, тазының шабуылына ұшырайды. Аңшы еш қиындықсыз, аса күш пен шығынсыз бір тазымен 3-4 аңды аулаған және кейде аңшылардың удың күші толық енбегендіктен таланған кездері де болған.

Жоғарыда аталған екінші себепке тоқталатын болсақ, XIX ғасырдың ортасынан бастап патша үкіметі қазақтарға уды жеңілдікпен таратып беруімен, аңның ішінде қасқырды аталған тәсілмен аулау кеңінен қолданыла бастаған. Бұл жағдайды Я.Я. Полферов: «Патшалықтың көшпелі халықтың тұрмысы мен экономикалық жағдайын қамтамасыз етуіне байланысты», - болды деп түсіндіреді [20, с. 38]. Әрбір аулаған қасқырға 1 сом 50 тиыннан сыйақы алған қазақ, пайда үшін түз тағысын есепсіз қыра бастаған. Қасқырдың терісіне сұраныс өскен және бұрынғыдай қазақ арзан бағаға сатпаған. Мысалы, күзде атып алған терісі 2,5-3 сомды құраса, қыста атып алған аң терісі 3-3,5 сомға бағаланған. Тіпті, кейбір әкімшілік қызметкерлерінің өздері болашақта бұл аң түрінің мүлдем азайып, тіпті қауіп төндірмейтіндей жағдайға келеді деп те есептеген. Нәтижеде, көп уақыт өтпей-ақ патшалық үкімет далалық облыстарда аң аулау туралы заң қабылдау мен аңшы куәліктерін бекітуге алып келді. Мысалы, 1892 жылғы Далалық облыстарда аң аулау ережелерін бекіту туралы Ережеге сәйкес 19-бапта: «Жыртқыш аңдар мен құстарды улаудан басқа кез келген тәсілмен жыл бойына аулау рұқсат», - деп көрсетілген [71, л. 3]. Ал, XX ғасырдың басында Түркістан генерал-губернаторлығында құрылған Ташкент аңшылық қоғамы 1915 жылдың 1 сәуірінде «Түркістан генерал-губернаторлығы қабылдаған мемлекеттік жерлерде аң аулау туралы Ереже» атты аң аулау туралы заң қабылдаған. Аталған заңның 9-бабында әлі де болса улау арқылы аулаудың бары және оған тыйым салу туралы айтылған [70, л. 3].

Қазақтар күзенді де улау арқылы аулаған. XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақстанда күзен аулау аз кездескен. Алайда, орыстар тарапынан сұраныстың өсуіне байланысты аулау күшейген. Керісінше күзенді умен аулау көп шығынды талап еткен: біріншіден, күзен өлексеге аса қызықпаған, яғни улаған жемтікке жақындамайды; екіншіден, уланған күзен інге кіріп кететіндіктен оны табуға деген үміт болмады. Осы себептерден, күзенді улау тиімсіз еді. XIX ғасырдың аяғында орыс шаруаларының көптеп қоныстануы нәтижесінде қазақтар тамыры улы, мәңгі көгеріп тұратын тропиктік ағаштан (ор. чилибуха) жасалған уды пайдалана бастаған. М.-С.К.Бабажанов Бөкей Ордасы қазақтарының қыста немесе күзде қой немесе басқа түліктің бірінің етін улап, қасқыр жүретін жерге қалдырып, аулайтыны туралы мәлімдейді [7, с. 62].

Биқұмар Кәмәлашұлының зерттеулеріне сүйенетін болсақ: «Қазақтар умен аулау үшін аңшының қырағылығы қажет. Уды салу үшін «ұн құмалақ» істеген. Ұнға уды араластырып домалақтайды. Осылай істелген ұн құмалақты өлексенің қалың еті арасына, көбіне сан еттері арасына тіліп, құмалақты орналастырады. «Ұн құмалақ» удан адасып қалмас үшін құмалаққа жіп тағып қояды. Құстың кішкентай елеусіз қауырсыны арқылы удың орналасқан тұсын белгілейді. У қолданған кезде аңшы өзінің тыныс мүшелерін мұқият тұмшалап алады. Бұл өзі улап қалудан сақтануы. Уды ін аузына шешу, жемге ашық шашу да әдістері болады. Умен ашық жұмыс істеу қауіпті. У арқылы қасқырларды тобымен қыруға болады» [32, 212-б.] .

21. *Ор қазу тәсілі.* Аңшылар ор қазу тәсілін әртүрлі аңдарды аулауда әрқалай қолданған. Мысалы, құлан ауларда олардың үнемі су ішетін суаттар мен өзен бойына ор қазып, сол жерде күтіп отырған. Өйткені, құландар айнымай бір жолмен жүріп, өздігінше жол жасаған. Осына білген аңшылар «құлан жол» аталып кеткен жолды торуылдап, ор қазып, күткен. «Табиғатынан сақ құлан жан-жағын барлап, үрейлене оскырынып, дауыстап ауаны бір жұтып алады. Осы сәтті аңшылар «таңдану» деп атайды. Бірнеше рет «таңданған» құлан су ішуге кіріседі. Қолайлы сәтті торуылдап отырған аңшылар артынан атып шығып, оларды ата бастайды», - деп Я.Я. Полферов ерекше әсерлі сипаттайды [20, с. 59]. Бұл аулаудың нәтижесі соқпақ жолдағыдай аяқталады. Бұл тәсілмен киік, елік те ауланған. Елік – үркек жануар. Орға түспегені өзенге бас салады. Бірақ шаршап судан қайта шыққанда аңшылардың нысанына ілігеді. Жалпы, орды аңшылар аулайтын аңның дене пішініне қарай қазып, бетін шөппен жапқан.

22. *Кереге құру арқылы.* Киіз үйдің керегелерін бір-біріне мықтап байлайды. Секіре атылған жыртқыш аң үйдің ішіне құлап түспеуі үшін шаңырақ киізбен жабылған. Құрылған киіз үйдің ішінен жолбарыстың ізімен жүріп және үйді тасымалдау үшін көлденеңінен екі бақан орнатылады. Адамдар осы бақандардан ұстап, үйді жылжытып отырады. Ашулы аң киіз үйге атылған кезде ішіндегі адамдар оны найза, қылышпен қарсы алады [13, с. 27-32]. Бұл тәсіл қазақ халқының ең бірегей, қайталанбас тәсілі ретінде белгілі. Жолбарыс аулау үшін қолданылған.

Сонымен, қазақ халқы аулайтын аңының жайылымдағы, миграциясы, қашқан сәтіндегі, жанында басқа жануарлардың және адамның болуы кезіндегі мінез-құлқын терең меңгеріп, аңшылықтың алуан түрлі тәсілдерін қалыптастырды. Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығының әдіс-тәсілдері жеке дара қолданылуы кемде кем. Көбіне, бірнеше тәсіл астасып, қатар қолданылған. Мысалы, торуылдап аулау мылтықпен атып алу немесе қақпан құру арқылы. Сол сияқты із кесу тор немесе қақпан құрумен бірге жүрді.

Аңшылар тиімді аулау тәсілдерін естісімен оларды үнемі жаңартып отырды және қажет болған жағдайда жаңа саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға икемделіп бейімделіп отырды. Сонымен қатар, қазақ аңшыларының басқа халықтардың діні, мәдениеті және ұлтына қарамай олардың аулау тәсілдерін меңгеруі ол тәсілдердің тиімді екенін мойындауын білдіреді.

## 2.3 Аң ресурстарына қарай аңшылық түрлері және аңшылықтың құрал-жабдықтары

**Аң ресурстарына қарай аңшылық түрлері.** Біз жоғарыда аңшылық типологиясын жасау барысында аң ресурстарына байланысты аңшылық түрлерін: жыртқыш аңдарды аулау; қоңыр аңдарды аулау және құстарды аулау деп негіздеген болатынбыз. Сәйкесінше осы тараушада аталған түрлерге тоқталып өтуге тырысамыз.

### 1. Жыртқыш аңдарды аулау.

**Жолбарыс аулау** – ең қауіпті, асқан шеберлік пен шапшаңдықты талап ететін аңшылықтың түрі. Жолбарыс – сүтқоректі мысық тұқымдас жыртқыш аң. Қазақстанды мекендеген жолбарыс түрі – ғылыми тілде «Тұран жолбарысы», басқаша «Каспий жолбарысы» деп те аталады. Жолбарыс еліміздің Сырдария өзені мен Арал теңізі маңы, Шу өзенінің төменгі ағысы, Балқаш көлі мен Іле өзені жағалауын мекендеген. Зерттеулер бойынша жолбарыстың салмағы 170-240 келі, денесінің ұзындығы шамамен 2,70-2,90 м., ал құйрығының ұзындығы 1,10-1,20 м. шамасында. Өкінішке қарай жолбарысты есепсіз аулау оның мүлдем жойылып кетуіне әкеп соқтырды. Нәтижеде 1960 жылы Халықаралық табиғат қорғау одағының Қызыл кітабының бірінші санатына Тұран жолбарысы «жойылып кеткен» түр ретінде енгізілді [171].

Қазақтар жолбарысты «патша-жолбарыс» деп ерекше қастерлеген. Поляк революционері, саяхатшы, суретші Б. Залесский ХІХ ғасырда патша үкіметінің Ақмешітке жасаған жорығына қатысып, «Арал теңізі мен Сырдария өзенінің қамысты алқаптарында жолбарыстың әдемі түрі – «патша-жолбарыс» мекендейді», - деп жазады [172, 29-б.]. Көршілес Өзбекстанның Шыршық өңірінің жергілікті халқы жолбарысты «тоғай патшасы» деп атаған [173, с. 5-11]. Ғалымдар жолбарыстың жеке аң аулау ауданын өлекшіні үшін 200, аталығы үшін 1000 шаршы шақырым деп белгілеген. Осы тұрғыдан алар болсақ, екі ел арасын жолбарыс аң аулау аралына айналдырған болуы да мүмкін. Өзбек жерін басып өткен Сырдария өзенінің Қазақстандағы төменгі ағысын жолбарыс мекендегені анық.

Жолбарысты қазақ пір тұтып, киелі аң деп есептеп, тікелей жолбарыс деп атамай, «шері» деген. Бізге жеткен мағлұматтарда Іле және Сыр бойы жолбарысының өздігінен адамға шабуылы сирек кездескені көрсетілген. Негізінен, қыстыгүні азық аз болған жағдайда ауылға жақындап, малға шапқан, егер жолында адам ұшырасса, оның тырнағына ілінері анық. 1873 жылы Сыр бойына сапары туралы Е.Т. Смирнов былай деп жазады: «Жолбарыс – таза қарақшы... Қырғыздар онымен бетпе-бет кезіге қалса үш рет еңкейіп бас иеді. Бұл жердің жолбарыстарының адамдарға шабуылы сирек оқиға. Мұны немен түсіндіруге болатынын білмеймін. Мүмкін қамыс арасындағы азықтың көптігінен болар. Қыста азық азайғанда ғана ауылға кірген. Шындығында, Түркістан аумағында Үндістандағы секілді адам жегіш-жолбарыстар жоқ» [174, с. 1-7].

Аңның бұл түрін аулау өте қауіпті болғанымен, қазақтар мал-жанын қорғау мақсатында, ал XIX ғасырда орыс отарлауынан кейін пайда табу мақсатында жиі аулаған. Жолбарыс аулау туралы мәліметтер Г.С. Загряжский [13], Н. Никольский [15] және Е.К. Мейендорфтың [129] еңбектерінде кездеседі. XIX ғасырдың 70-жылдарында Түркістан генерал-губернаторлығында мемлекеттік қызмет атқарған Г.С. Загряжский жергілікті халықтың киіз үй керегесін құрып жолбарыс аулайтыны туралы былай жазады: «Киіз үйдің керегелері бір-біріне мықтап байланады. Секіре атылған жыртқыш аң үйдің ішіне құлап түспеуі үшін шаңырақ киізбен жабылған. Құрылған киіз үйдің ішінен жолбарыстың ізімен жүріп және үйді тасымалдау үшін көлденеңінен екі бақан орнатылады. Адамдар осы бақандардан ұстап, үйді жылжытып отырады. Ашулы аң киіз үйге атылған кезде ішіндегі адамдар оны найза, қылышпен қарсы алады» [13, с. 27-32]. Деректерге сүйенсек, кейде қауіпсіздеу болу үшін керегелерді екі қабаттаған және аңшылардың жарақат алған сәттері де кездескен. Автордың мағлұматтарының негізінде қазақ халқының жолбарыс аулаудың өзіндік ерекше тәсілін қалпына келтіру мүмкіндігі туады. Мылтықсыз-ақ, қолда бар қарумен, киіз үйдің көмегімен жыртқыш аңды аулаудың өзі бір жоғары өнер. Екінші жағынан, біз осы кезге дейін киіз үйді баспана ретінде ғана танысақ, енді оның аң аулау тәсілі ретіндегі маңызы да зор екендігін анықтап отырмыз. Мысалы, қазіргі күні су асты әлемін зерттеу, туристерді серуендету немесе суретке түсіру үшін темірден жасалған арнайы тор қолданылады. Осы құрылғыны көре отырып, қазақ халқының XIX ғасырда жыртқыш аңды аулау үшін қолданған киіз үй XXI ғасырдағы тордың аналогы іспеттес көрінеді (Қосымша Б, Сурет Б10).

Қазақтардың кереге құру арқылы жолбарыс аулауы тәсіліне ұқсас тәсіл Ташкент маңы халқында да кездеседі. Бізге жеткен мәліметтер бойынша 1882 жылы Ташкент маңында қыстыгүні Шыршық өзенінің төменгі ағысын мекендеген жолбарыстардың адамға шабуылы көбейген. Сөйтіп, халық жолбарыстың адам жегіш қасиетіне тап болады. Бұған біз екі себеп бар деп тұжырымдаймыз. Біріншісі, патшалық Ресейдің Орта Азияны жоспарлы түрде отарлауы нәтижесінде халықтың Шыршық алқабын игеруі; екіншісі, жолбарыстың мекен ету аймағын қорғау және азық табуға талпынуы. XIX ғасырда халық «тоғай патшасының» адам жегіш қасиетіне тап болады. Патшалық үкімет жыртқышты аулау үшін тіпті 12-Түркістан линиялық батальонын да аттандырады. Сол кездегі танымал аңшы Е.Т. Смирнов та осы істен сырт қалмай, Ташкенттегі жергілікті аңшымен бірге жолбарыс аулауға шығады. Ол кейін бұл туралы естеліктерін «Природа и охота» журналында мақала түрінде жариялайды [173]. Автор жыртқыш аңды аулауда жергілікті халықтың ежелден келе жатқан тәсілін қолданғаны туралы айтады. Яғни аңшылардың ағаштан жасалған, есігі жоқ киіз үйін құрып, оның жоғарғы жағына 6 адам тұлыпын қойып, жолбарыстың ізіне түседі. Әрине, егер үй әлсіз болса, аңшыларға қауіп екені де ескерілген. Киіз үйдің ішінде найза, қылыш және мылтықпен қаруланған аңшылар жолбарыс үйге атылып, төбеге түскенін қалт жібермей, түйреп алуы тиіс болған. Осындай тәсілмен бір жолбарыс ауланған.

Қазақтар жолбарысты қысаңға қамау арқылы да аулаған. Ол үшін аң қағушылар дауыстап, шулап, аңды үркітіп, әдейі садақ және т.б. қаруланған аңшыларға қарай ығыстыруға тырысқан. Осы тұста орыстың атақты суретшісі В.В. Верещагиннің жолбарыс туралы қалдырған қызықты мағлұматтарын келтіруге болады. Ол «Листки из записной книжки» атты жазбаларында: «Үндістанда ағаш пен пілдің үстінен ататын болған соң жолбарыс аулау жеңіл және қауіпсіз. Бірақ, жолбарысы көп, ағаш пен пілі жоқ Орта Азияда оны аулау өте қиын және аса қауіпті. Мен күніне 20-ға жуық жолбарысты жайратып салған ағылшын офицерлерін кездестірдім, ал Түркістанда жалғыздан жалғыз шыққан адамдарды кездестірмедім. Әскерилер топтасып аттанса, жергілікті халық бұл істі сүйгеннен емес, малынан айрылып, оны қорғау үшін барады. Бірінде топтасып алып, жыртқыштың ұйықтап жатқан жерінде бар қаруымен ұрып алса, екіншісінде ержүректеу біреуін киізге орап, алдыға жібереді; жолбарыс оны бас салып, тісін батырғанша қалғаны жетіп келіп, ұрып алады. Кейде жарақаттанғандарына қарамастан, тірідей де ұстап алған кездері бар» [175, с. 93]. Қазақтар жолбарысты үркіту үшін доңыз қауақ қолданған. Бұл құрылғы сақталмаған, алайда қазіргі күні ақсақалдардың айтуымен реконструкциялаған ұсталар бар.

Бұл туралы мағлұматты осы өңірде соңғы жылдары үздіксіз зерттеулер жүргізіп жүрген этнограф Т.Е. Қартаевның Сыр бойындағы экспедициясы нәтижесінде жинақтаған материалдарынан аламыз: «Мұны жасау үшін піскен қауақтың төменгі жағын қиып, ішін тазалап алады. Содан соң диаметрі үлкен жақ бөлігін серке малының өңделген шикі көңімен қаптап, шеңбердің ортасын тесіп, аттың құйрық қылын ұшынан жоғары қарай шығарып қояды. Арнайы былғарыдан жасалған белдікті қауақтың ортаңғы бөлігіне бекітіп, бір жағынан табанға салып бекіту үшін үзеңгі бауын жасайды. Доңыз қауақты атты адам оң жақ аяғына байлайды. Ат үстінде отырып екі бөлік матаны ылғалдап алып, онымен аттың қылын кезектесіп тартқанда кәдімгі жолбарыстың дауысы шығады. Жолбарыс өз дауысын есітіп, үркіп, қашады» [176, 57-б.].

Қазақтар кейде қамысты өртеу арқылы жыртқышты ашық алаңға шығуға мәжбүрлеп, содан соң не мылтық, не найза, не шоқпармен топтасып жүріп атып алған. Аулаудың бұл тәсілі туралы мағлұматты қысқа болса да Е.К. Мейендорф «Сыр бойы қазақтарының қамысты жел бетінен өртеу арқылы жолбарысты топтасып аулайтындығы туралы жазады» [129, с. 45]. А.С. Шостак «Балқаш маңы қазақтарының жолбарысты ауылдан алыстату үшін қамысты өртеген» деп жазады [24, с. 31].

Халқымыз ежелден келе жатқан қақпан құру арқылы жыртқыш аулауды кеңінен қолданған. Жолбарыс қақпанның дөңгелегі үлкен, шаппасы қалың, әрі жалпақтау, нар шынжыр мен ұзындау қазыққа бекітілетін төсегі көлемді және салмағы ауыр болған. Жыртқышты аулауға шыққан кезде аңшылар «жолбарыс көйлегін киген. Ол өгіз тарамысынан сірестіріле тігіліп, жылқының ту қылынан тығыз есілген арқанмен шеңберлей өріледі [177, 561-б.].

Орыс зерттеушілерінің еңбектерінде жолбарысты қақпанмен аулағаны туралы деректер көп. Бұл мәліметтерді Сыр өңірі қазақтарында қазіргі күнге

дейін сақталған қақпан үлгілері айғақтайды. Мысалы, Н. Никольский: «Жергілікті халық жолбарысқа қақпан құрады. Алайда, алапат күш иесі қақпанды сүйреп кетіп, кейін оның терісіне келген аңшыны жарақаттап жатады. Бұл жыртқыштың адамды жаралаған жері ұзақ жазылады. Үш айдан астам уақыт аяқ-қолындағы жарақат орнының үңірейіп тұрғанына өзім куә болдым. Сапар барысында қамыс арасында түнеген жағдайда қазақтар қамысты өртеп, жолбарыстан қорғануға тырысты», - деп жазады [15, с. 56-57].

Автор «Іле өзені бойы қазақтары жолбарысты қақпанмен аулайды. Алайда, жолбарыстың қақпанға түсуі өте сирек, себебі қақпан әлсіз және аңның күшіне шыдас бермеуінен» деп тұжырымдайды [15, с. 69]. Сыр бойы қазақтарының жолбарыс аулауын зерттеген Г.С. Загряжский де [13, с. 29], Іле бойы қазақтарының жолбарыс аулауы жайлы мәлімет берген А.С. Шостак та [24, с. 32] жолбарыс қақпанды сүйреп кетеді дейді. Жолбарыс аулау үшін арнайы қақпандар біразы әлі күнге дейін Сыр бойы қазақтарында сақталған.

Жыртқыш аңды улау арқылы аулау да кездескен [178, с. 350]. Қазақстанда күшаланьң екі түрі кездеседі: ит күшаласы немесе Леманн күшаласы және Регелл күшаласы. Осы алғашқы түрінен жасалған. Өкінішке қарай бұл түр қазір сирек кездесетін болғандықтан Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Қазақтар 30-40 адам боп топтасып, жолбарысты садақпен атып алу тәсілін де қолданған. Жолбарыс күнделікті бір жолмен жүріп, жол салатын болған. Сол себепті де егер жолбарыс жолын көрген жағдайда қауіп барын сезініп, тезірек ол жерден кетіп қалуға тырысқан. Э. Эверсман Сыр бойы қазақтарының садақпен атып алу тәсілін жиі қолданатынын жазады [130, с. 6]. Жоғарыда айтып өткеніміздей, көркем сурет шығармаларының ішінде Н.Н. Каразиннің «Война с тиграми в форте Перовском» суретінде өзен жағасындағы бір топ аңшы мен екінші беттегі шерінің бейнеленуі және «Аңға шыққан қазақ шонжарлары» атты бірнеше сюжеттен тұратын туындысында қамыс арасындағы жолбарыстың келтірілуі аң аулаудың осы түрінің болғанын айғақтайды (Қосымша А, сурет А7, А8).

Жоғарыда атап өткеніміздей, XIX ғасырдың екінші жартысында патшалық жолбарыс аулаған жергілікті қазақтарға сыйақы тағайындаған. Оған бірнеше себеп бар:

- 1) патшалық үкімет өз әскерлері мен бекіністерін жыртқыш аңнан қорғауды көздеді;
- 2) отар еліне оларды қорғайтындығын дәлелдеу керек болды;
- 3) жолбарыс терісіне деген жоғары сұраныс.

Жолбарысты аулап, оның терісін өткізген қазақтарға отаршы үкімет 15 күміс рубль көлемінде сыйақы берді. Ол үшін аңшылар аулаған аңның терісін әкеп өткізуі тиіс болды, халық теріні қайталап өткізбеуі үшін әкімшілік оған мөр басып отырды. Сыр бойында қанша қазақтың сыйақы алып, қанша тері өткізілгендігі туралы архив құжаттарында мәліметтер бар [72]. Ал Л.Ф. Костенко жолбарыс аулаған орыс әскерлері де, жергілікті аңшылар да әкімшілік тарапынан 25 рубль көлемінде сыйақы алды деп жазады [63, с. 101]. Қазақтың көрнекті ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов: «...Олардың қырғыз-қайсақ табындарына шабуылы да

үйреншікті жәйт, кейде тіпті ауыл маңын торуылдап жүретіндіктен, жергілікті халық оларды лажын тауып соғып алып, терісін орыстарға күміс ақшамен 20 сомға сатады», - деп жазды [61, 154-б.]. Сыр бойы қазақтарының жолбарыс аулап, сыйақы алғандары жайлы архив құжаттары негізінде тізімі жасалды.

2-кесте. Патшалық әкімшіліктен сыйақы алған қазақтардың тізімі [72, л. 9-29].

Р/с	Аты-жөні	Руы, бөлімі	Терісін өткізген уақыты	Сыйақы алған уақыты	Аулаған жолбарыс саны	Сыйақы
1	Байсалбай Дейкенов, Өтеулі Меңлібаев, Байдалы Байтақов, Жәуке Найзин	Арғын, Токтағұл бөлімі	06.04.1859	16.05.1859	1, балтамен ұрып өлтірген	15 күміс рубль
2	Игібай Борбасов	Қыпшақ, Тұяқты бөлімі	08.04.1859	27.05.1859	2 шөнжік (1-тірі, 1-өлі), қақпанмен	45 күміс рубль
3	Игібай Борбасов, Құрынбай Күзенбаев	Қыпшақ, Тұяқты бөлімі	08.04.1859	27.05.1859	1 аналық (2 шөнжік тің енесі)	
4	Дүйсенбек Наушаров	Қыпшақ, Тұяқты бөлімі		28.05.1859	1	10 күміс рубль
5	Байсалбай Дейкенов, Өтеулі Менлібаев, Байдалы Байзақов	Арғын		мамыр, 1859	1	15 күміс рубль
6	Башар Ерходжин, Шүкірқожа Қаратаев	Қожа	09.11.1859	08.12.1859	1	15 күміс рубль
7	Байғұн Жайылғанов	Жаппас, Қарақұс бөлімі	28.12.1859	05.01.1860	1	15 күміс рубль
8	Өтел Ташмұхамедов	Қыпшақ, Бисары бөлімі	29.01.1960	10.02.1860	1, мылтық пен	15 күміс рубль
9	Майлыбай Балтаев	Қыпшақ		ақпан, 1860	1	15 күміс рубль



10	Бастай Құлсарин	Қыпшақ		ақпан, 1860	1	15 күміс рубль
11	Сопакай Жарғақов	Алаша		наурыз, 1860	1	15 күміс рубль
12	Аманбай Джайляубаев	Найман		наурыз, 1860	1	15 күміс рубль
13	Сәнкібай Құлқаев	Керейіт	қаңтар, 1860	ақпан, 1860	1	15 күміс рубль
14	Саукат Тоғызбаев	Ошақты	ақпан, 1860	наурыз, 1860	1	15 күміс рубль
15	Арғынбай Исельбаев	Қыпшақ	ақпан, 1860	наурыз, 1860	1	15 күміс рубль
16	Шуат Нұрманов	Жаппас		желтоқсан, 1860	1	15 күміс рубль
17	Еркінбай Дүрменов	Шекті		қаңтар, 1861	1	15 күміс рубль
18	Малдыбай Сексенбаев	Жаппас			2	30 күміс рубль
19	Матай Үмбетеев, Білсібай Тұрсынқұлов	Қыпшақ			1	15 күміс рубль
20	Мұртаза Қосмұхамедов	Қыпшақ			1	15 күміс рубль
21	Құлбай Жанбаба, Қожагелді Садақов	Шөмекей			1	15 күміс рубль
22	Елемес Билев	Алаша			1	15 күміс рубль
23	Жасыбай және Шілдебай Жарқынбаевтар	Жаппас			1	15 күміс рубль
24	Майлыбай Пірімов	Қыпшақ			1	15 күміс рубль
25	Орынбай Мамақов	Табын			1	15 күміс рубль
26	Мұртаза Қосмұхамедов	Қыпшақ	18.12.1862	30.12.1862	1	15 күміс рубль
27	Байсал Жайдақов	Қыпшақ	18.12.1862	30.12.1862	1	15 күміс рубль

Кестеде келтірілген мағлұматтар негізінде барлығы 29 жолбарыс өлтіріліп, 430 күміс рубль көлемінде сыйақы берілгенін байқаймыз. Патшалық Ресейдің сыйақы тағайындауы жолбарыстың болашақта мүлдем жойылып кетуіне негіз салды. Өйткені, бұл уақытқа дейін жергілікті халық жыртқыш аңды ауламай, тек ауқаттылардың терісіне қызығу себебінен ғана жүзеге асқандығы туралы деректер кездеседі. Мысалы, Э.А. Эверсман: «Қазақтар атып алған жолбарыс терісін сатпайды, Орынбор линиясы мен Троицк базарына жылына 1-2 ғана тері

саудаға шығарылуы мүмкін. Ол сирек кездесетіндіктің белгісі емес. Керісінше терінің негізгі бөлігі далада қалады. Себебі, ауқатты қазақтар олжасынан айрылғысы келмейді. Батырлығының белгісі ретінде үйінде қалдырады. Кілемнің орнына төсейді», - дейді [130, с. 7].

Патшалық әкімшілік сыйақы берумен шектеліп қана қоймай, аулау барысында жарақат алған қазақтарды емдеуге де көңіл бөлуге тырысқан. Сырдария линиясының басшысы жарақаттанған қазақтар күнделікті тіршілікте қиындықтарға тап болып жатқан болуы мүмкін. Оларға көмек көрсету үшін мәліметтер жинап беруі туралы тапсырма берген. Нәтижеде тізім де жасалады. Алайда тапсырма берген генерал-адъютант Катениннің қайтыс болуына және әрбір зардап шеккен қазаққа көмекке берілетін қаражат өте жоғары деп табылуына байланысты бұл шара аяқсыз қалады [72].

*3-кесте.* Жолбарыс аулау барысында жарақат алып, көмекке ұсынылған қазақтардың тізімі [72, л. 54].

№	Аты-жөні	Ескертулер
1	Масакбай Минтаев, 45 жас, Төртқара, Сейітқұл бөлімі	1846 жылы 5 жолбарыс өлтіріп, шөнжігін тірідей ұстап алып, № 1- форттың Коменданты майор Булатовқа өткізген. Басы мен иығынан жарақат алған, бірақ сүйегіне зақым келмеген. Сол қолының бас бармағы сүйегімен зақымдалған. Онымен бірге болған Алебеков, Баянов және Минтаев жараланған
2	Сәбит Әлібеков, 43 жас	Сол қолы толығымен бөлшектенген, сүйектері зақымдалған
3	Қоянбай Минтаев, 31 жас	Оң жақ саны және жамбасы жараланған, сүйектері аман
4	Сыражұлы Баян, 32 жас	Басы жараланған, сүйектері зақымдалмаған
5	Оразбай Сүгіров, 63 жас, Шекті	1848 жылы бір жолбарысты өлтірген, алайда сол қолы толығымен бөлшектеніп кеткен, Райым бекінісінің лазаретінде ем алған
6	Торта Көкқұсов, 37 жас Шекті	1848 жылы бір жолбарысты өлтірген, алайда сол қолы толығымен бөлшектеніп кеткен, Райым бекінісінің лазаретінде ем алған

Осы архив құжаттарында келтірілген мәліметтерді «Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках» атты құжаттар мен материалдар жинағындағы 1860 жыл бойынша Сыр өңірі қазақтарын басқару бойынша № 317 Есебі дәлелдей түседі. Онда: «Қырғыздар жолбарысты қажеттілік жағдайда, яғни егер ауылдарына жақындап, қауіп төндірген кезде ғана аулайды. Жолбарыс аулаушылар арасында төртқарадан шыққан Масакбай Менглитаев қана бар, ол да қартайған, екіншіден, соңғы сапарында жарақаттануына байланысты ол істен бас тартқан. Өткен жылы қырғыздар 10 жолбарысты өлтіріп, 6 аңшы жарақат алып, оның 3-і қаза тапқан», - деп жазады [155, с. 473].

Сыр бойы қазақтарының ғана емес, Іле өңірі және Балқаш маңының жергілікті халықтарының жолбарыс аулағаны туралы А.С. Шостак: «1868 жылы Балқаш маңы ауылдарына жолбарыстың шабуылы көбейіп, үй жануарларын

қырып, халыққа үлкен шығын келтірді», - деп, бағасы 15-25 рубль көлемінде болғанын және 1884-1901 жылдар аралығында Жетісу облысында 39 жолбарыс ауланғанын мәлімдейді [24, с. 31, 34-44].

Сонымен, қорытындылайтын болсақ, қазақ даласында жолбарысты кереге құру, мылтықпен атып алу, қақпан құру, қысаңға қамау, улау, өртеу арқылы аулаған. XX ғасырдың 40-жылдарында бұл аң мүлдем жойылып, қазіргі күні үкіметіміз қайта қалпына келтіру мақсатында 200 бас амур жолбарысын әкеліп, «Іле-Балқаш» қорығында көбейту бағдарламасын қабылдады. Аталған бағдарлама 2017 жылдың 8 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Дүниежүзілік жабайы табиғат дүниежүзілік қоры (WWF) арасында Астанада өткен «Астана ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесінің аясында Қазақстанда жолбарысты қайта жерсіндіруге қатысты бағдарламаны жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық жөнінде Меморандумға негізделді [4, 185-б.]. Жобаның жалпы құны 50 млн доллар, аумағы 151, 6 мың га. Қазақстан жерінің таңдап алынуы себебі де жай емес. Аталған дүниежүзілік ұйым қызметкерлерінің зерттеулеріне сәйкес, жолбарысты жерсіндіру үшін біздің жеріміз қолайлы. Әзірбайжан, Армения, Грузия, Иран, Қырғызстан, Қытай, Тәжікстан, Түрікменстан және Түркия жерінде жолбарыс популяциясы үшін жер қалмаған. Таңдап алынған Іле-Балқаш өңірінің экожүйесі жолбарыс тіршілігі үшін қолайлы. Алайда ғалымдар жерсіндіру мәселесін жан-жақты шешу керек деген пікірде. Түз төресі үшін қамыс-тоғайы мол, азығы мен суы бар жер қажет. 2025 жылы «Іле-Балқаш» резерватына үш Амур жолбарысын әкелу жоспарланған. 35 жылға созылған бағдарлама 3 кезеңнен тұрады: 1) Жергілікті экожүйені жолбарыс тіршілігіне қолайлы ету іс-шаралары; 2) 5-7 жыл арасында жолбарыстың санын 10-20 ға жеткізу; 3) Бағдарлама табыстылығына үнемі мониторинг жүргізу және туындаған мәселелерді уақтылы шешу. Өкінішке қарай пандемия бұл бағдарламаның жүзеге асырылу мерзіміне біраз өзгерістер әкелді. Қазіргі күні бұл аумаққа бұқар бұғысы, қабан, құлан, қарақұйрық жіберілген.

Айта берсе, мәселе көп, сондықтан да құзырлы мамандар оң шешімін табады деген ойдамыз. Сондықтан да қабанның санын 30-50 мыңға, маралдың санын көбейту жоспарланды. Өзімізден қосарымыз – қазіргі күні Қазақстанда жолбарыстың популяциясын елдің басты туристік көркіне айналдыру үшін тиімді десек болады. Өйткені, осындай жыртқыш аңдар қорғалатын ұлттық паркі бар мемлекеттерге экзотикалық аңдарды көру үшін туристердің ағылатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, бұл бағыт саяси және экономикалық жетістіктермен пара-пар және өнімдірек.

**Қасқыр алу.** Қасқырды қазақтар әртүрлі тәсілдермен аулаған:

- 1) саят құстары және итпен алу;
- 2) ұрып алу (шоқпармен, қамшымен);
- 3) улау;
- 4) мылтықпен атып алу;
- 5) қақпан құру;
- 6) мойын қатыру;
- 7) мұз қатыру арқылы.

Жалпы, қасқыр алу туралы мәліметтер И. Орехов [22], Я.Я. Полферов [20], М.-С.К. Бабажанов [7], А.П. Смирнов [136] және әртүрлі мекемелердің жинақтарында [63; 65] кездеседі.

Сондай-ақ, қазақ халқы қасқырды қасиетті санап, тіпті тікелей атын атамай «бөрі» немесе «түз тағысы» деп атаған. Дегенмен, малын қорғау, аушы құсы мен тазысының қабілетін байқау үшін атып алу орын алды. «Көшпелі қазақ өмірінде қуаңшылық, жұт, дала өрті, аяз және мал обасы секілді табиғи апаттар күресті дұрыс ұйымдастырған жағдайда құтылуға болатын кездейсоқ, уақытша құбылыстар. Ал, түз тағысы – қасқырлар көшпелі үшін үздіксіз қасірет. Әрине, жоғарыда келтірген апаттар секілді мал шығыны саны жағынан үлкен болмауы мүмкін, дегенмен бұл жыртқыштың келтірген зияны көшпелі мал шаруашылығын ойсырататын созылмалы қасірет іспетті. Мысалы, осы жыртқыштың 1894 жылы Торғай облысында келтірген зияны: жылқы – 10 690 бас, ірі қара – 3 313 бас, түйе – 1 107 бас, қой – 26 574 бас, ешкі – 3 505 бас мал қырылған», - деп жазды Я.Я. Полферов [20, с. 27].

Егер ірі қара 20 сом, ұсақ мал 3 сом деп есептесек, осы жылы облыс қасқырдың шабуылынан 392,417 сомға шығындалған. Далада қандай тұзақ құрғанмен де бұл аңнан құтылу мүмкін емес. Сол себепті қырғыз бас күшімен осы жыртқышты жаралап қалу болсын, бар мүмкіндікті пайдаланып өлтіруге тырысады. Осындай себептерден жыртқышты аулаудың да тәсілдері алуан түрлі. Яғни, мұнда құмарлық немесе кәсіп емес, өзін-өзі қорғау және кек алу болып табылады. Қыстауға жақындағанда қырғыздар қасқырларға қарсы алғашқы аулауын бастайды. Көбіне мұнда олар өрт арқылы қағу тәсілін қолданады. Ал, қамыс жоқ жерде кәдімгі қуу арқылы тазыны және мылтықты қолдану арқылы аулайды», - деп келтіреді Я.Я. Полферов [20, с. 37]. П.С.Паллас Орынбор қазақтары аңшылықпен мал шаруашылығымен қатар айналысқанын айта келе, «олар қасқырды негізінен малын қорғау үшін аулады», – деп пікірін білдіреді [150, с. 37].

Қасқырды шоқпар немесе қамшымен ұрып алу көне әдістердің біріне жатады. Бізге жеткен Г.С. Загряжский, Л. Мейер, Я.Я. Полферов, В.В. Радлов, И.И. Ибрагимов, Я.П. Гавердовскийдің қасқырды ұрып алуы туралы мәліметтерін М.-С.К.Бабажанов та растайды. Ол өз еңбегінде Бөкей Ордасының қазақтарының қасқырды аулайтыны туралы: «Қасқырдың адамдарға соншалықты келтіріп жатқан зияны аз, оны асқан қатыгездікпен қуып өлтіру қажет емес» деп есептейді [7, с. 622]. Жабайы түрде деуінің себебі – ат пен түйе мінген қазақтар шоқпар, балтамен қаруланып түз тағысын зорықтырып қуып, аяусыз ұрып алуын айтқан. Автор мұндай тәсіл қатыгездік түрінде қабылдаған. Түз тағысын аулауды хабарлауы арқылы бұл аймақты мекендеген аңдар жайлы мәлімет береді.

Деректерге сүйенсек, қазақтар қасқыр алуды ерекше ұнатқан. Түз тағысын салт атпен топ боп, тіпті түйемен де, жүйрік тазы тазымен аулаған. Түйемен аң аулаудың болғанын М.О. Микешиннің «Түйелі қазақ» атты қаламмен салынған туындысы айғақтайды. Бұл шығармада автор қолында саят құстарының бірін

ұстаған қазақтың түйемен аңға шыққан сәтін бейнелеген (Қосымша А, Сурет А1).

Түз тағысын ұрып алу тәсілінде аңшылар қасқырды жан-жағынан есін тандырып қуады. Екі жағынан қаумалаған атты немесе тазыдан үріккен қасқыр артына қарайлап, қаша жөнеледі. Осы кезде аңшылар оның бұрылған сәтін бағып, қолайлы жағдай туындағанда қамшы немесе шоқпармен ұрып алған. Мұны мойын қатыру тәсілі деп атайды. Яғни, ұзақ уақыт жүгіріп, бір жақ бағытқа қарап қашқан қасқырдың мойны бұрылмай бір бағытта қатып қалады. Осыдан кейін аңшы оны оңай қағып алады. И.И. Ибрагимов кейбір әуестенген аңшылар атқа қонуға денсаулығы келмесе де шанаға отырып та ұрып алатыны жайлы: «Есеней деген аңшы сырқаттанғанына қарамастан, қыстыгүні шанаға отырып қасқыр алуға шығатын. Ал, жолдастары соған қарай қуады. Шанада отырып-ақ түз тағысын ұрып алатын» деп жазады [14, с. 54]. Орыс суретшісі В.Н. Плотниковтың № 23 парақтағы қазақ қару-жарақтарына арналған суретінде шоқпар бейнеленген. Сөйтіп, жазбаша материалдарды көркемөнер туындысы арқылы дәлелдей түседі. Этнограф Т.Е. Қартаева ұрып алу әлі күнге дейін сақталған әдіс екенін және олжасын иемденген аңшы «Түлкі түптеп қуғандыкі, қасқыр қақ басқа ұрғандыкі» деген мақалдың тарағанын жазады [46, 53-б.]. Суретшілер Н.Н. Каразиннің «Қасқыр аулаған қазақтар» (Қосымша А, сурет А5) және А.Н. Комаровтың «Қасқыр аулау» (Қосымша А, сурет А10) атты туындылары қамшымен ұрып алу сәттерін бейнелеген. Ал, А.П. Смирнов «қыстыгүні қазақтар атқа мініп, ұзын қамшының басына тас немесе темір байлап, қасқыр аулауға шығады. Бір немесе екі соққыдан-ақ қасқырды соғып алады. Терісінен ішік тігеді немесе сатады», - деп жазады [136, с. 15].

Қыстыгүні топтасқан аңшылар тоқ қасқырдың соңына түсіп, сілесін қатырып, әбден қуады. Тоқ қасқыр күнімен қашып, қара терге түседі. Ал, ертеңіне теріне мұз қатып, қозғала алмай қалады. Осы сәтті күткен аңшылар оны атып алған. Мұны *мұз қатыру* тәсілі деп атайды [32, 210-б.]. Автор мойын қатыру арқылы аулауы туралы: «Қасқыр өзін қуып келе жатқан жаннан көз айырмай оның әрбір қимылын бақылап, артынан қарап қашатын әдеті. Өсти қашқан қасқырдың мойныны қатып сіресіп, «сіңірі тартылып», екінші жағына қарай алмай күйездеп қалады. Сол сәт қуғыншы екінші жағына шығып соғып алады», - деп сипаттайды [32, 221-б.].

XIX ғ. аяғында қазақтар орыс шаруаларынан сатып алған тамыры улы ағаштан жасалған у арқылы қасқырдың інін улап, аулай бастаған. Бұл туралы мәліметтер Л.Ф.Костенконың материалдарында кездеседі [63, с. 101]. Улау үшін Мойынқұм және Қызылқұмда, Қаратау мен Тянь-Шаньнің батыс бөлігінде өсетін күшала өсімдігін пайдаланған. Ол үшін бұл өсімдікті жемтікке араластырып, қасқыр кездесетін жерге тастайды. Оны жеп уланып өлген қасқырды олжалаған.

Қазақтар топ болып, қасқырды қуып аулайтыны туралы М.-С. Бабажанов та жазады [7]. Ол Бөкей Ордасы қазақтарының түз тағысын асқан қатыгездікпен және құмарлықпен аяусыз қырғынға ұшыратып, аулайтынына назар аударған. Автор, Ішкі Ордалықтар белгіленген күні топтасып, қасқырдың ізіне түсіп қуып,

шоқпар, сойылмен соғып алады дейді. Орынбор шекаралық комиссиясының шенеунігі, этнограф, орыс суретшісі В.Н. Плотниковтың шығармашылығында XIX ғасырдың ортасындағы қазақ материалдық мәдениеті көрініс тапқан. Оның суреттерінің арасында қазақ халқының қаруларына арналған шығармасында шоқпарды кездестіре аламыз [157]. Жалпы, шоқпарды қазақтар өзара қақтығыстар кезінде негізгі қарулардың бірі ретінде және аң аулауда қолданған [179, с. 291]. Тіпті кейде әбден әлсіреп, шаршаған қасқырға жеткенде аңшылар арқан лақтырып, тұз тағысын тірідей ұстап алған сәттер де кездескен. Закаспий облысы қазақтарының жылына Астрахань базарында 300-ге жуық қасқыр терісі және 200-ге жуық түлкі терісі апарылатыны жайлы мәліметтер де бар [65, с. 23].

Қасқырды аулауда қолданылатын қақпан түрлері: қазақ қақпан мен тісті қақпан. Зерттеуші Т.Е. Қартаева қасқыр қақпанды «Бөрітаным» еңбегінде толық сипаттаған: «Қақпанның астыңғы шеңберін «қақпанның қорасы» деп атайды. Қасқыр қақпан қорасының шеңбері 18-24 дм аралығында болады. Қақпанға түскен аңның аяғын қысу үшін қозғалысқа келетін, екі жарты шеңбер түрінде жасалған үстіңгі бөлігі «қандыауыз» деп аталады. Қақпанды құрғанда қандыауызды екі жаққа игенде, қорасы шеңберімен бірдей көлемде болады. Қақпан қорасы мен қандыауызды ұштастыратын, қоры ортасын жылжытпай ұстап тұратын, әрі игенде қозғалысқа келтіретін темір қондырғы «бақалақ» деп аталады...Қақпан қорасына қасқыр негізінен алдыңғы аяқпен түседі» [49, 42-45-бб.]. Мұхамеджан Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінде 1970-жылдары қорға белгісіз тұлғаның өткізген қасқыр қақпаны сақталған. Қасқыр қақпанның сипаттамасында: «Саятшылық құруда және аң аулау мақсатында қолданылатын тұрмыстық зат. Темірден жасалатын аң ұстауға арналған құрал. Екі құлақты қасқыр қақпан. Шеңберлі негізге серіппелі қос жартылай сақина орнатылған». Бұл қақпанның жалпы салмағы – 5500 г., серіппесі – 27 см, серіппенің биіктігі – 13 см, бақалақ (кілтке кигізіледі) – 32 см, диаметрі – 35 см, қандыауыздың ұзындығы – 60 см. Бұл қақпан тісті қақпанға жатады.

Сонымен, қазақтар қасқырды әртүрлі мақсатпен және әртүрлі тәсілдермен аулаған. Бірі – терісі үшін ауласа, бірі – малын қорғау үшін аулаған. Ерекше сақ және батыл тұз тағысын аулау да аңшыдан асқан шеберлік пен тәжірибені талап еткен. Қасқырдың тіршілігін әбден зерттеп, бақылаған аңшы ғана өзін де жарақаттамай, зардап шекпей дегеніне жеткен.

## **2. Қоңыр аң аулау.**

**Марал аулау.** Марал – бұғы тұқымдас бітеу мүйізді жануар. Оның мүйіздерінің емдік қасиеті жоғары, әрі бүкіл әлемде бағаланады және басқа тіршілік иелерінде кездеспейді. Сол себепті де ежелден бастап әлі күнге дейін пайда табуды ойлағандардың басты нысаны. Оның еті де пайдалы, жұмсақ, ішкі құрылыстың жұмысын жақсартады. Ежелден аңшылардың басты олжасын құраған. Сол себепті де адамнан қатты қорқады. Маралды: итпен қуалау арқылы (үйретілген аушы иттер маралды үркітіп, қуалайды. Ал, марал көбіне қашудың орнына мүйізін тіреп, сүзіп, қорғануға тырысады. Осы тұста аңшы бар қаруымен атып алуы керек); мылтықпен атып алады.

«Туркестанский край: опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа» атты Ресей географиясы мен статистикасы үшін жинақталған материалдарын құрастырған Л.Ф. Костенко: «Жетісу өңірінде марал көп кездеседі. Әсіресе, сүйектенбей тұрған кездегі жас маралдың мүйізі қазақтар үшін пайда көзін құрайды», - дей келе, қытайлықтардың 200 рубльге дейін беретінін жазады [63, с. 99]. Ал, шындығында саудагерлер аңшылардан бір маралдың мүйізін 5-10 рубль аралығында сатып алған. Семипалатинск және Қарқаралы уездерінде маралдың мүйізінің бағасы төмендеу болған секілді.

А.К. Гейнстың мәліметтеріне сүйенер болсақ, бұл өңір аңшылары қытайлықтарға марал мүйізін 25-50 рубль аралығында сатқан [132, с. 161]. Сонымен қатар, жыл сайын қыстың аяғы - көктемнің басында марал мүйізін төгеді. Яғни, бұл табиғат заңы. Міне, осы кеуіп қалған төгілген мүйізді де жергілікті халық жинап алып, көрші елдерге сатқан. Мысалы, жыл сайын Жетісудан Ташкентке 100 түйеден тұратын керуен жіберіліп отырған [63, с. 100]. Бір түйеге 35 жұп мүйіз тиелетіні ескерілсе, 3 мыңна астам мүйіз сатылған. А.С. Шостак «1882 жылы Қытайға 50-60 рубль көлемінде барлығы 400 дана, жалпы сомасы 22 мың рубльге саудаланғандығы» келтіріледі [24, с. 31]. Сонымен, келтірілген мәліметтерге сүйенер болсақ, маралдың мүйізі 5-55 рубль аралығында бағаланған.

Ал, маралдың терісі Верный уезінде 2-5 рубльге бағаланып, Ташкентке жіберілген [132, с. 100]. Ол жерде маралдың терісінен ат әбзелдерін жасаған.

**Киік аулау.** Қазақтар киікті поэтикалық тілде ақбөкен деп атайды. Бұл жануар шөл, шөлейтті және далалық аймақтарда мекендейді. Лағын құралай деп атайды. Оның еті дәмді, терісі, мүйізі мен тұяғы бағалы болып есептелді. Арал теңізінің жағалауы, Борсық құмында кездеседі. Киіктер жай уақытта 30-50 бас табынын құрайды. Ал, күздігүні көшу кезінде бірігіп, үйреншікті бағытымен қоныс аударады. Киік өте сақ жануарға жатады. Сол себепті де оны аулау айтарлықтай шеберлікті талап етеді. Ол жұп тұяқты жануарлар арасында өсімтал, жылына бір рет төлдейді және егізден немесе үш лақ туады. Жануардың төлдеуі мамыр айының екінші жартысына сәйкес келеді және халық арасында «Құралайдың салқыны» деген атаумен белгілі. Осы кезде күн салқындап, жел тұрып, жауын-шашын болады. Осы қолайсыз ауа-райы кезінде киіктің лағы құралай аяқтанып кетеді. Бұл оның әлсіз құралайын жыртқыш аңдардан қорғау үшін маңызды. Осылай табиғат өз тепе-теңдігін сақтап, қажет болса өз жаратылысын қорғайды.

Киік те марал секілді аңшылардың басты олжасын құрады. Қазақтардың қамысқа қарай киікті қуып аулауы туралы мағлұматтар И.П. Фальк, Е.К. Мейендорф, А.И. Левшин, И. Орехов, Э.А. Эверсман еңбектерінде кездеседі. Е.К. Мейендорф батыс өңірде бір маусымда 8-9 мың бас киіктің көшетіні туралы айтады. Автор, «шыжыған ыстықта топтасып алған киікті мылтықпен атып алу оңай, себебі – 20-ға жуық ақбөкен бір топ боп, басын төмен түсіріп қатты ыстықтан қорғанады. Осы сәтте шетте тұрғанын атып аласың. Құлағанның орнына одан кейін тұрғаны жылжып, орнын алады, сонда екіншісін атып алу

мүмкіндігі бар» депаншы бірнешеуін қатар атып ала алғандығын мәлімдейді [129, с. 31].

Оны аулау үшін суат маңына қамыстан жартылай дөңгелек қоршау жасайды. Қамысты үшкірлеп, оның жуан үшкірленген басын қоршаудың ішкі жағына қарай бағыттайды. Аң қағушылар киіктердің суатқа жақындағанын бағып тұрып, үркітіп, алға қарай қуалайды. Қоршауға кірген киіктер қадалған қамыс қазықтарға арандап, жараланған соң қозғалмай тұрып қалады. Содан соң аңшылар еш қиындықсыз аулап алады. Л.Мейер қытайлықтармен айырбас саудаға шығарылған киік мүйіздерінің санын келтіреді [131, с. 153].

*4-кесте.* Қытаймен айырбас саудаға шығарылған киік мүйіздерінің саны

Жылдар	Саны
1853	36,204
1854	36,173
1855	61,094
1856	17,699
1857	11,164
1858	16,962
1859	15,646
1860	13,178
1861	9,388
1862	1,715

Кестеден байқағанымыздай, 1853-1862 жылдра аралығында 219,223 мүйіз сатылған. Кейбір мәліметтерде, Батыс өңірде қыстыгүні қатты аязда киік ығып, ауылдарға кіргенін пайдаланып, жергілікті тұрғындар оларды оңай олжалаған сәттері де болған [130].

**Құлан аулау.** Торғай облысының Үстірт бөктері, Арал теңізінің жағалауы, Ұлытау сілемдері, Ырғыз және Торғай уездерінің оңтүстік-шығыс бөлігін мекендеген.

Арал теңізіндегі Құланды түбегі, Каспий теңізіндегі Құлан, Орталық Қазақстандағы «Құлан өтпес», Шу өзеніндегі «Құланөткел» тас өткелі және Солтүстік Қазақстандағы «Құлан өлген» атты топонимдер қазақ даласында құланның болғанын дәлелдей түседі. «Құлан өтпес» және «Құлан өлген» өзендері еріген қар суынан және жаңбырдан нәр алатын қолдан қазылған жасанды өзендер бар. Бізге жеткен аңыз бойынша, Шыңғыс хан баласынан айрылған соң құландарды қыру туралы бұйрық бергенін білеміз. Тұлғаның әскері құландарды аулау үшін арнайы орлар қазған. Сондықтан да осы орлар кейін өзенге айналуы әбден мүмкін.

Жергілікті тұрғындар оны 1936 жылы Жетісудың Торыайғыр тауында кездестірген екен. Құланды қазақтар «жігетай» деп те атаған. Оның терісі ең бағалы бөлігі болып саналатын. Құланның терісін сары ауру, асқазан, бүйрек ауырғанда және ішті жүргізгенде дәрі ретінде пайдаланған.



Құлан жойылып бара жатқан аңдардың қатарында Қазақстанның Қызыл кітабына және халықаралық Red list-ке енген. Қазақ даласын құланның үш түрі мекендеген:

- 1) моңғол (Шығыс Қазақстан);
- 2) қазақ (Орталық және Оңтүстік Қазақстан);
- 3) түрікмен (Батыс Қазақстан).

Қазақ құланы мүлдем жойылып кеткен түрге жатады. Ал, қалған екі түрі жабайы аңшылық, жұт және егіншілікке байланысты Қазақстан территориясынан ауып кеткен. 1953 жылы құлан популяциясын қайта қалпына келтіру үшін Барсакелмес аралына 14 құлан әкелінген. Жерсінген құландар қазіргі күні Алматы облысындағы «Алтынемел», Жамбыл облысындағы «Аңдасай» және Маңғыстау өңіріндегі «Ақтау-Бозашы» мемлекеттік қорықтарында кездеседі. Сонымен қатар 2000-жылдардың басынан «Құлан дала» жобасы аясында құланды реинтродукция жұмыстары жүргізілуде (бұрын белгілі жерді мекендеген, бірақ белгілі бір себептермен жойылып кеткен немесе көшіп кеткен жануарларды қайтадан өз мекеніне жерсіндіру). 2022 жылғы мәлімет бойынша Қазақстандағы ақбөкеннің саны 1 млн 318 мыңнан асқан. Сөйтіп, әлемдегі ақбөкеннің 95%-ы біздің елімізде мекендейді. Қазіргі күні ақбөкен санының күрт өсуіне байланысты төрт түлік малға жайылымдық жер жетпейді, екіншіден олардың егістік алқаптарын жайратуы кездесуде. Сол себепті ақбөкенді аулауға рұқсат беру туралы мәселе де көтерілді. Алайда, жануардың кейде әртүрлі себептерден (індет, табиғи апат және т.б.) қырылып қалатыны ескеріліп, атуға рұқсат берілмей, табиғаттың өзі тепе-теңдікті сақтайтынына назар аударылуда.

Құланды қазақ паң, өзіне-өзі сенімді, батыл, сақ, тарпаң және шайпау мінезді жануар ретінде таныған. Өзіне қарай бет алған салт аттыны көрген бойдан үйірін бұрып, «мазақ қылғандай құйрығын бір қағып, шауып жөнеледі» деп суреттеген. Я.Я.Полферов қазақ халқында құланның пайда болуы туралы мынадай аңыз келтіреді: «Бұрынғы өткен заманда өте бай, бірақ сараң Қарғырбек деген адам өмір сүрген. Ұрпағы қалмаған бай мыңғырған малын ешкімге мұраға қалдыра алмапты. Ол қайтыс болған соң байдың малы өзара келісіп, қойы ақбөкенге, ал жылқысы құланға айналып кетіпті. Сол кезден бастап екеуі де даланы мекендеп қалған екен» [20, с. 55].

Құланды қазақтар бірнеше тәсілдер арқылы аулаған: қоршауға алу арқылы; құлан жолы – соқпақ арқылы.

Қоршауға алу арқылы аулау этнограф А.У. Тоқтабайдың мақаласында былай баяндалған: «Құландарды ұстау үшін жер жағдайы келмесе, оларды қоршауға алады. Құландар су ішу үшін өздері үнемі жүріп әдеттенген соқпақтарды пайдаланады. Мұны білетін аңшылар «құлан жолы» аталатын жолдардың шетіндегі шалғын шөптер арасына, әрқайсысы 100 қадамдай ара қашақтықты сақтап жасырынады. Бірнеше адам тау басында қалып, құландар суға жақындап келген кезде белгі береді. Өзен ортасына ең соңғы құлан жеткен кезде оларды көздеп ата бастайды. Тоғай мен қалың шөп арасында қоршаудың басқа тәсілі қолданылады. Құландар үнемі су ішетін суаттар мен өзен бойларына аңшылар келіп, айнала ор қазып сонда түнеп шығады. Құландар бірнеше рет

тоқтап, байқап, суға жақындай түседі. Сәл ғана соққан желдің өзінен де секем алып кері қашуға оқталып тұрады. Осы сәтті аңшылар «таңдану» деп атайды. Құландардың қорқа-қорқа суға жақындаған сәтінде аңшылар оларға жазық жердегідей-ақ, тап беріп аулай бастайды» [36, 22-б.]. Зерттеуші жазып алған келесі әдіс-тәсіл мынандай: «Ол үшін аңшы құландар арасына құлан тектес сары жирен түсті аттарын жібереді, өзі бірнеше қадам жерде жантайып жатады. Атты өзінің енесі деп қабылдаған құлан оған жақындап барады. Алайда ат күдікті көрінген соң оған аңтарыла қарап, тоқтаған сәтте аңшылардың нысанасына ілінеді» [36, 22-б.]. Бұл тәсілді біз Я.Я. Полферовтың жазбасына сүйеніп, арбау арқылы деп көрсеттік. Құланды суат маңында аулау тәсілі А.И. Левшинде де келтіріледі [8, с. 384]. Автор кері қашқан құлан аңшының мылтық оғы немесе садақ жебесіне тап болады, суға қашқаны жүзе алмай, әбден шаршаған соң оңай олжаға айналады дейді.

**Құс аулау.** Қазақтар құстардан: ұлар, кекілік, үйрек, қаз, бөдене, қырғауыл, құр, бұлдырық, сукүзғын, дуадақ, қоқиқаз, шалшықшы аулаған. Я.П. Гавердовский қазақтардың сұңқармен: үйрек, қарашақаз, балшықшы, шіл аулайды (қазан айының ортасынан басталып, алғашқы қар түскенге дейін жалғасады, яғни құстар топ болып жылы жаққа ұшуға дайындалған кезге дейін); қаршығамен: дуадақ (қазан айының ортасынан басталып, алғашқы қар түскенге дейін жалғасады, яғни құстар топ болып жылы жаққа ұшуға дайындалған кезге дейін); ақсұңқармен: қаз (қазан айының ортасынан басталып, алғашқы қар түскенге дейін жалғасады, яғни құстар топ болып жылы жаққа ұшуға дайындалған кезге дейін) аулағаны туралы мәлімдейді [127, с. 479]. Құстарды аулау туралы мәліметтер Ф. Жуков, И.И. Ибрагимов еңбектерінде кездеседі. Соңғы автор: «Көлге жақындаған соң ерге бекітілген «дабылды» қағып, үйректі үркітеді. Ол аспанға көтерілген сәтінде оң қолындағы қаршыға немесе сұңқарды ұшырады. Қожайын мұсылманша бауыздап, құсына олжаның миын береді», - деп көрсеткен [14, с. 53]. Құс аулауда ХІХ ғасырдан бастап ысқырық немесе сыбызғы арқылы аулау таралған [20, с. 110]. Жоғарыда тәсілдерде тоқталып өткеніміздей, ысқырық немесе сыбызғымен құстың дыбысын шығарып, атып алған (Қосымша Б, сурет Б11). Сонымен қатар Я.Я. Полферов: «Орыс шаруаларының келуімен тұлыппен аулау енді», - дейді [20, с. 111]. Тұлып ағаштан немесе ескі теріден құстың сұлбасы түрінде жасалған. Ол ағаштың түбіне немесе бұтаға орнатылып, аңшы жақын маңда торуылдап жатады. Құстар бөтенсіремей, тұлыптың жанына қонған кезде құсты атып алған. Біз аталған тұлыпты реконструкциялауға тырыстық (Қосымша Б, сурет Б12).

Сыр өңірінің қазақтары жабайы қазды қыл тұзақпен аулаған. Жылқының қылынан жасалған тұзаққа түскен қаздар оралып, қанатымен жылдам қағады. Осы сәтте үріккен қаздардың тобы аспанға көтеріледі. Осыны пайдаланған аңшы тұзақтан қазды босатып алып, тірідей үйіне алып кетеді. Кейде жабайы үйректі ұстау үшін су бетіне тұзақ құрылған [11, с. 67]. Сонымен қатар қыл тұзақтарды тасқа байлап, судың түбіне тастаған. Су астына сүңгіген үйрек, тұзаққа түсіп, босана алмаған оң ауа жетпей ұсталған. Олжаны аңшы таңертең барлық үйректер ауаға көтерілген кезде иеленген. Қазақтар қаз бен үйректі егінді жинаған соң,

шаруашылық жұмыстар азайған кезде, яғни тамыз, қыркүйек, қазан айларында аулаған.


Бөдене аулауда да бірнеше әдістерді қолданған. Солардың бірі суы тартылған немесе орылған жоңышқа егілген жерге лай тұзақ құру. Келесі әдістің түрі – торқаппен аулау. Торқап дегеніміз – тор тәріздендіріп тоқылған қап. Бөдене аулауға бейімделген иттер бөденені үркітеді. Сонда аңшы үркіп аспанға көтерілген құсты лезде торқаппен жаба қояды. Ф. Жуковтың айтуынша, бұл әдіс асқан шеберлік пен ептілікті талап етеді және күніне 5-6 бөдене аулау мүмкіндігі бар. Автор, сонымен қатар өзі бөдене аулауда бірегей әдіс ретінде таныған әдісті келтіреді: аңшы шапанды жамылып, оның жеңдеріне бір-біріне көлденеңінен ағашты бекітіп, иығына асып, қолына матралын ұстап алады да жоңышқа алқабына барады [11, с. 67].

Осылай бүркеме киген аңшы ауық-ауық ақырын шапанның жеңімен бұлғап қояды. Ондағы мақсат – бүркіттің ұшуын бейнелеу. Арасында тоқтап-тоқтап, айналасына қарап бөдененің тұрған жерін де байқап қояды. Жыртқыш құсқа балаған бөденелер егістікке жер бауырлап, жатып қалады. Содан соң аңшы жақын барып оны тормен жауып аулап алады. Ф.Жуков мұны ермек деп қабылдайды [11, с. 68]. Сонымен қатар зерттеуші қырғауыл көптеп кездесетін жерге қазық қағып, оған жүгері дәні байланған жіңішке жіпті бекітіп, қырғауыл аулау үшін қармақ жасайтынын айтады. Дәнді жеген құс қармаққа түсіп, ұшып кете алмай, аңшы келгенге дейін сол жерде айналшықтап жүреді. Қырғауылды күз және көктемде аулаған.

**Аңшылық құрал-жабдықтары.** Халқымыз күнделікті тұрмыс-тіршілігенде қажет бұйымдарды жасап, оны жасаудың өзіндік өнерін қалыптастырған. Сол секілді аңшылық барысында қолданылатын әрбір затын асқан шеберлікпен, ерекше сүйіспеншілікпен, барынша ыңғайлы етіп, үлкен ықыласпен жасаған. Бұрынғы шеберлердің ізін жалғастырған Дәркембай Шоқпарұлы, Ясин Мәмедінұлы және Бекет Есентаев секілді ұсталардың шоқтығы биік. Қазіргі күні «Ағайындылар» және «Шеберлер ауылы» атты қолөнер шеберлерінің орталықтары бар. Атап айтсақ, Нәбижан Досеке-Күнтубайұлы, Дәулет Дәркембайұлы, ағайынды Сүйіндік және Сұлтансері Бекетұлдары, Ұлан Мүптекеев аңшылыққа қажет бұйымдарды қазіргі күні жасауда танымал шеберлер.

Аңшылық құрал-жабдықтары да ғылыми тұрғыдан қызығушылық тудырады. Өйткені, олар да өз кезегінде ақпар беруші материалдарды құрайды. Аңшының құрал-жабдықтарын аңшылық барысында қолданылуына қарай негізгі және қосалқы деп екі түрге бөлеміз.

*6-сурет.* Аңшылықтың құрал-жабдықтарының қолданылуына қарай жіктелуі



### ***Негізгі құрал-жабдықтар.***

***Құс жабдықтары*** деп аталғанымен, қыран құстардың барлығына қолданылады. Бүркіттің жабдықтарына: томаға, балдақ, балақбау немесе аяқбау, шолақбау, саяптыаяқ, тұғыр, биялай, ырғақ, аяққап, жемқалта, сүзу жіп, таңдай ағаш, жез тұяқ, айналсоқ, иыққап, құндақ, шыжым жіп, тұзақ, құс қақпан, қамыс түтік жатады.

1. *Томаға* – былғарыдан немесе жұмсақ көннен тігілетін, қыранның басына кигізілетін жабдық. Томаға құстың екі көзін тұтас жауып тұрады, бұл құсты жуасытып, аңға салмаған кезде бекер мазасызданып ұмтылмай, тыныш отыруы үшін қажет. Томағаның пішіні дулығаға ұқсайды, оның төменгі жағында құстың тұмсығы шығып тұратындай ойық болады. Томағаның астыңғы жағына алқымбау немесе тамақбау деп аталатын бау тағылады. Томағаның төбесіндегі айдары жәй сән үшін жасалған бөлшегі емес, ол айдар немесе қарқара деп аталады және ол жабдықты кигізіп-шешуге арналған қолайлы деталь. Құсбегі томағаның қарқарасын саусағымен іліп алып, оңай кигізіп-шеше алады.

Қыран басына томаға кигізуді томағалау деп атайды. Құсбегі құсты биялай киген оң қолына қондырып, сол қолымен томағалайды (VI). Кейбір құстардың басынан томағасын алмай ұстайды, олардың қатарында бүркіт, ителгі, лашын. Асау қыранды әбден жуасытқанша басынан томағасын алмайды [38, 65-б.]. Құстың басындағы томағаны құсбегі тамақтандырғанда, қайырғанда және аңға түскенде ғана шешеді (Қосымша Б, сурет Б15). Жаңадан қолға түскен, асау қыран құстың томағасын түнде алып қою қажет деп есептелген. Әйтпесе биттеп кетуі ықтимал [32, 272-б.].

2. *Балақбау, аяқбау, шыжым бау, ірге бау* – қыран құстарды байлап қоюға, алып жүруге арналған жабдықтар. Ол құстың білегіне тағу үшін балағын қыспай, бос айналып тұратындай етіп жасалынатын білезік пішінді арнайы қайыс бау. Ол құстың тұғырдан ұшып кетпеуі үшін қажет. Құс жіліншігін орап тұратын бөлігі алақан деп аталады, оның жалпақтығы екі елідей. Алақан жіліншікке батпауы үшін ішкі жағы астарланады, ал сыртына күміс құйма бекітіледі. Алақанға жіңішке шолақ балақбау тағылады, ол жұмсақ қайыстан өріліп, үнемі қыранның аяғында болады. Оның ұшындағы шығыршыққа ұзындығы бір-екі құлаш іргебау тағылады. Іргебау төрт, не алты таспадан өріледі. Іргебаудың бір ұшына мүйізден, сүйектен немесе ұшқат, ырғай, емен, тобылғы тәрізді қатты ағаштан жонылған көлденең тиек тігіледі. Оны тобыршық деп атайды. Тобыршақ балақбаудың екі ұшындағы жез шығыршыққа өткізіледі. Қолбала құсты баулу кезінде құс ұшып кетпеуі үшін іргебауға шыжым байлайды. Оның ұзындығы оншақты құлаш болады [32, 279-280 бб.]. Шыжымды әдетте жазда асау бүркітті шырғаға түсуге үйреткенде пайдаланады.

Балақбау мен шолақбау құсты атпен алып жүрген кезде, тұғырға қондырғанда, құсбегінің ұстап отыруына ыңғайлы жабдықтар. Бұл баулар құстың аяқтарының еркін қозғалуына мүмкіндік береді. Аңға жіберген кезде іргебауды міндетті түрде шешіп алу керек, өйткені құс жер бауырлай ұшқанда немесе анды алғанда айналадағы ағашқа не жартасқа ілініп қалу қаупі бар, ол

құстың қимылын шектеп қана қоймайды, құсты жарақаттауы да мүмкін. Қыран құс шолақ балақбаумен аңға ұша береді, құс қашып кеткен жағдайда оны осы баудың арқасында иесі түз құсынан оңай ажыратады және оны қайтадан ұстап алу қиынға соқпайды (Қосымша Б, сурет Б15).

3. *Биялай* – ірі малдың жон терісінен тігілген, киіз астарлы, құсбегілердің қыран құсты қолына қондырғанда киетін құс тұяғы өтпейтін етіп тігілген қолғап. Биялайдың бас бармағы бөлек және төрт саусағы тұтас киіледі. Кейде бітеу де етіп тігеді. Оны бұғының мойын, жон терісі, атан серкенің немесе тайыншаның терілерінен илеп, бетін сыртқа қаратып келтірген [32, 281-б.]. Аңшы көбіне биялайды оң қолына киіп, сол қолымен тізгінді ұстайды. Биялайдың киіз астары бүркіттің тұяғы аңшының қолына батпайтындай қалың болуы керек және аңшының қарын талдырмауы үшін тері қатты иленеді. Биялайдың ұзындығы шамамен 50см-дей, киімнің жеңі еркін сыйып тұруы үшін етек жағы кеңдеу етіп пішіледі [38, 65]. Жеңіне іліп қоюға қолайлы болсын деп, қайыс бау немесе кішкене жез шығыршық тағылады (Қосымша Б, сурет Б6).

4. *Балдақ* – ағаштың аша бұтағынан жасалған қыран құсты көші-қон кезінде, салт атпен алып жүруге арналған қол талмас үшін сүйеу ететін айыр басты ағаш құрал, таяныш [32, 281-б.]. Құсбегінің құс салмағынан қолы талмау үшін биялай киген оң қолының білегін сүйеп тұрады. Қолына батпау үшін аша бұтаққа бес елідей қайысты қабаттап, төсеніш салады. Балдақтың төменгі ұшына тобыршық орнатылады, ал одан сәл жоғары қайыс бүлдірге өткізіледі, бүлдірге ерге бекітіледі. Балдақтың орта бауы ердің алдыңғы қасына орнатылған шығыршыққа байланады. Саятқа шыққанда құсбегі оң қолына биялайын киіп, бүркітті қолына қондырып, қолын балдақтың ашасына қояды. Ал балдақты ердің оқпанына тірейді. Осылайша орнықтырылған балдақ құсбегінің қолы талмауын қамтамасыз етеді. Құсбегі аттың тізгінін сол қолымен ұстап, құстың томағасын тартып отырады. Жасалған материалына қарай ақ балдақ, алтын балдақ, күміс балдақ деп бөлінеді. Оны мүйізден, ағаштан жасап өрнектеп, безендіреді. Балдақ әдетте құстың тұсына, керегенің басына ілінеді (Қосымша Б, сурет Б5).

5. *Жемсаптаяқ, жемаяқ* – саят құстарына жем беруге арналған, киізден немесе ағаштан жасалған ыдыс. Жемқалтаның көлемі қолдорбадай болады. Киізден қусырып, сыртын шүберекпен қаптап сырып тігеді [32, 28-б.]. Қазіргі күні ағаштан жасау басым (II, IX, X). Темір ыдыс құстың сағын сындырады деген нанымнан бұл ыдысты қарағай, терек, қайың ағаштарының тошынынан ойып жасайды. Ағаш жарылып кетпеуі және берік болуы үшін оны малдың майына қайнатып, суарады. Жемаяқтың жасалу пішініне қарай екі түрлі болады. Біреуі шұңғылдау келген, бір тұтамдай сабы бар, шайындыны төгуге арналған жырық шүмегі бар тостаған. Енді біреуі асты орнықты, тайпақтау келген, ернеуінде жем суын сүзетін тесіктері бар ыдыс. Жемсаптаяқтың сыйымдылығы шамамен 1,5 – 2,5 литр (Қосымша Б, сурет Б15).

7. *Жемқалта* – киізден жасалған, ішкі беті қылшықсыз матамен астарланған, қыран құстың жемін салуға арналған кішігірім дорба, қалта. Жемқалтаның биіктігі шамамен 25-30см, ені 20 см-дей. Жемқалтаның қолға ұстап жүруге де, белбеуге ілуге де ыңғайлы бауы болады. Жемді алуға ыңғайлы

болу үшін құсбегі оны белінің сол жағына байлап жүреді. Жемқалта киізден жасалғандықтан, қандай ауа-райы болса да, оған салған ет бұзылмай, кеппей, қатпай жақсы сақталады. Оған малдың да, аңның да жұмсақ, құнарлы еті салынатын болған соң, кейде құнар қалта деп те атайды. Қыста ет қатып қалмауы үшін құсбегілер жемқалтаны ер-тоқымның астына немесе қойнына салып алады. Жемқалтаның теріден тігілген түрлері де бар. Жемқалтаны оюмен, шашақтармен безендіріледі (Қосымша Б, сурет Б15).

8. *Тұғыр* – ағаштан жасалған, қыран құстың қонақтауына арналған үш аяқты орындық іспеттес жабдық (Қосымша Б, сурет Б13). Үйде пайдаланатын тұғыр әдетте жеңіл және ықшам болып келеді, ал далада орнатылатын тұғыр көлемдірек, мығымдау болады. Тұғырдың биіктігін құстың дене тұрқына лайықтайды, бұл жерде қонақтаған құстың құйрығы мен шалғысының ұзындығы ескеріліп, жерге тимейтіндей болып жасалады [38, 453-б.]. Құстың құйрығы мен шалғысы жерге тірелсе, зақымданып, сынып кетуі мүмкін. Қыранды құсбегі әдетте тұғырға сол аяғының сирағынан ұстап қонақтатады. Ертедегі наным-сенім бойынша тұғыр мен бүркіттің арасында тылсым байланыс бар деп саналған, сол себептен құсбегілер тұғырды ерекше қастерлейді. Сонымен қатар «Тұғырдың құс басарын киізбен қаптайды. Ол құс тұяғы мүжілмеуіне жақсы», - деп, есептелген [32, 277-б.]. Құстың алғыр болуына тұғыры да әсер етеді деген сеніммен өз құстарына арнаған тұғырларын мүйізбен, сүйекпен әшекейлеп безендіреді. Құсты тілден, көзден сақтау үшін көзтас орнатады. Олжалы болсын деген ырыммен тұғырға қасқыр мен түлкінің бейнесін салады. Тұғырға металл әшекейді сирек пайдаланады, өйткені темір заты құстың сағын сындырады деген пікір қалыптасқан. Кей кейде ғана тұғырды күміспен қаптаған жайттар бар, бұл құстың алғырлығын көрсететін белгісі саналады. Тұғырлар жасалған материалы, пішініне және қолданылуына қарай төрт түрлі болады: үлкен тұғыр сонар мен салбурында пайдаланылады [166, 453-б.].

Үлкен тұғыр сонар – шатырдың қасынан жерге екі бөренені қазып орнатып, арасын ұзын сырықпен жалғастырады да, құстарын қаз-қатар қондырады. Уақытша пайдалануға лайықталған тұғыр, ол жуандығы бір білемдей ағаштан не мүйізден құрастырылып жасалады. Оның жалпақ кенері құстың тайғанақтамай нық отыруына қолайлы. Тұғырдың келесі түрі орындыққа ұқсас, оның үстіңгі жағы жалпақ болғандықтан текше табан деп аталады. Бұл тұғырдың орта шені қыранның тұяғы мүжілмеуі үшін жұмсақ киізбен қапталады. Сондықтан оны құсқонар деп атайды. Тұғыр жасауда шым, тас, саз сияқты материалдар да қолданылады. Бұндай тұғырлар түлек маусымында аса қажет және олардың ерекше функциялары бар. Мысалы, шым құстың тұяғының өсіп жетілуіне пайдалы, тас өткірленуіне әсер етеді, ал саз құстың денесін салқындатады [166, 454-б.]. Б. Кәмілашұлы: «Тұғырдың құс басарын киізбен қаптайды. Ол құс тұяғы мүжілмеуіне жақсы», деп, тұғырдың құс қонуы үшін қолайлы және тұяғын барынша сақтау маңыздылығын атап өтеді [32, 277-б.].

Құсбегі о дүниелік болған жағдайда оның тұғыры бала-шағасына мұра болып қалатын құнды дүние. Ал құсты қалап алған жағдайда, жөн-жоралғы бойынша құстың жаңа иесі тұғыржабар деп аталатын кәдесыйын жасау керек.

Тұғыржабардың көлемі әртүрлі болады, ол құстың алғырлығына, ілгіштігіне байланысты көп не азырақ болады. Тұғыржабарға кілем жапқан ат не түйе немесе басқа асыл заттар жүреді. Кейбір қыранның тұғыржабарына түйе бастатқан тоғыз берілді деген жайттар кездеседі [1]. Қазақ даласында тұғыржабар неғұрлым қымбатқа түссе, айналасындағылардың алдында сол адамның дәрежесі соғұрлым арта түседі деген түсінік болған.

9. *Иыққап*. Құсты суықтан қорғау үшін кигізілетін жабдық.

***Ит жабдықтары.***

*Шылбыр* – тазыны жетектеп байлап алатын жіп.

*Қарғы* – иттің мойнына қайыстан жасайтын бау.

*Жемқалта* – тазыға ет, ас беретін ыдыс.

10. *Далбай* – құстың қанаты, түлкі құйрығы, қоян терісі сияқты кептірген заттарды көрсетіп сүйретіп, тәжірибесіз жас балапанға алдыратын түрі [38, 71-б.]. Құстардың бірнеше қанатын біріктіріп байлап, ұшына ұзын жіп тағады. Аңның құйрығын да солай жіпке байлайды. Аңшы атқа мініп далбайды соңынан сүйретіп жүріп, тазыны немесе бүркітті аң алуға машықтандырады. Әуедегі құсты ілуге баулу үшін құсбегі құстың қанатынан жасалған далбайды басынан асыра шыр айналдырып, жаттықтырып, бүркітін ұшқан құсты қағып түсуге дағдыландырады. Далбалақтап, сүйрелген олжаға қызыққан құс шарықтап кеп бас салады. Осы тұста «...құс тілеп ұшып далбайды басқан кезде соның астынан қызыл тарттырып, құстың өзім басып алдым дейтін өктемдік сезімін қоздырады. Бұрын аң ұстап көрмеген тәжірибесіз балапан далбайға жалп етіп түсе бергенде оның аяғына түсірмей бұлталаққа сала берген соң құс та әдіс іздейді. Далбайға тілеп ұшқан құс бұлтартпайтын болып алады... тіріге балыға құсты өрлендіреді» [30, 36-б.].

***Аңшының жеке құрал-жабдықтары.***

1. *Ұрып-соғу, ату құралдары*: мылтық (оқ-дәрімен атылатын отты қару), садақ (ағаштан иіп жасаған соғыс құралы, жақ), шоқпар (басы домалақтанып келген, берік таяқ қару), сойыл (қару ретінде ыңғайлы етіп жонып жасалған мықты, ұзын ағаш), қамшы (қайыстан өрген, тобылғы сабы бар құрал), қанжар (белге байлап жүретін қос жүзді пышақ), атқы (өзінен-өзі атылатын садаққа ұқсас арнаулы садақ пен жебеден тұратын құрылғы), сақпан (тас, т.с.с. алысқа лақтыруға арналған қару), айбалта (шабу құралы), семсер (сабы балдақты, басы түзу, екі жүзді келген қару), таяқ, сүңгі (екі басты, ұзан сапты, түйреу-шаншу құралы). Аталған ұрып-соғу және ату құралдары орыс суретшісі В.Н. Плотниковтың альбомының бір парағында орын алған [157, с. 122]. Аталған құралдар қосымшада келтірілген (Қосымша А, сурет А4).

2. *Аң-құстарды үркіту үшін қолданылатын құралдар*: дабыл (түрлі дыбыс шығаратын ұрмалы саз аспап), шың (жезден жасалған музыкалық аспап), дауылпаз (аң-құсты үркіту үшін пайдаланылған аспап), қоңырау;

3. *Көзқарықтық немесе көзілдірік*. Итін ерткен аңшы далада көп жортып, күні бойы қимылдап, жан-жақты шолып, жіті көп бақылайтындықтан күн сәулесі қарға шағылысып көзін шаршатпау үшін киетін құралы. Қыста

далада ұзақ жүрген кезде тағатын нағыз көзілдірік жылқы терісінен жасалған [37, 107 б.].

4. *Шәңгек*. Қасқыр, қабан, мәлін, сілеусін тәрізді ірі аңдарға қақпан құрғанда шынжырдың бір басына байлап қоятын сайман. Оны тармақтала өскен бұтақтары бар қатты ағаштан немесе еліктің мүйізінен немесе темірден жасайды [37, 177 б.].

5. *Белқанжыға* – аңшының олжасын байлайтын құралы. Оны арқанның немесе қамшының өрімі тәрізді етіп өрілген жуан таспалардың ұшын тұйықтап қойған немесе темір шығырық тағып жасайды. Өрімнің бас жағына да шығырық тағылып, оған ілгек бекітіледі. Ол ілгек кісе белдікке немесе қанжығаға байланады. Таспаның ұшындағы шығыршықтардан таспаның өзін өткізіп, тұзақтан алып, оған түз тағысын сирағынан қыстырып алады [38, 177-б.].

### **Қосалқы құрал-жабдықтар.**

#### **1. Құстың құрал-жабдықтары.**

*Жезтұяқ*. Бүркіт жыртқыш аңға түскенде кейде жарақаттанады, көбінесе жыртқыш бүркіттің тұяғын шайнап тастайды. Сондай жағдайларда құсбегі жезден, күмістен, мыстан тұяққап жасатады, содан соң бүркіттің майып болған тұяғын шүберекпен орап, жезтұяқ кигізеді [177, 397-б.]. Жезтұяқ бүркіттің сырттай кемістігін білдіртпейді және аң ілгенде, бүргенде сәл де болса іс-қимылына көмектеседі.

*Жемтұзақ, жұтпатұзақ* – бұл бүркітті қолға түсірудің ең ескі тәсілдерінің біріне жатады. Ол туралы Б. Кәмәлашұлы: «Жем тұзақпен бүркіт ұстау ең көне тәсілдердің бірі. Иен далада жабдық жоқ кезде пайдаланылады. Жемтіктен қалың еттерді сылып алып, оны жіппен шырмап домалақтап буады. Жемді буған жіптің ұзын ұшын берік қазық немесе тасқа мықтап байлап тастайды. Домалақтанып байланған жемнің маңайына ұсақ жемдерді шашып тастайды. Қомағайланған құс қоянның басындай «етті» жұтып жібереді. Жемтұзақты жегенін бағдарлап, бақылап отырып құсқа келу керек. Аузындағы жіп, жұмыршақтағы жем тұзақты тартқан сайын дала тағысы аузын қатты қысып, екі аяғымен басы, көзін тырмалап, тарап бүк түсіп, екі қанатын сабалай әлсірейді. Осы кезде жемтұзақ иесі де жетеді» [32, 269-б.]. Бұл тәсілді құсбегілер әдетте өз жемтігін жәукемдеп отырған құстың үстінен түскен жағдайда қолданады. Құсты жемтігінің қасынан қуалап жіберіп, жіңішке ұзын жіптің бір басына бір кесек етті матап байлайды, ал жіптің екінші басын жерге қазық қағып соған бекітеді немесе ауыр тас байлап қояды. Содан соң жемтұзақты жемтіктің үстіне қойып кетеді. Адам көзден таса болған соң бүркіт өз жемтігіне қайта оралады да, жемтұзақты қоса жұтады. Жемтұзаққа түскен құс ұшып кете алмайды, сол кезде саятшы келіп, құсты оңай ұстап алады. Аузындағы жіпті қиып тастайды [177, 431-б.].

*Құндақ* – құстарды алып жүруге, салбурында, боранды-желді күндерде, ұзақ жол, суыт көштерде асау құсты, жараланған, арықтаған, ұшынып қалған құстарды бөлеуге, кейде құсбегінің қолын босату үшін де құсты бөлеп алуға арналып жасалған бесік. Ол бір немесе екі ағаштан иіліп жасалған сопақтау шеңбер [30, 38-б.]. «Құс сиятындай етіп, киізден немесе мақта тартылған шүберектен жасалатын бөлме», - деп те аталып көрсетілген [32, 279-б.]. Құсты



жауын-шашыннан, қыстың суығынан қорғайтын “бесігі” десе де болады. Құндақ аяқ астынан жарақаттанған құсты салып жүруге де қолайлы жабдық. Құстың құндағының үлкендігі өзіне лайықтап жасалады. Бүркіттің құндағы шәулі қырандардың құндағына қарағанда үлкенірек болады. Құндақтың жасалу жолына қарай екі түрі бар: біреуі – табаны ағаш тақтайдан жасалып, оған қайыстан топса салынып, баланың бесігіне ұқсатып жасалады. Екіншісінің пішіні астауға ұқсайды. Ол майысқақ талдан дөңгелете иіліп жасалады. Құндақтың астына жұмсақ болу үшін сырылған киіз төселеді және орай тартуға арналған бау бекітіледі. Құсбегілер алыс жолға шыққанда және жылдың суық мезгілдерінде құстарын жылындырып, тынықтырып алу үшін құндаққа бөлеп қояды. Құсты құндаққа бөлеуді құндақтау деп атайды. Бұл процесс баланы бесікке бөлеуге ұқсайды. Құсбегі қыранның екі аяғын бір қолымен ұстап тұрып, екі тізенің ортасына салып ықшамдап алып, сыртынан шүберекпен орайды. Содан соң асқан ептілікпен ыңғайлап жатқызып, сыртынан жылылап қымтайды. Бауды аса қатты тартпай, босаңдау байлап бесікке таңады. Құндақ кейде түз құсының ұясынан балапан алғанда да пайдаланылады [180, 61-б.].

*Тұмылдырық* – қолбала бүркітті тіріге салып баулитын кезде құсты қорғау үшін жыртқыштың аузына кигізілетін жабдық. Оны арнайы былғарыдан, киізден жасайды немесе қолма қол мықты жіптен жасауға да болады. Құсбегі қасқыр немесе түлкіні тұмылдырықтап, қолбала құсты аңға салады, аузын ашуға мүмкіндігі жоқ жыртқыш, құсқа қарсыласса да, жарақаттай алмайды [166, 468-б.]. Сөйтіп құс аңға түсуге дағдыланып, кейін түз тағысын қаймықпай шабуылдайды.

*Түтік* – тырна, қарақұс секілді ұзын сирақты су құстарының сүйегінен жасалатын, қыран құстың ішін шаюға арналған құрал. Ұзындығы 30 см-дей, саусақтың жуандығындай болады. Құстың ішкі құрылысын жарақаттап алмау үшін сүйектің екі басы жұп-жұмыр етіп өңделеді. Құсбегі түтікті келесі жағдайларда пайдаланады: түлектен шыққан қыранды қайырып баптағанда; тоқ құсты салқындату үшін; құс семіріп кеткенде етінен арылту үшін; құс жағымсыз нәрсе жеп, бөгіп қалса, саңғыту үшін. Түтіктің жіңішке басын бүркіттің өңешінен әріге жемсауына қарай өткізіп, салқын су немесе қара шай құяды [30, 46-б.; 33, 279-б.]. Оны құстың көмейіне жүгіртетін болғандықтан, шеберлер мейлінше жұмыр, сипақ етіп жасайды (III, V, X). Сонымен қатар, «байқаусыз майлы, күшті жем жеп қойған құсқа да түтік арқылы ішін тазалап, жемін сіңіруге болады. Бұлай құстың бапталуы ішін тазалау құстың бапталуына, аң ұстауына жақсы көмек болады», - деп саналған [32, 279-б.].

*Ырғақ, селкілдек* – құсбегілер қолға түсірген асау түз құсын жуасытуға пайдаланатын тербелмелі, орнықсыз, ырғақты тұғыр. Бұл құрылғы құс қимылдаған сайын селкілдей түседі, тепе-теңдігін сақтауға тырысқан асау құстың ығыры шығып, болдырады. Ырғаққа отырғызу жайлы М.С. Мұқанов: «Алғашқы 5-6 күн құсты ұйықтатпайды және жем бермейді. Ұйқысы келген құс басын қанатының астына жасырып көз ілмекші болады, бірақ тепе-теңдігін жоғалтып, оянып кете береді. Осы уақытта құсбегі оған ат қойып, үйрете бастайды. Бірнеше күннен кейін аш және ұйықтамаған құс бар күшінен

айрылады. Қожайыны кішкене ет бере отырып, оған қойған атымен шақырады» [29, 51-б.]. Ырғақтың екі түрі бар: біріншісі – далада күндіз пайдалануға арналған, оның биіктігі кісі бойындай, екі діңгектің арасына екі-үш құлаш арқан керіледі. Екіншісі үйдің ішіне құрылады. Керегенің қарсы екі басына арқан керіліп, орта шеніне құстың шеңгелі сыятындай таяқша бекітіледі. Бұл ырғаққа құс түнге қарай қондырылады. Қолға түскен қыранды көңге аунатып, иісін кетірген соң, оны ырғаққа отырғызады. Қыранды томағалап, аяғын ырғаққа таңып, шандып тастайды. Құсбегіні қолға түсірген құсымен құттықтап ауыл адамдары келіп, құсты тамашалайды, сынайды. Жиылған жұрт дастарқаннан дәм татып, әңгіме-дүкенмен танды атырады. Жиын бойына адамдар ырғақты әдейілеп селкілдетіп, құстың мазасын алып отырады. Бұл іс-әрекет құстың ұйқысын алу деп аталады. Аштықтан, тынымсыз қимылдан, ұйқысыздықтан құс әбден шаршап, жуасиды. Құстың ұйқысын алу екі-үш күнге созылып кетуі де мүмкін. Бұндай сынақтан өткен түз құсының бірте-бірте арыны басылып, баулуға бейімделе бастайды [30, 46-б.]. Ырғаққа отырғызу әлі күнге дейін көнеден келе жатқан дәстүр бойынша жасалады (II, IV).

*Сүзу жіп.* Бұл жіп бұрыннан қазіргі күнге дейін қолданылады (I). Ж. бабалықұлы мен А. Тұрдыбаев: «Құс әуелегісі келсе, өз құйрығының көмегімен тар аяда шырқобелек айналып тез көтеріледі. Ал адамнан тез қашқақтағысы келсе, екі қанатын жебей қағып, сағай жөнеледі. Кейбіреуі қайтып оралмайды да. Өз құсының жағдайын жақсы білетін құсбегі құсы етене бауыр басқанша оның құйрығын сүзіп қоюды жөн көреді» [30, 43-б.]. Сонымен, сүзу дегеніміз – жіңішке немесе жібектен жасалған ширатылған жіпті құстың шеткі ұзын қауырсындарының бірінің ортасына өткізіп, аңға салғанда кейде тіпті құйрығын тұтастай буып тастайтын амал. Сонымен қатар түзден ұстаған асау құсты жуасыту үшін де салынады (III). Құйрығы буылған құс ұзап ұшып кете алмайды және қашу мүмкіндігінен айрылады. Ол үшін бүркіттің 12 қанат құйрығының 9-шысына құйрығы таралып кетпеуі үшін және ұшқан кезде кең жазылып еркін айналып аспанға ұшпай шығып кетпеу үшін 5-қылышына байлайды. Сондықтан сүзілген қыран алысқа да, тым биікке де ұшып кете алмайды.

*Шырға.* Зерттеушілер «құсбегілер тіліндегі «шырға» – «қызыл», «далбай», «кеп», «тірі» сияқты атаулармен де айтылады» деп атап өтеді [30, 35-б.]. Бұл құсбегінің құсты қолға шақыру үшін қолдан арнайы жасаған аңның жасанды бейнесі. «Саятшылық» жинағында шырға: «Шырғаны ішіне жұмсақ жүн, шөп кептеп, бас бейнесіне түлкінің, қасқырдың, қарсақтың біреуінің құлағын салып, түлкінің құйрығын тағып көзге түлкіге ұқсас етіп дайындайды. Осы әдіспен дәндеп дағдыланған бүркіт аң алып жедім деп сезініп, аң аулауға бейімделеді. Уақыт өте келе тірі құсқа, қоянға, аузы байланған, аяғы шідерленген жыртқышқа түсіріп баулиды. Шырғаны бұл түрі «тірі шырға» деп аталады. Құсбегі құсты қолға үйреткенде, аң аулауға баулығында аспандап ұшқан құсты шырға арқылы шақырады. Шырғаны шыжым бауға орап, ердің қанжығасына байлап алып жүреді. Сондай-ақ, адасып, айырылып қалған құсты қайтару үшін де сүйретіп іздейді»,- деп, сипатталған [38, 71-б.]. Сонымен, қыран құсты аң аулауға үйретуде және баптауда шырғаның маңызы зор. Шырға тартудан бұрын бүркітке

жем беруге болмайды. Егер құс зерделі болса, шырғаны жұмарлап әкетеді. Онда ісіңіз сәтті болғаны. Ертеңіне дәл сондай бабында жүрексіңбей түлкі көрсетуіңізге болады [41, 226-б.].

*Тіріні бастыру* – бұл құсты тірі аңға салу. «Саят» атты зерттеуде: «Құсбегі құсты бір қырға алып шығып, томағасын тартқанда, екінші адам қолындағы тіріні беті ашық алаңқайға босатып жібереді. Өз еркімен басуды аңсап жүрген қыран тұра ұмтылады да, қас қағымда басып алады. Міне осыдан кейін барып қыранның тіріге түсуі, басуы, ұстау әдістері, адамнан қызғану-қызғанбауы, ала қашуы сияқты құбылыстың бәрі бақыланып, сөз болады. Бапқа тән, мінез-құлыққа тән көп нәрсе анықталады» [30, 36-б.]. Бұл әдістер қазіргі күні «Қыран» аңшы орталығы мен Жамбыл облысы Меркі ауданындағы құсбегілер мектебінің шәкірттеріне міндетті түрде үйретіледі (XI, XII).

*Қызыл* – кәдімгі шикі еттің бір бөлшегі. Табиғи жаратылысы бойынша қыран құс жемтігін тұяғымен басып тұрып, жұлып жеуге бейімделген. Осыны меңгерген құсбегілер «көп уақыт қолдан тамақ беріп, қолға шақырып, қолдағы қызылды аяғымен бастырып тұрып жұлдыру әдісі арқылы құсты өзіне етене жақындатады. Осылай әдеттенген құс қашанда қолға шақырылған заматта құсбегінің қолына қонуды жаңылмай қайталайды» [30, 35-б.].

**Аңшының қосалқы жеке құрал-жабдықтары:** арқан – жүннен, қайыстан, кендірден, жібектен есіп дайындалатын жуан әрі ұзын жіп, тор – қыран құстарды аулау үшін арналған жіптен жасалған құрал (Қосымша Б, сурет Б7).

Этнографиялық экспедиция барысында Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының аңшысы Нажитбан Маркстың өзі құс жабдықтарын дайындаса, әйелі Ошан Шакерман оюлы киім тігумен айналысатыны белгілі болды [III; V], ал Мұхтаров Кенжебек те жабдықтарын өзі жасап жүргенін мәлімдеді [IX]. Сол секілді Алматы облысы Шамалған ауылының тұрғыны, аңшы, бірнеше республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпазы Арман Әбдікәрімұлының жабдықтарын өз әкесі Әбдікәрім Нарынның өзі жасайтыны анықталды [X]. Жетісу облысында тұратын Әуесхан Мажайқызы осы күнге дейін аңшы киімдерін тігумен айналысады [XIII].

### 2.3 Қазақ халқының тіршілік қамы жүйесіндегі аңшылықтың орны

Қоршаған орта, адамзат және тұрмыс-тіршілік өзара байланысты біртұтас жүйені құрайды. Социомәдени кешен осы жүйенің құрамдас бөлігі ретінде өзінің тарихи дамуында жануарлар әлемі мен өсімдік әлемін қоса алғанда нақты бір табиғи ортаға бейімделеді. Сөйтіп, адамзат ұжымы нақты табиғи орта есебінен өзінің өмір сүру жағдайын қамтамасыз етеді. Ежелден шаруашылықтың негізгі түрі болып саналған аңшылық кәсіп те адамның қоршаған ортаға бейімделуінің бір көрінісі деуге болады».

Қазақстан Еуразия даласындағы мал шаруашылығы қалыптасқан және дамыған аумақтың бірі болды. Еліміздің территориясында шаруашылықтық және өндірістік қызметтің сан қырлы түрі қалыптасты. Жайылымдық жерлердің

кеңдігі, табиғи су ресурстарының жеткіліктілігі, фаунаның молдығы тұрғылықты халықтың жергілікті климаттық және ландшафттық ерекшеліктерді, яғни экожүйені ұтымды пайдалана отырып, өзіндік көшпелі-шаруашылықтық тип қалыптастыруына ықпал етті. Бұл көшпелі мал шаруашылығының орнығуына әкелді. Қазақтар мал және егін шаруашылығымен қатар аңшылықты қосалқы кәсіп ретінде дамытты. Қыран құстарды аңға салды, тазы жүгіртті, қақпан және тұзақ құрды. Қазақ халқының тіршілік қамы жүйесін төмендегі кестеден көруге болады:

7-сурет. Қазақ халқының дәстүрлі тіршілік қамы жүйесі.



XX ғасырдың 80-жылдарында ғылымда қандай да бір халықтың қоршаған ортаға бейімделуіне және игеруіне, өзінің өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасауына, өзіндік мәдениет қалыптастыруына қатысты тіршілік қамы мәдениеті туралы теория туындады. Аталған теорияның тұжырымдамасын ресейлік ғалымдар үш мектеп бағытында қалыптастырды. Тіршілік қамы мәдениеті этникалық мәдениет аясынан шығады. Оның теориялық негіздемесін алғаш рет 1983 жылы С.А. Арутюнов, Э.С. Маркарян, Ю.И. Мкртумян жазды және бұл алғашқы мектеп болып саналды [123]. 1989 жылы аталған ұғымға кесімді түпкілікті анықтама берген С.А. Арутюнов: «Тіршілік қамы мәдениеті – мәдениет иесінің тіршілік қызметін сақтауға бағытталған мәдениеттің бөлігі», – деп атап көрсетті [125, с. 201]. Ғалым тіршілік қамы мәдениетін сипаттау барысында «жүйе», «модель», «түр» тәрізді түсініктерді енгізді. Сонымен қатар шаруашылық-мәдени типпен байланыста тағам кешенінің қалыптасуы мен даму заңдылықтары айқындалған. Екінші мектептің өкілі И.И. Крупник «өндірістік қызмет ерекшеліктерінің өзара тығыз байланысты кешен» екенін түсіндіре келе, әлеуметтік мәдениетті толығымен қамтиды [181, с. 15]. Соңғы үшінші мектептің негізін салушы В.И. Козлов мәселенің аясын кеңейте отырып, тіршілік қамын «бейімделу мен этникалық өсу үрдісін сәтті қамтамасыз ететін табиғи және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу және мәдениет компоненттерін дамыту

арқылы жеке тұлға (индивид) және топтың өмірлік маңызды материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру процесі» ретінде анықтайды [182, с. 26]. Бұдан тіршілік қамы саласына көптеген құбылыстарды енгізуге болатыны байқалады. Біз осы теорияны қарастыру барысында үшінші мектептің тұжырымын ұстандық. Онда тіршілік қамы дегеніміз «адамның әлеуметтік және биологиялық қажеттіліктерін өтеу» ретінде түсіндіріледі және қазақ халқының тіршілік қамына қатысты мәдениетті ашуға мүмкіндік береді. В.И. Козлов ұстанған бағытты И.Н. Белобродова да қолдайды. Автордың тұжырымдауынша, тіршілік қамы – «адам-табиғаттың» өзара әрекеттесуі және осы қауымдастықтың кеңістіктік-уақыттық континуумды игеруі контекстінде әлеуметтік ортаның (социум) біртұтас топтық тәжірибесі. Ол: «Тіршілік қамы мәдениетін зерттеу «әлеуметтік-территориялық жүйені» негізгі түсінік ретінде қабылдап, аймақтың социологиялық және мәдениеттанулық сипаттамасын береді», – деп есептейді [183, с. 45–68].

Аталған зерттеулерден кейін тіршілік қамы мәдениеті мен оның құрамдас бөліктері туралы қызу ғылыми талқылаулар орын алды. Оған ресейлік зерттеушілер А.В. Головнев [184], Н.А. Томилов [185], А.Н. Ямсков [126], И.Ю. Трушкова [186], И.И. Назаровпен [187] бірге өзге де зерттеушілер пікір білдірді. Ғылымда талқылана бастаған тіршілік қамы мәдениеті екі түрлі көзқарас тұрғысынан зерттелгені байқалады. Бірі – тіршілік қамы мәдениетіне алғаш енгізілген құрылым негізінде, ал екіншісі – зерттеудің пәндік-нысандық саласын кеңейту арқылы зерттеу.

Қазақтардың тіршілік қамы жүйесіне қатысты зерттеу жүргізген отандық ғалымдардан М.С. Мұқанов, Х. Арғынбаев және Н. Әлімбаев алғашқы болатын. Мысалы, бүгінгі күні осы теория бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп жүрген ғалым Н. Әлімбаев қауымды көшпелі экожүйедегі тіршілік қамы механизмі ретінде қарастыра отырып, тіршілік қамы мәдениеті аясында «қажеттілік мақсаты», «қажеттілікті қанағаттандыру тәсілдері», «қажеттіліктерді қанағаттандыру пәні мен нысаны» тәрізді түсініктерді ұсынса, М.С. Мұқанов қазақтардың дәстүрлі тіршілік қамы жүйесіндегі көшпелі тұрғын үйдің ролін, ал Х. Арғынбаев қазақтардың халықтық білімінің тіршілік қамындағы функцияларын айқындады [87]. Алайда, қазақстандық ғалымдардың пікірінше, В.И. Козлов «адам қажеттіліктері» деген түсінікке қанағаттанарлық анықтама бере алмады дегенге саяды. Ал Н. Әлімбаевтің көзқарасы тұрғысынан, тіршілік қамы жүйесінің негізгі құрылымдық факторы дегеніміз – қажеттілік. Себебі адамның қажеттіліктерінің құрылымы мен сипаты арқылы ғана этностың тіршілік қамы мәдениетінің бағыттылығы айқындалады [87, с. 67].

Қазақстанның табиғи-климаттық ерекшеліктері қазақ халқының шаруашылықтық құрылымын анықтап берді. Ғалым Н.Е. Масанов: «Көшпелілік табиғи-жаратылыстық үрдістердің тірі тініне қоса өрілгендіктен және өмірлік қызметі жағдайында белгілі амплитудасы бар нақты кеңістіктік-уақыттық шекте болғандықтан, біздің көзқарасымыз бойынша, табиғи-жаратылыстық және әлеуметтік-экономикалық үрдістердің өзара әрекеттесуі және динамикалық теңелуі ретінде, адамның ерекше қоршаған ортаға бейімделуінің спецификалық

түрі ретінде, көшпелі мал шаруашылығы және соған сәйкес өндіріс тәсілдері арқылы нақты экологиялық тауашада әлеуметтік қызмет ету тәсілі ретінде түсінуіміз қажет», – деп тұжырымдайды [110, с. 4]. Ғалым еңбегінде табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардың көшпелілер өмірінде өзара әрекеттесуінің жалпы заңдылықтары зерттеледі. Зерттеуші экологиялық-табиғи және социомәдени факторлардың біртұтастығы негізінде уақытта да, кеңістікте де көшпелі өркениеттің қалыптасуын айқындап берді. Яғни осындай қолайлы табиғи жағдайда қалыптасқан мал шаруашылығы шаруашылықтың негізі саналғаны жан-жақты дәлелді. Дегенмен қазақтар үшін аңшылық мал шаруашылығынан кейінгі қосалқы кәсіпке айналғаны мәлім. Басқаша айтқанда аңшылық қазақтардың тіршілік қамы жүйесінің құрамдас бөлігі болды. Мұны көптеген зерттеуші ғалымдардың, сондай-ақ этнограф-ғалым Т.Е. Қартаеваның Сыр өңірі бойынша зерттеулерінен де байқауға болады. Автор көшпелі халықтың аң аулаудағы тәжірибесін талдай келе: «Аң-құс аулаудың тәсілдері мен құрал-саймандары ғасырлар бойы иен даланы еркін мекендеп, түз тағыларының тіршілік тәсілдері мен заңдылықтарын бақылаған халық тәжірибесінен туындады», – деп тұжырымдайды [44, 37-б.]. Сан мыңдаған жылдар бойы табиғатты зерттей отырып, қоршаған ортаға етене бейімделген қазақ халқы жыл мезгілдеріне қарай маусымдық көшіп-қону арқылы көшпелі мал шаруашылығын қалыптастырды. Осылайша қажетті азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз еткен көшпелі мал шаруашылығы негізгі тіршілік көзіне айналды. Сол себепті де аңшылық секілді шаруашылық қосалқы кәсіп түрінде қала берді. Соған қарамастан аңшылық тіршілік қамы жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналды.

8-сурет. Дәстүрлі тіршілік қамы жүйесіндегі аңшылықтың орны



Сонымен, тумысынан табиғатпен етене болған қазақ халқы қоршаған өмір жайлы таным-білімін көшпелі шаруашылықты жүргізуде, материалдық және рухани мәдениетінде шебер пайдаланды. Тіршілік қамы теориясын қалыптастырушылар дәстүрлі тіршілік қамы мәдениетінің құрамына қонысты, жылжымалы тұрғын үйді, тағамды, жиһазды, киім-кешек пен ыдыс-аяқты

енгізді. Осы тұрғыдан қарасақ, аталған өнімдер шаруашылықтың бір түрі саналатын аңшылық кәсіптен де өндірілген. Қазақтың дәстүрлі тіршілік қамы мәдениеті бойынша аңшылық дәстүрдің материалдық мәдениетте де, рухани мәдениетте де өзіндік орны бар. Мұны мына сызба арқылы көрсетуге болады: Тіршілік қамы жүйесі ↔ аңшылық ↔ материалдық мәдениет (тағам; киім-кешек; ыдыс-аяқ) және рухани мәдениет (халықтық білім; халықтық медицина; уақыт өткізу және демалу; ауыз әдебиеті). Енді сызба бойынша жеке-жеке тоқталып өтейік.

Қазақ халқының өмірінде ұлттық тағамдарының арасында дәстүрлі ас мәзірінде ет тағамдары ерекше орын алатыны белгілі. Міне, осы тағам түрі аңшылық кәсіп арқылы денсаулыққа пайдалы әрі басқаша дәммен толықтырылды. Аңның бекітілген шарттарға сай аулануы маңызды еді. Мұсылман дінін ұстанған халқымыз мүмкіндігінше аңды қинамай, оларды аулауға үйретілген жануармен аулады. Жалпы, ауланған аң желінетін және желінбейтін болып бөлінсе, азық мақсатында қарапайым халық желінетін аңдар: бөкен, киік, қарақұйрық, қоян, қырғауыл және т.б. етін тағам түрінде пайдаланды. А.Тоқтабай: «Қазақ аңдардың ішінде тек шөппен қоректенетін «адалын» ғана азыққа пайдаланған, оның ішінде аю, суыр, борсық сияқтылардың етін мүлдем жемейді», – деп жазады [35, 117-б.].

Киім-кешекке қатысты айтар болсақ, қасқыр, түлкі, жанат, бұлғын терісінен сырт киім, мысалы, ішік тіксе, құндыз, түлкі, жанат, кәмшат терісінен мәсі, жазғы аяқкиім, бөрік, тымақ тігіп, бағалы терімен шалбарды әдіптеген, ал бас киімге үкі таққан. С.Е. Толыбеков өз зерттеуінде: «Ауқатты қазақтардың отбасы мүшелері қыстыгүні қасқыр ішік және т.б. ішік киіп, байдың өзі қолына бүркітін алып, тазысын ертіп, салт атпен көш басында жүрді», – деп атап көрсетеді [160, с. 570]. Қазақтардың түлкіні аулап, ауқатты бөлігінің түлкі терісінен киім тігуі туралы Я.Я. Полферов: «Түлкінің терісі қазақтарда кең таралған және ең сүйікті түріне жатады. Олар малақай, ішік тігіп, бешпенттерін әдіптейді», деп жазады [20, с. 39-40]. Дәстүрлі киімді сипаттау арқылы халықтың эстетикалық талғамы, мәдениеті, діні және әлеуметтік статусы жайлы маңызды ақпарат аламыз. Ауқатты ер адамдар мен әйелдер сырт киімге ішік тіктірген. Әйел адамдардың ішігі қайырма жағалы болып тігіліп, сонысымен ер адамның ішігінен ерекшеленеді. Ал қыздарға сәнді кәмшат бөрік кигізген. Сонымен қатар сәукеле секілді бас киімге аңшылықтың өнімі – үкі таққан. Қазақта «Ұлытауға шықтың ба, ұлар етін жедің бе?» деген әйгілі сөз тіркесі бар. Бұл ұлардың қолға үйренбейтінін және қолға түсіру қиын екенін меңзейді. Екінші жағынан, ұлардың етін жеген адам ұзақ өмір сүреді деген түсінік болған.

Аңшылық өнімдерін халқымыз ыдыс-аяқ жасауда да шебер пайдаланған. Атап айтсақ, саба, торсық, қауға жасаған. Бұғының терісінен жасалған торсыққа қымыз, шұбат және іркіт құйған. Мұндай материалдан жасалған ыдыстағы сусын суықта да, ыстықта да бірқалыпты күйде сақталған, бұзылмаған. Алыс сапарға шыққан жолаушы торсықты қоржынына салып немесе қанжығасына байлап алып жүре берген. Сонымен бірге құдықтан су тарту үшін бұғының қуығынан қауға жасаған. Ол үшін бұғының қуығын әбден жуып алып, ішіне ауа үрлеп, кебу

үшін керегеге іліп қойған. Әбден кепкен соң қажетіне жаратқан. Қауғаны шелек ретінде де, май немесе сүт құятын ыдыс ретінде де қолданған. Мұндай ыдыстар берік, төзімді, қолдануға қолайлы болған.

Рухани құндылықтарымызды жасау, жинақтау және қолдануға бағытталған мәдениеттің бұл түрінде аңшылық дәстүр халықтық білім, халықтық медицина, танымдық және ауыз әдебиеті арқылы көрініс тапты. Мысалы, халықтық білімде: аңшылар жергілікті ландшафт жайлы білімін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды; жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиеледі; әскери өнерге баулыды. Оған дәлел: қаумалап аулау және т.б. аңшылық әдістер барысында соғыс өнеріне дайындық шыңдалды, бір-бірін түсінісу жаттықтырылды; аңшылық маусым айқындалды; аңшылық этикет қалыптасты. Мысалы, И.В. Ерофеева мен Б.Ж. Аубекеровтың 1723-1730 жылдары қазақтардың жоңғарларға қарсы соғыста шабуылдау стратегиясын қалыптастырудағы ландшафты-геоморфологиялық факторларына арналған мақалада Қалмаққырылған шайқасында қазақтар абалап аулаудың принциптері: торуылдау, қоршауға алу тәсілдерін кеңінен қолданған [55, с. 245].

Аңшы соғып алған олжасын жолында ұшырасқан жасы үлкен кісіге сыйлайды. Бұл қанжығаға байлау – аңшылықтағы олжа бөлісу дәстүрі ретінде қалыптасты. Сондықтан да бұл қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар жүйесінің моральдық-этикалық нормалар мен ұстанымдарының бірі. Қазақ халқында үлкенге құрмет, қонаққа сый көрсету және т.б. ғұрыптар дәстүрлі көшпелі қоғам принциптері мен әлеуметтік қатынастар нормаларына негізделген. Аңшы күні бойына күшін сарпып, аулаған олжасын жасы үлкен кісіге беруі дала заңына бағынуын және оны ұстануын білдіреді. Қазақы тәрбиенің осы маңызды бағыты «қанжығаға байлау» ғұрпы арқылы көрініс береді. Осы тұста «Алаштың бөлінбеген еншісі» тіркесінің мағынасы «қанжығаға байлаумен» қатар айтылып, «тегі бір қазақ болған соң, кімге бұйырса да бір қазақпыз» деген кеңпейілділік пен бауырмалдықтан туындайды.

«Жеті қазынаның бірі болып саналатын бүркіт – батырлық пен батылдық, қырағылық, қайсарлық пен қайраттылықты дәріптейтін құс. Сондықтан да салсерілердің серігі, аңшылардың қолқанаты болды. Жаратылысынан табиғатпен етене жақын қазақ құс тәңірісі – бүркітті қолға үйрету арқылы жастардың бойына қайсарлық, сезімталдық, жүректілік, қырағылық, сабырлық қасиеттерін сіңірген, сондай-ақ жүйрік және алғыр тазы жүгіртуде шапшаңдыққа, батылдық пен ептілікке баулыған. Иттің жақсысын қадірлей білген халқымыз «Еттің бәрі қазы болмас, иттің бәрі тазы болмас» десе, пайдасы жоғын «Ит үреді, керуен көшеді» деген екен. Халық арасында ауа- райын болжауда ерекше орын алған және бүгінгі күнге дейін сақталған «құралайдың салқыны» түсінігі де халық білімінің көрінісі. Мамырдың 20- сы шамасында киік лақтайды. Аспанды бұлт торлап, күн суытып, жел ызғырады. Осы сәт киіктің лақтауы үшін қолайлы саналған, лақтары тез аяқтанып кетеді екен. Мұны әр жерде басқаша «құралайдың суығы», «киіктің лақ өргізбесі» деп те атайды» [188, 85-б.].

«Уақыт өткізу, демалу, құмарлық немесе ермек аңға шыққан адамды сергітіп, табиғатпен етене болуына жағдай жасаған» [188,85-б.]. П.С. Паллас:



«Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар аң аулауға шығу арқылы шынығып, жаттығады. Олар аушы құстар мен тазылар арқылы малына қауіп төндірген жытқыш аңдарды аулайды», – деп жазады [150, с. 37]. Ал «Народы России» журналында қазақтардың құспен аулауы қайталанбас дәстүр ретінде бағаланып, жергілікті халық үшін жоқшылық немесе мұқтаждықтан туындайтын кәсіп емес, дәулетті қазақтардың қызықты уақыт өткізуі, ұлттық сауық құруы деп баяндалады [64, с. 165].

Қыстыгүні сонардың қай түріне болса да шыққан аңшылар табиғат аясында демалып, айналасын барлайтын болған. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халық үшін қыстыгүні аңға шығу ең тиімді уақыттың бірінен саналған. Өйткені басқа маусымдарда малдан көз жазбау талап етілетіндіктен, қыс мезгілі қолайлы болып, уақытты барынша көңілді өткізуге тырысқан.

Халықтық медицина қай халықтың болмасын тіршілік қамы жүйесінің ажырамас бөлігі. Қазақтар «тәуіп», «емші» секілді магиялық емдеушілермен қатар, аулаған аңның етін, оның ішкі құрылысын, майын және терісін әртүрлі сырқаттарды емдеуге пайдаланған. Мысалы, борсықтың майымен жөтелді; аюдың етімен жұмыршақ, асқазан қыжылын, ішек-қарындағы жел-құзды т.с.с. емдеген. Жыртқыш құстардың ішіндегі ең күштісі, дала қыраны, аушы құс – «бүркіт киесімен емдеу» қазақ халқының медицинасында кеңінен қолданылған. Бүркіттің қанатын, құйрығын немесе қауырсынын «тіл-көзден сақтайды», «жамандықтан қорғайды» және «денсаулыққа пайдалы» деп, ырымдап тағып жүрген. Ал шошынған адамға бүркіт көрсету немесе басы ауырған адамның басына бүркітті қондыру секілді емдер де қабылданған. Жоғарыда айтып кеткен ұлардың етін кептіріп, ата-бабамыз әртүрлі дене жарақатын емдеуге қолданған. Сонда жараның орнында еш дақ қалмаған.

Рухани мәдениеттің ең қомақты саласы – халық ауыз әдебиетінде аңшылық дәстүр барынша сипат алған. Өйткені ауыз әдебиетінде қазақ халқының дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі мазмұндалған. Аңшылық кәсіпке қатысты жайттар тұрмыс шындығын ашып, ұрпақты ұлттық мәдениет мұрасымен сусындатады. Халқымыз тұйық, байсалды адамның мінез-құлқын «томаға тұйық» деп сипаттаған. Осы тіркес бүркіттің тіршілігімен тығыз байланысты. Бүркіттің кез келген дыбысқа алаңдамауы және түзде алып жүргенде мазасызданбауы, беймезгіл қимылдамауы үшін басына арнайы былғарыдан тігілген дулыға тәрізді – томаға кигізіп қоятыны мәлім. Томағалы бүркіт көзі жабық болған соң айналасына қыбырламай, шоқымай, тыныш отырады және мінез-құлқы байсалды әрі бірқалыпты болады. Міне, осыдан адам мінезін сипаттайтын «томаға тұйық» тіркесі шыққан. Ал «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» дегенде аялауды білдірген. «Ат өлсе – ер-тоқым үйіледі, құс өлсе – тұғыр күйінеді» деген сөзбен тұғырды бос қоймаған. Ғұрыптық фольклорда адам қайтыс болғанда айтылатын: «Ат өледі, құс ұшады, екі қанат, бір құйрық табылар, ажалы жетсе бәрі өледі», – деу басу айтуды білдіреді. Белгілі бір ойды жеткізерде оның асылы мен қасиетін білдіру үшін «Ат жақсысы – бозы, ит жақсысы – тазы» немесе «Итті тепкен ырысты тебеді» деп сөз саптаған.

XIX ғасырда қазақ халқында көшпелі мал шаруашылығы сақталды. Дегенмен патшалық Ресейдің жүргізген отарлық саясаты қазақ даласының шаруашылық өмірінің өзгеріске ұшырауына алып келді. Хандық биліктің жойылып, әкімшілік-территориялық реформалардың жүзеге асырылуы, бекіністік линиялар мен бекіністердің салынуы ғасырлар бойы қалыптасқан көші-қон бағытын бұзды. Жергілікті халықтың жерінің тартып алынуы, шұрайлы аймақтан құнарсыз жерлерге ығыстырылуы қазақтардың жағдайын нашарлатты. Кедейленген және қайыршылық жағдайға түскен қазақтар ата-бабасынан келе жатқан кәсібін тастап, басқа кәсіппен айналысуға мәжбүр болды. Бұрынғыша мал қыстауда болған кезде демалыс, серуен құру және жас ұрпақты әскери өнерге тәрбиелеуге бағытталған аңшылық бекзат өнер дәстүрі жойыла бастады. Оған себеп – аңшылардың бүркіт, сұңқар, лашын, ителгі және тазы ұстау үшін жағдайлары келмеді. Енді аңшылық халық үшін күнкөріс қамына айналды, яғни аңшылықпен жан бағу үшін айналысты. Аңшының қыран құс пен тазы ұстауы оның әлеуметтік-экономикалық жағдайына тәуелді болды. Өйткені бұл үлкен шығынды талап етті. Осылайша халық қалыптасқан нарық қажеттіліктеріне бейімделді, ал табиғи байлықтар патшалықтың шикізат көзіне айналды.

Мұны көптеген деректер де дәлелдей түседі. Мысалы, Л.Мейер: «Қазақтар үшін аң аулау рахаттану, ғанибет уақыт өткізу ретінде... қазақтардың кедей бөлігі үшін кәсіп», – деп бастайды да [131, с. С. 154], әрі қарай: «Қазақтар жолшыбай керуендерге бағалы аңдардың терілерін өткізуде, бірақ олардың қанша көлемде аулап жатқанын дәл айту қиындық тудырады, яғни:

- 1853 жылы – 61,481 рубль;
- 1854 жылы – 28,289 рубль;
- 1855 жылы – 40,696 рубль;
- 1856 жылы – 33,165 рубль;
- 1857 жылы – 51,658 рубль;
- 1858 жылы – 41,613 рубль;
- 1859 жылы – 27,532 рубль;
- 1860 жылы – 30,455 рубль;
- 1861 жылы – 35,887 рубль;
- 1862 жылы – 26, 459 рубль көлемінде бағалы аң терісі өткізілген.

Орта есеппен жыл сайын 37,000 рубль тауарды құрайды. Шекаралық бекеттерге жекелеген аңшылардың өткізуін шамалағанда, жылына 20,000 күміс ақшаға бағалы аң ауланған», – деп хабарлайды [131, с. 152]. Белгілі этнограф, Бөкей Ордасының тумасы Мұхаммед-Салық Бабажанов осы өңірді әлемдегі аңшылыққа ең қолайсыз аймақ ретінде сипаттап, бұл жердің халқы аңшылықпен айналыспайтынын, алайда малын қасқырдан қорғау мақсатында қасқырды қаумалап аулайтыны жайлы жазады [14, с. 53]. Бұл мәлімет халықтың мал шаруашылығы қолайына қарай әрекет еткенін байқатады. Я.Я. Полферов: «Көшпелі қазақ аңшылықтан ләззат алу орнына, бай олжаны ғана көзdedі. Әсіресе құсбегілік төмендеп кетті. Өйткені ол аңшылықтың үлкен кірісті түрі емес еді. Құсбегілік тек ауқатты қазақтардың қуаныш-ермегі болып қалды. Ол

ауқатты адамның байлығының өлшеміне, қанағаты мен құрметіне айналды», – дейді [20, с. 67].

XIX ғасырда қазақтардың аңшылық өнімдерін саудаға шығаруы басым болған. Ол туралы көптеген деректер бар. Мысалы, Н. Никольскийдің 1883 жылы Қарқаралы уезінің халқынан жинаған жалпы мәліметтеріне сүйенетін болсақ, қазақтар жыл сайын 2060 дана әртүрлі аңның терісін қала базарында орта есеппен жалпы сомасы 5 рубль 85 тиынға саудалаған [15, с. 69].

*5-кесте.* Қарқаралы уезі қазақтарының 1883 жылы қала базарына әкелген аң терілерінің саны

№	Теріге өткізілген аң атауы	Саны	Бағасы
1.	Түлкі	700	2-3 рубль
2.	Қарсақ	100	70,1 рубль
3.	Қоян	200	2-5 тиын
4.	Қасқыр	60	1,5-2 рубль
5.	Сасықкүзен	1000	25-35 тиын

Ал Сергиополь уезінде қала базарында 3518 дана әртүрлі аң терісімен жалпы сомасы 7320,90 рубльге сауда жасаған [15, с. 70].

*6-кесте.* Сергиополь уезінде 1883 жылы қала базарына әкелген аң терілерінің саны

№	Ауланған аң атауы	Саны	Жалпы сомасы
1.	Аю	22	154 рубль
2.	Қасқыр	254	508 рубль
3.	Түлкі	2162	4324 рубль
4.	Борсық	163	50 рубль
5.	Марал	52	78 рубль
6.	Арқар	592	296 рубль
7.	Қабан	273	1911 рубль

Бұл кестеден байқайтынымыз – негізінен түлкі терісіне сұраныс жоғары. Сонымен қатар автордың орыс қоныстары мен қазақ ауылдарының 1883 жылы аулаған аңдары мен оны саудаға шығаруы туралы мәліметтері қызығушылық тудырады. Автор орыстар мен қазақтардың қандай аңдар аулағанын, оны қандай бағаға сатқанын мәлімдеген [15, с. 86-87]. Біз бұл мәліметті салыстырмалы түрде кесте арқылы көрсеттік.

*7-кесте.* Сергиополь уезі тұрғындары аулаған аңның түрлері

№	Ауланып, өткізілген аң атауы	Қазақ болыстары		Орыс қоныстары	
		саны	сомасы, рубльмен	саны	сомасы, рубльмен
1.	Аю	22	148	8	56
2.	Қасқыр	1417	1220,3	18	18
3.	Түлкі	2647	5076	7	14
4.	Қарсақ	104	121,3	-	-
5.	Сусар	9	53	4	24

6.	Сілеусін	12	25,5	2	5
7.	Борсық	253	42,8	-	-
8.	Қабан	-	-	103	721
9.	Марал	33	50,1	11	22
10.	Арқар	28	39,2	3	6
11.	Киік	4	2,0	-	-
12.	Қарақұйрық	235	50,5	-	-
13.	Таутеке	259	55,6	14	7,5

Келтірілген мәліметтер арқылы олардың терілері мен мүйіздерінің бағасы төмендегі мөлшерде:

- аю терісінің бағасы – 6-7 рубль;
- қасқыр терісінің бағасы – 80 тиын – 1 рубль 50 тиын;
- түлкі терісінің бағасы – 1 рубль 90 тиын – 2 рубль;
- қарсақ терісінің бағасы – 1 рубль 20 тиын;
- сусардың терісінің бағасы – 5 рубль 80 тиын;
- сілеусіннің терісінің бағасы – 2 рубль 10 тиын;
- борсықтың терісінің бағасы – 15 тиын;
- қабанның бағасы – 7 рубль;
- маралдың мүйізінің бағасы – 1 рубль 50 тиын;
- арқардың терісінің бағасы – 1 рубль 40 тиын;
- киіктің мүйізінің бағасы – 50 тиын;
- қарақұйрықтың терісінің бағасы – 20 тиын;
- таутекенің терісінің бағасы – 20 тиын болғаны айқындалады.

Ал, А.С. Шостактың мәліметтерінде 1868-1871 жылдар аралығында аюдың терісі – 2 рубль; түлкінің терісі – 1 рубль 50 тиын деп көрсетілген [24, с. 31]. Сонда басқа авторлардың келтірген мәліметтерімен жақын деп есептеуге болады. Автор аң терілерінің бағасының төмен болуын «жергілікті халықтың Жетісудан сырт жаққа аң терісін сатуға мүмкіндігі болмады. Ал, сапасы жағынан Сібір терілеріне бәсекелесе алмады. Егер сатылса, тек Қытайға ғана төмен бағамен және аз көлемде», - деп, пікір білдіреді [27, с. 35].

Бұл деректерге қоса, Г. Колмогоровтың мәліметтерін келтірер болсақ: «Сібір қырғыздары тазы жүгірту және қақпан құру арқылы түлкі, қасқыр аулайды. Алайда, оның терісін 10 тиын-3 рубль көлемінде болмашы бағаға сатады. Кейдң тіпті қыстыгүні 20 рубльге бағаланатын түлкі аулаған күннің өзінде арзан сата береді, өйткені, олар бағалы терінің құнын білмейді. Дегенмен, қырғыздардың аң терілері Қытайға, Ресейдегі Ирбит және соңғы жылдары шілде-тамызда Петропавловск жәрменкелеріне апарылады. Мысалы, 1852-1853 жылдары Ирбит жәрменкесінде петропавлдық, семей, өскемендік татар-көпестердің қырғыздардан сатып алған түлкі мен қасқырдың 25-30 мың терісін 12-15 рубль, ал қоянның 50 мыңға жуық терісі 3-6 рубль көлемінде сатылғанына куә болдым», - деп жазады [134, с. 323]. Ал, Я.Я. Полферовтың мәліметтеріне сүйенетін болсақ: «қарапайым кәсіп иесі мен ку саудагер арасында айырбас сауда біршама реттеліп, екінші жағынан, базарлардың ашылуымен – олар тері саудасы жанданып, олар тері өндірісімен айналысып, XIX ғасырда түлкі аулау

қазақтар үшін ең пайдалы және кірісті аңшылық түрін құрады» [20, с. 39]. Сонымен, жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарай отырып, қазақ халқы XIX ғасырдың ортасынан бастап аңды негізінен саудалау мақсатында аулап, таза құнын бағаламастан, делдал көпестерге арзан сатып, тек Қазақстанда ғана емес, Ресей мен Қытай жәрмеңкелерінде саудаланған.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында аңның күрт азаюы байқалады. Ол теріге бағаның өсуінен де көрінеді. Мысалы, XIX ғасырдың басында Жетісу облысында сілеусіннің терісі 2 рубль; түлкінің терісі 60–80 тиын; сусардың терісі 1 рубль 50 тиын тұрса, XIX ғасырдың 80-жылдарында сәйкесінше 8 рубль; 2 рубль және 3 рубльге өскен [63, с. 100]. Мұны жоғарыда келтірілген кестелер де дәлелдейді. 1873 жылы П. Зенковтың Жетісу облысындағы аңшылық кәсіп туралы мақаласындағы келтірілген мәліметтер бойынша Ирбит жәрмеңкесіне жыл сайын түлкі мен сусардың 8000–1000 шақты терісі апарылған екен [12, с. 171]. Түлкінің бағасы – 2,0–2 рубль 75 тиын, сусардың терісі – 3–5 рубльге дейін бағаланған. Орынбор шекаралық комиссиясының шенеунігі Красноярцев 1846 жылы қазақтардың саудалаған азық-түліктері мен тауарлары туралы мәліметтерінде ірі түлкі – 7 рубль; орташа түлкі – 5 рубль; ірі қасқыр – 7 рубль; орташа қасқыр – 5 рубль деп көрсеткен [154, с. 329]. Ал, Перовск фортындағы сауданың барысы туралы хабарламада 1861 жылдың 1 тамыз – 1862 жылдың 1 қазан аралығында қасқырдың терісі – 100 дана; түлкінің терісі – 2600 дана; қарсақтың терісі – 3007 дана. Жалпы сомасы 31 608 рубльге тауар сатылғандығы жазылған [155, с. 491].

Бұл жағдай, өз кезегінде, патшалық әкімшілік тарапынан «Аңшылық туралы Заңның» қабылдануына әкелді. Патша үкіметінің аңшылық туралы қабылдаған алғашқы заңы туралы мағлұматтар архив құжаттарында кездеспейді. Негізінен 1892 жылдан бастап аталған заң туралы мәліметтер мен ол заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы құжаттар сақталған. «Аңшылық туралы Заң» аң аулаудың барлығына (мылтықпен, итпен, аушы құстармен және т.б.) қатысты болды. Аңшыларға жергілікті уезд басшылығы арнайы аңшылық куәлігін берді және белгіленген жерлерде ғана аң аулауға рұқсат етілді. Сонымен қатар аңшылық маусым әрбір аңға жеке-жеке бекітілді. 1892 жылы Далалық облыстардағы аңшылық туралы Заңды Жетісу облысының генерал-губернаторы Жетісу облысында да қабылдау туралы ұсыныс жасаған [70, л. 26]. Бір назар аударарлық жайт – бұл ережелерде саят құстарымен аулауға тыйым салынбаған. Керісінше, «бұл түрдің зияны жоқ және қоғамда реттелген» деп негізделген. Бұл туралы зерттеуші И. Ореховтың «Туркестанские ведомости» газетінде жарияланған мақаласында «1892 жылғы заңда да саят құстарымен аулауға тыйым салу туралы айтылмаған» дейді [22, с. 49]. Заңда келтірілген баптарды қарастыра келе, патшалық әкімшіліктің отар елдің фаунасын сақтауға деген талпынысын және жабайы аңшылықты тоқтатуға арналған қадамдарын байқауға болады. Дегенмен қазақ халқының дәстүрлі өнерді күнкөріске және пайда көзіне айналдыру себебінің бірі отарлау саясаты екенін сезінбеуі өкінішті-ақ.

Келесі құжат 1915 жылы «Аңшылық туралы Заңға» өзгерістер мен толықтырулар енгізуге арналған [70, л. 5]. Мұнда браконьерлікті шеутек үшін

аңшылық куәліктерін беруді жеңілдету қарастырылады. Сонымен қатар қалың қарда қырғауылды ұрып алу, улау арқылы аулауға тыйым салынып, қақпанмен аулау ұсынылады. Тағы да бір қызықты жайт – қаршығамен және сұңқармен аулауға тыйым салынған, ал бүркітпен аулауға шек қойылмаған. Бұл жағдай сұңқар және қаршығамен қырғауыл, бөдене, қаз және үйрек секілді асыл құстар есепсіз ауланып, жойылу қаупінің болуымен түсіндіріледі. Ал жергілікті халық бүркітпен жыртқыш аңдарды аулаған және одан соншалықты шығын жоқ делінеді. Аңшылық қоғам қызметкерлері бүркітті кез келген қазақ ұстамайтынын білген, сондықтан оны ауқаттылардың әуестігі деп есептеген және залал келтірмейтін аңшылық ретінде бағалаған. Осы тұста патшалықтың отарлау саясатының қазақ халқының тіршілік қамы жүйесіне тигізген әсері мен өзгеріске ұшырауы байқалады. Дегенмен, А.С. Шостактың еңбегінде: «Патшалық тарапынан аңшылық фаунаны қалпына келтіру бойынша ешқандай шаралар қабылданбады, ал аңшылық заңдар жұмыс істемеді», - деп тұжырымдалады [24, с. 57]. Егер, осы мәлімдемеге сүйенер болсақ, заңдардың жұмыс істемеуі немесе шаралардың іске аспауы бұл – біріншіден, арнайы аңшылық шаруашылық және қоғамдардың болмауынан, екіншіден, жүзеге асыру тетіктерінің жасалмауынан деп тұжырымдаймыз.

Дәстүрлі аңшылықтың қазақ халқының күнкөріс және пайда көзіне айналуы жайлы Я.Я. Полферов: «Қазіргі көшпендінің аңшылық культі бұрынғы көңіл көтеру, сауық құру, игі құмарлық және әуесқойлық реңкін жоғалтты..., не рельефтік, не рахаттану сезімдерін емес, үлкен түсімді қамтамасыз ететін аңшылық тәсілдері енді алдыңғы қатарға шықты», - деп мәлімдесе [20, с. 6], Арал маңының дәстүрлі аңшылығын зерттеген Р.А. Бекназаров: «Орыс самодержавиесінің далада ықпалының күшеюі және қазақтардың нарықтық қатынастарға тартылуына байланысты аңшылық қазақтардың жеке шаруашылық түріне айналды», - деп тұжырымдайды [54, с. 370]. Міне, осы пікірлер ХІХ ғасырдың ортасы-ХХ ғасырдың басында дәстүрлі аңшылықтың мәнінің өзгеруін нақтылай түседі.

Этностың табиғат және қоршаған ортамен өзара әсерін зерттеген ғалым Л.Н. Гумилев: «ХІХ-ХХ ғасырларда аңдарды қыру апатқа айналды. Дегенмен, адамның табиғатқа деген жыртқыштық қатынасы кез келген формацияда жүзеге асуы мүмкін, сәйкесінше ол әлеуметтік даму ерекшеліктерінің нәтижесі ретінде қарастыруға болмайды. Адамзат кез келген қоғамда табиғатты деформациялайды. Ол оған тән қасиет тәрізді. Ол оны алуан түрлі әрекетпен жасауы мүмкін, алайда оның тетіктері арқылы ажыратуға болады», - дейді [189, с. 321]. Осы пікір біз қарастырған кезеңде дәстүрлі аңшылықтың мәнінің өзгеруі басқа да елдерге тән құбылыс болғанын айқындайды.

Бүгінде аңшылыққа байланысты көптеген мәселелерді зерттеп жүрген ғалымдардың бірі А.У. Тоқтабай: «Аңшы ешқашан байымайды. Себебі қазақ аңшылықты кәсіп емес, табиғат аясына шығып, табиғатпен тілдесіп, көңіл көтеріп, сергіп, саятшылық құру деп есептеген. Аңшылықтың кәсіпке айналуы Ресейдің қазақ жерін отарлап, бағалы аң терілері мен тағы басқа өнімдеріне тапсырыс беріп, жергілікті аңшыларды қызықтыруынан, екіншіден, езгіге түскен

халықтың еріксізден аң аулауды кәсіпке айналдыруынан еді», – деген пікірі де осы мәселені айқындай түседі [35, 117-б.].

9-сурет. XIX – XX ғасырдың басындағы тіршілік қамы жүйесінің өзгеруі және оның аңшылыққа әсері



Сонымен, тіршілік қамы – этнос мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі, яғни кез келген этностың бейімделу, тіршілік ету және тіршілігін сақтау үшін бағытталған қызметі, мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз етуге ұмтылу әрекеті. Ол халықтың өмір сүру және оның бірқалыпты өтуін қамтамасыз етеді. Ал көшпелілік – тарихи қалыптасқан шаруашылық-мәдени қоғамдық жүйе. Қазақ халқы шаруашылық-мәдени типте көшпелі мал шаруашылығын қалыптастырып, аңшылықпен қосалқы кәсіп ретінде айналысты. Халық өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында өзіндік тіршілік қамы жүйесін қалыптастырды. Жергілікті ландшафтыға бейімделіп, оны игеріп, қайталанбас дәстүрлі аңшылық өнерді дамытты. Қазақ қоғамында қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығы аңшылықты өндіруші шаруашылық ретінде қажет етпегендіктен, оны ығыстырып, босаған экологиялық тауашаны толтырып, оны түгелімен игереді. Сөйтіп, аридтік аймақта материалдық өндірістің рационалды түріне айналады. Аңшылық болса, өз кезегінде, реттеуші ролін атқарып, қажеттілікке қарай кейде адамның қызығушылықтарына ықпал еткен жағдайларда кейбір жыртқыш аңдарды жою және малды қорғау мақсатындағы негізгі құрал ретінде қызмет атқарды. Сол себепті де жабайы тұяқты аңдар шөлейтті-далалық аймақтарда сақталды. Халық демалу үшін аңшылыққа шығып отырды. Аңшы аспанда қалықтап ұшып, шүйіле келіп аңға түскен қыран құсты тамашалауды ғанибет тұтып, құсбегі саяттағы жолдастарымен рахатқа бөленді. Қолға үйреткен құсы арқылы адамның бұрыннан армандаған аспанға қалықтап ұшуын көру арқылы ләззат алды.

Қорыта келгенде, біріншіден, қазақ халқының негізгі шаруашылық түрі мал шаруашылығы болғандықтан және негізгі өнімді халық мал шаруашылығынан алуына байланысты аңшылық өнімге деген қажеттілік

болмады, сондықтан қосалқы кәсіпті құрады; екіншіден, қазақ халқының дәстүрлі тіршілік қамы жүйесінде аңшылық өнімдері халықтың тіршілік қамы жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде тұрмыс қажеттілігін өтеп отырды; үшіншіден, біз қарастырған кезеңнің соңғы уақытында Ресейдің отарлау саясатының күшеюі, жер мәселесінің шиеленісуі, халықтың кедейленуі, көршілес елдермен сауда-саттыққа қазақтардың тартылуы нәтижесінде аңшылық трансформацияға ұшырап, сауда, айырбас көзіне айналды. Халық үлкен еңбек, асқан айлакерлік пен төзімділікті талап ететін аңшылықтың өнімдерін тиісті бағасына сата алмай, төменгі арзан бағаға саудалаған. Аңшылықтың дәстүрлілігі жойылып, пайда көзіне айналуы кезі келгенде қоршаған ортаға үлкен нұқсан келтіріліп, аңның сиреп кетуіне әкелді. Патша үкіметі аңшылық фаунаны қалпына келтіру үшін шаралар қолданғанымен, арнайы қорғау мекемелерінің болмауы себебінен аңшылық ресурстар азайды.

Қазақтың қоршаған ортада демалып, оны қорғап, сүйіспеншілік пен демалуға бағытталған аңшылық өнерінің мағынасы жойылып, аңшылық бұрынғысынша өнер емес, негізінен пайда табу үшін сауда мақсатындағы күнкөріс көзіне айналды. Халықтың кедейленген бөлігіне азық пен жалпы табыс көзі болды. Сөйтіп, қазақ халқы тіршілік қамы мәдениеті аясында тіршілік қамы жүйесін (дәстүрлі киім, тағам), қоршаған ортаны дәстүрлі қолдану мәдениетін, бастапқы өндіріс мәдениетін қалыптастырды.



### 3 АҢШЫЛЫҚ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАСЫ РЕТІНДЕ

#### 3.1 Аңшылыққа байланысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер

Аңшылыққа байланысты наным-сенімдер, әдет-ғұрып, ырымдардың тамыры ерте замандағы тотемдік нанымдарға байланысты. Аңшылыққа байланысты салт-дәстүрлер аңға шыққан аңшыға айтылатын ақ ниеттен басталады. Аңға көбіне сейсенбіде шыққан. Бұл халықтың «Сейсенбіде сергелден» аң сергелденге түседі деген наным-сенімінен туған болса керек.

Табиғат аясында демалып, серуен құрып, уақыт өткізу мен пайдалы істі қатар жүргізген қазақ аңшылыққа қатысты көптеген салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар қалыптастырды. Көшпелі қоғам заңдылықтары бұл жерде де басты назарда болып, халқымыз аңды бет алды атпау, інге кірсе қазбау, буаз болса атпау секілді жазылмаған заңдар негіздеді. Мысалы, қазіргі күнге дейін атадан келе жатқан аңшылар «Қақпан құрған – үйде жатып алады, ін қазған аңшы – күнәға батып алады» дегенді ұстанып, қазір белең алған жабайы аңшылыққа өз қатынастарын білдіріп жатады. Туған жердің табиғатын аялап, қыран құс және тазысымен қатар аңды да құрметтеуге тәрбиелеуге тырысады: аңды қинамау, аңшылық маусымында ғана аулау, бет алды қырмау. Ал, зерттеушілер болса: «Географиялық тұрғыдан алғанда, этнос – нақты ландшафттық аумақты өзіне бейімдеген және өзі де соған бейімделген топ. Қол жеткізген этноландшафттық тепе-теңдікті сақтау үшін ұрпақтар ата-бабасының, ең болмаса қоршаған табиғатқа қатысты істерін қайталауы тиіс. Тарихта ол дәстүр деп аталады», - деп тұжырымдалған [190, с. 125].

*Аң олжасын байлау. Сыралғы. Тырнақалды.* Аңшылардың өзіндік жазылмаған ережелерінің бірі аң олжасын байлау немесе оны сыралғы деп те атайды. Бұл жосын бойынша қанжығасы майланып келе жатқан аңшының алдынан үлкен кісі не кез келген бейтаныс жолықса, ол өз олжасын ақысыз-пұлсыз, сұратпай тарту етеді. Аң алған аңшы жолаушының аузынан «майлансын!» деген сөзді естіген бетте, «сізге байлансын!» деп жауап қатып, шын ниетімен олжасын байлайды.

Басқаша «қанжығаға байлау» деп те атайды. Аң олжасын байлау дәстүрі «Алаштың бөлінбеген еншісінің бірі» деп саналғандықтан, аңшы одан ешқандай пайда күтпейді. «Аңшы байымайды» деген сөз осыдан қалса керек-ті. Осы сөздің дәлелі ретінде ауыз әдебиетінде мына өлең жолдары сақталған:

«Түлкі екен қоңыр ала тұмсық жүні,  
Терісін сойып алып көңіл тынды.  
Жанына Жәмиланың байлап беріп,  
Тағы да түлкі қағып атқа мінді» [191, 161-б.].

И.И. Ибрагимов аңшы олжаны міндетті түрде жасы үлкенге беретіні туралы жазады [14, с. 53]. С.Е. Толыбеков: «Аңшылық қазақтарда ғасырлар бойы ермек болды. Ол мына дәстүр арқылы дәлелденеді. Егер аулау кезінде таныс немесе таныс емес болсын біреу кезіксе, аңшы олжасын сыйлауы қажет. Бұл дәстүр «аң байлану или аңды байлау» деп аталады. Ол көшпелі халықтарда ХХ

ғасырдың басына дейін сақталып, қоғамның өндіргіш күштерінің күнделікті жағдайымен түсіндіріледі», - деп пікірін білдіреді [160, с. 571].

Аңшылық қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениетінің заң қағидаларының жинағы болып табылатын «Жеті Жарғыда» да екінші тағанның «Меншік» атты бөлімінде қарастырылады. Онда осы «қанжығаға байлау» дәстүрі дәлме дәл осылай аталмағанымен, «аң олжасын» бөлу ретінде мазмұндалады. Мысалы, Заңда: «Аң қакқан адам олжасын маңайындағы адамдарға береді. Бұл мәселеге байланысты ескерілетін жағдайлар: а/ аңшылықты қызықтырушылардың ішінде болса, не жолда жолықса олжаны ең алдымен қызға береді; ә/ орталарында қыз болмаса, олжаны төреге /сұлтанға береді; б/ ақсақалға береді. Аңшының/ аңшылардың олжасы бірнешеу болса да жоғарыда көрсетілген тәртіп сақталады, ең алдымен соларға береді» [192, 127-б.]. Соңғы 10-бабында: «Қазақта «аңшыдан – сыралғы, батырдан – сауға» деген табиғат ортақ байлық, жаугершілік ортақ қиындық туралы түсінік бойынша кез келген олжалы аңшыдан бірдеме дәмету бар», - деп қорытындыланады. Ал, сыралғы дегеніміз – олжалы қайтқан аңшыдан бірінші кездескен адамның сұрап алатын кәдесі. «Сыралғы» дәстүрлі қазақы ортадағы тұлғаралық қатынастың нормасы ретінде қызмет атқарғандығын айғақтайды» деп тұжырымдалған [166, 253-б.]. Аталған дәстүрлер олжаның рулас, ауылдас немесе кездейсоқ адамға да бұйырып, қазақ қоғамының ерекше дәстүрлілігін көрсетеді. Тек қана алғашқы олжа ғана аңшының жеке олжасы болып, оны бермеуге құқылы болған. Сәйкесінше бұл дәстүр «тырнақалды» деп аталады.

Ауланған аңның түріне қарай оны бөлісуінің де ерекшеліктері бар екенін айта кету керек. Мысалы, терісі бағалы аң атып алған жағдайда, аңшы оның терісін өзіне қалдырып, бауыр жақ бөлігін жолдастарына береді. Ал егер қоңыр аң бөліске түссе, оны «мүше алмақ» тәртібі бойынша жәукемдейді. Яғни мерген оның терісін, төсін және оң санын өзіне қалдырып, басқасын жолдастарына байлайды. Жолдастары өз арасындағы жасы ең үлкеніне олжаның көп бөлігін беріп, қалғанын өзара үлестіріп алады. Аңшының қанжығасы майланып, аңнан оралғанда, жолай кездескен үлкен адамға олжасын байламай кетіп, артынша сол кісі дау шығаруы мүмкін. Ондай жағдайда аңшы айыбын тартады. Жасы үлкен адамға бір рет олжасын байлаған соң, оған қайтадан байланбайды деген де ұстаным бар. Аңшы біреуге аңды байласа, сол олжаны екінші адамға байлауға болмайды.

Олжасын байлаған аңшы қазақ қоғамында ерекше құрметке ие болған. Егер ол аң терісін сататын болса, көп саудаласпай сұраған бағасын беруге тырысқан. Мысалы, И. Колачев 2-мақаласында: «Бірде Орал тауларының солтүстік-батысында бір ауыл старшыны Тыржанның үйіне тоқтадым. Оның үйіне таңертең екі аңшы түлкі терісін алып келіп, бірі 2 қойға, ал екіншісі 1 қойға бағалап, айырбастап алып кетті. Таң қалып, старшыннан сұраған кезде ол: «Екі аңшы да түлкі терісін дұрыс бағалап отыр. Екеуі де кедей екен. Алла кедейге көмек бер дейді. Сондықтан сұрағандарын бердім», - деді, деп жазады [10, с. 327].

Аңшылық кәсіп көңіл көтеру түрінде дамығанымен, оған қатысты дәстүр қазақтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде наным-сенімдер түрінде орын алды.

Ислам қағидаларына сәйкес ауланған аңның еті «адал» және «арам» болып бөлінді [42, 409-б.]. С. Мұқанов: «Қазақтар барлық хайуанаттарды «адал» және «арам» деп екіге бөледі. Адалы – шөппен, жеммен қоректенетіндері, яғни басқа тірі жәндіктерді жемейтіндері, ал арамы – тірі жәндіктерді өлтіріп, етпен қоректенетіндері, яғни «қанішерлер». Бұларды, әдетте «жыртқыш аңдар», «жыртқыш құстар» деп атайды», - деп атап көрсетеді [28, 104-б.]. Сәйкесінше, қазақ аңдардың ішінде тек шөп жейтін «адалын» ғана азыққа пайдаланған, оның ішінде аю, суыр, борсық сияқтылардың етін мүлдем жемейді [36, 116-б.].

Қазақ халқы дәстүрлі аңшылыққа байланысты өзіндік наным-сенімдерді қалыптастырды. Аңды қыра беруге болмайды киесі атады деп сенген. Әсіресе, әулиелі жерлердің аң-құсына тиіспей, оларды әулиенің өзі бағады деп, керісінше көзіне көрінсе жақсылыққа балап, желеп-жебеп жүр деп түсінген [42, 410-б.]. «Аңшы ешқашан байымайды» деген халқымыз аңшының жомарттығы мен кең пейілділігін байқатуға тырысқан. Олай атау себебі – аңшылық пайда табу көзі болмаған. Кәсіпке айналуы ХІХ ғасыдағы жағдайларға байланысты болды.

Мәселен, аң олжасын бөлісудің қалыптасқан тәртібі бар, сол тәртіп бойынша, байланған олжа саят құрушылардың арасында жасы үлкеніне бұйырады. Ал аңға алғаш шыққан аңшы бірінші олжасын қасындағыларға да, жолай кезіккендерге де байламайды, өйткені аңшыға айдалада кезіккен аң да киелі деп, жақсы ырымға жориды. Сол сенімге байланысты аңшының алғашқы саятының олжасы, жаңа бапталған құсының немесе жаңа үйретілген тазысының қайырғаны мергеннің өзіне бұйыруы тиіс [42, 411-б.].

Қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша аңшылар ауланған аңды оң қолымен алады, оның етінен баулыған құсына немесе итіне ауыз тигізеді және олжаның қанымен мылтығының дүмін қандайды. Үйіне оралған аңшы ырымдап аңды алдымен босағаға тастайды да, содан соң оны кереге басына іледі.

Аңға шығарда аңшылардың қаруы мен қамшысына әйел баласының қолы тисе, жолы болмайды деген де ырым бар. Әйел затына қатысты тағы бір ырым бойынша, екіқабат әйелдерге аңшының, балықшының олжасынан жеуге болмайды. Белгілі ұста, зерттеуші Дәркембай Шоқпарұлы «аңшылар мен саятшылардың мылтығына, қақпанына, басқа да жабдығына көз тиеді» деген мағлұмат берген [170, 236-б.].

Алайда қазіргі күні аңшылар құралдарына «әйел адамның қолы тиюге болмайды» деген ырымды аз ұстанатыны байқалады [II; III; VI; XVI]. Бірі мұның себебін – мұсылмандықпен түсіндірсе, екіншісі – әйелінің шебер екенімен түсіндіреді.

Аңшыны кәсібінің ерекшелігіне қарай түздің адамы деуге болады. Түн қатып, далада қону аңшының өміріне тән жағдай. Сондай кездерде пайдаланатын ырымның бірі шеңбер сызу. Аңшы өзін қорғау мақсатымен жатқан жерін айналдыра шеңбер сызады. Бәле-жала, жыртқыш аң, улы жәндіктер шеңбердің ішіне өтіп, ұйықтап жатқан аңшыға зиян тигізе алмайды деп сенеді.

Аңшы түз тағысын нысанаға алғанда:

«Бисмилляһи рахмани рахим,

Ғайып ерен, қырық шілтен, қайырып бер,

Қайырып берсең, үйірінен айырып бер!», – деп пірлеріне табынады.

Аңшымен бірге оның отбасы мүшелері де кейбір ережелерді ұстанады. Мысалы, *аңшының кешіккеніне сүйін* деген сөз бар. Аңшылық қиындығы мен қаупі қатар жүретін кәсіптің бірі екені белгілі. Түз тағысының ізіне түскен аңшы кейде ауылдан шалғайға алыстап кетеді, айдалада түнеуге мәжбүр болады, жыртқыштың тырнағына іліну қаупі де бар. Әйтсе де отағасының жолына қарап, күтіп отырған үй-ішінің көңілі күпті болса да, аңшының кешігуін жақсыға жоруы керек. Аңшы қанжығасы майланып, мол олжасын көтере алмай баяу келе жатыр деп ырымдауы керек екен [IV].

Ырымдармен қатар кәнігі аңшылардың аттамайтын тыйымдары да баршылық. Мысалы, аққу, сарыала қаз, көкек, көккөптер секілді құстарды атпайды және ауламайды. Аңның төлдері мен аналықтарын да атуға тыйым салынады. Егер жас төлді не буаз аналықты жыртқыш қуалап келе жатқанын көрсе, аңшы араша түсуі тиіс. Киелі орындардағы жануарларға кесірін тигізген адамның жолы болмайды деген наным осы күнге дейін сақталып келеді. Мысалы, Маңғыстаудағы Бекет атаның Оғландыдағы мешітінің маңайында жайылып жүрген арқар, киіктерді көруге болады [35, 116-б.]. Жергілікті халық олардың киесі атады деп қорқып, тиіспейді.

Сонымен бірге аң терісіне байланысты да өзіндік тәртібі болған. Тері сатылатын немесе айырбасталатын тауар өнімі болғандықтан, аң әрқашан аңшының меншігі болып есептелді. Бұл дәстүр бойынша аңшы аңды атып алған кезде жанында бөтен адам болса, онда аңшы аң терісін сол адамға берген [42, 411-б.]. Осы дәстүр қазіргі күнге дейін сақталғаны мәлім және қуантарлық жәйт (I, V, VIII, X). Аталған дәстүрдің болуы ең алдымен, үлкенге деген құрметтің білгісі. Екінші жағынан, «барлығындағы басты мақсат – аумақтық шекаралар жиі-жиі өзгеріске түсіп отырған жағдайдағы көшпелі рулар арасындағы бейбіт қатынасты сақтау болғанға ұқсайды» [42, 412-б.]. Осы пікірге дәлел ретінде этнограф М. Егізбаева мақаласында мынадай жазба келтіреді: «Әрбір ордалық аңшылық кәсіппен айналысуға немесе руына қарамастан қай жерде аңшылықпен айналысқысы келсе сол жерге құқығы бар. Бір сөзбен айтқанда, дала ордалықтардың ортақ жері болғандықтан, ондағы аңдар мен құстар да ортық» [49, 47-б.].

Қазақтардың арқар, құлжа, тауешкі, таутеке тектес аңдарды қоңыр аң деп атап, ерекше қастерлегенін жоғарыда атап өттік. «Қазақ аңшылары «қоңыр аңды» «иесі бар аң» деп қастерлейді. Жаппай қырудан сақ болған. Әсіресе, қоңыр аңның қозықанын немесе енелерін атудан аңшылар аулақ болған. Жазатайым атып алса, енесін немесе баласын қатар атуға ұмтылған. Қоңыр аңды атқанда әсіресе шұбырып келе жатқан «бастаушысын» өткізіп жіберіп атады. Егер қоңыр аңды жыртқыш аңдар қуып, қоңыр аң жанын қоярға жер таппай келе жатса, қоңыр аңды қуып келе жатқан жыртқыштарды алдымен құртатын салт бар», – деп Б. Кәмәлашұлының қоңыр аңға қатысты қазақ сенімін келтіріп, нақтылаймыз [32, 261-б.]. Автор: «Құлжаның терісінен төсеніш істеуге болмайды. Әйел, еркек демей белсіздікке ұрындырады. Бұл қоңыр аңның киесі деп ырымдайды. Буаз қоңыр аң, бұғыны атпайды. Киесі қайткен күнде де соғады деп ырымдайды», –

деп қорытындылайды [32, 261-б.]. Сонымен, қазақ қоңыр аңды ерекше қасиетті санап, оны беталды атпай, одан алынатын өнімдерді ерекше қастерлеп, аяқасты етпеуге тырысқан деп тұжырымдаймыз.

**Бүркітке қатысты ырымдар, ғұрыптар.** Бүркіт қашанда киелі құс болып саналады, оны көктің иесі, Күннен жаратылған, көк Тәңірінің елшісі деп сипаттап, жоғары бағалайды. Бүркіті бар үйде жын-шайтан болмайды деген ұғым бар. Бүркіт – ердің серігі. Ол ерлік, өжеттік, қайраттылықтың символ белгісі. Бүркітке байланысты наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар, ырымдар оны ұстап әкелгеннен-ақ басталады. Қазақ халқы құсты аса шарапатты құс деп біледі. Бүркіт ұстап әкелінсе де біреуден сатып әкелінсе де, үйімізге бақыт кірді деп ырымдайтын болған. Оны үкілеп «жарықтық», «қасиетті құс», «құстың патшасы» деп қастерлеу де жоғары нанымнан басталады.

Құсбегі бүркіт немесе балапан ұстап әкелсе ауыл ақсақалдарынан бастап бүркіт құмар ауылдағы барлық адам біткен жиналады. Құсты көріп тамашалап, шашу шашып, көрімдік беріп құсты сынап әңгімелеседі. Ауқаттылар жағы ақ сарбаз атап та жатады. Қарт құсбегілер өздерінің ескі құс жабдықтарын көрімдік ретінде сыйға тартады.

Ауыл адамдары бүркіт отырған маңайдың қасиеті бар деп есептейді. Байырға сенім бойынша құстың алдынан қыз-келіншек, бозбалаларды өткізбейді, айналып өтуді талап етеді. Бүркіт бір сілкінгенде үйден бар пәле кетеді деп ырымдайды. Жақсы қыран құсы қаза болғанда құсбегі қатты қайғырып, аза тұтады. Құстың денесін ақ шүберекке орап, тау-тас жақпарына, құс ұясына жақын жерлерге жерлейді. Бүркіттің қанат, құйрық, қауырсынын, тұяғын үйдің төріне, жас баланың бесігіне іліп қояды [42, 412-б.]. Оны көз сұқтан және басқаның тілі тиюден сақтау үшін бүркітке үкі қадайды.

Сонымен қатар, бүркіттің өзіне ғана емес, оның жабдықтарына қатысты ырым-тыйымдарды аңшылар қатаң ұстанады. Мысалы, бүркіттің тұғырына байланысты ғұрыптарға келер болсақ, бүркіттің тұғыры үйдің оң жақ босағасына орнатылады, тұғырдың өзін жоғары дәріптеп, атадан балаға мұра ретінде қалдырады. Оның тұғырына адамның отыруына тыйым салынады. «Құс өлсе тұғыр күйінеді» деген сенімге орай өлген құстың тұғыры бос болмауын қадағалайды. Егер үйге біреу құс ұстап келсе, тұғырды сол кісіге тарту етеді. Бүркіттің тозған тұғырын отқа жағуға қатаң тыйым салынады.

Халық ежелден қастерлі деп санаған бүркітінен айырылса жоқтап, тіпті жақыны сияқты оны жерлеген. Сонымен қатар халқымыз ғұрыптық фольклорда аңға шыққан кездегі тыйымдарды да қоса жеткізуге тырысқан. Мысалы: «Аңға алғаш шыққанда олжанды ешкімге сыйлама»; «Аңшы аңға шығарда қаруы мен камшысына әйел адамның қол жалғауына болмайды»; «Жабайы аңды үнемсіз аулауға болмайды»; «Көктемде жан-жануарға тиіспе, құндыз аулама» деген тыйымдар бар.

«Қыран» федерациясының атқарушы директоры Бағдат Мүптекеқызы «егер бүркіт түсіме кірсе қар жауады» дейді. Ол мұны ата-бабасынан құсбегілікпен айналысып келуімен және өзінің бала күнінен құсқа әуестігімен байланыстырады. Екіншіден, республика көлемінде жарыс өткізерде ауа-райы

мәліметіне жүгінбейтінін айтады. Яғни «Бүркіт – киелі құс. Оның қанатымен қар жауады. Аңшылыққа қолайлы ауа-райы құс киесімен болады. Қазақ бекерге «құс қанаты» деп айтпайды деп мәлімдейді [I].

Бүркіт аңға түспей қойса, ауырып қалса немесе қашып кетсе, көз тиген деп есептеледі. Ондай жағдайда оттың үстіне тұз шашып, бүркітті оннан солға қарай айналдырып, «бисмиллә, сырыс-сырыс, сырыс-сырыс» деп ұшықтайды. Құстың бар жабдығын бір жерге жинастырып, оларды адыраспан немесе аршаның түтінімен аластап, қырсықтан тазалайды [IV; XVII;].

Аңға шыққан қыранның сыртынан «Қадалған көздің сұғынан сақта, айнып кетпесін» - деп тілейді. Құсының аңға тура түскенін көрген аңшы қалыптасқан әдеби бойынша «Иә сәт! Бере гөр, Тәңірім!» - деп ырымдайды. Аңшы олжасын қолына алып, жерге үш рет ұрып, «Істің басы ілгері, сайтанның басы кері, үйірімен үш тоғыз» деген сөздерді айтады.

Бүркітке қатысты барлық ырымдарды ұстану, онымен ұшықтау туралы Бүркітбай Файзуллаұлы: «Мен бүркіттерімді көзден тасада ұстаймын. Ол бала секілді нәзік. Тез назарланып қалады. Сондықтан ел көзінен сақтаймын. Ал, егер немерелерім шошынып, ұшынып қалған жағдайда бүркітпен «Фатиха» сүресін айтып, ұшықтаймын», - дейді [IV].

**Бүркіттің құйрығын майлау.** Қазақтың бүркітті ерекше қастерлейтінін бүркіттің құйрығын майлау деген рәсімінен байқауға болады. Осы дәстүр бойынша құсбегі түзден құс ұстаса, сатып алса немесе қалап алса, бүркіттің құйрығына, қанатына май жағады, иығына шоқ үкі тағады. Бұл рәсім осымен шектелмейді, құсбегі ауылдың ақсақалдарын шақырып, қой сойып, бүркіттің торын «қандайды», яғни торына қан жағады. Кәнігі кәрі аңшылар мен ауылдың сұңғыла ақсақалдары бүркітті сынайды, құйрығын майлайды. Ауылдың ауқатты байлары көрімдікке мал атайды, ал қарт құсбегілер өздерінің құс жабдықтарын сыйлайды [170, 757-б.].

**Бүркіттің саңғуы.** Егер аңға шығып бара жатқанда құс саңғыса аңшы олжалы қайтамын деп жорыған. Дерекберуші М. Нажитбан «бұл туралы естіген емеспін», өз тәжірибесінен білетінін айта келе, аңға шығардан 2-3 күн бұрын психологиялық тұрғыдан дайындалатынын, ой бөлінбеу үшін көпшілік жерге бармайтынын айтты [III].

**Бауашар** аңшының баулыған қолбала құсының алғаш аңға түсуі. Құстың алғаш аңға шығуын құстың аяқтануы деп атайды, ал алғашқы олжасы тырнақалды деп аталады. Құсбегі қолбала құсты қолына қондырып, бауашардан қайтқанда, ауыл адамдары қарсы алып, шашу шашады. Ырым бойынша бауашарда алған аң ешкімге байланбайды. Өйткені алғашқы олжаны басқаға беру құстың бағын байлаумен пара пар деп есептеледі. Аңшы баулыған құсын қолына қондырып аңға шыққанда биялай киеді.

**Бүркіт биі.** Қазақ даласына ислам діні келгенге дейін адамдар көне кезден келе жатқан наным-сенімдерге жүгінетін. Сол тотемдік нанымға жалғанған сакралды мистикалық ғұрыптың бірі бүркіт биі болып табылады. Бұл бүркіттің іс-қимылына негізделген ұлттық би түрі. Бүркіт биі ерте заманда ритуалдық ғұрыптарды атқарумен байланысты болса керек, алайда уақыт өте келе би өзінің

сакралды мағынасынан айырылып, оның сыртқы көркемдік формасы ғана қалды [170, 576-б.]. Бүркіттің биін дәстүр бойынша ер адам билейді. Би құстың қимылдарын қайталауға негізделген, құстың ұшқанын, қонғанын, аңға шүйліккенін, қанаттарын қомдағанын, тоятпағанын бейнелейді (Қосымша Б, Сурет Б16). Бүркіттің биі буын билер қатарына жатады. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияның 1-томында: «Бүркіт биі Шығыс Қазақстан, Алтай өңірінде, Моңғолияда таралғандығы айтылады. Бидің бір және екі биші орындайтын түрлері болған. Дей тұрғанмен, аты аталғанымен бұл би туралы дерек жоқтың қасы деуге болады. Бидің орындалу мәнері, қандай әуенді қолданып билейтіні жайлы деректер жоқ. Яғни, бүркіт биі әлі арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелер қатарына жатады» делінген [170, 759-б.]. Осы тұста айта кетер жайт, сол кездегі Алматы облысына қарасты Текелі қаласында жүргізілген экспедиция барысында қазіргі күні бүркіт биін билейтін аңшы ұшырасты. 2021 жылдың 14-19 маусым аралығында өңірдегі аңшылар Бүркітбай Файзуллаұлы қолға түсірген асау түз бүркітін қолға үйрету үшін «ырғаққа отырғызу» рәсімін жасады. Дәстүр бойынша бұл рәсімді жасауда құсбегінің жақындары дастарқан басына жиналып, таң атқанша ойын-сауық құрып, әңгіме айтып, ән-күй орындап, би билеп, құсты сынап, оны ұйықтатпай ырғақты жиі-жиі тербетіп отырады. Мұнымен қатар «құстың ұйқысын алу» рәсімі жүреді. Бұл екі рәсім арнайы бөлімдіе түсіндірілген. Міне, осы күні құсбегі Бүркітбай Файзуллаұлының үйіне келген аңшы Түсей Әбдікерім бүркіт биі мен аю биін биледі. Бұл кісі ҚХР Құмыл аймағы Баркөл ауданы Көлбай ауылының тумасы болып шықты. 2011 жылы елге оралған дерекберуші бұл билерді бала күнінен үлкендерден көріп өскенін, той-жиындарда тек қана ер адамдар билейтінін айтты [II]. Кейін бүркіт және аю билерін билейтін Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның кәсіби бишісі Бегзат Ағияр 2004 жылы Қазақстанға келгелі осы билерді сахнада бірнеше рет орындағанын және Қытайда үйренгенін хабарлады [X IV].

**Аңшы киімі.** Аңшы киімі жеңіл, шағын, жинақы, ыңғайлы, қозғалысқа икемді болуы маңызды. Қыстыгүні аяғына ұзын саптама етік, қызыл түлкінің пұшпағы мен терісінен жасалған тымақ, жылы ішік, жарғақ тері шалбар киеді. Киімінің сыртынан кісе белдік тағып алады. Кейбір аңшылар жұқалап киізден жасалған кебенек те киген. Ол боран-аяздан қорғап қана қоймай, далада төсеніш қызметін де атқарған. Аңшы әулеттердің бірінде осы күнге дейін сақталған кебенекті көру мүмкіндігі болды (Қосымша Б, сурет Б8). Сонымен қатар таулы жерде қатқат жартастарда аяғы сырғанамау үшін киізден тігілген шұлық және аяқ киім киіп, табанына темірден жасалған таға кию де кездескен (Қосымша Б, сурет Б9). Яғни, бұл негізінен қоңыр аңға шыққан кезде киетін киім. Ал, қасқыр аулауға шыққан кезде жылы киінсе, түлкі аулауда сары түстес киім киіп, байқалмай сары шөп арасына және т.б. жерлерге жатып алуға ыңғайланған. Егер киім жүннен тігілген болса, аңға сезік тудырмау үшін терісін сыртқа, сыртын ішіне қаратып, аударып киген. Кей жағдайларда әдейілеп шөп, балшық, топырақ және т.б. киімге жағып, иіс сездірмеуге де тырысқан.

### 3.2 Аңшылық кәсіптің ауыз әдебиетіндегі көрінісі

Кез келген халықтың ұлттық мәдениеті, тарихи жадының қайнаркөзі, ұлттық болмысы мен дүниетанымының көрсеткіші, рухани өмірінің айнасы фольклорда негізделген, яғни әрбір халықтың ауыз әдебиетінде дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі және салт-дәстүрі мазмұндалған. Әрине, жоғарыда аталған жайттарды қиял-ғажайыптық түсіндіру басым. Дегенмен халықтың қиялынан шынайы ақиқаттық фактіні аңғаруға болады. Ол өткеннің жаңғырығы ретінде бүгінгі күні өмір сүріп, ұрпақты ұлттық мәдениет мұраларымен сусындатады. Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы жайлы әртүрлі тарихи дереккөздер арасында фольклор теңдесі жоқ нарративті деректер тобын құрайды. Өйткені халықтың өткен тарихы ел жадында сақталып, фольклорлық материалдар негізінде бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр.

Осы мәселені қарастыру барысында қазақ халқының фольклорлық үлгілері: а) ертегілер; ә) батырлар жыры мен дастандар; б) ғұрыптық фольклор; в) өлеңдер; г) ғашықтық жырлар; д) дидактикалық фольклор негізге алынды [193, 245-б.].

Қазақ ауыз әдебиеті ұрпақтан ұрпаққа ауызша жетіп отырды. XVIII ғасырда қазақ фольклорын жинау, жариялау және зерттеу басталғанымен, олардың негізгі бөлігі қазақ халқы туралы дерек ретінде пайдаланылса, XIX ғасырдың екінші жартысынан ғылыми мақсатта қарастырылды. Осы кезеңде қазақ халқының дәстүрлі аңшылығына қатысты фольклорлық материалдарды А.И. Левшин [8], Ш.Ш. Уәлиханов [61], В.В. Радлов [194], Ә.А. Диваев [195], ал XX ғасырда Ә.Х. Марғұлан [90], С. Мұқанов [28], М.С. Мұқанов [11], Н. Төреқұлов [196], Е.Д. Тұрсынов [92] және т.б. еңбектерінде жинақталған фольклорлық мәтіндерде кездестіре аламыз.

Халықтың төл дерегі болып табылатын фольклорлық материалдар тек қана әдебиетшілер немесе өнертанушылардың зерттеу нысаны ғана емес, тарихшы, этнограф және т.б. сала өкілдерінің де басын біріктіретін сала. Филология ғылымдарының докторы, зерттеуші С.Қасқабасов: «Фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес. Этнографиялық материалды пайдалану жанрлардың шығу тегін анықтау үшін ғана қажет емес. Этнография фольклорлық жанрлардың ерте замандағы сипатын, алғашқы даму жолдарын зерттеуде өте пайдалы. Себебі жанрлардың да, сюжеттер мен мотивтердің де пайда болуы ғана емес, сондай-ақ олардың өмір сүруі мен өзгеру, даму жолдары да тұрмыспен, болмыспен тікелей байланысты», – деп атап көрсетеді [197, 54 б.]. Ал Н.Т. Төреқұлов әдебиетшілердің арасында алғашқылардың бірі болып М.О. Әуезов, Ә.Х. Марғұлан, М. Ғабдуллин, М.С. Сильченко, Н.В. Смирнова, С. Сейфуллин, Е.С. Ысмайылов және т.б. зерттеушілердің ұсынған ұстанымдарынан сүйене отырып, халық өлеңдерін арнайы жанр ретінде классификациялау барысында 4 топқа бөліп, «Еңбек, кәсіптік өлеңдер» деген бөлікке аңшылық, саяткерлік өлеңдерді топтады [196, с. 51].

Тәуелсіздік алғаннан кейін фольклорлық материалдарға деген қызығушылық артып, отандық әдіснамада «айтылған тарих» әдісі ғылыми



айналымға түсті. М.Қ. Қойгелдиев, Н.Д. Нұртазина, Б.О. Жангуттин, Ш.Б. Тілеубаев, Ш.Т. Нұрман, З.Б. Мырзатаева, М.Ч. Қалыбекова және Ә. Болатхан тәрізді зерттеушілер ауызша тарих айту дәстүрін зерттей келе, тарих айту дәстүрінің екі түрін ажыратып көрсетті [198]. Бірінші түрге – ұрпақтан-ұрпаққа жадта сақтау арқылы ауызша жеткізілуі, ал екінші түрге маман арқылы алынған сұхбат енгізілді.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде қара сөзбен айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп отырған фольклор үлгісінің бірі – *ертегілер*. Кез келген ертегіде қиял-ғажайып ой шындықпен байланыстырылған. Ертегі ақиқат өмірдің бұрмаланғанымен емес, оған шындықтың шеберлікпен біріктірілуімен тартымды. Қазақ ертегілерінде де кейіпкер дәріптелгенмен, күнделікті тұрмыс-тіршілік, оның күнкөрісі баяндалады. «Керқұла атты Кендебай», «Ер Төстік», «Бүркіт пен түлкі», «Аңшы мен қарға», «Патша мен бүркіт», «Аңшы жігіт» және т.б. ертегілерде кейіпкерлердің аңға шығуы, аң аулауда олардың ерекше тылсым күш иесі ретінде көрінуі сипатталады. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде: «Кендебай Керқұланы құстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтын болыпты», – делінген [76, 55-б].

Ертегілердегі аңшылық сахналар халықтың ұлттық сипатын (көрінісін) және этникалық ерекшелігін білдіреді. Ертегілік сюжет қиял-ғажайып болғанымен, нақты өткен шындық жайлы естелік емес, ол – болған оқиғалар жайлы шындыққа жақын фантастикалық шығарма. Ертегілер арқылы ұлттық құндылықтарды ұрпақтың бойына сіңіру негізделген.

Елді қорғау, ерлікке шақыру, батырдың ерлігін дәріптеу және дұшпанға өшпенділікке шақыру *эпостық жырлардың* басты мақсаты екені белгілі. Дегенмен айтушы өз кейіпкерін барынша мадақтау мақсатында тыңдаушыға оның күнделікті өмірінен де сыр шертіп, кейіпкердің аңға шығуы және оның туыстары мен бүкіл ауылын асырауы туралы баяндайды. Олардың қатарында: «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Аққоян мерген», «Қара мерген», «Құла мерген», «Аламан мерген» жырлары бар. «Мерген» сөзінің кездесуінің өзі атынан-ақ аңшылық жайлы айтылатыны сезіледі. Академик Ә.Х. Марғұлан: «Аққоян мерген», «Қара мерген», «Құла мерген», «Аламан мерген» жайлы әңгімелерде барлығының аң аулауы туралы айтылады», – деп пікір білдірген болатын [90, 80-б.]. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында Қамбар батырдың құмай тазысын ертіп аңға шыққаны туралы былай суреттеледі:

...Күмістен тағып қарғысын,  
Соңына ертіп тазысын,  
Ау қылып Қамбар шығады,  
Қасындағы құмайы,  
Таңынан тартып талайын,  
Таутекені жығады.  
...Алпыс үйлі арғынның,  
Ашыққанын тойғызды [195, с. 63–65].

Ертегі желісі құмай тазының халықтың жадында бұрыннан бар екенін білдіреді, яғни батырлар жырында да ұлттық сипат пен этникалық ерекшелік байқалады. Сол тарихи кезең немесе қай хандық екені тікелей айтылмағанымен, оқиғада орын алған аймақ немесе сол рулы ел айтылады. Мұның өзі аймақтық ерекшелікті, қандай аң аулағанын және қалай ауланғанын да байқауға мүмкіндік береді. Эпостық жырларда басты кейіпкердің аңшылық кәсібімен қатар, басқа да кейіпкерлердің мінез-құлқын немесе көңіл күйін суреттеу үшін халық күнделікті бақылап, аулау тәсіліне қарай адамның іс-әрекетін сипаттау орын алған. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында Ақжүністің көңіл күйін суреттеуде лашын құстың көлдегі аулау тәсілімен теңестіріп, Тарғын: «Ақжүністей жолдасым... Әйелде ару сен едің... Қабағы тастай түйілген, Лашын құстай шүйілген», – деп әсірелейді [199].

Басқа халықтардың фольклорлық нұсқаларын салыстырмалы түрде қарастыра келе, ноғай елінің фольклорлық үлгілерінде де аңшылық туралы айтылатыны байқалды. Мысалы, «Едіге», «Шора батыр» тәрізді көпшілікке танымал жырларында кейіпкерлердің саятшылық құруы немесе халықтың жалпы аңшылық кәсіппен таныстығы мазмұндалады. Атап көрсетсек, «Едіге» жырында Едігенің әкесі Құтлықай Тойхуч ханның қаршығасы мен сұңқарын баптаған. Алайда, табысқа қызыққан әкесі Тойхуч ханнан жасырын оның бір сұңқарын сатып жіберген. Мұны естіген хан ызаланып, оны жазалауды бұйырған [200, с. 11]. Келтірілген үзінді ноғай халқының күнделікті тұрмысында аңшылық кәсіптің болғанын және құсбегіліктің дамығанын білдіреді.

Бұл тақырыптың маңыздылығы жайлы кезінде Ә.Х. Марғұлан: «Аңшылық тұрмысты, мал бағуды суреттейтін монғол дәуірінен бұрынғы найман, керей, өңгіш (уақ) елдерінің алтай ортасында жырланған, аңыз-жырдың бір саласы, бұл топқа кіретін жырлар: «Аршы-боршы», «Қара мерген», «Айқанат» т.б. Бұл жырлар тек қазақ арасында ғана емес, алтай, тува, телеут халықтары арасында да айтылады. Мерген атаулының бәрі де ерте кездегі бақташылық, аң аулау тұрмысынан туындап, олардың жұртшылық алдында көрсеткен ерлік істері кейінгі дәуірге жыр болып қалады. Мерген әңгімелерінің көп шыққан жерлері әсіресе Алтай тауының төңірегі, керей, найман, шор, телеут елдері. «Хан мерген» жылы Алтайдағы (Қосағаш ауданы) наймандарда осы күнге дейін айтылады», – деп атап өткен болатын [90, 80-б.].

Қазақ халқының айтулы тұлғасы Б. Момышұлы да «Сұр мерген» туралы ертегіні өзінің отбасы туралы шығармасында келтіреді [201, с. 165-168]. Жазушы осы ертегі арқылы аңшының қанағатсыздығы, тойымсыздығы және ашкөздігі оның мерт болуына әкелгенін, адамгершіліктің негізі ынсап екенін ұрпаққа түсіндіруді мақсат еткен.

Аңшылық кәсіптің көрініс тапқан келесі түрі – *ғұрыптық фольклор*. Бұл жанрға бата, жоқтау, естірту кіреді. «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген нақыл сөзді ұстанған халқымыз «Бүркіттің жүрегін бер, адал достың тілегін бер», – деп тілек білдірген [202, 177-б.]. Мұнда да бүркіттің батылдығын, қайсарлығын, қырағылығын, адалдығын ескерген. Сонымен қатар қазіргі күні «Қыранның асқақтығын, алғырлығын бер, құстың қырағылығын

бер!» – деп бата береді [I]. Немесе үйленген жігітке «Құсың құтты болсын!» деп тілек айтуда «құс деп – қыран құс» айтылса, қазақтардың дәстүрлі материалдық мәдениетінің компоненттерін семантикалық талдау жасаған Н.Ж. Шаханованың тұжырымдауына сүйенсек, бұл жердегі «құтты» сөзінің мағынасы «бақыт» дегенді білдіріп, жігіттің бақытын табуын айқындайды. Өйткені, қазақ қоғамында «құсбегі» деп, қыран құсты баптаушыны айтатынын ескерсек, «құс» деп бұл жерде қыран құс айтылғаны анық [203, с. 12].

Халқымыз қайтыс болған адамның жақындарына қайғылы хабарды естіруге ерекше көңіл бөлген. Қаралы хабарды қара сөзбен, өлеңмен, тіпті күймен естірткен соң, естіртуші қаралы болған жанға сыпайыгершілікпен басу айтқан. Осындай көңіл айту немесе тоқтау сөздерінде аңшылықпен байланыстырған мәтіндер кездеседі. Мысалы, Ә.А. Диваев «Тарту» атты еңбегінде:

«Аққу ұшып көлге кетті,  
Сұңқар ұшып шөлге кетті.  
Ол адасып кеткен жоқ

Әркім барар жерге кетті», – деген үлгіні келтірсе, халық арасында кең тараған «Ат өледі, құс ұшады, екі қанат бір құйрық табылар, ажалы жетсе бәрі өледі» деген басу толықтыра түседі [204, 145-б.]. Жоғарыда келтірілген басу айту казіргі күні:

«Аққу ұшып көлге кетті,  
Ақ сұңқар ұшып шөлге кетті,  
Ол адасып кеткен жоқ,  
Бәріміз баратын жерге кетті.  
Тұлпардың тұяғы кетіледі,  
Қыранның қанаты сетіледі

Бүтін тұратын дүние жоқ», – деп, аздаған өзгеріске ұшыраған. Бұл мәтіннен біз, әрине, аңшылық сахнаны көре алмағанымызбен, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде бар дүниенің оның тіршілік қамы қажетін өтеуде орын алғанын байқаймыз. Халықтың қыран құс ұстап, аңшылық кәсіппен айналысқанын жоқтаудан да көруге болады. Осы ойымызға дәлел – Халел Арғынбаевтың «Қазақ отбасы» атты еңбегінде Қарқаралы уезіндегі Ысмағилхан сұлтанның әйелі:

«...Арғымақ тұлпар жайлаған,  
Ақ сұңқар құс байлаған», – деп жоқтауы дәлел [205, 100-101-бб.].

Адамды жоқтау немесе қаралы хабарды естіртуде қыран құс пен тазыны әспеттеп, «жолдасына» санаған. Оны сыйға тартпай, бабымен ұстаған. Егер олардан айырылған жағдайда жақын адамынан айырылғандай жоқтау айту да кездеседі. Сондай жоқтаудың бірін В.В. Радлов өз еңбегінде орыс тілінде келтіреді [194, с. 300-301]. Сонымен, халық ежелден қастерлі деп санаған бүркітінен айырылса жоқтап, тіпті жақыны сияқты оны жерлеген. Сонымен қатар халқымыз ғұрыптық фольклорда аңға шыққан кездегі тыйымдарды да қоса жеткізуге тырысқан. Мысалы: «Аңға алғаш шыққанда олжаңды ешкімге сыйлама»; «Аңшы аңға шығарда қаруы мен қамшысына әйел адамның қол

жалғауына болмайды»; «Жабайы аңды үнемсіз аулауға болмайды»; «Көктемде жан-жануарға тиіспе, құндыз аулама» деген тыйымдар бар.

Халқымыздың аңға шығып, серуен құрып, ерекше рахатқа бөленген сәттерін ақындар жырға қосып, өлең шығарған. Бұл шығармалар ауыздан ауызға тарай отырып, бірқатары бүгінге күнге жеткен. Бұл бағытты *өлеңдер* жанры құрайды. Солардың бірі «Томаға тарту» маусымдық ғұрып фольклоры ретінде белгілі:

«Шынжыр балақ, шұбар төс,  
Имек тұмсық, қанды көз,  
Томағаңды тартайын,  
Орманда түлкі болса кез...  
Саятшылық өнерің...  
Мұндай құстар қазаққа  
Ілуде бір табылар» [75, 221–222-бб.].

Ал Қытайдағы қандастарымыз қызға ғашықтығын білдіру үшін жазған хаттарында жігіттер өздерінің аңшылық кәсіпке жақын екенін барынша байқатуға тырысқан:

«Аңшының қанжығасы қан боп жүрер,  
Кей кезде қауіп-қатер жанға төнер.  
Сонда да қызықтырар бабамыздан  
Ұрпақтан мұра болып қалған өнер.  
Құс болсаң жібектен бау тағар едім,  
Күмістен тұғырыңды жабар едім,  
Мойныңа сары алтыннан алқа тағып,  
Қолға алып, сылап-сипап бағар едім» [191, 160 б.].

Осы келтірілген өлең жолдары кейіпкерлердің бар өмірін аңшылыққа, саятшылыққа арнаған, кәсіптің қыр-сырын білетін адам екенін аңғартады.

Мақал-мәтелдер, жұмбақтар және тұрақты сөз тіркестері *дидактикалық фольклорға* жатады. Адамның мінез-құлқын немесе белгілі бір жайттарды түсіндіруде қазақ халқы бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер пайдаланған. Оны лингвистика ғылымында тұрақты сөз тіркестері деп атайды. Осы сөздер арасында аңшылықпен байланысты тіркестер көптеп кездеседі. Мысалы, «араны ашылды» (ашқарақтанды, қомағайланды, аш көзденді); «астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды» (үркітіп, үрейге сап, бәлені айдақтау); «бидайықтай қуыру» (қысымға алу, бұру, яғни ұшып шыққан топты құстың біреуін де шашау шығармай қайырып, иіріп, өрісін тарылтып, апшысын қуырып жіберетін болғандықтан); «ит жүгіртіп, құс салды» (сауық-сайран, саятшылық құрды); «ителгідей жұтыну» (сұқтанды, жаланды), «қанжығасы майланды» (аңшының сәтті сапары туралы айтылған); «қақпанға түсті» (торға түсті, ұсталды); «сұңқар қарға болмайды» (жақсы адамды қанша кемітсең де жаман болмайды), «томаға тұйық» (томсарып, көпшіліктен шеттеп жүретін, сөзге араласпайтын адам), «ұлардай шулау» (қым-қуыт болып жылады; зар иледі), «іш мылтықпен атты» (жақтырмай, көзімен ішіп-жеу); «ырғаққа отырғандай» (жайсыз үйде қонақ болғанда); «шырға тартты» (алдап шақыру) [206]. Қазіргі кезде «тұз салған

бүркітше» деп, жақтырмай, тыжырайып отырған адамды айтатыны және де «қоя салған бүркіттей, кекжиіп қалыпсың» деп менсінбей, кекірейіп отырған адамды айтатыны белгілі [I]. Келтірілген сөз тіркестері халықтың күнделікті тұрмыста аңшылықта кездесетін құбылыстарды және қолданатын заттары арқылы өзін қоршаған дүниеге ортақ белгімен сапасын табуын көрсетеді.

Аңшылық сарындар қазақ мақал-мәтелдерінде де кеңінен орын алды. Осыған қатысты М.С. Мұқанов: «Кейбір ғалымдар барлық халықтың мақал-мәтелдері ұқсас келеді деп есептейді. Алайда әр халықтың өзіндік ұлттық бояуы байқалады. Себебі әрқайсысында ақиқат өздігінше айшықталады», – деген пікір білдіреді [207, с. 87]. Сол секілді, қазақ халқы да айналадағы құбылыстарды ықшамдап, терең мағыналы қорытынды ойды құрастыруда аңшылық кәсіппен байланыстырды. Мысалы: «Еттің бәрі қазы болмас, иттің бәрі тазы болмас», «Әр таудың түлкісін әдісін білген тазы алады» және «Құмай тазы қуғанын алады» деген мақалдарда тазының аң аулау қабілеті сипатталған.

Аңға қолайлы сәт «Қаңтар қақпанды сүйер, Сонаршы ақпанды сүйер» деп, ал қансонарда аңға шығудың себебі «Көбік қарда түлкі ойнар, Көк шалғында жылқы ойнар» деп шебер бейнеленген. «Тағыны жеткен алады» деп, аңды қуып аулаудың тәсілін негіздейді. «Қазасы жеткен елік тұзаққа түседі» деген мәтел елікті тұзақ құру арқылы аулайтынынан хабардар етеді. «Қыран құсты баптау қиын, тәтті тағамды сақтау қиын» деген мақалда аушы құсты қолға үйрету өнерінің мол тәжірибені, шеберлік пен төзімділікті талап ететіні бейнеленген. Ал аңшыға қажет сабырлық пен төзімділік қасиеттерді «Саятшылық сабырлыққа жарасар» деу арқылы жеткізеді. Сондай-ақ аңшылық сарындағы мынадай мақал-мәтелдер де бар: «Аңшының кешіккеніне сүйін»; «Тағам тән семіртеді, Аңшылық жан семіртеді»; «Айдалы түлкі алдырмас»; «Түлкі алған итте сын болмас»; «Ителгі салған ет жейді».

Халық күнделікті өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде пайдаланатын құралдарын және т.б. көбіне жұмбақтап айтып, ойының ұшқырлығы мен тапқырлығын дамытып, көрсете білген. Солардың қатарында аңшылық құрал-жабдықтары жұмбақтарда көрініс тапты. Аңшылық құралдары мен құстың жабдықтары: қақпан, томаға, тіпті бүркіттің өзі жұмбақ нысанын құрады. Мысалы: бір қақпанның өзін:

«Шаңырақты, түндікті,  
Шіреніп жатқан бір мықты.  
Тие көрме құрғырға,  
Тиіп кетсең, ырғытты»;  
«Жапанда бір айдаһар бұғып жатқан,  
Оятып өз жанынан қаза тапқан,  
Нәрсеге не болса да өзі тажал,  
Аяғы сондай мықты жерге батқан»;  
«Денесі жоқ, аузы бар,  
Аяғы жоқ, қолы бар»;  
«Болса да өзі батыр,

Жерде бұғып жатыр» – деп сипаттаса [208, 424-425 бб.]; томаға туралы:

«Бір нәрсе сырты бүтін, іші қуыс,  
Айуан жандармен болған туыс,  
Бір елдің патшасын ол қаратады.  
Қарасаң, бар денесі бір-ақ уыс» –  
деген шумақ бар [208, 424-425 бб.]; ал мына жұмбақ бүркітті бейнелейді:

«Бір нәрсе екі аяқты, сегіз бармақ,  
Іліксе дүниенің барын алмақ.  
Өзінің тілі бар да, тістері жоқ,  
Жұтады көрінгенді алмап-жалмап» [158, 204-б.].

XIX ғасырда қазақ әдебиетінде өз шығармаларында қыран құстарды мейлінше жырына қосқан ақындар аз болған жоқ. Солардың қатарында қазақтың ақыны, отаршылдыққа қарсы қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі, Қазақ хандығының соңғы жырауы атанған Махамбет Өтемісұлы бар. Ақынның «Ау, қызғыш құс, қызғыш құс» атты өлеңін тарихта саяси астарына мән беру қалыптасқан Алайда саяси астармен қатар жоғарыда атап өткеніміздейғ лашын құстың жемтігін теуіп алатынын көрсетуімен қатар:

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
...Көл қорғаны сен едің,

Сен де айрылдың көліңнен», – деп жырлауында лашын құстан көрген қысымын білдіреді [161, 104-б.].

Ақан сері Қорамсаұлының өмірін тұңғыш зерттеген зиялылардың бірі Мағжан Жұмабаев: «Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады... Құлақ естір жерден алғыр қыран, құмай тазы, жүйрік жияды. Зілғараның баласы Әлібек батырдан бір жылда алпыс түлкі алған Қараторғай деген бүркітті, Сайрат төреден бір жылда тоғыз қасқыр алған Базарала деген итті алады», – деп жазады [209, 112 б.]. Сері желді күні қайыру бермей, желдеп қашып кеткен «Көкжендет» атты қаршығасына арнаған әнінде:

«Көкжендет – тұғырың алтын, маржан баулы,  
Тұрушы ең ағаш үйде асыраулы.  
Алпыс қаз, тоқсан үйрек бір күнде алған,  
Құс қайда Көкжендеттей қыран шәулі», –

деп жоқтайды [209, 117-б.].

Бүркітті қасиеттеу аңызымен байланысқан әңгіменің бірі – «Қара мерген» әңгімесі. «Қара мерген жапан түзге аң аулауға шығып, таудағы бір жартастың үстінде тұрса, аспаннан сорғалаған ақ иық бүркіт оны адам бармас құздың ішіне көтеріп әкетіп, мергенді құз сеңгірдің ішіне тастайды. Мерген көп уақыт не болғанын біле алмайды, ақыры бірнеше күннен кейін бұрынғыша аң аулап кете барады» [90, 107-108-бб.]. Жалпы, тіршілік қамымен қоршаған ортаға бейімделіп, аң аулап, саят құрып, табиғатты танып, құстың бабы мен тілін тапқан халқымыз: «Сұңқар – құстың төресі, лашын – құстың жендеті, қаршыға – құстың ұрысы, бүркіт – құстың тәңірі» деп бағалаған [193, 251-б.].

Ауыз әдебиеті үлгілерінде аңшылық дәстүр кеңінен жырланған. Мысалы, аңшы аулаған аңын жасы үлкен кісі немесе алғаш аңға шыққан балаға байлап

беретін «қанжығаға байлау» секілді халықтың дала заңына бағынып, құрмет көрсету, кеңпейілділік, жақынымен бөлісу, жомарттық немесе «Аңшы байымас» деген сөздің дәлелі ретінде мына өлең жолдары сақталған:

«Түлкі екен қоңыр ала тұмсық жүні,  
Терісін сойып алып көңіл тынды.  
Жанына Жәмиланың байлап беріп,  
Тағы да түлкі қағып атқа мінді» [191, 161-б.].

Ақан сері Жүсіп төренің қызы Жамалға арнаған «Сырымбет» атты өлеңінде де сері өз танымын қыран құстар арқылы өрнектейді:

«Аулың қонған Сырымбет саласына  
Ғашық болдым ақсұңқар баласына,  
Бидайыққа лайық қалқа бала,  
Бөктергіге қор болып барасың ба...» [209, 119-б.].

Мұндағы бидайық – сұңқарлар тобына жататын жыртқыш құс, қазіргі күні сирек кездесетіндіктен Қызыл кітапқа енгізілген. Ж. Бабалықұлы мен А. Тұрдыбаев: «Бидайықты түзден ұстап, қолға көндірген немесе бидайық салған ұядан оның балапанын алып, баулыған құсбегілерді көрмедік. Сондықтан оның түр-тұлғасы, мінез-қылығы туралы айтуға нақтылы дерек жоқ. Ал бірақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттерде бидайық атты қыран жайында көп айтылады», – деп жазады [30, 111 б.]. Ал бөктергі құс жөнінде Б. Кәмәләшұлы «кемірушілерді құртатын жыртқыш құс, оны қазақтар егістік алқаптарындағы зиянкестерді үркіту және жою үшін ұстаған» деген пікір білдіреді [33, 265-б.].

Жазушы Т. Әлімқұловтың Ақан серіге арналған «Көк қаршыға» атты повесінде [210, 553-575 бб.]. Ақан сері мылқау баласымен ауылынан бөлініп, жалғыз үй боп тұрады, серінің көңілі жабыққан сәтінде торға түсірген қаршығасы жұбаныш болады. Біз үшін маңыздысы – аталған туынды Ақан сері жайлы толық шындыққа жатпағанымен, жазушы қаршыға ұстап, оны баптаған құсбегілерден жинаған материалдары негізінде өмірінің соңғы сәттерінде серінің тағы да қаршыға ұстап, құс салғаны жайлы ел аузындағы әңгімені жеткізуге тырысуы.

Аңшылық тақырыбы қазақ жазба әдебиетінде де көрініс тапты. Ол қазақтың саят құстарының түрлерін, мінезін, қолға үйрету мен баптау, қайыру және тазы жүгірту тәсілдерін меңгергенін одан әрі дәлелдей түседі. Жазба әдебиеттің негізін салушы, һәкім Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» және «Бүркіт сыны» өлеңдері қазақтың ғана емес, ақынның да саятшылыққа деген жеке қызығушылығының айғағы. 1877 жылы жазылған бұл өлеңде Абай Қоңыр-Көкшеде болыс болған шағында өз басынан кешкен аңшылық оқиғасын толғана суреттеп, жырлаған:

«Қансонарда бүркітші шығады аңға,  
Тастан түлкі табылар аңдығанға...  
Көктен қыран сорғалап құйылғанда  
Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады...  
Біреуі – көк, біреуі – тұз тағысы,  
Адам үшін батысып қызыл қанға...

Бір жасайсың құмарың әр қанғанда...

Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,

Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң» [211, 25-б.]. Бұл өлең, әрине, абайтанушы-әдебиетшілер үшін адам мен табиғатты кемел суреттеген шығарма болса, тарихшылар үшін халқымыздың болмысы мен тұрмыс-тіршілігін анықтауға мүмкіндік береді.

«Бүркіт сыны» өлеңін Абай қыран құстың патшасы бүркітке арнаған. Абайтанушылар арасында бұл өлең Ұлы Абайға тиесілі, тиесілі еместігі зерттелуде. Алайда осы мәселемін айналысқан Қ. Мұхаметханов өз ойын: «М. Әуезов Абай «Тулақтың Қарашолағы» атанған қыран бүркітті тулақ деген бүркітшіден он шақты қара беріп, сатып алғанын атап жазған. Абайдың тағы біреуден қалап алған «Бөстек» атанған бүркіті де болған... Олай болса, бүркітші Абайдың қыран бүркітті сипаттап өлең жазбауы тіпті мүмкін емес еді», – деп тиянақтаған [211, 190-б.]. Ал «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» (1884) атты өлеңінде қазақтың ахуалын астарлап жырлаған [211, 43-б.]. Ол қыран бүркіт образында халық қамын күйттеген қайраткерлерді, ал күйкентайлар образында отаршыл үкіметтің қолшоқпарларын бейнелеген.

М. Әуезов «Абай жолы» романында Абайдың Қарашолақ атты бүркітімен аңға шығып, бірнеше күнде 20-ға жуық түлкі алғанын суреттейді [212, 246-252 б.]. Дана ақынның өмірін жете зерттеген жазушы өзі жинаған деректеріне сүйеніп жазғаны хақ.

Кеңестік дәуірде қазақ жазба әдебиетінде аңшылық тақырыбы С. Бегалиннің «Қыран кегі» [213] атты поэмасында, «Сәтжан» атты повесінде, «Алданған жолбарыс» аталатын әңгімесінде, «Қыран туралы аңыз», С. Мұқановтың «Саятшы Ораз» әңгімесінде, М. Мағауинның «Шақан-Шері» романында [214] орын алды. Тәуелсіздік алғаннан кейін осы тақырыпта Моңғолиядан елге оралған қандасымыз, жазушы С. Әбілқасымұлының «Ақиықтың ақырғы балапаны» [215, 210-266 бб.] атты повесі, көкшетаулық ақын А. Әбутәліпұлының «Алабас» дастаны [216, 13-60 бб.], Асқар Алтайдың «Салбурын» атты әңгімесі [217, 61-75 бб.] жарыққа шықты.

Фольклор – этнография, филология, мәдениеттану секілді әртүрлі сала өкілдері тарапынан қызығушылық тудырады. Этнографтар фольклорды ғылыми айналымға енгізу барысында оның халықтың тарихы және тұрмыс-тіршілігімен, жалпы этникалық мәдениетпен етене тығыз байланыста екенін байқайды. Сол себепті де рухани мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде фольклор – халықтардың тарихы мен этнографиясы бойынша құнды мағлұматтарға ие дереккөз. Фольклордың ауызша болуы оның басты ерекшелігі болғандықтан, негізінен филологтар мен этнографтардың зерттеу нысаны саналады. Филологтар фольклордың ауызша құрылымын зерттесе, этнографтар фольклордың халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі қызметін қарастырады.

Сонымен, қорытындылайтын болсақ, ауыз әдебиетінде аңшылық ежелден-ақ тұрмыс-тіршіліктің, жалпы тіршілік қамының негізі болуы көрініс тапқан. Аңшылық өнер барлық жанрда да бейнеленіп, ауыз әдебиеті және кейін жазба әдебиетінің қорын молайтты. Дәстүрлі қазақ қоғамының қосалқы



шаруашылығын құраған аңшылық негізгі тұрмыс-тіршілікте ерекше орны бар өнер ретінде халық әдебиетінде өзіндік жеке тақырыпты құрады. Фольклордың барлық жанрларын талдау арқылы аңшылықтың қыр-сырын ашуға болады. Біріншіден, қазақ фольклоры – қазақ халқының аңшылық дәстүрі тарихының тамыры тереңде жатқанын дәлелдейтін дереккөзі. Олардың ішінде ертегілер, ғұрыптық фольклор, өлеңдер және дидактикалық фольклор аңшылық көріністері жайлы мазмұнды ақпарат береді, сондықтан тікелей болмағанымен, жанама мәліметтер аламыз. Екіншіден, қазақ фольклорында ауланған аң түрлері, аңшылық құрал-жабдықтар, аңшылық маусым көрініс тауып, ұлттық сипат және этникалық ерекшелік байқалады. Үшіншіден, этнография мен фольклортану ғылымдарының зерттеу шеңбері өзара тығыз байланысты. Екі сала да нақты бір этнос тарихы мен мәдениетін зерттеуде ортақ зерттеу әдістеріне сүйенеді. Төртіншіден, ауыз әдебиеті арқылы ұрпақты үнемшілдік, ысырапшылдық, сабырсыздықтан сақ болып, туған өлкесін сүйуге, туған табиғатын қорғауға, танып-білуге, сабырлылыққа, төзімділікке, қырағылыққа, қайсарлық пен өжеттілікке тәрбиелейді.

Кең байтақ қазақ елінің ұрпағы ретінде, біз аңшылық өнерді зерттей келе, ол туралы барлық дереккөздерді сақтай отырып, насихаттауымыз және рухани мәдениетімізді байытуымыз маңызды. Халықтың болмысында орын алған шаруашылық пен кәсіптің түпнұсқасын қастерлеу қажет. Ол үшін рухани мұраны жариялап қана қоймай, кеңінен зерттеп, ұлттық бояуымыз бен болмысымыздың түпнұсқасын айқындаған жөн.

### **3.3 Аңшылық және этномедицина**

Қазақ халқы басқа да әлем халықтары секілді ғасырлар бойы аурудан емделу жолын іздену нәтижесінде өзіндік дәстүрлі немесе халықтық медицинаны қалыптастырды. Ұрпақтан-ұрпаққа ауру-сырқауларды емдеудің әдіс-тәсілдерін жеткізіп отырды. Солардың қатарында аңшылыққа байланысты қалыптасқан этномедицина ерекше орын алады. Этномедицина әлем бойынша мәдени және діни тұрғыдан жергілікті халықтардың дәстүрлі медициналық тәжірибесін жазбаша және ауызша деректер негізінде зерттейді.

Қазақстан аумағында медицинаның негізін қалаушылардың бірі ретінде әл-Фараби есімі аталады. Шығыс ойшылының медицина саласын «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атауы тегін емес. Ол өз еңбектерінде аурудың тек себеп-салдарын ғана анықтап қана қоймай, оны емдеу, жою жолдарын да атап өтеді [50, 137-б.].

Елімізде ерекше емдік қабілетімен белгілі болған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының қазақ этномедицинасына қосқан үлесі зор. Ол «Шипагерлік баян» атты еңбегінде өсімдіктерден алынған 728 түрлі, жан-жануарлардан алынған 318 түрлі, жалпы жиыны 118 түрлі шипалық қасиеті бар емдік дәрілер жасауға болатынын анықтаған [50, 141-б.].

Қазір де аң-құс мүшелерімен емдеу жалғасын тауып келеді. Алайда көптеген аңдардың азаюына және қорғауға алынуына байланысты емдеу

жолдары ашық айтылмай, жасырын жүргізіледі. Дереккөздер де беймәлім қалады. Мысалы, қазіргі күні Жетісу облысы Талдықорған қаласының тұрғыны, 75 жастағы емші Тоқтамұрат Көпен аңшылық өнімдерімен емдеумен айналысады. 16 жасында Қытайда аңмен емдеуді үйренген ол елге оралғалы 30 жылдан астам уақыт осы кәсіппен айналысуда: аю, қасқыр, марал және т.б. аңның мүшелерімен, мысалы, аюдың миымен жүйке ауруларын, табанымен ішкі құрылыс және буын ауруларын емдейді (XVI). Дерек берушінің айтуынша, «бұрынғы емшілер аюдың миын, табанынан емдік тұнба жасағанда әрқайсысы жеке-жеке қолданған. Алайда, ол аюды аулауға тыйым салу мен шектеулерге байланысты оның барлық мүшелерінен бір тұнба жасалып, ішкі құрылысты емдеуге пайдаланылуда» (Қосымша В, сурет В1). Емші сонымен қатар «Қазақстан халық емшілері қауымдастығының» мүшесі (Қосымша В, сурет В3). Жыл сайын тіркеуден қайталап өту қиындық келтірген соң, жасы ұлғайған емші соңғы жылдары мүшеліктен шықса да көп жылдық еңбегі бағаланып, 2008 жылы қауымдастық атынан «Халық емшілігін дамытуға қосқан үздік үлесі үшін Өтейбойдақ медалімен» марапатталған (Қосымша В, сурет В4).

Қазақ халқы аңнан: аю, қасқыр, бұғы, таутеке, суыр, күзен, борсық және қоянды; ал құстардан: құр, бұлдырық, кекілік, бөдене, қырғауыл, құрқылтай, сауысқанды және т.б. емдік мақсатта да пайдаланған.

Аюдың кейбір өнімдері халықтық медицинада қолданылады. Аюдың өтін кептіріп алып, суға аздап езіп ішкізсе, адамның көптеген ауруларына дауа деп есептеледі [32, 168-б.]. Біз жоғарыда атап көрсеткен емші Тоқтамұрат Көпен аюдың кепкен өтін емделушілерге аталған ауруларды емдеу үшін береді (Қосымша В, сурет В2). Оның сыртқы қабығын алып тастап, ішкі жағын талқандап, суға жібітіп ішеді (XVIII). Сонымен қатар мұндай ем ыстықты түсіреді, жараны тез жазады, көкжөтелге, шиқанға, сыздауыққа, бала денесіне шыққан бөртпеге және сары ауруға қарсы ем ретінде пайдаланылады. Ұйқысы қашып жүрген адам теріні жамылып жатса, тынышталады [166, 381–382-бб.]. Аю өтінің емдік қасиеттері ежелгі емшілерге де белгілі болып, бүгінгі күнге дейін жеткен десек болады. Сондай-ақ бұл табиғи өнім ферменттерге бай және майларды бұзуға қабілетті болып саналады. Аю майының құндылығы – бұл оның асқазанында емдік заттар жинақталуынан деп есептеледі, себебі жыртқыш аң қысты ұйқымен өткізуіне байланысты май қорын жинайды. Ал бұл өте пайдалы. Аю өті қат, гастрит, онкологиялық аурулар, он екі елі ішектің жарасы және асқазандағы қыжылды емдеуде тиімділігі байқалған. Сондай-ақ артрит, остеохондроз, ревматизмге ем. Ол сәуле ауруы, қант диабеті сияқты ауруларды жеңілдетеді және иммунитетті көтереді. Сондықтан бұл табиғи өнім дәрілік зат ретінде қолданылады, өйткені оның құрамында белсенді заттар бар [218].

Аң-құстың халық емшілігінде қолданылуын егжей-тегжейлі баяндаған Б. Кәмәлашұлы: «Аюдың емдік қасиеті зор. Одан 3 келіге дейін май алынады. Етінен қуырдақ жасап асқазан, ішек аурулары, желкүзға жейді. Майын ішкі құрылыс ауруларына, күйік шалғанда пайдаланады. Кептірілген өтін суға езіп, көзден жас аққанда және шел қаптағанда жағады. Терісін буын аурулары, жел-

құзға, тұяғын бесікке іліп, сәбиді шошудан, пәле-жаладан сақтайды», деп жазады [32, 168-170 бб.].

Бүгінгі күні ауланатын аңның қатарына кірмейтін, реттелуге жататын аң – бұл қасқыр. Егер қасқырларды түгелдей жойып жіберсек, далада өлекселер, әлсіз, ауру аңдар қаптап кетіп, ауаны ластайды. Қасқыр осылардың барлығын жойғандықтан, оны «дала санитары» деп атауға болады. Өте сергек деп танылған тұз тағысын халқымыз қауіптілігіне қарамастан барынша емдік мақсатта пайдаланған. Қасқырдың майы, өті, бауыры өкпе, несеп жолдары ауруларын емдеуге пайдалы. Алайда емшілер қасқыр өнімін емшілікте байқап пайдалануды ұсынады. Өйткені, егер дайындау тәсілдерін сақтамаса, кері әсерін тигізуі әбден мүмкін (XVIII).

Қасқырдың етінен жасалған қуырдақ – көп жылғы өкпе ауруына; етін өңі шайдың түсіндей болғанша қайнаған суға езіп, құрт ауруымен ауырған адамға; бауырын құтырған ит қауып алған науқасқа жегізіп, белі шойырылған адамға жағады; терісін есекжем, қотыр бөрткенге түгін ішіне қаратып киім тігеді; азуын өртеп, талқандап суға қайнатап, тұнбасын кеуде ауруына пайдаланған [32, 177-178 бб.].

Қазіргі күні бұл тұз тағысы мемлекет қорғауына алынып, оңды-солды қаражат табушыларға тосқауыл қойылып отыр. Елімізде аңшылық шаруашылықтарында белгіленген маусымда әрбір аңшыға бір қасқырдан атуға рұқсат берген [219]. Алайда кейде қыстыгүні ауылға қауіп төндіріп, малға шапқан жағдайда жергілікті халық өздері атып алуға тырысады. «Малдың жауы болғандықтан жаппай аулауға ұрынып, ұрқы азайып барады» деп көрсетілген [32, 177-б.]. Ал, халықтық этномедицинада дертке – шипа, жанға – дауа деп есептеледі. Оның бауырын кептіріп алып, қайраққа жаныштап, мұрынның сыртына жұқалап жағып, суықтан емдейді. Тілін талқандап езіп, талма ауруын емдеуге пайдаланады. Жас босанған әйелдердің емшегі ісіп кеткенде қасқырдың бауырын кесіп, кесеге аздап езіп, бір-екі рет жақса, ауырсыну басылады (XVIII).

Этнограф Т.Е. Қартаева қасқырдың емдік қасиеті жайлы мынадай мәлімет береді: «Ұрғашы қасқыр қақпанға түскен жағдайда оның жатуын немесе сарпайын, яғни жатырының аузын кесіп алып, суға жібітіп, жүнінен айырады. Оны әйелі бала көтермеген немесе әйелі қатарынан қыз туған азамат қолданған... Бұл өте сирек кездесетін және құпиясын айта бермейтін байырғы емдік ритуал» [46, 68-б.].

Мысық тектес, жүні ұяң үлпілдек, түгі ақсұр, тарғыл аң – мәліннің етін қайнатып асқазан ауруы, жел-құзға; майын ерітіп ішкі құрылыс ауруларына; сыртқы қыртыс майын қатайған бездерге жағып, жіңішке тамырлардың жұмысын жақсарту үшін; бел сырқырағанда, суық тигенде, өкпеге, буын-буынға сарысу жиналғанда; тізе қақсағанда дауа болған [32, 182-183-бб.].

Қазақ бұғыны киелі аң санағанымен, халық емшілігінде де пайдаланған. Етін асқазан ауруларына пайдаланып, «қара ет» деп атаған. Жас мүйізі қан аздыққа ем. Ал кеуіп қалған мүйізін даладан теріп әкеп, жуып, талқандап, кепкен соң өртеп, күлін дене жарақаттарына жаққан. Ол күл қан айналымын жақсартады, бүйрек ауруларына және ыстықты түсіруге шипалы. Бұғының

мүйізін қайнатып, сорпасын жел-күз ауруларын емдеуге пайдаланған. Науқас адам бұғы мүйізінен қайнатылған сорпаға түссе, жүйке ауруынан, мазасыздық пен ұйқысыздықтан жазылған (XVIII). Қазіргі күні бұғы шаруашылықтары бар. Олар бұғы өсіру және бұғының мүйізін кесу арқылы емдік мақсатқа пайдалануға септігін тигізуде. Мүйіз кесу процесін бұғыларды таудан айдап әкелуден бастайды. Оларды топпен қораға қамап, біртіндеп мүйіздерін кеседі. Сол сияқты мамандар алдымен қайсысының мүйізі пісіп жетілгенін ажыратып алады. Мүйізді кескен соң оның қанын арнайы ыдысқа құйып алып, сол сәтте ішкізеді. Ал мүйіз бірнеше рет қайнатылады, одан емдік дәрі-дәрмектер мен дәрумендер жасалады. Жалпы сала мамандары панта өнімдерін тіршілік нәрі деп санайды. Сонымен қатар, олардың айтуынша, бұғы мүйізінің бағасы оның қайнатылуына байланысты. Мейлінше ұзақ қайнатылған мүйіздің бағасы тиісінше жоғары болады [220].

Киелі бұғыны халық емшілігінде пайдалану туралы Б. Кәмәлашұлы былай сипаттайды: «Бұғыны «киелі аң» деп көп атпайды. Алайда халық емшілігінде қажеттілігі зор. Терісі, мүйізі, еті дертке дауа, сырқатқа шипа. Еті асқазан ауруларына дәрі, бойға сіңімді, қан толтыруға әсерлі. Қаны және жас мүйізі қан толтырады. Оны сілкіп, күніне жарты кеседен ішу қажет. Мүйізі бүйрек ауруларына, дене босап, шаршаған әлсіздікке, белсіздікке, сүйек, буын ауруларына, бұлшықеттер қызметінің бәсеңдеуіне, жүйкенің шаршауына, жұқпалы ауруларға, қан түйіршіктері бұзылуына, дене құрғағанға шипа болады. Алайда, бауыр, бүйрегі қабынған, әлсіз, қан қысымы жоғары адамдар байқап пайдаланулары керек» [32, 171-б.].

Бұғының мүйізін пайдалану жайлы: «Қу мүйізін бұғы мекендеген жерлерден жинап алып, бөлшектеп, суға салып көп уақыт бойы жібітіп кептіріп, түйіп талқандап алады. Мүйізді өртеп, күлін дәрі ретінде тіс ауырғанда және жас ананың сүтін жақсарту үшін кеудеге басады, көк бауыр ауырғанда, езіп ішеді. Сонымен қатар ол ерітінді қан айналысын жақсартады, ыстықты түсіреді, бүйрек ауруларына шипа болады. Тауешкінің еті де іш құрылысы ауруларына ем, оны асқазан ауруларына, әлсіздікке, буыны босаған қарт адамдарға қайнатып берген», - деп мәлімдейді [32, 172-б.].

Міне, осы себептен қазақтар бұғы мүйізін кеңінен емдік мақсатта пайдаланып, қастерлегенімен, жоғарыда айтып өткеніміздей, XIX ғасырдың екінші жартысында бұғы мүйізін есепсіз саудалау кең орын алды. Күнкөріс пен пайда табу, тамақ қамы «киелілік» ұғымын бұзды. Әрине, бұл өз кезегінде халық жадына сіңіп қалған дәстүрлердің бұзылуына ғана алып келген жоқ, «киелі аңның» қаһарына ұшырауға әкелген болуы да мүмкін.

Халқымыз борсықты этномедицинада кеңінен пайдаланған. Өлі күнге дейін туберкулез ауруларын, көкжөтелді емдеуде маңызды. Қазақ емшілері оның терісін суық тигенде, буын ауруларына, іш кебуге қарсы пайдаланған. Буын ауырғанда және нәрестенің іші кепкенде майымен сылаған, негізінен іш құрылысы ауруларына шипалы болып есептелген. Борсықтың майы ақуыз алмасуын күшейтеді, иммунитетті көтереді, қан айналу жүйесін жақсартады. Теріге жақса, әжім тартылады. Оны аш қарынға бір шай қасықтан ішеді, бұрын

сүтпен, қазір қара шаймен ішуді ұсынылады (XVIII). «Тізенің сары суына, қол-аяқтың буындарына ақау түсіп, жүріп-тұруға қолайсыз кезде борсықтың сұйық ерітілген майынан жағып отқа қыздырып сіңіргенде ауруға дауа болады. Етін өлшеп, аздап жеу арқылы асқазан, жұмыршақ емдеуге сынақ жүргізілуде. Еті өте қуатты. Тура жей алмаған жағдайда құмшекер сеуіп, не жеңіл дәмдендіретін дүниелер қосу арқылы жеу абзал. Балалардың көкжетеліне де борсық етін дәмдеп жегізеді. Борсықтың майын демікпеге, құрт ауруға да ішеді», - деп, Б. Кәмәләшұлы ғасырлардан келе жатқан борсықты халық емшілігінде пайдаланудың өзі қарастырған уақытта медицинаға енгізіліп жатқаны жайлы айтып өтеді [32, 173-б.].

Қоянды қазақ жүкті әйелге бермеуге тырысқан. Себебі баланың аузы жырық болып туылуы мүмкін деп санаған (V, VIII, XIII). Дегенмен емдік қасиетін білген халқымыз этномедицинада кеңінен қолданған. Оның сүйегін етімен бірге кептіріп, содан кейін ұнтақтап, тауықтың сорпасына қосып, көздің көру қабілетін жақсарту үшін ішкен. Бауыр, өкпе ауруларына және бүйрекке шипа ретінде қолданылған. Әсіресе, сары ауруға пайдалы. Қара бұрыш, шырмауық тұқымына қоян етін талқандап қосып жесе, талма, ұйқысыздық ауруына ем. Жылыдай сыпырып алған терісін аузы шықпаған шиканға, не сыздауыққа таңып емдейді. Кептірілген өтін қояншық ауруына іскізіп емдеген.

Қарт адамдардың қуық ауруларына басын арпаға қосып қайнатып берген. Миын қуырып жесе қалтылдақ ауру басылған. Жаңа сауылған мал сүтімен ішсе шаш ғарудан сақтайды. Майын құлақ бітеліп, есту қабілеті төмендегенде тамызған. Бітеу ісікке қоянның күзгі құмалағын суға езіп жақса жақсы. Талқандап, кіндік ішіне сеуіп суық тамызса, үлкен және кіші дәреті тоқтап қалғаннан емдейді. Қоянның уыз сүтін жас балаға ішкізсе, шошынғанын, сандырақтағанын қояды [32, 175-177-бб.].

Ал, енді құстардан аққұр, бұлдырық, кекілік, бөдене, ұлар, шіл, қырғауыл, қара қаз, құрқылтай, қарлығаш, қарға, құзғын, тоқылдақ, тіпті кептер мен торғайға дейін емдік мақсатта пайдаланған. Аталған құстардың ішінде қазақ аққұр, бөдене, қырғауыл, ұлар және шілді емдік қасиетімен қатар, ерекше еті дәмді деп сүйсіне жеген. Денесі шаршаған, жүйке ауруы бар адамдар аққұрдың және ішкі құрылысқа жұдырықтай болса да бұлдырықтың етін қайнатып ішсе; несеп жолдарын емдеуге кекіліктің талқандалған сүйегі, ал оның бауыры көз бұлдырауына; жас кептердің етін қуырып бүйректегі тасты түсіруге; тері ауруларына, уланғанда, әлсіздік пен қан аздыққа қырғауылдың етін, көзге ақ түскенде қанын тамызып, ұзақ созылған жараға сүйегін өртеп, талқандап сепкен; жас босанған әйелге құрқылтайдың сорпасын; таз боп қалған адамның басына қарғаның жүнін тұтастай суға қайнатып, тұндырып, бүркеген; сауысқанның өтін көз іріндегенде, көзінде перде пайда болғанда сұйылтып тартқан; ұлардың қайнатылған сорпасы асқазан ауруына, қан қысымын қалпына келтіруге; тоқылдақтың етін мешел балаға ем ретінде пайдаланған [32, 170-188-бб.].

Сонымен, қазіргі технологиялық мүмкіндіктер болмауына қарамастан, қазақ халқы бірнеше жүздеген жылдар бойы аулаған аңының етін, сүйегін, майын және терісін әртүрлі ауруларға ем ретінде пайдаланған. Аң болсын, құс

болсын, оның емдік қасиетін білген емші «адал» немесе «арам» екеніне қарамаған. Халқымыз «ниет болу керек» деген қағиданы ұстанып, емделушіге де бастысы – аурудан жазылып, құлан таза айығып кетуге сенім деген көзқараста болған. Қалай десек те, этномедицина заманауи медицинаға дейін емдік қызметті атқарған.

### **3.4 Материалдық емес мәдени мұра ретінде аңшылықтың сақталуы және даму перспективалары**

Қазіргі таңда қазақ халқының аңшылығы жаңғыру жолында. Бұл өнер мемлекет тарапынан да қолдау тауып, мемлекеттік бағдарламаларда негізделген. Аңшылықты жаңғырту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды бірнеше бағытпен бөліп қарастыруды жөн көрдік:

*Мемлекет басшылығы тарапынан атқарылған жұмыстар.* Бұл бағытта мемлекетіміздің басшылығы тарихы тереңде жатқан ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, өскелең ұрпақтың санасына сіңіру мақсатында бүркіт баптап, тазы жүгірткен қазақтың төл дәстүрі – саятшылық өнерді насихаттап, жаңғырту жолында көптеген жұмыстар атқаруда. *Біріншіден*, 2003 жылы 24 шілдеде, одан кейін толықтырылып 2015 жылы 20 мамырда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Аң аулау қағидаларын бекіту туралы» Ережелер қабылдады [219]. Аталған заңнамаға сәйкес қазіргі күні аң аулаудың 2 түрі: кәсіпшілік аң аулау және әуесқойлық (спорттық), оның ішінде ұлттық аң аулау көрсетілген. Екі аң аулау түрінің ерекшелігі – алғашқысында 18 жастан, ал кейінгісіне, яғни, қыран құстар немесе тазымен аң аулауға 17 жастан бастап аң аулауға рұқсат етілген. Аңшы куәлігі, аңшылық маусымның ашық болуы, аңшылық шаруашылығының рұқсаты секілді құжаттар болуы шарт. 2004 жылы 9 шілдеде № 593 «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заң қабылданып, ол 3 жыл сайын жаңартылып отырылады және аңшылықты мен жануарлар әлемін пайдалануды реттеу мақсаты көзделген [221]. 11 тарау 61 баптан тұратын Заңда аңшы, аңшы иттер (әуесқойлық) және аушы жыртқыш құстар (қыран, сұңқар, қаршыға, т.б. жыртқыш құстар) ұғымдары қарастырылған. Аталған заңдардың сақталуын Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі комитеті қадағалайды. Бүгінгі күні елімізде 700-ге жуық аңшылық шаруашылықтары бар және олардың ауданы мемлекетіміздің жалпы ауданының 44 % -н құрайды [222].

Республика аумағында құстардың – 57, сүтқоректілердің 4 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Оның ішінше сүтқоректілердің 34 және құстардың 59 түрі аң аулау объектілері болып саналады [223].

*Екіншіден*, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы ережелер» қабылданып, оның негізінде аң аулау шаруашылықтары бекітілді. Заңға сәйкес, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға мемлекеттік табиғи қорық, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер және мемлекеттік табиғи резерват кіреді. Ереженің VII тарау 28-бабында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланудың 5

мақсаты айқандалып, соның соңғысында «шектеулі шаруашылық мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін» деген анықтамамен, 33-бапта аң аулауға болатын алқап ретінде негізделген [224].

*Үшіншіден*, Қазақстан басшылығының ұсынысымен 2016 жылдың желтоқсанында UNESCO-ның адамзаттың мәдени материалдық емес құндылықтардың көрнекілік тізіміне саятшылық өнері енді. Тұрмыстық пайдасы бар өнер мен көңіл көтерер спорт түрі болған саятшылық өнер қорғауға алынған алтыншы ескерткіш және ұсынған он үшінші елміз. Бұл туралы ҚР сол кездегі Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының отырысында былай деп мәлім етті: «Былай қарасақ, біз өз ішімізде тек Қазақстаннан басқа ешкім бүркіт, қыран құстармен аңшылық жасамайтын болып көрінеді. Бірақ шынтуайтына келгенде, мұны тек көшпелі елдер ғана емес, Еуропаның елдері де өздеріне әлдеқайда еншілеп, бекітіп алды. Тізімге ілікпей қалған Қазақстан. 2010 жылы қыран құспен аңшылық жасау адамзаттың материалдық емес мұрасы тізіміне Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Испания, Франция, Моңғолия, Марокко, Катар, Словакия, Сирия, Чехия және Оңтүстік Корея мемлекеттері енген. Ал саятшылық 12 халықтың төл мәдени мұрасы деп танылған. Біз он үшінші ел ретінде енеміз», - деп атап көрсетті [225].

*Төртіншіден*, 1998 жылы құсбегілік өнер Қазақстандағы ұлттық спорт ойындарының тізіміне енгізілді. Мұндай дәреженің берілуі жоспарлы түрде мезгілімен елімізде халықаралық және республикалық деңгейде жарыстар өткізуге мол мүмкіндіктер ашады [140, 102-б.].

*Бесіншіден*, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен облыстық спорт және мәдениет басқармалары жанынан аңшыларды даярлайтын спорт мектептері Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Жетісу облысы Талдықорған қаласы, Түркістан облысы Төле би ауданы, Жамбыл облысы Меркі ауданы және Көкшетау мен Қарағанды қалаларында ашылғаны белгілі. Осы мектептер мен өткізіліп жатқан сайыстар қазіргі күні далалық рухымызды және ұлттық болмысымызды сақтау мақсатында қазақ аңшылығын өркендетуде. Осы мектептердің біріне тоқталып өтейік.

2021 жылдың 22-26 маусым аралығында Жамбыл облысы Меркі ауданында далалық экспедиция жұмыстары жүргізілді. Бұл өңірді таңдаудағы себеп – өңірлерде ашылған ұлттық өнерді сақтау және насихаттауға бағытталған арнайы аңшылық мектебінің жұмысымен танысу болды. Мұнда 2013 жылы 24 қыркүйекте «Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанынан № 18 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ұлттық спорт түрі құсбегі мектебі ашылған. Жергілікті тұрғын Әкімбеков Жалғас Бабажанұлы аталған мектептің жаттықтырушысы және 10-17 жас аралығындағы балалар қатыса алады [XI].

Мектеп «Құсбегілер мектебі» деп аталғанымен, қыран құсты баулумен қатар, мұнда балаларды халқымыздың мергендік сынына жататын – жамбы ату, тазы жүгірту, аңшылық құрал-жабдықтарын жасау секілді өнер түрлерін үйретеді. Алғашқы күннен құсбегілік түрінде дамуына байланысты негізгі

жетістіктері осы бағытта орын алған. Дегенмен соңғы уақытта тазы жүгірту қолға алынып, үйретілуде. Экспедиция барысында үйренушілерге өткізіліп жатқан жазғы сабақтарға қатысып, ол туралы көрнекі суреттер қосымшада келтірілген (Қосымша Г, сурет Г1, Г2). Мектептің түлегі және қазіргі күнгі жаттықтырушысы Бабажан Бақдаулет 2013 жылдан бүркітшілер жарыстарына қатысып, үнемі жүлделі орындар иеленген. 2017 жылы 30 желтоқсанда Астана қаласында Ұлттық спорт қауымдастығының жыл сайынғы үздіктерді марапаттау рәсімінде Бабажан Бақдәулет «Ең жас бүркітші» номинациясын жеңіп алған. Бұл мектептің құрылғаннан бастап қазіргі күнге дейінгі жетістіктерін қосымшадағы кестеден көре аласыз (Қосымша Г, кесте Г3).

«Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданған соң саятшылық өнері біраз жаңғырды. 1997 жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Нұра ауылында Райымбек ауданының құсбегілерімен бірігіп, атақты ғажайып құсбегі Жалайыр Шораның құрметіне Шора құсбегі мектебін қайта құрды [143, р. 15]. Оған дейін өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында қиыншылықтарға қарамастан, қатары азайып бара жатқан құсбегілердің басын біріктіру, жастарға өнеге алып қалу мақсатымен, Алматы облысында республикада тұңғыш «Жалайыр Шора» атындағы құсбегілер мектебінің іргетасы қаланған болатын. Оған этнограф-ғалым Жағда Бабалықұлы, Сәрсенбек Дәулетбек, Заманбек Батталқанұлы, Айтбай Жетібайұлы, Байжүніс Көдейұлы, Молдажан Мәметұлы, Әбен Тоқтасынұлы, Шәкен Ошанұлы, Сейітжан Байжүнісұлы, Әбілхак Тұрдыбайұлы қатарлы біраз құсбегілер атсалысқан. Соның нәтижесінде 1989 жылы Алматының орталық стадионында тұңғыш рет халықаралық бүркітшілер фестивалі, содан кейін 1989, 1990 жылдары қатарынан Алматы қаласының ипподромында республикалық бүркітшілер жарысы өтті [1].

Сонымен, құрылған «Жалайыр Шора» атты құсбегілер мектебі бұл өнерді дамыту шараларын ауқымды жүргізуде. Аталған мектептің басшысы қазақтың тұңғыш құсбегі қыздарының бірі Бағдат Мүптекеқызы. Елімізде құсбегілік тек өнер ретінде бағаланбай, салауатты өмір салтының негізі ретінде өркендеуі қажет. Сондықтан да бүгінде оның ережесі жасалып, жыл сайынғы өтетін жарыстардың күнтізбесіне енгізілген [1].

1997 жылдан бастап «Сонар» республикалық құсбегілер сайысы өткізіледі. Сайыс қыран құстардың аңға түсу шеберлігі, құсбегімен арақатынасы, шырға тарту, қоянға салу және түлкіге салу сияқты екі түрлі кезеңді қамтиды. Бұл жарысқа Ақмола, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Павлодар, Атырау, Жамбыл және т.б. облыстардан 50-ден астам командалар қатысады. Аталған жарыста қырандардың бабы жарыстың бірнеше кезеңінде сыналып, қоян, түлкі ұстаудағы нәтижелері сарапқа салынады. Мысалы, 2018 жылы өткізілген «Сонар» халықаралық турниріне Италия, Испания, Венгрия, Ресей және Моңғолиядан құсбегілер қатысқан. Бұдан байқайтынымыз, саятшылық өнерге қызығушылардың көптігі және біздің саятшылық өнердің жоғары дәрежеде екендігін білдіреді [139, 102-б.].

Жыл сайын «Қыран» федерациясы және жергілікті әкімдіктердің ұйымдастыруымен «Салбурын» жарыстары өткізіледі. 2019 жылы Алматы



облысы Ақсу ауданы Қызылағаш ауылында Қазақстан Республикасы «Қыран» федерациясы мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен «Салбурын – 2019» құсбегілер сайысы өтті. Бұлай аталу себебінің өзіндік мәні бар. Өйткені салбурын - қазақтың қысқы мерекелік дәстүрлерінің бірі. Қыс маусымында аңшылар мен саятшылар топталып, бірнеше күнге аң аулауға шығады. Саятшылыққа жаны құмар қазақтар үшін қансонарда аңға шығу, одан олжалы оралу қысқы мереке ретінде танылған. Бүкіл республика бойынша ұлттық спорт түрі болып саналатын – құсбегілер және тазы жүгірту бойынша жарыстар «Қансонар» аңшылық бірлестіктер және аңшылық шаруашылық субъектілері Республикалық ассоциациясы, «Қыран» федерациясы қоғамдық бірлестігі және жергілікті облыстық дене шынықтыру және спорт басқармаларының қолдауы және ұйымдастыруымен өткізіледі.

Ал, жергілікті жерлерде де құсбегілікті жаңғырту мақсатында жарыстар ұйымдастырылады. Мысалы, 2018 жылдан Алматы қаласында саятшылықты қолға алуға бағытталған «Қыран» республикалық жарысы өткізіле бастады. Республикалық турнирге алғашқы жылы Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары мен Астана қаласынан 60-қа жуық құсбегілер қатысты. Бірінші іріктеу кезеңінде көрермендер құсты ат үстінен қолға шақыру, шырға тарту сияқты құсбегілер мен бүркіттердің керемет өнерін тамашалады. Ал жартылай финалда іріктелген бүркіттер шешуші кезеңде қоянға, түлкіге салынса, жарыстың екінші кезеңінде қаршыға мен ителгілер қолға шақырылады, көгершінге, қоянға жіберіледі. Қатысушылардың жас ерекшеліктеріне ешқандай шектеу жоқ, тіпті, 12 жастағы баладан 70 жастағы ақсақалдар да баптаған бүркіттерімен сынға түскен.


Орал өңірі мен Бурабай баурайында құсбегілер сайысы «Қансонар», Қарағанды облысында «Салбурын» деп аталып өткізілуде. Бурабайда өткен додаға Ресей, Испания, Моңғолия, Қырғызстан, Қытай, Түрікменстан және Біріккен Араб Әмірліктерінен саятшылық өнерінің майталмандары қатысады. Олар көк туымызда қанат қаққан қыран құсты қолына қондырып, дәстүрді насихаттап жүрген құсбегілер. Әр аймақтың табиғи жағдайы әртүрлі болуына байланысты саят құстарда әркелкі. Батыс өңірі таулы аймаққа жатпағандықтан қаршыға мен сұңқар секілді қырдың жыртқыш құстарын аңға баптаған. Ал, 2013 жылы 23-28 қараша аралығында Астана қаласында өткен Бүркітшілердің халықаралық I фестиваліне Моңғолия, Испания және Қырғызстан елдерінің, 2017 жылғы 23-29 қараша аралығында Талдықорған қаласында өткен «Жалайыр Шора» бүкітшілер мектебінің 30-жылдығына арналған «Сонар-2017» халықаралық турниріне Қытай елінің өкілдері қатысқан. Республикалық болсын, халықаралық деңгейде болсын қатысушылардың жасы жылдан жылға жасаруы байқалуда. Яғни, өнер насихатталуда деген сөз. Жыл сайын құсбегілер арасында ұйымдастырылған жарыстар мен оған қатысушылар жайлы мәліметті төмендегі диаграмма арқылы көруге болады [226].

1-диаграмма. 1999-2021 жж. аралығында жарысқа қатысушылар саны [226].



Келтірілген мәліметтерге сүйенсек, 2011 жылы қатысушылардың көп болу себебі – бұл жылы 4 жарыс өткізілген. Ал, 2018 жылы 5 жарыс, оның ішінде Азия чемпионаты мен халықаралық турнир де бар. Ал, жалпы 1999-2021 жж. аралығында саят құстар және тазымен жарысқа қатысушылар жайлы мағлұматты төмендегі диаграммадан көре аламыз.

2-диаграмма. 1999-2021 жж. аралығында жарысқа саят құстар түрлері және тазымен қатысушылар саны [226].




Осы кезеңде ұйымдастырылған жарыстар туралы мәліметтерге сүйенсек, алғашқы 1999 жылы 1-орын иеленген құсбегіге – 300 АҚШ доллары; 2-орынға 200 АҚШ доллары; 3-орынға 100 АҚШ доллары беріліп, тек бүркітпен ғана сайысқа қатысқан. 2000 жылы Ақмола облысы «Бурабай» сауықтыру кешенінде өткен жарыста 1-орынға 5 мың теңге берілген кез де болған. Ал, 2002 жылы ғана бүркітпен бірге қаршығаны аңға қосу тіркелген. Бұл жылғы сайыстарда жүлде қоры 500 мың теңгеден басталған.

Республикалық деңгейде өткізілетін жарыстарға аңшылардың қатысуы туралы мына диаграммадан да байқайға болады.

*3-диаграмма.* Қазіргі күні аңшылардың республикалық жарыстарға қатысуы [227].

Елімізде болатын республикалық жарыстарға қатысасыз ба?

54 ответа



Диаграммаға сәйкес, 54 аңшының 85,2%-ы – 46 адам «иә», яғни «қатысамын» және 14,8%-ы – 8 адам «жоқ», яғни «қатыспаймын» деп жауап берген. Бұл мәліметтен байқайтынымыз, республика көлемінде өтетін жарыстарға аңшылар тарапынан қызығушылық бар және қатысушылар көп.

Шетелдерде де құсбегілік байқаулары өткізіліп тұрады. Ол жарыстарға қазақстандық аңшылардың қатысуын сауалнама материалдары да айғақтайды. Мысалы, «Шет елдерде өтетін жарыстарға қатысасыз ба?» деген сұраққа 52 қатысушының 53,8%-ы – 28 адам «иә» деп жауап берген [227].

Ал, «Егер жарыстарға қатыссаңыз, қандай жарыстарда жеңістеріңіз бар?» деген сұраққа 48 респонденттің 29,2%-ы – 14 адам халықаралық жарыстарда, 43,8%-ы – 21 адам жеңісі барын және 27,1%-ы – 13 адам қатыспайтынын белгілеген.

Бірақ, біздің мемлекет сияқты құсбегілікті дүниежүзінде бірде-бір ел ұлттық спорттың қатарына кіргізген жоқ. Құсбегілікті олар спорт деп емес, өнер ретінде, қызығушылық ретінде қабылдап, дәріптеп жүр. Қазақтар ғана құсбегілікті салауатты өмір салты, ұлттық спорттың бірегей түрі деп қабылдаған. Саяттың денсаулыққа пайдалы спорттық қасиеттері бар. Кең сахараның таза ауасында серуен кұрып, сәйгүлікпен заулатып қансонарда із қуып, сан қилы қызықты көзбен көргенде шаршаған сейіліп, адам тынығады. Аңшыны шыдамдылық пен төзімділікке үйретеді. Саят дертке шипа, бойға қуат беретін өнер, әрі спорт.

**Қоғамдық қорлардың жұмыстары.** Қазіргі күні елімізде «Қансонар» аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің республикалық қауымдастығы және «Қыран» федерациясы ұйымдастырылған. «Қыран» федерациясы 2005 жылы құрылды. Аталған ұйым құсбегілікті жаңғыртуды мақсат етіп, республика бойынша жергілікті басшылықпен бірігіп жарыстар өткізеді. Сонымен қатар ұйымдастырылған байқаулар туризмді дамытуға да бағытталған. Жыл сайын болмысымызды ұлықтайтын «Саят» ұлттық спорт түрінен республикалық жарыстар ұйымдастырылады. Осы екі ұйым құрылған соң мемлекеттің қолдауымен ұйымдастырылған аңшылардың жарыстары бірлесе өткізіліп, ұйымдардың қызметкерлері төрешілікті қамтамасыз етуде. Аңшыларды тіркеп, аңшы куәліктерін алу жұмыстарына көмек көрсетеді. «Қыран» федерациясы атқарушы директоры Б. Мүптекеқызы және Е.Б. Қанағатов құсбегілік туралы ережелерді жазды, нәтижеде жарысты өткізудің басты талаптары мен ережелері жолға қойылды (Қосымша А, құжат А4).

2013 жылы О. Әбдікәрімовтың басшылығымен «Қансонар» аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің республикалық қауымдастығы құрылды. Коммерциялық емес бірлестік болып табылатын ұйым пайда табу мақсатын емес, аңшылық саласын жандандыру, аңшылық шаруашылықты дамыту, жабайы жануарларды сақтау, фермерлік аңшылық құру, ұлттық аңшылық түрлерін сақтау және насихаттау. Нәтижеде аңшылық саласы мен мемлекеттік құрылымы арасында қатынасты айқындап, өз азаматтарымызды ғана емес, шетелдіктерді де қазақ халқының аңшылық мәдениетімен таныстыруда. 2014 жылдан қауымдастық жанында «Қансонар» ғылыми-танымал журнал жарыққа шығуда. Басылым аңшылық тақырыбына қатысты барлық материалды жариялайды. Сонымен қатар қауымдастықтың қолдауымен жыл сайын Ақмола және Қарағанды облыстарында құмай тазылардың сайысы өткізіледі. Түрлі іс-шараларының қатарында еліміздегі тазыларды тіркеуге алып, жүйеге келтіру бар. 2018 жылғы мәлімет бойынша 500-ге жуық таза тұқымды тазы тіркеліп, олардың иелеріне арнайы сертификат табысталған [1].

Аталған қауымдастықтың қолдауымен 2021 жылы аңшылық саласын цифрландыру мақсатында НҒТ.kz платформасы қабылданды. Бұл аңшылық саласы ақпараттарына тегін қол жеткізу түрі. Цифровизация арқылы нақты қанша аңшы барын, олардың қаншасы айналысатынын білу мүмкіндігі бар. Жалпы цифровизация – мемлекетіміздің аңшылық саласының толық сипаттамасы, аңшылық шаруашылықтарын қарапайым аңшылар, мемлекеттік органдар мен қоғамдастық үшін қолжетімді ету жолы. Нәтижеде мемлекеттік бюджетке пайда түсіп, экономиканың көтерілуіне де ықпал етеді [228, с. 43].

**Жеке тұлғалар – аңшылардың қызметі.** Қазақ халқын шынайы жақсы көрген және де еліміздің тарихы мен мәдениетіне ерекше үлес қосқан әйгілі орыс саяхатшысы, этнограф, фольклорист және публицист Г.Н. Потанин: «Қазақтар – еті тірі, дені салауатты, өмірге іңкәр халық. Олар сауық-сайранды жаны сүйеді, ашық түсті киім-кешекті, өмірінде мереке, той-думандарды ұнатады. Өртістік


өнер мен сәнді жасану жарыстары қазақтардың бойына атаққұмарлық нышанын дарытуы да ықтимал, мұның өзі оларды француздарға ұқсататын секілді. Афиндықтар тәрізді қазақтар жаңалықты әдеттен тыс ұнатады. Мейлі дала құнарының аңқасы кеуіп қалса да, мейлі табиғат шөлейтке төнген қатерге қарсы күресте дәрменсіз болса да, қазақ өмірі үшін халықтың рухани қан-тамырында күш-жігердің көл-көсір қайнар көзі бар, тек қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналмаса болғаны», - деп көрсеткен болатын [140, 104-б.]. Яғни, «қайнардан теріс айналмаса болғаны» дегенді ескерер болсақ, халқымыздың төл өнерін зерттеп, оны жаңғыртып, ұлттық болмысымызды сақтау үшін маңызды.

Қазіргі күні аңшылықты дамыту және жаңғырту бағытында атқарылып отырған жұмыстарды зерттеу барысында сауалнама арқылы аңшылықтың қай түрлері басым екені зерделенді.

4-диаграмма. Қазіргі күнгі аңшылық түрлері [227].

Аңға қанша адам болып шығасыз?

54 ответа



«Аңға қанша адам болып шығасыз?» деген сұраққа 54 қатысушының 16,7 %-ы, яғни 9 адам аңға жеке шығамын деп жауап берген. Мұның бірнеше себебі айқындалды: біріншіден, аңшының мекен-жайында қызығушының аз болуы; екіншіден, аңшылықпен айналысатындардың дені қандастар; үшіншіден, аңшылық алқаптарға байланысты; төртіншіден, аңшы өзі жалғыз аулағанды ұнатуы. Міне, осы тұста үшінші себеп қызығушылық тудырады. Зерттеу барысында сауалнама барысында қойылған «Қай алқаптарда аулайсыз?» деген сұраққа берілген жауап осы мәселені ашуға көмектесті.

5-диаграмма. Аңшылардың аң аулау алқаптары [227].

Қай алқаптарда аң аулайсыз?

53 ответа



Респонденттердің 67,9%-ы – 36 адам арнайы бекітілген аңшылық шаруашылықтарда, 30,2 %-ы – 16 адам бекітілмеген алқаптарда және 1,9 %-ы – 1 адам ерекше қорғалатын табиғи аумақта аң аулайды. Кейбір аймақтарда арнайы а) аңшылық алқаптар бекітілмеген, ә) аңшылардың аңшы куәліктері жоқ; б) бүркіт немесе тазысы тіркелмегендіктен аңшы куәлігін ала алмауы; в) арнайы аңшылық алқаптарындағы шектеулер; г) дәстүрлі аңшылықпен айналысса да кейбір бекітілмеген алқаптарда аң аулау заңға қайшы. Ал, аңшы куәлігінің болмауы жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатнама және аңшылық шаруашылығы нысанының жолдамасын алу мүмкіндігінің жоқтығын білдіреді. Сондықтан да көптеген аңшылар бүркіт және тазымен жеке аулап, бір жағынан заң бұзуына әкеледі.

Сауалнама қорытындысы бойынша, ерекше қорғалатын табиғи аумақта аң аулаушы Алматы қаласының тұрғыны. Яғни, қала тұрғыны болғандықтан арнайы бекітілген алқаптарда аң аулауға тырысады. Қазақстанның 17 облысында арнайы шаруашылық алқаптары бекітілген, сондықтан аңшылар сол жерлерде ғана аң аулауы тиіс. Мысалы, Павлодар облысында жалпы ауданы 9,8 млн га аңшылық алқапта 38 аңшылық шаруашылық бар және оның 33-і ғана аңшылық пайдаланушыға берілген. Ал, Ертіс, Бозшакөл, Жамбыл, Қызылжар, Майқайың аңшылық шаруашылықтары резервтік қорда бекітілмеуіне байланысты аң аулауға рұқсат жоқ.

Сонымен, қазіргі күні аңшылық мақсатына қарай кәсіптік, спорттық және ғылыми болып бөлінеді. Кәсіптік аңшылық – ет, тері, мамық, қауырсын, мүйіз, т.б. өнімдерді алу бағыты. Бұған марал шаруашылығы және т.б. мемлекет қолдауындағы қожалықтар жатады. Спорттық-әуесқойлық – бұл белгілі тәртіп бойынша аңдар мен құстарды табиғат аясында аулау, демалу, жарыстар ұйымдастыру, халықтың дәстүрлі аңшылығын сақтау және жаңғырту бойынша жұмыстар атқару. Әуесқой аңшының қызметіне мемлекет тарапынан шектеу қойылады. Ғылыми – фаунаны зерттеу, жасанды ортадағы жануарларды сақтау, аңшылық ресурстарды бақылау және т.с.с.

*9-сурет.* Қазіргі күні аңшылықтың мақсатына қарай жіктелуі



XIX ғасырдың ортасына дейін қоршаған ортаны қорғау мәселесі, жалпы бұл түсінік болған жоқ. Өйткені, бұл уақытқа дейін жабайы жануарлар молшылықта болып, табиғатта кездестіру қиын емес еді. Ал, өнеркәсіптік дамуға байланысты урбанизация үрдісі, ет, бағалы аң терісі және былғарыға деген сұраныстың өсуі және оны кең көлемде саудалау жабайы табиғатты сақтау және

қорғау түсініктерінің қалыптасуына алып келді. Есепсіз аулау кейбір жабайы жануарлардың мүлдем жойылып кетуіне немесе жойылу қаупіне ұшырады. Екіншіден, қалалық өмір оның тұрғындары үшін бос уақыттың мол болуына әкеліп, уақыт өткізу үшін аңға шығу қызығушылығын да тудырды. Нәтижеде көптеген елде қоршаған ортаны қорғау бойынша арнайы бағдарламалар қабылданды. Қазақстан да осы мәселелерден тыс қалмады. Тәуелсіздік алғаннан кейін аңшылық жаңғыра бастағанымен, қазіргі күні қоғамда аңшылық пен аңшылық шаруашылықтарға қатысты әртүрлі түсініктер қалыптасты. Бірі – аңшылықты ұлттық мұра ретінде, екіншісі – экологиялық тұрғыдан, үшіншісі – экономикалық аспектіден қарастырды. Экологиялық тұрғыдан қарастыратын көзқарас иелері екіге бөлінеді: табиғаттағы тепе-теңдікті сақтау және керісінше, жабайы жануарлар дүниесін жоюға болмайды деген қарама-қарсы пікірлер қалыптасты. Бізде де зерттеу барысында аталған мәселеге қатысты «Аңшылық қазіргі күні қажет пе? Әлде қажет емес пе? Оны «дәстүрдің озығы бар және тозығы бар» деген түсінікпен өткен тарих еншісіне қалдырған дұрыс па?» деген сауал туындады. Сондықтан да осы сауалға жауап беру мақсатында әлемдік тәжірибеге жүгінуге тырыстық.

Бейресми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі күні аңшылық бұрынғы КСРО елдерінде негізінен жабайы түрде дамуда. Ал, Америка Құрама Штаттары және Канада секілді елдерде арнайы ережелер және теориялармен негізделген. Мысалы, 1995 жылы Солтүстік Америкада жасалған жабайы табиғатты сақтау моделі аңшылықты реттеуге бағытталған. Аталған модельге сәйкес, аңшы жабайы табиғатты сақтаушы және қорғаушы ретінде қарастырылып, алғашқы этикалық стандарттар ретінде 7 принцип негізделген: 1) табиғат ресурстары қоғамдық сенім ретінде; 2) жабайы сауданы жою; 3) заң аясында жабайы жануарлар мекеніне аяқ басу; 4) жабайы жануарларды заң бойынша өлтіру; 5) жабайы табиғат халықаралық ресурс болып табылады; 6) ғылым жабайы табиғатты қорғау тетігі; 7) Аңшылық демократиясы стандартты болып табылады. Аталған үлгі заңды күшіне енгенімен, аңшылық шаруашылықтар осы принциптерге жүгінеді [229, р. 3].

Осы тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстанда да аңшылықты дамытып, аңшылық алқаптарды сақтап қалу мүмкіндігі бар екеніне күмән жоқ. Сонымен, жоғарыда атқарылған шаралар Қазақстанда аңшылықты дамытып қана қоймай, жабайы табиғатты сақтауға және қорғауға, экологиялық туризмді насихаттауға жол ашады. Жоғарыда атап өткеніміздей, елімізде 700-ге жуық аңшылық шаруашылықтары болса, соның 56-ы Жетісу облысында орналасқан. Мысалы, Жетісу облысының аумағында 56 аңшылық алқаптары бар, оның ішінде 50 аңшылық алқаптар 40 аңшылық пайдаланушыларға бекітіліп берілген [230]. Аңшылық алқаптарының резервтік қорында 6 аңшылық алқаптар қалып отыр (Қосымша А, құжат А 4).

Бекітілген аңшылық алқаптардың жалпы көлемі 2368082 гектарды құрайды. Облыста Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 10 маусымдағы «2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 15 ақпанды қоса алғандағы кезеңге аң аулау объектілері

болып табылатын жануарлар түрлерін алып қою лимитін бекіту туралы» №211 бұйрығына сәйкес 2022 жылғы 1 шілде -2023 жылғы 15 ақпан аралығында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың өтінімдері бойынша жалпы соммасы 55,3 млн. теңгеге аң аулауға 772 рұқсат берілген. Нәтижеде облыстық бюджетке тек қана тұяқты жабайы жануарларды атуға берілген рұқсат негізінде 52204240,5 мың теңге, оның ішінде 45761220 мың теңге шетелдік аңшылар есебінен қаражат түссе, барлығы республикалық бюджетке жіберілген (Қосымша А, құжат А5). Бұл аңшылық шаруашылықтардың мемлекет бюджетіне айтарлықтай қаражат кіргізіп отырғанының көрінісі. Сондықтан да мемлекет аңшылық алқаптарды қамтамасыз ету үшін қыруар қаржыны бөліп отыру қиындығын ескерер болсақ, аталған субъектілердің жеке меншікте болуы тиімді деген көзқарасты қолдаймыз.

Алғашында басты шаруашылық, одан кейін салтанат құру, уақыт өте келе, кәсіпке, ал қазіргі күні ұлттық мақтанышымызға айналған дәстүрлі аңшылық сарқыншақтары тарихи сабақтастықта болашақ жастарды спортқа баулып, шыдамдылық пен сабырлыққа үйрететіні анық.

Қазіргі күні аңшылыққа қызығушылар көп болғанымен, бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда шектеулер көп. Мемлекет тарапынан қабылданған аңшылық туралы ережелер мен аңшылық шаруашылықтар туралы Заң жабайы табиғаттағы аңдардың түрлерін қорғауға бағытталып, популяциясын арттыруға негізделген. Мемлекет тарапынан атқарылған шаралар да қазіргі аңшылықтың жабайы табиғатты бақылау және сау аңдардың популяциясын көбейтуге ықпал ететін тетік ретінде дамытуда. Бүгінгі таңда браконьерлердің жабайы аулау әрекетіне байланысты аңшылыққа теріс көзқарастағы адамдардың болғанына қарамастан, сәйкесінше бұл шаруашылықты қолдайтындардың да қатары көп.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздік алғаннан кейін этнология ғылымында мұра және құндылықтарды қайта қарау, ой тезінен өткізу мүмкін болды. Өйткені, өз тарихын терең ұғынып, ұлттық мұрасын сақтап, ұлттық құндылықтарын бағалай білген халықтың болашағы жарқын болмақ. Қазіргі жаһандану үрдісінде ұлттық болмысты сақтап, зерттеу және оны насихаттау маңызды. Кеңестік методология этникалық мәдениеттің көп тұстарын саяси науқан көлеңкесінде қалдырды. Қазіргі отандық этнология ғылымы сол олқылықтардың орнын толтыру үшін қазақ халқының этносаяси, этномәдени және этношаруашылық үрдістерін жаңа ғылыми тұрғыдан зерттеу жолында. Сондай бағыттардың бірі – адамзат пайда болғаннан бері тіршілік көзі болған шаруашылық түрі аңшылық болып табылады. Қазақ халқының тарихы тереңде жатқан аңшылығы даму барысында дәстүрлілік қалыптастырды. Зерттеу жұмысымыздың нысаны болған қазақ аңшылығы жергілікті халықтың қоршаған ортаға бейімделуі, табиғат пен тіршілік заңдарын, аңдардың жүріс-тұрыс беталысын меңгеруі арқылы қалыптасты, дамыды және сақталды.

1. Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың ежелден-ақ аңшылықпен айналысқанын археологиялық қазба деректер, петроглифтер және жазба деректер дәлелдейді. Б.з.д. IV-II ғасырларға жататын Құрық қорғанынан мәйітпен бірге жерленген төрт бүркіттің қаңқасының табылып, Қаратау, Тамғалы және Ешкіөлмес петроглифтерінде аңшылық сахналардан: тауешкіні қуған аң аулаушы иттер, садақ бейнеленген. Темір дәуірінің тайпалары топпен аулау кеңінен таралған. Топпен қаумалау арқылы аулау кейін шайқас кезінде тактика түрінде қолданылған. Аңшылық кезінде пайдаланылған тәсілдер әскерді ұйымдастыруда үлкен роль атқарды. Ал, қатысушылар болса бір-бірін түсініп, әрқайсысы өз қызметін жаттыққандай шебер атқарды.

2. Дәстүрлі аңшылықтың барысы және ұйымдастырылуын зерделеу негізінде аңшылықтың типологиясы жасалып, аңшылардың қатысуына қарай: жеке және топтық; көшпелі өмір салтына қарай қыран құстармен, тазымен және жасанды құралдармен аулау; аңшылық мақсатына қарай: кәсіптік, салтанат құру; аң ресурстарына қарай аң аулау түрлері жіктелді;

3. Аңшылық тәсілдеріне сипаттама берілді. Құрал-жабдықтар жүйеленіп, қолданыс аясына қарай топқа бөлінді;

4. Қазақ халқының негізгі шаруашылық түрі мал шаруашылығы болғандықтан және негізгі өнімді халық мал шаруашылығынан алуына байланысты аңшылық өнімге деген аса қажеттілік болмады, сондықтан қосалқы кәсіпті құрау себептері тіршілікқамы теориясы арқылы түсіндірілді. Аңшылық өнімдері халықтың тіршілік қамы жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде тұрмыс қажеттілігін өтеп отырды. Аңшылық өнім киім-кешек, тағам түрін толықтырды. Қазақ халқы күнделікті өмір сүру мәдениетінде тіршілікқамы жүйесін (дәстүрлі киім, тағам), қоршаған ортаны дәстүрлі қолдану мәдениетін (өлке ландшафтын меңгеру, аңды бет алды атпау), бастапқы өндіріс мәдениетін (тері илеу, қауырсынын алу және т.б.) қалыптастырды.

5. Қаумалап аулау, қысаңға қамау, із шалу, торуылдап аулау, аран тәсілдері жас ұрпақ үшін жаттығу ретінде әскери мектеп іспеттес болды. Аңшылық тәсілдері дала халқын шайқастарда еркін қимылдап, бір-бірін түсінуге, қажет болғанда жағдайға сәйкес қолдануға мүмкіндік берді.

6. Ресейдің отарлау саясатының күшеюі, жер мәселесінің шиеленісуі, халықтың кедейленуі, көршілес елдермен сауда-саттыққа қазақтардың тартылуы нәтижесінде аңшылық трансформацияға ұшырап, сауда, айырбас көзіне айналды. Ол өз кезегінде қоршаған ортаға үлкен нұқсан келтіріліп, аңның сиреп кетуіне әкелді. Қазақтың қоршаған ортада дем алып, оны қорғап, сүйіспеншілік пен демалуға бағытталған аңшылық өнерінің мағынасы жойылып, аңшылық бұрынғысынша өнер емес, негізінен пайда табу үшін сауда немесе коммерциялық мақсатындағы күнкөріс көзіне айналды. Қазақ халқы аңшылық мүмкін болған кезде серуен-сапар, салбурын құру, салтанат, демалу, жаттығу түрінде айналысса, отарлық саясат нәтижесінде аңдарды не терісі үшін, не мүйізі үшін аулап, тауар ретінде сауда жәрмеңкелеріне шығарып, халықаралық саудаға шықты.

7. Аңшылықтың қазақ тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып жатуына байланысты оған қатысты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер қалыптасты. Қазақ аңшысы жомарт ретінде танылған. Аулаған аңын алғашқы кезіккен немесе жасы үлкен кісінің «қанжығасына байлаған». Жеті қазынаның біріне жатқызған итті жолдасы ретінде қабылдап, жақсы иттердің күшігін аларда қарғы бау беріп алған. Қақпанға түскен аңды ұрлауға болмайды. Егер, қат болған жағдайда алған аңның ақысын қақпанға қалдырып кету немесе үйіне зат әкеп беру салты болған. Осы салт-дәстүрлер өзіндік этикет қалыптастырып, үлкенді сыйлау және біреудің еңбегін бағалау мен құрметтеуге үйретті.

8. Қазіргі күні аңшылық тақырыбына қатысты кейбір зерттеулерде «аушы құстар» деген термин кездеседі. Бұл ұғым бүркіт, сұңқар, қаршыға, лашын, жағалтай, тұрымтай секілді құстардың жалпы атауын білдіреді. «Аушы» сөзінің түп-төркінін қарайтын болсақ, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «ау» – 1. Балық ұстайтын үлкен сүзгі; 2. Құс ұстауға арналған сүзгі тор. Ал, «аушы» – «ау құрып, балық аулауды кәсіп еткен адам» деп анықтама берілген. «Саят» сөзі болса – 1. «Құс салып, аң аулаушылық»; 2. Ауысп.мағ. «Серуен, сейіл». Сәйкесінше, «саятшы» – «құс салып, аң аулауды кәсіп еткен адам», ал «саятшылық» – «құс салып, аң аулаушылық» деп түсіндірілген. «Аңшы» сөзі көршілес қырғыз тілінде «авчы», ал түрік тілінде «авси» деп аталады. Түркі тілдес елдерде аңшы сөзінің түбі бір. Дегенмен белгілі ғалым Ә.Х. Марғұланның зерттеуінде аталғандай «саят құстары» деп келтірілген атауды өзіміздің ұлттық ерекшелігімізге қарай «саят құстары» деп алғанымыз жөн болар деп есептейміз;

9. Қазақ халқының этномедицинасында да ерекше орын алды. Қатты шошынып, көз тиген кезде бүркітпен ұшықтап, әйелдің толғағын жеңілдету үшін бүркіттің қанатымен желпіген; ішкі құрылыс ауруларына аюдың етін қуырдақ түрінде, бұғының мүйізін қан аздыққа, әлсіздікке ем ретінде пайдаланған; борсықтың майын буын және өкпе ауруларына, көкжөтелге, қасқырдың өтін құтырған ит қауып алғанда жегізу арқылы ем жүргізген;

10. Аңшылық өнер барлық жанрда да бейнеленіп, ауыз әдебиетінің қорын молайтып, негізгі тұрмыс-тіршілікте ерекше орны бар өнер ретінде халық ауыз әдебиетінде өзіндік жеке тақырыпты құрады. Қазақ фольклорында ауланған аң түрлері, аңшылық құрал-жабдықтар, аңшылық маусым көрініс тауып, ұлттық сипат пен этникалық ерекшелік байқалады.

11. Дәстүрлі аңшылық мақсатына қарай: кәсіптік, салтанат құру сипатында болса, қазіргі күні кәсіптік сақталып, қазіргі заманауи талаптарға сәйкес ғылыми және спорттық әуесқойлық бағыттар қосылды;

12. Дәстүрлі аңшылық қоршаған ортаны тану, оған бейімделу, оны қорғауға тәрбиеледі. Мысалы, аңды бет алды атпау бұл – табиғатты қорғауды білдіреді. Күнделікті аңға шығу арқылы өз мекенін танып-білуге үйренді. Ұзақ уақыт бойы із шалып, тазы ертіп, қолына құс алып салт жүру жас ұрпақты төзімділікке, шыдамдылыққа, байыппен шешім қабылдауға баулыды;

13. Қазіргі күні ұлттық мұраны қалпына келтіру, сақтау және қалпына келтіру бойынша мемлекет, жеке тұлғалардың тарапынан да көптеген жұмыстар атқарылуда. ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы құрамында «Бүркітші» федерациясы және «Қансонар» аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің республикалық қауымдастығы құрылған. Алғашқы ұйым құсбегілікті: республикалық және халықаралық деңгейде жарыстар өткізу және оларға қатысу секілді спорттық-әуесқойлық бағытта дамыту бойынша жұмыстар жүргізуде. Ал, екінші қауымдастық кәсіптік аңшылықты жаңғырту арқылы: біріншіден, мамық жүнді аң терісі шикізатын алу; екіншіден, ауыл тұрғындарын жұмысқа тарту; үшіншіден, мемлекет қаражатын үнемдеу жолын таңдаған. Сонымен қатар, ұлттық аңшылық түрлері құсбегілік пен аңшылық иттері жағдайын реттеу мақсатын көздеген «Қансонар» қауымдастығы қазіргі заманғы аңшылық тәртібін енгізу, мәдени және эстетикалық мәні бар белсенді демалыс түрі екенін ұғындыру міндеттерін шешу үстінде. Нәтижеде 18 өңірлік өкілдік пен 670 аңшылық шаруашылықтарын біріктіріп, бекітілген аңшылық алқаптары 104 млн га құрайды. Тіркелген жалпы саны 130 мың адам аңшылардың жұмысын реттейді. Аңшылық саласы қызметкерлері, зерттеушілер, аңшылар, әуесқойлар мен табиғат жанашырларына арналған «Қансонар» республикалық ғылыми-танымал журналы 2013 жылдан бастап шығарылуда;

14. Бүгінгі таңда аңшылық қажет. Себебі, аңшылық немесе аңшылық шаруашылықтар жануарлар ресурстарын басқаруда ең тиімді әдістердің бірі. Бұлардың мүмкіндіктерін әлемдік қоршаған ортаны қорғау ұйымдары да мойындап отыр. Сол себепті, тәуелсіздік алғаннан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы, Дүниежүзілік банк, Ғаламдық экологиялық қордың грант бағдарламасы және Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы табиғат пен қоршаған ортаны қорғау бойынша бірігіп қызмет етуде. Яғни, әлемдік тәжірибеге сүйенсек, аңшылықты дамыту арқылы жабайы жануарлардың табиғи популяциясын сақтау және аңшылық шаруашылықтарды дамыту арқылы жануарлар ресурсын рационалды пайдалануға қол жеткізуге болады. Аталған ұйымдар және шетелдік мемлекеттердің тәжірибелеріне сәйкес

біздің елімізде де аңшылар табиғатты қорғау шараларын өздері қаржыландыра алады. Өйткені, жоғарыда атап өткеніміздей, еліміздің аумағының 44 %-н аңшылық шаруашылықтар құрайды, ал ондай ауқымды жабайы табиғат көкжиегін мемлекеттің есебінен қорғау қыруар қаржыны талап етеді. Сондықтан еліміздегі аңшылық шаруашылық туралы ережелер қабылданып, биоресурстарды тұрақты дамыту моделі жасалған. Бұған қоса, жабайы жануарлар ресурсы мұнай, газ секілді табиғи ресурстарға жататынын ескерер болсақ, оларды дұрыс пайдаланып, игерсек, оның табиғи түрде өсіп, қайта жаңаратынына күмән жоқ. Ал, жойылып бара жатқан жануарларды көбейту үшін мемлекеттен қаржы бөлмей-ақ, оны аулауға лицензияны қымбат бағада қойып, одан түскен қаржыны сол жануарды көбейтуге жұмсау қажет. Яғни, аңшылық сирек және жойылу алдында тұрған жануарларды қайта қалпына келтіруде де тиімді тәсіл болып табылады. Сөзімізді түйіндер болсақ, аңшылық – табиғаттағы жануарлар әлемінде тепе-теңдікті сақтаудың бірден бір жолы. Осы шаруашылық арқылы жануарлардың санын бақылап отыру мүмкіндігі бар.

15. Саят құстары қазақтың рухани өмірінде ерекше орын алады. Оған дәлел – мемлекеттік туымызда қалықтаған қыран құстың бейнеленуі. Ол халқымыздың биікке ұмтылғыш қасиетін, күш-қайратын көрсетіп, ерлік пен азаттықтың символы болып табылады. Өр, өжет, қимылы тез, айлалы да әдісқой, қиырдан қиып түсетін қырағы қыран құсты ұстап, бағындырып, қолына қондырып, баптаған халқымыз аса қабілетті ел екенінің дәлелі. Еркіндік белгісі Бүркіт – биік армандарға жету үшін жалтарусыз кең қанат жайып, тәуелсіздік алған дербес елдің әлемдік өркениет биігіне жетуге ұмтылысы және игі ниет белгісі.

16. Аңшылық – көшпелі қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасының құрамдас бөлігі. Ол қазақ халқымен біте қайнасып, құсбегілік пен тазы жүгірту әлем мойындаған құндылықтарға кіреді. Аңшылық қазіргі күні спорттық сипатқа ие болып, үзіліп қалғанына қарамастан, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, адамның ежелгі шаруашылық түрі ретінде қазақ болмысының бір бөлігін құрайды.

17. Аңшы нәтижеге бағытталған қызметті жасаушы адам. Ол сабырлы, төзімді, шыдамды, өз өлкесін сүйетін, танитын, игерген және табиғатпен етене өмір сүретін тұлға. Алайда, кез келген қоғамда көзқарасы басқа нашар адамдардың болатыны заңдылық болса, сол адамдар аңшылыққа деген қатынасты бұзады. Сөйтіп, жабайы аңшылыққа жол береді.

Қорыта келсек, заттай, жазбаша, мерзімді басылым, көркем сурет, және далалық экспедиция деректері арқылы дәстүрлі аңшылықтың түрлері, оның қазақ шаруашылығы мен өміріндегі орны, өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Қазіргі күні оны кәсіп ретінде дамыту жолдары, бағыттары көрсетіліп, нәтижесінде аңшылықтың әлеуметтік, экологиялық, экономикалық аспектілері негізделді. Осы тақырып арқылы қазақтың мінез-құлқындағы, жалпы ұлттық болмысының айнасы болатын құндылығы ашылды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Конвенция об охране всемирного культурного и природного наследия. [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/heritage.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/heritage.shtml). Қаралған күні: 04.12.2022.
2. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000514>. Қаралған күні: 05.03.2023.
3. Browse the Lists of Intangible Cultural Heritage and the Register of good safeguarding practices/ <https://ich.unesco.org/en/lists>. Қаралған күні: 04.12.2022.
4. 2017 жылға арналған қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндама. – Астана, 2017. – 457 б.
5. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406>. Қаралған күні: 05.03.2023.
6. Чорманов М. Заметки о киргизах Павлодарского уезда // ЗЗСОИРГО. – Омск, 1906. – Кн. XXXII. – Отд. VI. – С. 1-27.
7. Бабажанов М.-С. К. Этнография казахов Букеевской Орды. 2-е изд. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – 221с.
8. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Ч. III. Этнографические известия. – СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. 304 с.
9. Колачев И. Охота у киргиз-кайсаков // Сын Отечества. – 1860. – № 11. – С. 292-294.
10. Колачев И. Охота у киргиз-кайсаков // Сын Отечества. – 1860. – № 12. – С. 326-327.
11. Жуков Ф. Охота в Туркестанком крае // Туркестанские ведомости. – 1872. – № 17. – С. 67-68.
12. Зенков П. Звериный промысел в Семиреченской области // Туркестанские ведомости. – 1873. – № 43. – С.171.
13. Загряжский Г.С. Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи // Туркестанские ведомости. – 1874. – № 25. – С.27-32.
14. Ибрагимов И. Очерки быта киргизов // ДНР. – 1876. – №9. – С. 51-63.
15. Никольский Н. Путешествие на озеро Балхаш и в Семиреченскую область // Записки ЗСИРГО. – Кн. VII. – Вып. I. – Омск, 1885. – 93 с.
16. Наливкин В.П. Особенности охоты у туземцев Туркестанского края // Природа и охота. – 1891. – Июнь, № 6. – С. 60-81.
17. Брем А. Путешествие по Сибири // Нива. – 1893. – № 5. – С. 183-205.
18. Брем А. Бытовая и семейная жизнь киргизов // Нива. – 1894. – № 2. – С. 325-345.
19. Леваневский М.А. Очерки киргизских степей (Эмбенского уезда) // Тургайская газета. – 1896. – № 18-28.

20. Полферов Я.Я. Охота в Тургайской области. – Оренбург: Тургайск. Стат. ком., 1896. 137 с.
21. Полферов Я.Я. Тургайская область на всероссийской художественной и промышленной выставке в Нижнем Новгороде. М., 1896. – 238 с.
22. Орехов И. Охота с ловчими птицами у киргиз // ТВ. – 1910. – № 66-68. – С. 45-49.
23. Мельников И.И. Охота с борзыми собаками и ловчими птицами в Акмолинской области // Русский охотник. – 1895. – № 2. – С. 24-26.
24. Шостак А.С. Охотничье хозяйство Джетысу. Издание лесного отдела Джетысуйского губернского Землеуправления гор. – Алма-Ата, 1927. – 184 с.
25. Сеитов М.Д. Охота с ловчими птицами у казаков Семипалатинского края (С предисловием и примечаниями И.А. Чеканинского) // Записки Семипалатинского отдела общества изучения Казакстана. – Т. 1. – Семей, 1929. – Вып. XVIII. – С. 65-74.
26. Слудский А.А. Азиатская борзая тазы и охота с ней. – Алма-Ата: Изд-во Казахской научн.-исслед. охот. пром. биостанции, 1938. – 28 с.
27. Марғұлан Ә.Х. Саят құстары // Таңдамалы. – 2-том. – Алматы: Алатау, 2007. – 432 б.
28. Мұқанов С. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы. XV том. – Алматы: Жазушы, 1979. – 380 б. (– А.: «Өлке», 2017. – 368 б.).
29. Муканов М.С. Охота с ловчими птицами у казахов // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – 1983. – № 5. – С. 48-55.
30. Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Саят. – Алматы: «Қайнар», 1989. – 2-басылым. – 176 б.
31. Калышев А.Б. Охота // Казахи. Историко-этнографическое исследование. – Алматы: Казахстан, 1995.
32. Кәмәләшұлы Б. Моңғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері. – Өлгей, 1995. – 343 б.
33. Кәмәләшұлы Б. Қазақтың дәстүрлі құсбегілігі және атбегілігі. – Алматы: Өнер, 2006. – 120 б.
34. Симаков Г.Н. Соколиная охота и культ хищных птиц в Средней Азии (ритуальные и практические аспекты). – СПб.: Петербургское востоковедение, 1998. – 323 с.
35. Тоқтабай А.У. Қазақтардың аңшылыққа, құсбегілікке, балық аулауға байланысты жора-жосындары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Арыс, 2008. – 116-127 бб.
36. Тоқтабай А. Құлан аулау // Қазақ тарихы. – 2008. – № 4. – 21-25 бб.
37. Тоқтабай А.У. Қазақ тазысы. – Алматы: Атамұра, 2013. – 160 б., суретті.
38. Хинаят Б., Исабеков Қ. Саятшылық. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 208 б., суретті.
39. Тохтабаева Ш.Ж. Этикет казахов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 500 с.
40. Калыш А.Б., Куандыков А.К. К специфике традиционной охоты казахов с борзыми собаками-тазы // Материалы за VIII Международна научна практична

конференция «Найновите научни постижения – 2012». 24-25 март, 2012. Т.24. История. – София: «БялГРАД-БГ» ООД, 2012. – С.101-105.

41. Төлеубаев Ә.Т., Қалшабаева Б.К. Аң құстары аңға саларда жасалатын баптаулармен, ауру түрлері және оны емдеу тәсілдері // «Оразбаев оқулары - 2» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2010. – 412 б.

42. Қалшабаева Б.К. Қазақтағы аңшылыққа байланысты наным-сенімдер // «Рухани-ғылыми мұра» тақырыбындағы республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – 487 б.

43. Бекназаров Р.А. Казахи Северного Приаралья в XIX-начале. (историко-этнографическое исследование). – Алматы: Арыс, 2022. – 472 с. + 16 с. Цветной вкладыш.

44. Қартаева Т.Е. Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы. – Т. 2. – Алматы: Арыс, 2015. – 448 б.

45. Қартаева Т.Е., Нурдаулетова Б. Маңғыстаудағы аңшылық («Маңғыстау этнографиялық экспедициясы материалдары негізінде») // Scientific E-journal «edu. E-history.kz» № 4 (16), 2018.

46. Қартай Т.Е. Бөрітаным: экспедициялық зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 104 б.

47. Кульсариева С.П., Шалгинбаева С.Х. Охота с ловчими птицами в Казахстане // «XXI ғасырдың басындағы Отандық археология және этнологияның мәселелері мен жетістіктері» атты Ә.М. Оразбаевтың 90 жылдығына арналған «IV Оразбаев оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – С. 395-397.

48. Егізбаева М.Қ. Тарбағатай өңірі қазақтарындағы аңшылық // Қазақ тарихы. – 2007. – № 1. – 43-51 бб.

49. Егізбаева М.Қ. XIX-XX ғ. басындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі аңшылық // Мәдени мұра ғылыми журнал. – Астана, 2022. – № 3 (98). – 38-46 бб.

50. Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы. – Т. 7. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017. – 448 б.

51. Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 172 с.

52. Кушкумбаев А.К. Некоторые элементы военного искусства позднесредневековых кочевников Казахстана // Роль кочевников евразийских степей в развитии мирового военного искусства. Научные чтения памяти Н.Э. Масанова. Сборник материалов международной научной конференции. – Алматы: Lem, 2010. – С. 212-227.

53. Кушкумбаев А.К. Институт облавных охот и военное дело кочевников Центральной Азии. Сравнительно-историческое исследование. – Кокшетау: Келешек-2030, 2009. – 170 с.

54. Бекназаров Р.А. Охота в Северном Приаралье во второй половине XIX-начале XX в.: (этнографическое исследование) // Роль кочевников евразийских степей в развитии мирового военного искусства. Научные чтения памяти Н.Э.

Масанова. Сборник материалов международной научной конференции. – Алматы: Lem, 2010. – С. 371-379.

55. Ерофеева И.В., Аубекеров Б.Ж. Ландшафтно-геоморфологические факторы формирования наступательной стратегии и тактики казахов-кочевников в войне с джунгарами 1723-1730 гг. // Роль кочевников евразийских степей в развитии мирового военного искусства. Нучные чтения памяти Н.Э. Масанова. Сборник материалов международной научной конференции. – Алматы: Lem, 2010. – С. 228-251.

56. Ошанов Н.З., Нугман Б.Г. Роль охоты в военно-политической жизни кочевников евразийских степей // International journal of experimental education. – 2015. – № 7. – С. 86-89.

57. Ахинжанов С.М., Макарова Л.А., Нурумов Т.Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане (по остеологическому материалу из археологических памятников энеолита и бронзы). – Алма-Ата, Гылым, 1992. – 218 с.

58. Самашев З., Джумабекова Г., Базарбаева Г., Онгар А. Древнее золото Казахстана. – Алматы: Онер, 2007. – 160 с.

59. Алпысбаев Х.А. Неолитическая стоянка в пещере Караунгур // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. – 1969. – № 2. – С.85-87.

60. Толеубаев А.Т. Раннесакская шиликтинская культура. – Алматы: ИП «Садвакасов А.К.», 2018. – 528 с.

61. Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т. 1. 2-басылым. – Алматы: Толағай групп, 2010. – 376 б.

62. Шорманов С. Аушы / Жауапты ред. Е.М.Тұрғынбаев. – Алматы: Асыл кітап, 2017. – 56 б.

63. Туркестанский край: опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа. Сост.полковник Генерального штаба Л.Ф.Костенко. Т.Ш. – СПб.: Типография товарищества «Общественная польза», 1880. – 312 с.

64. Народы России. Этнографические очерки. – СПб.: Типография товарищества «Общественная польза», 1880. – 1177 с.

65. Туземцы Закаспийской области и их жизнь. Этнографический очерк. Сост.капитан Ф.А.Михайлов. – Асхабад, 1900. – 79 с.

66. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Под ред. В.П.Семенова Тянь-Шанского. – Т.ХІХ. – СПб.: Издание А.В.Девриена, 1913. – 861 с.

67. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района. Тургайский уезд. – Т. 3. – Оренбург: Типография Ф.Я. Яковлева, 1911.

68. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района. Актюбинский уезд. – Оренбург: Типография Э. Яковлева, 1912.



69. ЦГА РК, ф. 4, д. 2845, л. 40. Переписка с Оренбургским и Самарским генерал-губернатором и других об отправке к императорскому двору дрессированных беркутов.
70. ЦГА РК, ф. 44, д. 49038, л. 5. О правилах об охоте от 1 апреля 1915 года на казенных и государственных землях, утвержденных Туркестанским генерал-губернаторством.
71. ЦГА РК, ф. 44, д. 31664, л. 26. Дело о составлении правил об охоте в Степных областях. 1892.
72. ЦГА РК, ф. 383, д. 22, л. 100. 1853-1866-Управление Киргизами Сыр-Дарьинской линии Министерства иностранных дел форт Перовский Туркестанской области, 1853-1867 (1870).
73. Смирнов Е.Т. Карабутакский охотник // Охота. Ежемесячный иллюстрированный журнал. – 1884. – Апрель. – М.: Типография А.А. Карцева, 1884. – С. 24-29.
74. Богданов М. Тазы и киргизские борзые // Природа и охота. – 1878. – Т. II. – СПб., 1878. – С. 45-49.
75. Дала фольклорының антологиясы: 10 томдық. – Т. 6: Ғұрыптық фольклор. – Алматы: Brand Book, 2020. – 221-222 бб.
76. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 75: Батырлық ертегілер. – Астана: Фолиант, 2011. – 424 б
77. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві. № 9-130. Самуил Лейбин. Типы охотников времен Абая.
78. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві. № 2-70409. Б. Тилекметов. Группа охотников с собаками.
79. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві. № 2-70400. Б. Тилекметов. Охотники с беркутами.
80. Қазақтар: тарих және мәдениет. – Алматы: «АБДИ Компани» АҚ, 2018. – 190-209 бб.
81. Каразин Н.Н. В степи. Отдых киргизов после охоты // Нива. – 1883. – № 5. – С. 109-112.
82. Зыков Ф.М. Традиционные орудия труда якутов (XIX-начало XX века). – Новосибирск: Наука, 1989. – 148 с.
83. Сасаки С. Способы охоты и охотничьи снаряжения у народов Сибири и Дальнего Востока // *Senri Ethnological Reports*. – 2015. – № 128. – С. 89-100.
84. Жамбалова С.Г. Традиционная охота бурят. Новосибирск: «Наука» Сибирское отделение, 1991. – 175 с.
85. Hindmoor A. Rational Choice Theory // *Theory and Methods in Political Science*. Ed. by Marsh D., Stoker G. Houndmills et al. – Palgrave, 2010. – 385 p.
86. Ward H. Rational Choice Theory // *Theory and Methods in Political Science*. Ed. by Marsh D., Stoker G. Houndmills et al. – Palgrave, 2002. – 368 p.
87. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. – Алматы: Ғылым, 1998. – 234 с.

88. Лурье С.В. Тарихи этнология. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 500 б.
89. Брушкова Л.А. Социология. – М.: Юрайт, 2018. – 362 с.
90. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар / Құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 380 б.
91. Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 400 с.
92. Турсунов Е.Д. Древнетюркский фольклор: истоки и становление. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 167 с.
93. Верещагин В.В. Листки из записной книжки. Листок 9-й. – М.: Типо-литография Т-ва И.Н.Кушнерев и К., 1898. – 370 с.
94. Амальрик А.С., Монгайт А.Л. В поисках исчезнувших цивилизаций. Издание второе, дополненное. – М.: Наука, 1966. – 280 с.
95. Парфенов К. Охота (Очерки из истории охоты) / Под ред. Дивинтенданта М.С. Кузнецова. М.: 1941. – 80 с.
